ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАҒА АРНАЛҒАН

ЭНЕРГИЯ



Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі 3
Басқарма Төрағасының үндеуі 4
«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі оқиғалары 5
«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері 7

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Компания профилі 11
Миссиясы мен құндылықтары 12
Компания құрылымы 13
Қызмет географиясы 14
Бизнес-модель 15
Қуаттар 16

02. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

Саланың құрылымы 18
Электр энергиясының балансы 22
Даму жоспары (Стратегия) 26

03. ҰЭЖ СЕНІМДІЛІГІ МЕН ДАМУЫ

Өндірістік қызмет 30
Тұтынушылардың құпия деректерін қорғау 33
Желінің сенімділігі 35
Инвестициялық қызмет 38
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар 40

04. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты дамуды басқару 47
Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл 50
Біздің адамдар 55
Қоршаған ортаны қорғау 80
Климаттың өзгеруі 90
Еңбекті қорғау 105
Сатып алу практикасы 111

05. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«KEGOC» АҚ басқару құрылымы 114
Корпоративтік басқару кодексін сақтау 116
Акционерлердің жалпы жиналысы 116
Дивидендтік саясат 118
Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп 119
Мүдделер қайшылығы 134
Басқарма 135
Менеджментті бағалау және сыйақы 138
Корпоративтік этика 140
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 144
Кері байланыс механизмдері 145
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі 146
Ішкі аудит қызметі 155
Ақпараттық саясат және қауіпсіздік 156

06. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Тарифтік саясат 160
Қаржы-экономикалық көрсеткіштерді талдау 161

07. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы 167
Есептілікке көзқарас 167
Есепті жасау қағидаттары 168
БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес 168
Елеулілікті айқындау 172
2-қосымша. Индикаторлар 175
3-қосымша. GRI көрсеткіштерінің кестесі 183
4-қосымша. SASB көрсеткіштерінің кестесі 191
5-қосымша. TCFD көрсеткіштерінің кестесі 192
6-қосымша. Қаржылық есептілік 193
7-қосымша. Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп 194
Глоссарий 196
Байланыс 198

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, инвесторлар және серіктестер!

2025 жыл «KEGOC» АҚ дамуындағы маңызды кезең болды, ол Компанияның бизнес-моделінің тұрақтылығын және оның Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі стратегиялық рөлін дәлелдеді.

Директорлар кеңесі стратегиялық даму, бизнестің тұрақтылығы және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды. Есепті жылы Компания энергожүйенің сенімділігін қамтамасыз етуге, Ұлттық электр желісін дамытуға және жаңартылатын энергия көздерін интеграциялауға бағытталған 2023–2032 жылдарға арналған Стратегияны іске асыруды жалғастырды.

«KEGOC» АҚ тұрақты операциялық және қаржылық нәтижелерді көрсетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 397,7 млрд теңгені, EBITDA көрсеткіші – 152,6 млрд теңгені, ал таза пайда – 70,8 млрд теңгені құрады. Бұл нәтижелер іске асырылып жатқан стратегияның тиімділігін және Компанияның қаржылық моделінің тұрақтылығын растайды.

Есепті жылы Компанияның несиелік рейтингтерін Fitch (BBB, тұрақты болжам), Moody's (Baa1, тұрақты болжам) және S&P (BB+, оң болжам) сияқты халықаралық рейтингтік агенттіктер растады, бұл халықаралық инвестициялық қоғамдастық тарапынан жоғары деңгейдегі сенімді көрсетеді.

Директорлар кеңесі тұрақты даму мәселелеріне және ESG-күн тәртібіне ерекше назар аударуын жалғастырды. 2025 жылы Компания S&P Global Corporate Sustainability Assessment тәуелсіз ESG-бағалауының нәтижелерін жақсартып, 62 балға қол жеткізді, бұл экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды Компания қызметіне интеграциялау бойынша жүйелі жұмысты дәлелдейді.

Компанияның «жасыл» энергетика мен трансшекаралық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған халықаралық бастамаларға қатысуы ерекше маңызға ие. Есепті жылы Әзербайжан мен Өзбекстаннан келген серіктестермен Green Corridor Alliance бірлескен кәсіпорны құрылды, бұл өңірлік энергетикалық ынтымақтастықты дамыту және «жасыл» электр энергиясымен сауда жасау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Директорлар кеңесі сондай-ақ акционерлердің құқықтарын қорғау, ақпаратты ашудың айқындылығы және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мәселелеріне назар аударады. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, KASE және AIX қор биржалары қағидаларының, сондай-ақ корпоративтік басқару мен тұрақты есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарын қатаң сақтайды.

Біз акционерлерге, инвесторларға, серіктестерге және жұмыскерлерге сенімі мен қолдауы үшін алғыс айтамыз. Стратегиялық бастамаларды одан әрі іске асыру «KEGOC» АҚ-ға Қазақстанның энергетикалық жүйесінің негізгі инфрақұрылымдық операторы ретіндегі ұстанымдарын нығайтуға және ел экономикасының тұрақты дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді деп сенімдімін.

Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы



Басқарма Төрағасының үндеуі

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, әріптестер, серіктестер және стейкхолдерлер!

2025 жыл «KEGOC» АҚ-ның белсенді дамуы мен технологиялық трансформациясының кезеңі болды. Компания Ұлттық электр желісінің сенімділігін арттыруға, жаңартылатын энергия көздерін интеграциялауға және энергожүйенің заманауи цифрлық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған стратегиялық бастамаларды іске асыруды жалғастырды.

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы функцияларын табысты орындай отырып, электр энергиясын өндіру мен тұтынудың теңгерімін, энергиямен жабдықтаудың сенімділігін және нарық қатысушыларының Ұлттық электр желісіне кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі өндірістік көрсеткіштер тұрақты серпінді көрсетті.

- жеткізілген электр энергиясының көлемі 18,39 млрд кВт·сағ құрады;
- Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметтердің көлемі – 78,05 млрд кВт·сағ;
- техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтердің көлемі – 116,75 млрд кВт·сағ;
- электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу бойынша қызметтердің көлемі – 228,3 млрд кВт·сағ.

Компания инфрақұрылымды дамытуды және ірі инвестициялық жобаларды, оның ішінде Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейтуді және Батыс Қазақстан энергожүйесін елдің Бірыңғай энергожүйесімен біріктіру жобасын іске асыруды жалғастырды, олар энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие.

Жаһандық энергетикалық ауысу жағдайында жаңартылатын энергия көздерін интеграциялауға ерекше назар аударылады. 2025 жылы Қазақстанда ЖЭК объектілері өндірген электр энергиясының үлесі 7%-ға жетті, ал өндіру көлемі 8,65 млрд кВт·сағ құрады. Компания энергожүйенің икемділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған цифрландыру және Smart Grid технологияларын енгізу жобаларын белсенді түрде іске асыруда.

Дамудың маңызды бағыты – цифрлық трансформация. 2025 жылы синхрондалған WAMS технологиялары негізінде энергожүйені мониторингтеу жүйесін енгізудің екінші кезеңі аяқталды, сондай-ақ SCADA/EMS жүйесін жаңғырту және энергожүйені басқарудың интеллектуалды жүйелерін дамыту жалғасуда.

Адами капиталды дамыту да маңызды басымдық болып қала береді. Компанияда 4 472 жұмыскер жұмыс істейді, ал әлеуметтік тұрақтылық индексі 88%-ды құрады, бұл персоналдың жоғары деңгейдегі тартылуын және іске асырылып жатқан кадр саясатының тиімділігін растайды.

«KEGOC» АҚ бизнестің экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігін арттыра отырып, серіктестік қарым-қатынастарды дамыта отырып және барлық мүдделі тараптармен ашық диалогты қолдай отырып, тұрақты даму қағидаттарын дәйекті түрде нығайтады.

Басқарма атынан Қазақстанның энергетикалық жүйесін дамытуға бірлескен жұмысы мен қосқан үлесі үшін акционерлерімізге, серіктестерімізге, мемлекеттік органдар мен Компания жұмыскерлеріне алғыс білдіремін.

Стратегиялық жобаларды одан әрі іске асыру және заманауи технологияларды енгізу «KEGOC» АҚ-ға саладағы көшбастылықты сақтауға және елдің энергожүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп сенімдімін.

Айтжанов Нәби Еркінұлы
«KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы



«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі оқиғалары

ҚАҢТАР

Fitch «KEGOC» АҚ рейтингін «BBB» деңгейінде «Тұрақты» болжаммен растады.

АҚПАН

«KEGOC» АҚ «Жұмысшы кәсіптері қаласы» фестиваліне қатысты.

«KEGOC» АҚ мен TOYOTA TSUSHO CORPORATION ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

НАУРЫЗ

«KEGOC» АҚ-да тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен тарифтерді түзету мәселесі бойынша жария тыңдаулар өтті.

СӘУІР

«KEGOC» АҚ өкілдері Каспий теңізінің түбімен терең су кабелін тарту жобасы бойынша Жасыл энергия жөніндегі консультативтік кеңес аясындағы 3-ші Министрлік кездесуге қатысты, бұл жобаға «KEGOC» АҚ белсенді түрде атсалысуда.

«KEGOC» АҚ Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында 2024 жылғы жыл сайынғы Рационализаторлық ұсыныстар байқауының қорытындысы шығарылды.

«KEGOC» АҚ-да тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы жария тыңдаулар өткізілді.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өтіп, онда «KEGOC» АҚ-ның 2024 жылғы қаржылық есептілігі бекітілді, дивидендтер бөлінді, акционерлер тізімін бекіту және дивидендтерді төлеу күндері айқындалды.

МАМЫР

S&P «KEGOC» АҚ рейтингін «BB+» деңгейінде, болжамы «Тұрақты» деп растады.

Moody's «KEGOC» АҚ рейтингін «Baa1» деңгейінде, болжамы «Тұрақты» деп растады.

«KEGOC» АҚ Орталық Азияның Үйлестіруші электр энергетикалық кеңесінің (ОА ҮЭК) 43-ші отырысына қатысып, онда аймақтың біріккен энергия жүйесінің жұмысы, 2024–2025 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңнен өту, алдағы вегетациялық кезеңге арналған техникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді келісу мәселелері талқыланды.

«KEGOC» АҚ жаңартылатын энергетика саласындағы жетекші халықаралық Masdar компаниясымен және Мұхаммед бин Зайед атындағы жыртқыш құстарды қорғау қорымен (MBZRCF) тұрақты энергетика және биоәртүрлілікті сақтау саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің (АЭБУ) 50 жылдық мерейтойын тойлау аясында «KEGOC» АҚ пен АЭБУ арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

ШІЛДЕ

«KEGOC» АҚ «Азерэнержи» ААҚ және «Өзбекстан ұлттық электр торлары» АҚ-мен бірлесіп «Green Corridor Alliance» ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды және тіркеді. Бұл компания 2024 жылғы 13 қарашада COP-29 конференциясында үш мемлекеттің: Қазақстан, Әзірбайжан және Өзбекстан басшылары қол қойған «жасыл» энергияны дамыту және беру бойынша стратегиялық серіктестік туралы Келісім аясында құрылды.

«KEGOC» АҚ-да «Энергетиктердің еңбек әулеттері» байқауының қорытындысы шығарылды.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі оқиғалары

ТАМЫЗ

«KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» қоры компаниялары арасында өткен «HR-бренд» байқауында «HR-цифрландыру көшбасшысы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің 41-ші отырысына қатысып, онда қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндама жасалды.

S&P KEGOC рейтингін «BB+» деңгейінде, болжамы «Позитивті» деп растады.

ҚАЗАН

«KEGOC» АҚ 2025–2026 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңнен өтуге дайындық паспортын алды.

«KEGOC» АҚ, Shanghai Electric және Build Master Group Қазақстанның энергия жүйесін жаңғырту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«KEGOC» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы таза табыстың 65%-ын дивидендтер төлеуге бөлу туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің энергетика саласын цифрлық дамыту мәселелеріне арналған отырысында «KEGOC» АҚ Ұлттық электр желісін дамыту және цифрландыру бойынша жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынды.

ЖЕЛТОҚСАН

«KEGOC» АҚ-ның «Қостанай энергия торабын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру» атты рационализаторлық ұсынысы «Самұрық-Қазына» қоры компаниялары арасында үздік деп танылды.

Сарыбай ЖЭТ және Оңтүстік ЖЭТ филиалдарының жастар командасы жүзеге асырып жатқан «QR код – цифрлық қосалқы станцияға қадам» жобасы 2026 жылы «7 Qadam PRO» бағдарламасы аясында одан әрі ауқымын кеңейту мүмкіндігіне ие болатын 7 үздік бастаманың қатарына енді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстан делегациясының Жапонияға жасаған сапары аясында «KEGOC» АҚ пен Hitachi Energy компаниясы арасында стратегиялық серіктестік туралы Негіздемелік келісімге қол қойылды.

ҚЫРКҮЙЕК

«KEGOC» АҚ Бейжіңде өткен Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің VIII отырысына қатысып, онда Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың болашағы талқыланды.

Qazaq Green Fest IV Халықаралық жаңартылатын энергия көздері іскерлік фестивалі барысында «KEGOC» АҚ пен Герман халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) елдің энергия жүйесіне интеграциялау саласында тәжірибе мен технологиялармен алмасу бойынша ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

«KEGOC» АҚ-да «Energy Шуағы» Әйелдер энергетикалық қоғамдастығы құрылды.

«KEGOC» АҚ Жамбыл облысындағы негізгі нысандардың бірі – «Шу-500 кВ» қосалқы станциясында «Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту» жобасының іске асырылу барысы туралы есепті ұсынды.

ҚАРАША

«KEGOC» АҚ-да қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша II форум өтті.

«KEGOC» АҚ Астана қаласы мен Ақмола облысының Целиноград, Аршалы аудандарында мүдделі тараптардың, соның ішінде жергілікті қоғамдастықтардың қатысуымен «Астана қаласын сыртқы электрмен жабдықтауды күшейту» жобасын іске асыру аясында ашық қоғамдық тыңдаулар өткізді.

«KEGOC» АҚ S&P Global халықаралық рейтингтік агенттігінің 2025 жылғы Corporate Sustainability Assessment негізінде алған тәуелсіз ESG-бағалау нәтижелерін 62/100 балға дейін жақсартты.

«KEGOC» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызмет қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды.

«KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары рейтингін 88% деңгейінде растады.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері

Өндірістік көрсеткіштер

Әуе электр беру желілерінің ұзындығы

27 917,730
КМ

ҰЭЖ-ді пайдалану бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі

78,05
МЛРД КВТ·САҒ

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру

228,30
МЛРД КВТ·САҒ

Технологиялық дамуға арналған шығындар көлемі

14,31
МЛН ТЕҢГЕ

Берілген электр энергиясының көлемі

18,39
МЛРД КВТ·САҒ

Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі

116,75
МЛРД КВТ·САҒ

Қызметтерді тұтынушылардың жалпы саны

1 083



«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Таза пайда

70,8
МЛРД ТЕҢГЕ

Негізгі қызметтен түскен табыс

397 736,7
МЛН ТЕҢГЕ

EBITDA

152,6
МЛРД ТЕҢГЕ





«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері

Тұрақты даму саласындағы көрсеткіштер



Компания бойынша жұмыскерлер саны

4 472
АДАМ

LTIFR

0,57

Парниктік газдар шығарындылары (Scope 1+2)

2 393 354
ТОННА CO_2-ЭКВ

Кадрлар тұрақсыздығы

7,2%

Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдауға бағытталған қаражат көлемі

1 077,2
МЛН ТЕҢГЕ



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Компания профилі 11
Миссиясы мен құндылықтары 12
Компания құрылымы 13
Қызмет географиясы 14
Бизнес-модель 15
Қуаттар 16

01.

Компания профилі

GRI 2-1

«KEGOC» АҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісін басқаруды жүзеге асыратын және елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы функцияларын орындайтын ұлттық компания. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі №1188 «Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні – **1997 жылғы 11 шілде.**

«KEGOC» АҚ **Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында** қызмет атқарып, электр энергетикалық жүйенің сенімді әрі тұрақты жұмысын, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді, сондай-ақ нарық қатысушыларының Ұлттық электр желісіне кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2006 жылға дейін **Компания акцияларының 100%-ы мемлекеттік меншікте болды.** 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілді. 2008 жылы «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ-ның бірігуі нәтижесінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры құрылды, ол аталған ұйымдардың құқықтық мирасқоры және «KEGOC» АҚ-ның негізгі акционері болды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» қорының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде «KEGOC» АҚ акцияларының **бастапқы жария орналастырылуы (IPO)** жүзеге асырылды. Орналастыру барысында Қазақстан қор биржасында (KASE) жазылу арқылы Компанияның **25 999 999 жай акциясы** өткізілді.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2021–2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру мақсатында «KEGOC» АҚ акцияларының **қайталама жария орналастырылуы (SPO)** өткізілді. SPO шеңберінде **15 294 118 жай акция** орналастырылды. Осы орналастырудың қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Компанияның жарғылық капиталындағы үлесі **акциялардың жалпы санының 85%-ын** құрады, бұл ретте мемлекеттің бақылаушы акционер ретіндегі мәртебесі сақталды.



Миссиясы мен құндылықтары

Компанияның көрегендігі – «Энергетикалық ауысу жағдайында болашақтың энергетикалық жүйесі мен нарығын өзгертуге ықпал ететін, экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және инфрақұрылымды жоспарлау мен таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйенің дамуына үлес қосатын Қазақстан Республикасы БЭЖ Жүйелік операторы».

Компанияның миссиясы – Қазақстан Республикасы энергожүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

Даму жоспары (Стратегия) Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, энергетикалық ауысуға байланысты жаһандық трендтердің әсерін және ЖЭК-ті энергетикалық жүйеге интеграциялауды ескереді, экономиканы декарбонизациялауға және елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз етуге байланысты процестерді, Қазақстан Республикасында орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуат тапшылығының туындауы жөніндегі мәселелерді шешу қажеттігін, заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды енгізуді, ҒЗТКЖ-ны, ESG қағидаттарына адалдықты көздейді.

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ӘДІЛДІК ПЕН АДАЛДЫҚ

- Біз әркімнің пікірін естиміз және күрделі мәселелерді ашық талқылай отырып шешім қабылдаймыз
- Біз өзімізге алған міндеттемелерді орындаймыз, сөзімізде тұрамыз
- Біз этикалық тұрғыдан әрекет етеміз

СЫН-ҚАТЕР МЕН ДАМУ

- Біз тиімділікті арттырудың жаңа жолдарын іздейміз және бастамаларды қолдаймыз
- Біз үздік тәжірибелерді ескере отырып үнемі жетіліп әрі дамып отырамыз
- Біз кез келген қиындықты еңсеріп, қойылған мақсаттарға қол жеткіземіз

БІРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Біз компанияға, қоғамға және қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермейміз
- Біз дербес жауапкершілікті өзімізге аламыз және шешім қабылдаймыз
- Біз бір-бірімізге көмектесеміз әрі сенеміз, тәжірибе мен біліммен бөлісеміз

ДӘСТҮР МЕН ҚҰРМЕТ

- Біз компанияның мүдделерін жеке мүдделерден жоғары қоямыз және мүдделер қайшылығына жол бермейміз
- Біз адамдарға құрметпен қараймыз және компанияда қол жеткізілгеннің бәрін бағалаймыз
- Біз компанияның нормаларын, қағидалары мен құндылықтарын бөлісеміз әрі ұстанамыз

Компания құрылымы

GRI 2-6

«KEGOC» АҚ ұйымдық құрылымы атқарылатын жүйелік функцияларды ескере отырып қалыптастырылған және Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесін басқару мен пайдаланудың барлық негізгі элементтерін қамтиды.

Компания құрылымына елдің тиісті өңірлерінде Ұлттық электр желісін пайдалану мен дамытуды жүзеге асыратын 9 «Жүйеаралық электр желілері» (ЖЭТ) филиалы, сондай-ақ «Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалы кіреді.

«ҰДО ЖО» филиалы Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесін орталықтандырылған диспетчерлік басқаруды, оның ішінде жұмыс режимдерін жедел жоспарлауды, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді, сондай-ақ электр энергетикалық нарық қатысушыларының жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының БЭЖ орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруы тоғыз өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) ҰДО ЖО-ға тікелей жедел бағынуы схемасы бойынша ұйымдастырылған. Өңірлік диспетчерлік орталықтар «KEGOC» АҚ «ЖЭТ» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады және энергожүйелердің жұмыс режимдерін өңірлік деңгейде басқаруды қамтамасыз етеді.

«KEGOC» АҚ сондай-ақ еншілес компания – **«Энергоинформ» АҚ-ның** жалғыз акционері болып табылады. «Энергоинформ» АҚ-ның миссиясы озық технологиялар мен үздік халықаралық тәжірибелерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінің ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымының сенімді жұмысын және тиімді дамуын қамтамасыз етуден тұрады. Компанияның негізгі қызмет түрі – «KEGOC» АҚ-ның ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне қызмет көрсету, оның ішінде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері (ЭЭКЕАЖ), диспетчерлік басқару жүйелері (SCADA), теңгерімдеуші энергия нарығының жүйелері (ЭТНЖ), басқарудың ақпараттық жүйелері (БАЖ), жоғары жиілікті және радиорелелік байланыс (ЖЖ, РРБ), қызметтік байланыс пен дабыл жүйелері (БДЖ), кепілдендірілген қоректендіру жүйелері (КҚЖ), автоматты телефон станциялары (АТС), талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ), бағдарламалық қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік IT-сервистер.

Сонымен қатар «KEGOC» АҚ **«Батыс транзит» АҚ** компаниясының 20% акциясына иелік ете отырып, оның акционері болып табылады. «Батыс транзит» АҚ елдің батыс өңірлерінің энергожүйесін электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен өткізу қабілетін арттыруға бағытталған «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық электр беру желісін салу» стратегиялық инфрақұрылымдық жобасын іске асыру үшін 2005 жылы құрылды.

Тұрақты энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен стратегиялық бастамаларды дамыту шеңберінде «KEGOC» АҚ бірлескен компания – **«Green Corridor Alliance» ЖШС** қызметіне қатысады.


«Green Corridor Alliance» ЖШС трансшекаралық «жасыл» энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін интеграциялауға, мемлекетаралық электр желілерін дамытуға және өңір елдері арасында тұрақты энергетикалық дәліздерді қалыптастыруға бағытталған жобаларды іске асыру және үйлестіру үшін құрылды. Компания декарбонизация және энергетикалық ауысу жөніндегі халықаралық бастамалар шеңберінде жүйелік операторлардың, энергетикалық компаниялар мен инвесторлардың өзара іс-қимылы үшін институционалдық платформа ретінде әрекет етеді.

«Green Corridor Alliance» ЖШС қызметі мыналарға бағытталған:
- мемлекетаралық электр қосылыстарын дамыту мен пайдалануға жәрдемдесу;
- «жасыл» электр энергиясын экспорттау мен транзиттеу үшін жағдай жасау;
- трансшекаралық энергетикалық жобаларды іске асырудың техникалық, реттеуші және инвестициялық аспектілеріне бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру;
- тұрақты энергетика жобаларына халықаралық қаржы институттары мен стратегиялық серіктестерді тарту.

«KEGOC» АҚ-ның «Green Corridor Alliance» ЖШС-ке қатысуы Компанияның энергожүйелердің халықаралық интеграциясын дамыту, Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінің сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру жөніндегі стратегиялық басымдықтарына сәйкес келеді, сондай-ақ декарбонизация мен төмен көміртекті экономикаға көшу саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарды қолдайды.

Қызмет географиясы

GRI 2-6, EU1, EU4



Бизнес-модель

GRI 2-6

МИССИЯ


Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Әділдік пен адалдық
- Сын-қатер мен даму
- Бірлік пен жауапкершілік
- Дәстүр мен құрмет

ПАЙЫМДАУ

Қазақстанның БЭЖ Жүйелік операторы, энергетикалық ауысу жағдайында болашақ энергетикалық жүйені және нарықты өзгертуге ықпал ететін, экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйенің дамуына үлес қосатын оператор.



БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ



БІЗДІҢ АКТИВТЕРІМІЗ

- 83 қосалқы станция орнатылған трансформаторлар қуаты 39 019,6 МВА
- 27 917,730 км әуе желісі
- 9 ЖЭТ филиалы және ЖО ҰДО
- Жұмыскерлер – 4 472 адам
- Заманауи технологиялар

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗ

- Электр энергиясын беру – 18,39 млрд кВт·сағ
- ҰЭЖ-ді пайдалану – 78,05 млрд кВт·сағ
- Желіге беруді техникалық диспетчерлеу – 116,75 млрд кВт·сағ
- Өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру – 228,30 млрд кВт·сағ

БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ

- Таза пайда – 70,8 млрд теңге
- 1 акцияға дивидендтер төленді: 2024 ж. 2-жартыжылдығына 81,0 теңге, 2025 ж. 1-жартыжылдығына 80,90 теңге
- Сенімділік көрсеткіштері: SA – 99,99986%, AIT – 0,717 мин
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі – 88%

Қуаттар

GRI 2-6, SASB IF-EU-000.C


Компанияның негізгі активі ҰЭЖ болып табылады, ол 2025 жылдың соңында жалпы ұзындығы 27 917,730 км (тізбектер бойынша) 0,4-1150 кВ габаритіндегі 399 ӘЖ-ден және трансформаторлардың белгіленген қуаты 39 019,6 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ 83 ҚС-тен тұрады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз етуге, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізуге және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасында байланысты қамтамасыз етуге қызмет етеді.




«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы активтері

GRI EU1, EU4

31.12.2025 ж. «KEGOC» АҚ ҚС қуаты және саны



31.12.2025 ж. «KEGOC» АҚ ӘЖ ұзындығы



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

Саланың құрылымы 18
Электр энергиясының балансы 22
Даму жоспары (Стратегия) 26

02.

Саланың құрылымы

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және айқындайды. Электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады. Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті – мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті (оның ішінде табиғи монополия субъектісі ретінде «Қазақстанның электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) («KEGOC» АҚ) акционерлік қоғамының қызметін) бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Электр энергетикасы саласының қолданыстағы моделі шеңберінде мынадай негізгі деңгейлер бөлінеді:

- **Электр энергиясын өндіру** – мемлекеттік және жеке компанияларға тиесілі әртүрлі типтегі (жылу, гидроэлектр станциялары, жаңартылатын энергия көздерінің объектілері) электр станцияларымен жүзеге асырылады;
- **Магистральдық желілер бойынша электр энергиясын жеткізу** – ел өңірлері, электр станциялары мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты, сондай-ақ электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ететін Ұлттық электр желісі арқылы жүзеге асырылады;
- **Жедел-диспетчерлік басқару** – Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған басқару, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу;
- **Электр энергиясын тарату** – өңірлік электр желілік компаниялары тарату желілері бойынша жүзеге асырады;
- **Тұтыну** – өнеркәсіптік кәсіпорындар, инфрақұрылымдық объектілер, шағын және орта бизнес субъектілері мен халық.


Электр энергиясын өндіру секторы


Қазақстан Республикасында электр энергиясын меншіктің әртүрлі нысанындағы 248 электр станциясы өндіреді. Қазақстан Республикасы электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2026 жылғы 1 қаңтарда 26 807,0 МВт құрайды; қолда бар қуат – 20 081,0 МВт *(ЖЭК-тің (КЭС, ЖЭС, шағын ГЭС) қолда бар қуаты электр қуатының болжамды балансын жасау әдістемесіне сәйкес көрсетілген: су ағыны бойынша жұмыс істейтін бөгетсіз ГЭС – 30%; ЖЭС – 20%; КЭС – қолда бар қуаттың 0%-ы).*

Қазақстан Республикасында 2025 жылы электр энергиясын өндіру


Электр станциялары	Белгіленген қуат, МВт
Жылу электр станциялары жиыны:	20 525,9
Бутурбиналық, соның ішінде:	17 753,5
көміртозаңды	13 679,0
газбен және мазутпен	4 074,5
газтурбиналық	2 772,4
Жел электр станциялары	2 071,0
Күн электр станциялары	1 353,0
Су электр станциялары:	2 856,0
соның ішінде шағын	321,2
Биогазды қондырғылары	1,1
БАРЛЫҒЫ	**26 807,0**

Электр станцияларының белгіленген қуаты аймақтар бөлінісінде









2025 жылы 1492,8 МВт жаңа генерациялаушы қуат пайдалануға берілді, белгіленген қуаты:

Электр станцияларының белгіленген қуаты өңірлер бөлінісінде

Электр станциялары	Белгіленген қуат, МВт
Ақтөбе облысы:	**237,5 МВт**
«КЭЗ» ЖШС Хромтау ЖЭС	137,5 МВт
«Darmen Shuak» ЖШС Darmen Shuak ЖЭС	50 МВт
«Next Green Energy» ЖШС Next Green Energy ЖЭС	50 МВт
Алматы облысы:	**2 МВт**
«ЛУКОЙЛ-Экоэнерго Қазақстан» ЖШС Алматы КЭС	2 МВт
Атырау облысы:	**690 МВт**
Атырау ЖЭО № 6 бу турбинасын монтаждау	65 МВт
ТШО ТГТЭС-4	625 МВт
Шығыс Қазақстан облысы:	**–1 МВт**
Согра ЖЭО-да 29.10.2025 ж. № 02-1201 хат негізінде қуатты 1 МВт-қа азайту.	–1 МВт
Жетісу облысы:	**64,1 МВт**
«Текелі энергокешені» ЖШС Текелі БГҚ пайдалануға берілді	36 МВт
«Қорын ГЭС-2» ЖШС ГЭС-3 пайдалануға берілді	26 МВт
«Баскуат Энергопром» ЖШС ГПЭС пайдалануға берілді	2,1 МВт
Қарағанды облысы:	**237,8 МВт**
ҚМАЭС-2 № 3 бу турбинасын монтаждау	130 МВт
«Гиперборея» ЖШС Гиперборея ЖЭС	107,8 МВт
Қостанай облысы:	**53,2 МВт**
«Куншуак-2025» ЖШС КЭС	3,2 МВт
«Aspan Energo» ЖШС Аспан ЖЭС	50 МВт
Ұлытау облысы:	**101,2 МВт**
«Жезқазған металл құрылымдары зауыты» ЖШС Жез-Солар КЭС	1,2 МВт
«Mezgilder Qushteri» ЖШС Жезқазған ЖЭС	100 МВт
Жезқазған ЖЭО ТГ № 5 демонтаждау	–42 МВт
Қызылорда облысы:	**60 МВт**
«Vigor Holding» ЖШС Шиелі-1 КЭС	20 МВт
«Тесис» ЖШС Тесіс КЭС	40 МВт
Қызылорда ЖЭО-6 ТГ № 6 демонтаждау	–42 МВт
Маңғыстау облысы:	**120 МВт**
«Sarkylmas Kuat» ЖШС Жетібай ЖЭС	50 МВт
«Мангистау Реньюаблс Б.В.» филиалы Жаңаөзен КЭС	50 МВт
«Stellar Energy» Шетпе КЭС	20 МВт
Батыс Қазақстан облысы:	**12 МВт**
Орал ЖЭО бу турбинасын монтаждау	12 МВт

Электр энергиясын беру секторы

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын өндірушілерден тұтынушыларға беруге және (немесе) таратуға арналған кернеуі 0,4-тен 1 150 кВ-қа дейінгі қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және электр беру желілерінің тармақталған жиынтығын білдіреді. Осы инфрақұрылым шеңберінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінде жүйеқұраушы желі рөлін атқаратын Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) ерекше маңызға ие.

Ұлттық электр желісі Қазақстан Республикасының өңірлері арасында электр байланыстарын қамтамасыз ете отырып, елдің бірыңғай синхронды жұмыс істейтін энергожүйесін қалыптастырады, сондай-ақ іргелес мемлекеттердің – Ресей Федерациясының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының энергожүйелерімен мемлекетаралық электр байланыстарын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ҰЭЖ арқылы электр станцияларының электр энергиясын беруі және оның көтерме тұтынушыларға берілуі жүзеге асырылады, бұл осы инфрақұрылымды ел экономикасын сенімді электрмен жабдықтаудың негізгі элементіне айналдырады.

Ұлттық электр желісінің құрамына кіретін, кернеуі 220 кВ және одан жоғары қосалқы станциялар, тарату құрылғылары, сондай-ақ өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілері мен электр станцияларының электр энергиясын беруге арналған электр беру желілері «KEGOC» АҚ балансында тұр. Компания олардың пайдаланылуын, техникалық қызмет көрсетілуі мен дамуын жүзеге асыра отырып, бүкіл ел көлемінде және одан тысқары жерлерде электр энергиясын сенімді беруді қамтамасыз етеді.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің ішінде электр энергиясын беруді, сондай-ақ электр энергиясын бөлшек тұтынушыларға жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл желілер жергілікті жерлерде тарату инфрақұрылымының жұмыс істеуіне жауап беретін өңірлік электр желілік компаниялардың балансында және пайдалануында тұр. Көтерме және бөлшек нарықтар шеңберінде электр энергиясын беруді энергия беруші ұйымдар шарттық негізде жүзеге асырады. Мұндай ұйымдар көтерме және бөлшек нарық тұтынушыларына, сондай-ақ энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қызметтер ұсына отырып, электр энергиясын өздерінің электр желілері арқылы не жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару немесе пайдаланудың өзге де заңды нысандары құқығында пайдаланылатын желілер арқылы беруді қамтамасыз етеді.

Осылайша, «KEGOC» АҚ Ұлттық электр желісінің жұмыс істеуін, өңірлік және мемлекетаралық энергожүйелердің интеграциясын, сондай-ақ елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесінің тұтастай тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының электр энергиясын беру секторының орталық буыны ретінде көрінеді.



Электр энергиясының көтерме нарығы

Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығы заңнамада белгіленген модель негізінде жұмыс істейді және елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесі шеңберінде электр энергиясын өндіруді, беруді, сатып алу-сатуды және теңгерімдеуді қамтамасыз ететін электр энергетикасы саласының негізгі қатысушыларын біріктіреді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ КӨТЕРМЕ НАРЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша электр энергиясының көтерме нарығының субъектілері мыналар болып табылады:

- **энергия өндіруші ұйымдар;**
- **энергия беруші ұйымдар;**
- **энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;**
- **орташа тәуліктік (базалық) қуаттың кемінде 1 МВт** көлемінде көтерме нарықта электр энергиясын сатып алатын э**лектр энергиясын тұтынушылар**, оның ішінде цифрлық майнерлер мен гибридтік топтардың әкімшілері;
- **жүйелік оператор**, оның функцияларын «KEGOC» АҚ жүзеге асырады;
- **электр энергиясы мен қуатты орталықтандырылған сату операторы**, оның функцияларын «КОРЭМ» АҚ орындайды;
- **Электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы** – «ЖЭК жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС.

Электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінің тізбесін **жүйелік оператор** Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес **қалыптастырады және жүргізеді.**

КӨТЕРМЕ НАРЫҚТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ МОДЕЛІ

Көтерме нарықтың қолданыстағы моделі шеңберінде Электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы тұрақты негізде энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды және оны электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген көлемдерде көтерме тұтынушыларға кейіннен өткізуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінде өндіру мен тұтынудың нақты көлемдерінің жоспарлы мәндерден ауытқуларын (теңгерімсіздіктерді) қаржылық реттеу теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы оператор болып табылатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жүзеге асырылады. Теңгерімдеуші нарық энергожүйенің экономикалық және технологиялық теңгерімін қамтамасыз ету бойынша негізгі функцияны атқаруын жалғастырады.

Көтерме нарықтың қолданыстағы моделі жағдайында электр энергиясын таратудың «атаулылығының», сондай-ақ электр энергиясын өндірушіден соңғы тұтынушыға жеткізудің нақты маршруттарын анықтаудың техникалық мүмкіндігінің болмауы сақталады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес көтерме нарық субъектілеріне Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ теңгерімдеуші нарыққа қатысу кезінде жүйелік оператор көрсететін Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет қолданылуын жалғастырады.

«KEGOC» АҚ-НЫҢ КӨТЕРМЕ НАРЫҚТАҒЫ РӨЛІ


Көтерме нарықтың қолданыстағы әрі дами беретін моделі шеңберінде «KEGOC» АҚ мынадай негізгі функцияларды орындайды:

- энергожүйенің сенімді әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті **жүйелік қызметтерді** көрсетеді;
- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын басқарудың негізгі құралы болуын жалғастыратын **теңгерімдеуші нарық жүйесінің жаңғыртылған аппараттық-бағдарламалық кешенінің** ұстаушысы әрі операторы болып табылады;
- ранжирленген тізімнен нарық субъектілерінің бағалық өтінімдерін іске қосу арқылы, сондай-ақ **Ресей Федерациясы мен Орталық Азия** елдерінің энергожүйелерімен ауытқуларды реттеу жөніндегі қолданыстағы шарттық қатынастар шеңберінде энергожүйедегі **теңгерімсіздіктерді нақты реттеуді** жүзеге асырады.


Электр энергиясының балансы

2025 жылы Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясын өндіру 123 110,9 млн кВт·сағ, 2024 жылмен салыстырғанда 5 195,5 млн кВт·сағ-қа немесе 4,4%-ға ұлғайды.

Электр энергиясын өндіру динамикасы, млрд кВт·сағ



2025 жылғы Қазақстан Республикасы БЭЖ электр станцияларының электр энергиясын өндіру құрылымы





Бұл ретте өндірудің артуы/азаюы мынадай ірі электр станцияларында орын алды:

Электр энергиясын өндіру көлемдерінің шамасындағы өзгерістер

Электр станциялары	Электр энергиясын өндірудің ұлғаю/азаю көлемі		
		млн кВт·сағ	%
Екібастұз МАЭС-1	▲	2029,2	9,0
«Жамбыл МАЭС» АҚ	▲	779,2	22,7
«Топар» МАЭС» ЖШС	▲	421,3	12,3
«Qarmet» АҚ (АМТ) ЖЭО-2	▲	258,9	11,7
«Kazakhmys Energy» ЖШС Жезқазған ЖЭО	▲	197,0	19,9
«СевКазЭнергоПетропавловск» АҚ	▲	181,2	7,8
«Қазхром» ТҰК АҚ Ақтөбе ферроқорытпа зауытының электр станциясы (ГТҚ)	▲	139,6	20,9
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2	▲	92,5	3,7
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-1	▲	83,2	25,4
«Kazakhmys Energy» ЖШС Балқаш ЖЭО	▲	75,0	7,9
«ЕЭК» АҚ	▲	64,2	0,5
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	▼	799,0	13,2
«Қазақстан алюминийі» АҚ ЖЭО-1	▼	352,8	16,5
«Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-3	▼	170,4	5,8
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-3	▼	68,9	7,8
«3-Энергоорталық» АҚ	▼	17,2	2,0

2025 жылы ЖЭС-те электр энергиясын өндірудің 3 273,0 млн кВт·сағ-қа (+3,7%), ГТЭС-те 1 568,8 млн кВт·сағ-қа (+13,2%) және ЖЭК-те (КЭС, ЖЭС, БГҚ) 1 083,3 млн кВт·сағ-қа (+16,9%) артуы байқалды.

Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторы тұрақты өсімді көрсетіп, Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың біріне айналуда. ЖЭК объектілерінде электр энергиясын өндіру көлемдері жыл сайын артып келеді, бұған «жасыл» энергетиканы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру ықпал етеді.

Төмен көміртекті дамудың халықаралық мақсаттарына адалдық шеңберінде Қазақстан Республикасы 2013 жылғы мамырда «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын бекітіп, өршіл мақсат қойды: 2050 жылға қарай балама және жаңартылатын энергия көздерінің үлесі елдің энергобаланс құрылымында 50%-ға жетуге тиіс. Осы Тұжырымдамаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесі бойынша кезең-кезеңмен нысаналы көрсеткіштер айқындалған:

- 2020 жылға қарай 3%,
- 2025 жылға қарай 6%,
- 2030 жылға қарай 10%,
- 2050 жылға қарай 50% (балама көздер мен ЖЭК-ті қоса алғанда).

2025 жылдың қорытындысы бойынша (ҰДО ЖО деректері бойынша) Қазақстан Республикасында жиынтық белгіленген қуаты 3 746,3 МВт болатын 170 ЖЭК объектісі жұмыс істеді:

- 62 ЖЭС объектісі, қуаты – 2 071,0 МВт;
- 51 КЭС объектісі, қуаты – 1 353,0 МВт;
- 56 ГЭС объектісі, қуаты – 321,2 МВт;
- 1 БиоЭС объектісі, қуаты – 1,1 МВт.

2025 жылы 2 ЖЭК объектісінде қуат ұлғайтылып, жиынтық қуаты 707,7 МВт болатын 13 жаңа ЖЭК объектісі пайдалануға берілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ЖЭК объектілері өндірген электр энергиясының көлемі (ҰДО ЖО деректері бойынша) 8,65 млрд кВт·сағ (ЖЭС – 5 400,7 млн кВт·сағ; КЭС – 2 074,6 млн кВт·сағ; ГЭС – 1 175,1 млн кВт·сағ; БиоЭС – 1,8 млн кВт·сағ) немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінен 7,0% құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға өсуді білдіреді.

2025 жылы ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі жөніндегі ақпарат

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2025 жыл үшін
Белгіленген қуат, оның ішінде:	**МВт**	**3 746,3**
жел электр станциялары	МВт	2 071,0
шағын ГЭС	МВт	321,2
Күн электр станциялары	МВт	1 353,0
биоэлектр станциялары	МВт	1,1
Электр энергиясын өндіру, оның ішінде:	**млн кВт·сағ**	**8 652,2**
жел электр станциялары	млн кВт·сағ	5 400,7
шағын ГЭС	млн кВт·сағ	1 175,1
Күн электр станциялары	млн кВт·сағ	2 074,6
биоэлектр станциялары	млн кВт·сағ	1,8
ЖЭК өндіретін электр энергиясының электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі үлесі	**%**	**7,0**
ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруінің 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғандағы өсуі 14,5%-ды құрайды		

«KEGOC» АҚ өз қызметін тек электр энергиясын жеткізу саласында ғана жүзеге асырады. ЕО таксономиясына сәйкес, электр энергиясын жеткізу мен бөлу, егер олар жаңартылатын энергия көздерімен байланысты болса, тұрақты деп жіктелуі мүмкін. 2025 жылы Қазақстан Республикасының энергетикалық теңгеріміндегі ЖЭК үлесі 7,0%-ды құрады. Осыны негізге ала отырып, KEGOC тұрақты кірісті жеткізілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесіне пропорционалды түрде есептеді: 2025 жылғы тұрақты кіріс 27,8 млрд теңгені құрады. Осылайша, KEGOC кірістерінің бір бөлігі ЕО таксономиясының критерийлеріне сәйкес «тұрақты кіріс» ретінде біліктіліктен өтеді (бағаланады). Компания сонымен қатар ЖЭК-ті одан әрі интеграциялауға және энергия жүйесінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған цифрлық жобаларды (Smart Grid, WAMS, WACS, CSPA) іске асыруда.

	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Тұрақты табыстар, теңге	9 559 244 112	15 128 182 980	20 473 979 648	27 841 569 839
Жалпы табыс, теңге	217 255 548 000	252 136 383 000	319 905 932 000	397 736 710 000
Тұрақты табыстардың пайызы	4,4%	6,0%	6,4%	7,0%

Азия Даму Банкімен (АДБ) ынтымақтастық шеңберінде Компанияда ЖЭК өндірісін болжауға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (ENFOR) енгізілді. Бағдарламалық қамтамасыз ету Жүйелік оператордың генерацияны жоспарлау және болжау жөніндегі құралдар жиынтығын кеңейтеді. ҰДО ЖО филиалында ЖЭК-ті интеграциялау бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің функциялары түзетілді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы есепті кезеңдегі электр энергиясын тұтынуы 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4 611,0 млн кВт·сағ-қа (3,8%) артып, 124 606,5 млн кВт·сағ құрады. Солтүстік аймақ бойынша электр энергиясын тұтыну 205,3 млн кВт·сағ-қа (0,3%), Қазақстанның Батыс аймағы бойынша 2 141,6 млн кВт·сағ-қа (13,2%), Оңтүстік аймақ бойынша 2 264,1 млн кВт·сағ-қа (8,0%) артты.


2024 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың өзгерістері былайша қалыптасты:

2025 жылғы электр энергиясын тұтыну көлемі 2024 жылмен салыстырғанда

Тұтынушылар	Электр энергиясын тұтынудың ұлғаю/азаю көлемі		
		млн кВт·сағ	%
«Қазхром» ТҰК» АҚ (АФЗ)	▲	147,7	4,2
«Қазфосфат» ЖШС	▲	123,5	6,6
«Qarmet» АҚ	▲	32,4	1,1
«Қазақстан алюминийі» АҚ	▲	20,3	1,8
«Kazakhmys Smelting» ЖШС*	▲	0,6	0,1
«Қазхром» ТҰК» АҚ Ақсу ФЗ	▼	411,1	7,6
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС (ЖТМ, БТМ, КТМ)	▼	253,5	15,6
«Соколов-Сарыбай КӨБ» АҚ	▼	97,7	6,8
«Қазмырыш» ЖШС	▼	78,4	2,8
«АМӨЗ» ЖШС	▼	37,8	4,6
«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ	▼	11,4	0,3


* Ұлытау облысы бойынша «Kazakhmys Smelting» ЖШС РЭК-ке өтті.

Электр энергиясын тұтыну құрылымы аймақтар бойынша, млн кВт·сағ




2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең көп өсуі Атырау облысы бойынша 2 032,4 млн кВт·сағ-қа (24,7%), Алматы облысы бойынша 747,1 млн кВт·сағ-қа (5,9%), Түркістан облысы бойынша 664,8 млн кВт·сағ-қа (9,6%), Жамбыл облысы бойынша 646,1 млн кВт·сағ-қа (12,7%) байқалады.

2024–2025 жж. электр энергиясын тұтыну динамикасы аймақтар бөлінісінде




2025 жылы электр энергиясын тұтыну өндіруден 1 495,6 млн кВт·сағ-қа асып түсті.

2021–2025 жж. кезеңіндегі электр энергиясын өндіру-тұтыну динамикасы, млрд кВт·сағ



Есепті кезеңде Ресей Федерациясымен электр энергиясының сальдо-ауысымы – 2 479,3 млн кВт·сағ (2024 жылы Ресей Федерациясымен – 3 411,1 млн кВт·сағ). Бұл ретте Ресей Федерациясына электр энергиясының экспорты – 2 159,5 млн кВт·сағ (2024 жылы – 1 514,9 млн кВт·сағ). Ресей Федерациясынан электр энергиясының импорты – 4 638,8 млн кВт·сағ (2024 жылы – 4 926,0 млн кВт·сағ). Экспорт пен импорт Ресей Федерациясымен теңгерімдеуші электр энергиясының көлемдерін ескере отырып келтірілген.

Ресей Федерациясымен электр энергиясының сальдо-ауысымы, млн кВт·сағ



Орталық Азиямен сальдо-ауысым – 983,7 млн кВт·сағ (2024 ж. ОА-мен 1 331,0 млн кВт·сағ). Бұл ретте ОА-ға экспорт 1 784,6 млн кВт·сағ құрады (2024 ж. – 1 624,1 млн кВт·сағ). ОА-дан электр энергиясының импорты 800,9 млн кВт·сағ (2024 ж. – 293,1 млн кВт·сағ).

Даму жоспары (Стратегия)

GRI 2-12, 2-22, 2-23, 2-24

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы электр энергетикалық жүйесінің негізгі инфрақұрылымдық операторы болып табылады және елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде жүйеқұраушы рөл атқарады. Компания қызметінің ауқымы мен маңыздылығы мемлекеттің, қоғамның, бизнестің, жұмыскерлер мен инвесторлардың мүдделерінің теңгеріміне бағытталған ұзақ мерзімді стратегияны қалыптастыру мен іске асыру кезінде жоғары жауапкершілікті айқындайды.

Компанияның стратегиясы саладағы құрылымдық өзгерістер, электр энергиясын тұтынудың өсуі және технологиялық ортаның күрделенуі жағдайында Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің сенімді, тұрақты және бейімделгіш жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОНТЕКСТ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

«KEGOC» АҚ стратегиясын қалыптастыру мен іске асыру әлемде және Қазақстан Республикасында электр энергетикасы мен инфрақұрылымдық компаниялардың дамуына әсер ететін негізгі сыртқы факторларды ескере отырып жүзеге асырылады, оның ішінде:

- энергетикалық ауысу және экономиканы декарбонизациялау;
- жаңартылатын энергия көздерінің үлесінің өсуі және генерация сипатының өзгеруі;
- экономикалық өсу мен электрлендіру салдарынан электр жүктемелерінің артуы;
- энергожүйелерді басқаруды цифрландыру және киберқауіпсіздіктің маңыздылығын арттыру;
- инвесторлар, халықаралық қаржы институттары мен қоғам тарапынан тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және адам құқықтарын сақтау бөлігіндегі талаптардың күшеюі.

Аталған үрдістер жаңа сын-қатерлерді қалыптастырады әрі бір мезгілде энергожүйені жаңғырту мен оның тұрақтылығын арттыру үшін мүмкіндіктер жасайды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ РӨЛІ

«KEGOC» АҚ-ның 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспарын (Стратегиясын) Компанияның Директорлар кеңесі бекітті. Директорлар кеңесі стратегиялық басымдықтарды қалыптастыруды қадағалайды, энергожүйенің даму сценарийлерін, негізгі тәуекелдер мен инвестициялық шешімдерді қарайды, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарын Компания қызметіне интеграциялауды бақылайды.

Стратегияны әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, ұлттық басымдықтар мен мемлекеттік бағдарламалар, елдің халықаралық міндеттемелері, соның ішінде адам құқықтары мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелері, сондай-ақ мүдделі тараптардың үміттері мен мүдделері ескерілді. Стратегия басқарудың барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады және Компания дамуының ұзақ мерзімді сабақтастығын қамтамасыз етеді.

СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

«KEGOC» АҚ Стратегиясын табысты іске асыру мынадай өзара байланысты факторларға негізделеді:

- активтер мен инвестициялық жобаларды басқаруға портфельдік тәсілді енгізуді қоса алғанда, операциялық және инвестициялық тиімділікті арттыру;
- электр энергетикасы саласының трансформациялануына, соның ішінде энергетикалық көшуге, ЖЭК-ті дамытуға, цифрландыруға және жасанды интеллектті енгізуге, процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ ақпараттық және киберқауіпсіздік шараларын күшейтуге бейімделу;
- жауапкершілік, тұрақтылық және инновация мәдениетін қалыптастыруға бағытталған адами капиталды дамыту және корпоративтік ойлауды трансформациялау.

СТРАТЕГИЯНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАТҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚАҒИДАТТАР

«KEGOC» АҚ-ның стратегиялық шешімдері корпоративтік құндылықтарға және бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарына, оның ішінде айқындылыққа, есеп берушілікке, адам құқықтарын құрметтеуге, қауіпсіздік басымдығына және ұзақ мерзімді тұрақтылыққа бағдарлануға сүйене отырып қабылданады. Бұл қағидаттар Компанияның корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, инвестициялық жоспарлау және операциялық қызмет жүйесіне интеграцияланған.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ДЕН ҚОЮ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Стратегиялық талдау мен SWOT-талдаудың нәтижелері Компанияның қызметіне және орта мерзімді әрі ұзақ мерзімді перспективада стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге мынадай негізгі сын-қатерлер топтары әсер ететінін көрсетті:

- **Инфрақұрылымның сенімділігі мен дамуы:** жүктемелердің болжамды өсуін ескере отырып Ұлттық электр желісінің өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі, электр желілерінің тозу дәрежесінің артуы және осыған байланысты активтердің істен шығу тәуекелдері.
- **Энергожүйенің теңгерімі мен икемділігі:** орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаттың күтілетін тапшылығы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізу.
- **Технологиялық даму мен қауіпсіздік:** энергожүйені басқаруды одан әрі цифрландыру мен автоматтандыру, сондай-ақ киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту қажеттігі.
- **Инвестициялар мен қаржыландыру:** инвестициялық жобалардың жаңартылған портфелін іске асыру және ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін ең тиімді әрі қолжетімді қаржыландыру көздерін тарту.
- **Компанияның институционалдық рөлі:** «KEGOC» АҚ-ның электр энергетикасы саласын басқаруға жаңа тәсілдерді қалыптастыруға және электр энергиясы нарығының моделін (дизайнын) дамытуға белсенді қатысу қажеттігі.

Бұл сын-қатерлерді Компания тек тәуекел көздері ретінде ғана емес, сонымен бірге тұрақтылықты арттыру, технологиялық жаңару және «KEGOC» АҚ-ның елдің негізгі инфрақұрылымдық операторы ретіндегі рөлін нығайту ынталандырушылары ретінде де қарастырады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

2025 жылы «KEGOC» АҚ 2023–2032 жылдарға арналған Стратегияны іске асыруды жалғастырып, оны операциялық, инвестициялық және басқарушылық қызметке практикалық интеграциялауды, сондай-ақ Компанияның Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының тұрақты дамуына қосатын үлесін дәйекті түрде күшейтуді қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты Компанияның 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспарында (Стратегиясында) үш стратегиялық мақсат айқындалған:

1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ.
Энергетикалық ауысу жағдайында Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету (ҰЭЖ СЕНІМДІЛІГІ МЕН ДАМУЫ).

МІНДЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының БЭЖ (Біртұтас электр энергетикалық жүйесі) жүйелік операторының функцияларын орындау;
2. Қазақстан Республикасының ҰЭЖ-ін (Ұлттық электр желісін) озық дамыту, ЖЭК-ті (Жаңартылатын энергия көздерін) 19% деңгейінде тиімді интеграциялау;
3. интеллектуалды энергия жүйесін (Smart Grid) қалыптастыру үшін заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу.

МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

- GA
- AIT

2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ.
ESG қағидаттарына сәйкес тұрақты дамуды қамтамасыз ету (ТҰРАҚТЫ ДАМУ).

МІНДЕТТЕР

1. көміртек ізін азайту;
2. адами капиталды дамыту;
3. корпоративтік басқаруды жетілдіру;
4. кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.

МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

- LTIFR
- ESG-рейтинг

3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ.
Таза активтердің құнын арттыру (ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ).

МІНДЕТТЕР

1. қаржылық тұрақтылықты нығайту;
2. Компанияның оң имиджін қалыптастыру мен ұстап тұру;
3. халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

- TSR
- EBITDA margin

«KEGOC» АҚ СТРАТЕГИЯСЫ 2023–2032

Қазақстан Республикасының **ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

«KEGOC» АҚ стратегиясы елдің энергетикалық қауіпсіздігіне, энергия жүйесінің тұрақтылығына және саланың құрылымдық өзгерістеріне бейімделуге бағытталған

- **Энергетикалық көшу және декарбонизация**
- **ЖЭК (ВИЭ) өсімі**
- **Тұтыну мен электрлендірудің өсуі**
- **Цифрландыру және киберқауіпсіздік**
- **ESG саласындағы күтулер**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- **2023–2032 жылдарға арналған стратегия**
- **Тәуекелдер мен сценарийлер**
- **Инвестициялар**
- **Тұрақты даму**

- **Сенімді инфрақұрылым** Өткізу қабілеті және тозуы.
- **Баланс және икемділік** ЖЭК және теңгерімдеуші нарық
- **Цифрландыру және қауіпсіздік** Автоматтандыру және киберқауіпсіздік
- **Тиімді инвестициялар** Портфель және қаржыландыру
- **Институционалдық рөл** Нарық моделі және дамуы

- Қауіпсіздік
- Адам құқықтары
- Экология
- Ашықтық
- Адами капитал

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- **Энергетикалық қауіпсіздік**
- **Тұрақты энергия жүйесі**
- **Сенім және серіктестік**
- **Қаржылық тұрақтылық**

(Барлық стратегиялық жобаларға қолданылады)

Стратегия ҚР заңнамасын, халықаралық міндеттемелерді және мүдделі тараптардың күтулерін ескере отырып іске асырылады.

ҰЭЖ СЕНІМДІЛІГІ МЕН ДАМУЫ

Өндірістік қызмет 30
Тұтынушылардың құпия деректерін қорғау 33
Желінің сенімділігі 35
Инвестициялық қызмет 38
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар 40

03.

Өндірістік қызмет

GRI 2-6, SASB IF-EU-000.B

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы қызметін жүзеге асырады және мынадай негізгі өндірістік қызмет түрлерін орындайды:

- Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) бойынша электр энергиясын беру;
- Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметтер көрсету;
- электр энергиясын желіге беруді және оны тұтынуды техникалық диспетчерлеу;
- электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Аталған қызмет түрлері табиғи монополия саласына жатады. Осыған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңымен және жүйелік қызметтерді көрсету тәртібін әрі олардың сенімділігі мен сапасына қойылатын талаптарды айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Жүйелік оператор функцияларын жүзеге асыра отырып, Компания Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған басқаруды, электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну процестерін үйлестіруді, сондай-ақ энергожүйеде қуат пен жиілік теңгерімін ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Жүйелік оператор функцияларын тұрақты әрі сапалы орындауды қамтамасыз ету үшін «KEGOC» АҚ-да ISO 9001 халықаралық стандартының талаптарына негізделген сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) енгізілді әрі жұмыс істейді. СМЖ Компанияның біріктірілген менеджмент жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және негізгі өндірістік әрі басқарушылық процестерді қамтиды.

Сапа менеджменті жүйесінің қолданылу аясы электр энергетикасы саласында жүйелік оператор функцияларын орындауды, оның ішінде:


- электр энергиясының көтерме нарығы субъектілеріне Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі жүйелік қызметтерді көрсетуді;
- техникалық диспетчерлеуді жүзеге асыруды;
- электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыруды қамтиды.

Сапа менеджменті жүйесінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында 2025 жылы «KEGOC» АҚ-да 2023 жылғы сертификаттау аудитінің нәтижелері бойынша ұйымдастырылған қадағалау аудиті жүргізілді. Аудитті тәуелсіз сертификаттау органы MS CERTIFICATION SERVICES PRIVATE LIMITED (Үндістан) жүргізді. Қадағалау аудитінің қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі расталды.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

SASB IF-EU-000.B

«KEGOC» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру, млрд кВт·сағ



Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтердің 2025 жылғы нақты көлемі – 18,39 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштерден 0,57 млрд кВт·сағ-қа немесе 3,0%-ға төмен, бұл Қазақстан Республикасының көтерме нарық субъектілеріне арналған көлемдердің азаюына байланысты.

2025 жылы «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясының мемлекетаралық берілуі (транзиті) жүзеге асырылды:

- Ресей – Қазақстан – Ресей маршруты бойынша;
- Ресей – Қазақстан – Қырғызстан маршруты бойынша.


Электр энергиясын транзиттеу бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 6,9 млрд кВт·сағ құрады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының энергожүйесінен Қырғыз Республикасына 1,4 млрд кВт·сағ көлемінде электр энергиясының экспорты жүзеге асырылды.

ҰЭЖ-ДІ ПАЙДАЛАНУ

SASB IF-EU-000.B

2025 жылы ҰЭЖ-ді пайдалану бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 78,05 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштерден 3,1 млрд кВт·сағ-қа немесе 4,2%-ға жоғары, бұл Қазақстан Республикасының көтерме нарығында электр энергиясын тұтынудың өсуіне байланысты.

ҰЭЖ-ді пайдалану, млрд кВт·сағ




ТЕХНИКАЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕУ

SASB IF-EU-000.B

2025 жылы электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 116,7 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштерден 5,9 млрд кВт·сағ-қа немесе 5,3%-ға жоғары, бұл Қазақстан Республикасының көтерме нарығында электр энергиясын өндіру көлемдерінің өсуіне байланысты.

«KEGOC» АҚ-ның техникалық диспетчерлеуі, млрд кВт·сағ




ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ-ТҰТЫНУДЫ ТЕҢГЕРІМДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

SASB IF-EU-000.B

2025 жылы электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 228,3 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштерден 18,0 млрд кВт·сағ-қа немесе 8,6%-ға жоғары, бұл Қазақстан Республикасының көтерме нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың өсуіне байланысты.

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру, млрд кВт·сағ



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТЫП АЛУ-САТУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

SASB IF-EU-000.E

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) Жүйелік операторы функцияларын орындайды, оның ішінде іргелес мемлекеттердің энергожүйелерімен өзара іс-қимыл жасауға және энергожүйелердің тұрақты қатарлас жұмысын қамтамасыз етуге жауап береді.

Қазақстан Республикасының БЭЖ-індегі электр энергиясын тұтыну тәулік ішінде біркелкі емес:
- түнгі сағаттарда ол ең аз мөлшерде,
- таңертең артады,
- ең жоғары мәндерге кешкі сағаттарда қол жеткізіледі.

Бұл ретте елдің генерациялаушы қуаттарының едәуір бөлігі негізінен базалық режимде жұмыс істейтін және өндіру көлемдерін жедел өзгерте алмайтын жылу электр станцияларына тиесілі. Нәтижесінде энергожүйе сұраныстың ауытқуларын әрқашан өздігінен жаба алмайды, бұл электр энергиясын өндіру мен тұтыну арасындағы теңгерімсіздіктерге әкеледі.

Қазақстан Республикасының БЭЖ-індегі маневрлік генерациялаушы қуаттардың жетіспеу жағдайы мыналармен де ушығады:
- маневрлік генерациялаушы қуаттардың шектеулі көлемі;
- электр станциялары жабдықтарының авариялық тоқтауы;
- өндірудің тұрақсыздығы тән жаңартылатын энергия көздері үлесінің өсуі.

Мұндай жағдайларда Қазақстан Республикасының БЭЖ-індегі жиілік пен электр энергиясы теңгерімін ұстап тұру, оның ішінде Ресей Федерациясының энергожүйесімен қатарлас жұмыс есебінен қамтамасыз етіледі.

Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2023 жылғы 9 қарашадағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйелерінің параллельді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімге сәйкес, «KEGOC» АҚ мен ресейлік шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында энергия жүйелерінің параллельді жұмысы кезінде тараптардың негізгі техникалық және қаржылық міндеттемелерін регламенттейтін шарттар жасасылды:
- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр энергетикалық жүйелерінің параллельді жұмысы туралы шарт («KEGOC» АҚ, «Россети» ЖАҚ және «СО БЭЖ» АҚ);
- Қазақстанның ҰЭЖ арқылы ресейлік электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт («KEGOC» АҚ – «Россети» ЖАҚ);
- Ресейдің БЭЖ-мен шекарада Қазақстанның БЭЖ электр энергиясының мемлекетаралық сальдо-ағындарының нақты сағаттық ауытқу шамаларын жоспарлы шамалардан өтеу үшін электр энергиясын сатып алуға және сатуға арналған шарттар («KEGOC» АҚ – «Интер РАО» ЖАҚ).

Жасалған шарттарға сәйкес, параллельді жұмыс шеңберінде Ресейдің энергия жүйесі Қазақстанның БЭЖ-індегі өндіріс пен тұтыну арасындағы сағаттық ауытқуларды өтей отырып, Қазақстанның БЭЖ-індегі жиілікті ұстап тұрады, ал «KEGOC» АҚ Қазақстанның ҰЭЖ арқылы ресейлік электр энергиясының транзитін қамтамасыз етеді.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан Үкіметтері арасындағы Энергия жүйелерінің параллельді жұмысы туралы келісімге сәйкес, «KEGOC» АҚ мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында энергия жүйелерінің параллельді жұмысы кезінде тараптардың негізгі техникалық және қаржылық міндеттемелерін регламенттейтін шарттар жасасылды:
- жоспардан тыс ағындарды реттеуге электр энергиясын сатып алу және сату шарттары («KEGOC» АҚ – «НЭСК» ААҚ, «KEGOC» АҚ – «Узэнергосотиш» АҚ);
- Қазақстанның ҰЭЖ арқылы электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызметтер көрсету шарттар («KEGOC» АҚ – «НЭСК» ААҚ, «KEGOC» АҚ – «СОЛАРКОИН» ЖШҚ);
- қуатты (жиілікті) реттеу бойынша өзара қызмет көрсету шарттары («KEGOC» АҚ – «НЭСК» ААҚ, «KEGOC» АҚ – «Узэнергосотиш» АҚ).

Тұтынушылармен жұмыс

GRI 2-6, SASB IF-EU-000.A

«KEGOC» АҚ қызметтерінің тұтынушылары заңды тұлғалар болып табылады: энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар.

Жүйелік қызметтердің көлемдерін жоспарлау кезінде мыналар ескеріледі:

- елдегі қазіргі экономикалық жағдай;
- өңірлік генерацияны дамыту және жүйелік қызметтерді тұтынушылардың тұтынуды арттыру/азайту жоспарлары;
- жөндеу жұмыстарын оңтайландыру бөлігінде электр энергиясын іргелес мемлекеттерге экспорттауға, транзиттеуге ықпал ететін сұлбалық-режимдік сипаттағы мүмкіндіктер.

Бұл көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің жоспарланғаннан ауытқу тәуекелдерін тиімді төмендетуге мүмкіндік береді.

2025 жылы «KEGOC» АҚ көтерме нарық субъектілеріне жүйелік қызметтерді жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес толық көлемде ұсынуды қамтамасыз етті. Есепті жылы шарттар жасалған тұтынушылардың жалпы саны 1 083 құрады.


2024 жылдан көшіп келе жатқан және 2025 жылы жасалған тұтынушыларға қызметтер көрсетуге, электр энергиясын сатып алу-сатуға арналған шарттар мен келісімдердің жалпы саны

Шарттар	Саны
ҰЭЖ бойынша электр энергиясын беру жөніндегі	56
ҰЭЖ-ді пайдалану жөніндегі	343
электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі	213
электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі	445
шығындарды өтеу үшін және шаруашылық қажеттіліктерге электр энергиясын сатып алуға	2
теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату	4
қуатты реттеу бойынша қызметтерді сатып алуға	7
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ауысымдарының жоспарлыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алуға	1
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ауысымдарының жоспарлыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясына электр энергиясын сатуға	1
«Россети» ЖАҚ үшін электр энергиясын беру (транзиттеу) бойынша қызметтер көрсету	1
«Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ үшін электр энергиясын беру (транзиттеу) бойынша қызметтер көрсету	1
«СОЛАРКОИН» ЖШС үшін электр энергиясын беру (транзиттеу) бойынша қызметтер көрсету	1
«Узэнергосотиш» АҚ үшін қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызметтерді көрсету	1
«Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ үшін қуаттылықты (жиілікті) реттеу бойынша қызметтер көрсету	1
«Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ-нан қуаттылықты реттеу бойынша қызметтерді сатып алу	1
«Узэнергосотиш» АҚ-нан қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуға	1
жоспардан тыс ауытқуларды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («Узэнергосотиш» АҚ-нан)	1
жоспардан тыс ауытқуларды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («Узэнергосотиш» АҚ-қа)	1
электр энергиясын жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін сатып алу («Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ-нан)	1
электр энергиясын жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін сату («Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ-на)	1
БАРЛЫҒЫ	**1 083**



Шарттардың өлшемшарттар бойынша бөлінуі, %

GRI 2-6, EU3



GRI 2-24, 2-26

КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

«KEGOC» АҚ жүйелік қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылық деңгейін жарты жылда кемінде бір рет жүргізілетін және тұтынушылардың 100%-ын қамтитын сауалнама негізінде тұрақты түрде бағалап отырады.

Сауалнама тұтынушылармен өзара іс-қимылдың негізгі аспектілерін көрсететін сұрақтарды, оның ішінде:

- Компания персоналы жұмысының сапасын;
- ұсынылатын іскерлік және техникалық ақпараттың дұрыстығын;
- өтініштерді қараудың жеделдігін;
- жүйелік қызметтердің сапасын;
- өңірлік диспетчерлік орталықтардың жедел-диспетчерлік басқару бөлігіндегі жұмысының сапасы;
- қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша тұтынушылардың ұсыныстарын ескеру.

Сауалнама нәтижелерін өңдеу келесідей жүзеге асырылады:

- орташалау әдісімен – филиалдар, жүйелік қызмет түрлері мен тұтынушылар санаттары бойынша жалпыланған бағаларды қалыптастыру үшін;
- жеке әдіспен – әрбір тұтынушының жекелеген қызмет түрлері бойынша қанағаттанушылық деңгейін талдау үшін жүзеге асырылады.

Нәтижелер алдыңғы кезеңдермен салыстыра отырып талданады, бұл көрсеткіштердің динамикасын қадағалауға және жақсарту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Қосымша қызмет көрсету процесінде тұтынушылармен жасалған өтініштер, іскерлік хат-хабарлар мен келіссөздер ескеріледі.

Бағалау қорытындыларын Компания басшылығы қарайды және оларды жүйелік қызметтердің сапасын арттыру мен біріктірілген менеджмент жүйесін жетілдіру үшін пайдаланады. Тұтынушылардың ұсыныстары түзету және алдын алу шараларын іске асыру үшін бейінді құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі.

GRI 2-25

2025 жылы тұтынушылардың қанағаттанушылығының орташа жылдық бағасы бес балдық шкала бойынша 4,8 баллды құрады, бұл 96% қанағаттанушылық деңгейіне сәйкес келеді. Жақсартуды қажет ететін жекелеген өлшемшарттар бойынша Компания тиісті шаралар қабылдайды. «KEGOC» АҚ-да Биллингтік ақпараттық жүйе табысты жұмыс істейді. Бұл ақпараттық жүйе ең алдымен Жүйелік оператордың қызметтеріне шарттар жасасу мен іске асыру процестерін, қаржылық құжаттарды қалыптастыру мен қол қою процестерін автоматтандыру арқылы жүйелік қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру, олардың қанағаттанушылығын арттыру үшін енгізілді. «Жеке кабинетті» пайдалану клиенттерге өтініштер мен шағымдарды беруге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің өзгерістері, жүйелік қызметтерге арналған тарифтердің өзгерістері туралы өзектендірілген ақпарат және т.б. туралы жедел хабарлау арнасын жасады. Бұл шешім клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға және әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған.

GRI 2-27

2025 жылы қызметтер көрсетуге байланысты заңнама мен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамағаны үшін «KEGOC» АҚ-ға айыппұлдар қолданылған жоқ.

Тұтынушылардың құпия деректерін қорғау

GRI 418-1

«KEGOC» АҚ қызметінің ауқымы және көптеген тұтынушылармен өзара іс-қимыл ақпарат пен дербес деректерді қорғау мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Компанияда тұтынушылардың (клиенттердің) құпиялылығын сақтау туралы ережелерді қамтитын, дербес деректерді жинау, сақтау және өңдеу тәртібін реттейтін және осы процестердің ашықтығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз ететін Ақпараттық қауіпсіздік саясаты қолданылады.

«KEGOC» АҚ тек жүйелік және ілеспе қызметтерді көрсету үшін, сондай-ақ шарттық және заңнамалық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақпаратты ғана өңдейді. Мұндай деректерге мыналар жатады:

- тұтынушылардың атауы мен байланыс деректері;

- электр энергиясын тұтыну және (немесе) өндіру көлемдері туралы ақпарат;
- электр желісіне қосылу нүктесі туралы мәліметтер;
- қаржылық ақпарат;
- сәйкестендіру деректері (шарт нөмірі, дербес шот нөмірі және т.б.).

Жиналған деректер тек қызметтер көрсету және тұтынушылар мен мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерді орындау мақсаттары үшін пайдаланылады.

Тұтынушыларға өздерінің дербес деректерін басқару бойынша мынадай құқықтар берілген:
- деректерді жинау мен өңдеуге келісім беру;
- деректерді өңдеудің жекелеген түрлерінен бас тарту;
- өзінің дербес деректеріне қол жеткізу;
- деректерге өзгерістер енгізу немесе оларды жою;
- заңнамада көзделген жағдайларда деректерді басқа қызмет көрсетушілерге тасымалдау.

Дербес деректер оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, шарттық қатынастар тоқтатылғаннан кейін 5 жыл ішінде сақталады.

Дербес деректерді қорғау үшін Компания, оның ішінде:
- деректерді шифрлауды;
- бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық қауіпсіздік құралдарын тұрақты түрде жаңартуды;
- көп деңгейлі қол жеткізуді бақылау жүйесін;
- киберқауіпсіздік саласында мерзімді тексерулер мен аудиттер жүргізуді қамтитын ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін қолданады.

«KEGOC» АҚ дербес деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуын қоспағанда, үшінші тұлғаларға бермейді. Ақпаратты ашу қолданыстағы Құпиялылық саясаты шеңберінде ғана жүзеге асырылады.

GRI 2-27

2025 жылы «KEGOC» АҚ-да тұтынушылардың дербес деректерінің құпиялылығын бұзуға байланысты шағымдар, өтініштер, сот талқылаулары немесе айыппұлдар тіркелген жоқ.

Компания дербес деректерді шарттық және заңнамалық міндеттемелерде көзделмеген қайталама мақсаттар үшін пайдаланбайды және мұндай практика «KEGOC» АҚ қызметінде қолданылмайды.

Желінің сенімділігі

Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасы негізгі рөл атқарады, өйткені экономиканың базалық салалары – металлургия, мұнай-газ секторы және басқа да энергия сыйымды өндірістер – тұрақты электрмен жабдықтауға тікелей тәуелді. Энергожүйенің сенімді жұмысы экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру сапасының маңызды факторы болып табылады.

Бұл ретте ұзын әрі техникалық күрделі электр желісін пайдалану жабдықтың жұмысында технологиялық ауытқулардың туындауымен сөзсіз байланысты. Ұлттық электр желісі тәулік бойы режимде жұмыс істейтін және табиғи факторлардың, режимдік жүктемелердің және жабдықтың табиғи тозуының әсеріне ұшырайтын мыңдаған шақырым электр беру желілері мен қосалқы станцияларды қамтиды.

Электр энергетикасындағы технологиялық бұзылу – бұл жабдық немесе желі жұмысы параметрлерінің белгіленген нормативтерден бақыланатын ауытқуы, ол әдетте жергілікті сипатта болады, жедел түрде анықталады әрі жойылады және авариялар мен тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың тоқтауына әкелмейді. Мұндай оқиғаларды энергетиктер неғұрлым ауыр салдарлардың алдын алу және энергожүйенің сенімділігін арттыру мақсатында тіркейді әрі талдайды.

Технологиялық бұзылуларды тіркеу мен талдау сенімділікті басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және Компанияға ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтауға, желі жұмысының тұрақтылығын арттыруға және тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2025 жылы Компанияда 42 технологиялық бұзылу тіркеліп, тексерілді, оның ішінде 1 авария, 1-ші дәрежелі 1 істен шығу және 2-ші дәрежелі 40 істен шығу, оның ішінде:
- электр беру желілерінде 29 технологиялық бұзылу;
- қосалқы станцияларда – 13 технологиялық бұзылу орын алды.

2024 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің

2,33 %-ға


жақсаруы байқалады.



GRI 201-2

2025 жылы дүлей құбылыстардың әсерінен 26 технологиялық бұзылу орын алды (жалпы санның 62%-ы).


Технологиялық бұзылулардың жіктеу белгілері бойынша бөлінуі



Желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін халықаралық практикада мынадай көрсеткіштер қолданылады:


SAIDI (System Average Interruption Duration Index – орташа үзілу ұзақтығы) – жүйедегі бір үзілудің жылына минутпен орташа ұзақтығын сипаттайды.

GRI EU29, SASB IF-EU-550a.2



SAIFI (System Average Interruption Frequency Index – жүйедегі зақымданулардың пайда болуының орташа жиілігі) – тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың үзілуінің орташа жиілігін сипаттайды.

GRI EU28, SASB IF-EU-550a.2



Климаттың өзгеруі күшті жел мен жаңбыр, бұршақ, дауыл, циклон, құрғақшылық факторларын, сондай-ақ өрттер мен су тасқыны туындау тәуекелдерін қоса алғанда, Компанияның желілік объектілерінің сенімділігі үшін қауіп төндіретін ауыр әрі экстремалды ауа райы құбылыстарының барған сайын көп санын тудырады. Экстремалды ауа райы жағдайлары мен ауа температурасының өзгеруі жүйеге жүктеме түсуіне, тиімділіктің төмендеуіне және «KEGOC» АҚ тұтынушыларына қызмет көрсетудегі ықтимал үзілістерге әкелуі мүмкін.

Жағымсыз әсерлерге әлеуетті түрде әкелетін негізгі қолайсыз климаттық факторлар – күшті жел, найзағайлық кернеулердің артуы, ӘЖ сымдары мен найзағайдан қорғау арқандарында көктайғақ-қырау шөгінділерінің пайда болуы мен түсуі.

Компанияда жыл сайын Тәуекелдер тізілімі қалыптастырылады, оған, оның ішінде, климаттық факторлар енгізіледі. Оны қалыптастыру кезінде ауа райы жағдайларының өзгергіштігін, сондай-ақ экстремалды климаттық құбылыстардың жиілігі мен қарқындылығының артуын қоса алғанда, «KEGOC» АҚ кездесуі мүмкін әлеуетті сценарийлерге талдау жүргізіледі. Осы тәуекелдерді іске асырудың ықтимал салдарлары мыналарды қамтиды:

- ҚС және ЭБЖ жабдығының істен шығуы;
- тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу көлемінің/сапасының төмендеуі;
- электр энергиясын жеткіліксіз беру;
- жабдықты қалпына келтіруге арналған күтпеген шығыстардың туындауы.

«KEGOC» АҚ Тәуекелдер тізілімі негізінде климаттық тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Компания желісінің сенімділігіне әсер ететін тәуекелдердің бірі – дүлей табиғи құбылыстардың әсерінен туындауы мүмкін «бірінші дәрежелі авариялар мен істен шығулардың туындау» тәуекелі. Бұл тәуекелді барынша азайту үшін Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді:

- персоналды авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу дағдыларына оқыту;
- авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге көлік құралдары мен арнайы техниканың дайындығын қамтамасыз ету;
- филиалдарды авариялық қормен жасақтау;
- ҚС жабдығын сақтандыру;
- авariяға қарсы жаттығулар жүргізу;
- табиғи құбылыстардың Компанияның өндірістік активтеріне әсерін төмендету үшін инновацияларды енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

Сонымен қатар, желінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін бірінші дәрежелі авариялар мен істен шығулардың туындау негізгі тәуекелін төмендету мақсатында Компания 2025 жылы

- күштік электр жабдығының жоғары вольтты кірмелерін ауыстыруды;
- сараптамалық ұйымдарды тарта отырып, ҚС және ЭБЖ жабдығын техникалық куәландыруды;
- сараптамалық ұйымдарды тарта отырып, ҚС және ЭБЖ жабдығының жай-күйіне техникалық сараптама жүргізуді;
- активтерді жаңғырту мен реконструкциялауды;
- электр желілеріндегі технологиялық бұзылуларды талдауды жүзеге асырды.

Төтенше жағдайларға ден қою

Климаттың өзгеруі мен табиғи факторлардың – су тасқыны, күшті жел, жер сілкінісі мен эпидемиялар сияқты – әсері төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін жасауы мүмкін. Бұл тәуекелдерді барынша азайту үшін «KEGOC» АҚ персоналды даярлауға және объектілердің техникалық дайындығына ерекше назар аударады.

Компания бекітілген жылдық кесте бойынша авариға қарсы жаттығуларды тұрақты түрде жүргізеді, сондай-ақ су тасқынын, дауылдар мен жер сілкіністерін қоса алғанда, дүлей зілзалалардың салдарын жою бойынша іс-қимылдар пысықталатын «Көктем», «Қыс» және «Жер» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысады. Жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеке қорғану құралдарын сатып алу мен жаңарту жүзеге асырылады.

Қызметтің үздіксіздігін және ауқымды төтенше жағдайларға ден қоюға дайындықты қамтамасыз ету мақсатында Компанияда мыналар әзірленді әрі қолданылады:

- авариялардың жою жоспарлары;
- «KEGOC» АҚ қызметінің ерекшелігін ескеретін төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарлары.

Авариялардың жою жоспарлары штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде персонал іс-қимылдарының тәртібі мен реттілігін, жауапкершіліктің бөлінуін және қажетті ресурстарды айқындайды. Олар тұрақты өртке қарсы және авариялық жаттығулар барысында практикалық тұрғыдан пысықталады.

Төтенше жағдайлар жөніндегі іс-қимыл жоспарлары мерзімдер мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, ТЖ-ның алдын алу бойынша да, салдарын жою бойынша да іс-шараларды қамтиды. Компания объектілері үшін ең ықтимал тәуекел – өрт, сондай-ақ өзге де штаттан тыс жағдайлар. Бұдан басқа, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға және мүліктің сақталуына бағытталған террористік сипаттағы қатерлерге ден қою шаралары көзделген.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде жұмыскерлерді уақтылы хабардар ету үшін жалпы ден қою жүйесінің бөлігі болып табылатын байланыс және хабарлау жоспарлары, сондай-ақ өрт сөндіру жоспарлары пайдаланылады.

Төтенше жағдайларда іс-қимылға дайындықты тексеру үшін «KEGOC» АҚ жыл сайын республикалық оқу-жаттығуларға қатысады, сейсмикалық белсенділігі жоғары өңірлерде (елдің оңтүстігі, шығысы және батысы) объектілік жаттығулар мен сейсмикалық жаттығулар жүргізеді. Мұндай іс-шаралар барысында жоспарлардың тиімділігі, персонал іс-қимылдарының үйлесімділігі және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындауға дайындық бағаланады.

1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ:

- **Grid Availability** (GA немесе Электр желісінің қолжетімділігі, есепті жыл ішінде %-бен өлшенеді)
- **AIT** (Average Interruption Time – үзілістің орташа ұзақтығы, минутпен).

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания жоспарлаған «KEGOC» АҚ стратегиялық ҚНК-ге қол жеткізілді.

2025 жылы стратегиялық ҚНК-нің орындалуы

ҚНК атауы	2021 (нақты)	2022 (нақты)	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (мақсат)	2025 (нақты)
GA, %	индикаторлар 2021 жылдың желтоқсанында айқындалды	99,99987	99,99988	99,99987	99,99879	**99,99986**
AIT, мин.		0,682	0,657	0,671	6,347	**0,717**

Инвестициялық қызмет

Ел экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жалпы электр энергетикасы саласын, оның ішінде электр желілік инфрақұрылымды озыңқы дамыту қажет.

Компания тиімділікті арттыру, ҰЭЖ жұмысының сенімділігі мен желілердің өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруды белсенді түрде жалғастыруда. Бұл жобалар ЖЭК-ті (генерациясының тұрақсыздығымен ерекшеленетін күн және жел электр станциялары) дамыту үшін жағдай жасауды, ірі ЖЭК объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету үшін тиісті электр желілік құрылысты ескере отырып іске асырылады.

Сонымен қатар жобалар маңызды әлеуметтік мәнге ие – құрылыс-монтаж жұмыстарын (ҚМЖ) жүргізу уақытында қосымша жұмыс орындары құрылады. Бұл өз кезегінде экономиканың нақты секторының дамуына, халықтың жұмыспен қамтылуы мен әл-ауқатының артуына, бюджеттерге салықтық аударымдардың ұлғаюына оң әсер етеді.

2025 жылы Компания мынадай ірі инвестициялық жобаларды іске асырады

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы инвестициялық жобалары

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЭНЕРГОЖҮЙЕСІН ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-ІМЕН БІРІКТІРУ. ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУ.

Жобаның мақсаты
Батыс аймақтың тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және электр энергиясы мен қуат теңгерімсіздіктерін өтеу үшін Батыс аймақтың маневрлік генерациясын іске қосу мақсатында Батыс аймақты ҚР аумағы бойынша Қазақстан БЭЖ-нің негізгі бөлігімен біріктіру үшін ұзындығы 604,3 км Қарабатан ТП – Үлке ҚС 500 кВ ӘЖ салу

Қаржыландыру көзі
Жоба меншікті қаражат және ҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Жобаны іске асыру мәртебесі
Жоба бойынша жұмыс өндірісінің кестесіне сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Аяқталу мерзімі
2027 жылғы 31 желтоқсан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЭЖ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІН КҮШЕЙТУ.

Жобаның мақсаты
Оңтүстік аймақтың тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету және Оңтүстік аймақ облыстары арасындағы электр байланысын күшейту үшін Қазақстан Республикасы аумағы бойынша БЭЖ Оңтүстік аймағының электр энергетикалық жүйесін күшейту.

Қаржыландыру көзі
Жоба меншікті қаражат және Азия Даму Банкінің қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Жобаны іске асыру мәртебесі
Жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жұмыс өндірісінің кестесіне сәйкес жүргізілуде.

Аяқталу мерзімі
2027 жылғы 30 маусым.

Инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру кезінде «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ электр энергиясы мен қуатының болжамды балансын әзірлеуге және жыл сайын өзектендіруге негізделген сценарийлік тәсілді пайдаланады. Бұдан басқа, климаттың өзгеру тәуекелдері, атап айтқанда ТЖ тәуекелінің туындауына әкелетін табиғи факторлар (су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі, эпидемиялар) ескеріледі.

Электр желісінің сенімділігін қамтамасыз ету және қысқа мерзімді перспективада бірінші дәрежелі авариялар мен істен шығулардың туындау негізгі тәуекелін барынша азайту мақсатында Компания ҰЭЖ-ді дамытуға бағытталған мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруды жоспарлайды:

1. «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ реконструкциясы, II кезең.

Жобаның мақсаты – нормативтік қызмет мерзіміне жеткен қолданыстағы ЭБЖ-ні, сондай-ақ қызмет мерзімі таяу жылдарда нормативтікке жететін ӘЖ-ні реконструкциялау арқылы Қазақстан Республикасы ҰЭЖ жұмысының сенімділігін арттыру.

Реконструкциялау объектілері ретінде «Ақмола ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ» филиалдарының балансындағы жалпы ұзындығы 4 236 км 48 ӘЖ 220–500 кВ болады. Жоба бойынша ТЭН әзірленді, «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды, ЖСҚ әзірленуде.

2. «KEGOC» АҚ филиалдарының 220–500 кВ ӘЖ реконструкциясы, III кезең.

ҰЭЖ-ді реконструкциялау қажеттігі мынадай себептермен айқындалады:

- бірқатар 220–500 кВ ӘЖ нормативтік қызмет мерзіміне жетуі және одан асуы;
- тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру, электр энергиясын транзиттеу, электр станцияларының қуатын беру.

Реконструкциялау объектілері ретінде «Алматы ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдарының балансындағы жалпы ұзындығы 4 332 км 44 ӘЖ 220–500 кВ болады. Жоба бойынша әзірленген ТЭН-нің мемлекеттік сараптамасы жүргізілуде.

3. Жаңа цифрлық 500 кВ ҚС салумен Астана қ. сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасын күшейту: жоба астананы электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға бағытталған, бұл қаланың электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттіліктерін жабуға, сондай-ақ Астана қаласы ауданында жаңа перспективалы тұтынушыларды қосуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоба бойынша әзірленген ТЭН-нің мемлекеттік сараптамасы жүргізілуде.

4. «Солтүстік-Оңтүстік» тұрақты ток желісін салумен Қазақстан БЭЖ-нің транзиттік әлеуеті мен өткізу қабілетін арттыру: жоба Солтүстік-Оңтүстік транзитінің өткізу қабілетін 2 000 МВт-қа дейін арттыруға, сондай-ақ АЭС пен ЖЭК-ті тиімді интеграциялауға мүмкіндік береді. Жоба сонымен қатар Қазақстанның оңтүстігінің электр энергиясына қажеттіліктерін жабу, ЖЭК-тің елеулі дамуы мен жүктемелердің өсуі жағдайында энергожүйе жұмысының тұрақтылығын арттыру міндеттерін шешеді.

Бұдан басқа, 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімді перспективада «KEGOC» АҚ инвестициялық портфельді ҰЭЖ-ді дамыту жөніндегі мынадай ірі жобалармен толықтыруды қарастырады:

«Алматы облысы мен Жетісу облысының электр желісін дамыту» жобасы: жоба жаңа тұтынушыларды қосуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, гидроэнергетика мен ЖЭК-тің жаңа объектілерін қосу үшін жағдай мен мүмкіндіктер жасайды.

Әзербайжан, Қазақстан және Өзбекстан арасында өңірлік энергетикалық ынтымақтастықты нығайту және трансшекаралық электр энергиясы саудасын ілгерілету мақсатында су асты кабель желісін салуды қамтитын «Жасыл дәліз» жобасын іске асыру жоспарлануда. Жобада энергетикалық жүйелерді біріктіру және жаңартылатын энергияны беру мен сату үшін жасыл дәліз құру көзделген.

Сондай-ақ компанияның жоспарларында **Қарағанды ҚС және Астанадан Қарағандыға дейінгі 500 кВ ӘЖ салу** сияқты жобаларды іске асыру бар. Жобаның мақсаты – елдің ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары шоғырланған Орталық энергетикалық торабын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру.

Маневрлік электр станцияларының және ірі ЖЭК объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ энергожүйенің сенімділігін арттыру үшін **Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда – Шымкент 500 кВ ӘЖ салу** жөніндегі жобаны іске асыру жоспарлануда.

АЭС пен ЖЭК объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында Қарабатан ҚС – Бейнеу ҚС – Маңғыстау ҚС 500 кВ желілерін салумен **Батыс энергетикалық торабын күшейту** жөніндегі жобаны іске асыру да жоспарлануда.

Батыс аймақты Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру жобасы (2-кезең) Қазақстан энергожүйесін сақина түрінде тұйықтауға және Батыс аймақтың газ генерациясының маневрлігі есебінен ЖЭК-ті теңгерімдеуге мүмкіндік береді әрі перспективада Кавказ – Орталық Азия энергетикалық дәлізін іске асыру үшін жағдай жасайды.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Компанияда ҒЗТКЖ-ны басқару жөніндегі қызмет «KEGOC» АҚ тапсырысы бойынша орындалатын ҒЗТКЖ-ны ұйымдастыруға, жоспарлауға, есепке алуға, орындалуын бақылауға және қабылдауға бірыңғай талаптарды белгілейтін тиісті ішкі құжаттармен регламенттеледі. ҒЗТКЖ міндеттерді айқындаудан бастап әзірлеме нәтижелерін Компанияның практикалық қызметінде пайдаланудан болатын нақты әсерді бағалау мен есепке алуға дейінгі бүкіл өмірлік циклді қамтитын процесс ретінде қарастырылады.

Компанияда ҒЗТКЖ жүргізу «KEGOC» АҚ Даму жоспарына және «KEGOC» АҚ Инновациялық-технологиялық саясатына сәйкес Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Компанияда ҒЗТКЖ-ны ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар:

- ҒЗТКЖ-ны Компанияның инновациялық-технологиялық дамуы үшін олардың басымдығы мен өзектілігін ескере отырып жоспарлау мен орындау процестерін құру, жүйелеу және дамыту;
- ғылыми-техникалық өнімді әзірлеуге және пайдалануға байланысты процестердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- өндірістік және бизнес-процестердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізу;
- нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді мониторингтеу.

«KEGOC» АҚ технологиялық дамуының негізгі бағыттары:

- инновациялар;
- ҒЗТКЖ;
- рационализаторлық және өнертапқыштық қызмет.



«KEGOC» АҚ-ның соңғы 5 жылдағы технологиялық даму көрсеткіштері

	2021	2022	2023	2024	2025
Жалпы шығындар, млн теңге, оның ішінде:	**236,97**	**3,72**	**15,09**	**56,75**	**14,31**
Инновациялар	215,50	–	–	–	–
ҒЗТКЖ	19,80	–	–	43,55	–
Рационализаторлық қызмет	1,67	3,72	15,09	13,20	14,31
Ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын жұмыскерлердің саны, адам	26	26	26	26	26

Іске асырылған техникалық-экономикалық зерттеулер (ТЭЗ), ғылыми-зерттеу (ҒЗЖ) және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ТКЖ) жобалары

№	Жобаның атауы	Іске асыру жылдары
1	ОКГТ бар 500 кВ ЭБЖ-дегі электр энергиясы шығындарын төмендету жөніндегі ҒЗЖ	2017–2020
2	ҒЗТКЖ «Қазақстан Республикасы ҰЭЖ-нің 500-220 кВ статикалық және динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүйелік электр станцияларының ҚАР баптауларының тиімділігін зерттеу»	2018–2022
3	WAMS синхрофазорлық өлшеулері негізінде WACS автоматикасының алгоритмдерін әзірлеу мен оны құру жөніндегі ТЭЗ	2019–2020
4	«Батыс ЖЭТ» электр жабдығы оқшаулауының ластану факторлары мен көзін айқындау жөніндегі ҒЗЖ	2021
5	Қазақстан Республикасы БЭЖ үшін электр энергиясын жинақтағыштарды қолдану мүмкіндігі жөніндегі ТЭЗ	2021
6	Цифрлық ҚС технологиялары жөніндегі ТЭЗ	2021
7	Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде реактивті қуатты өтеу үшін FACTS құрылғыларын таңдау жөніндегі ТЭЗ	2021–2022
8	Микропроцессорлық релелік қорғаныс және автоматика құрылғылары бар ҚС-да бақылау кабельдерінің экрандаушы қабықтарын жерге қосу қажеттігі жөніндегі ТЭЗ	2023–2024
9	Сымдарды ластанудан тазалауға арналған роботты әзірлеу жөніндегі ТКЖ	2025–2026
10	Әуе желілерінің сымдарына су мен мұздың жабысуын болдырмайтын гидрофобты-су итергіш жабындардың зертханалық прототипін әзірлеу жөніндегі ТКЖ	2025–2026

2025 жылы «Самғау» Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы бастаған «Samruk Innovation Hub» конкурсы шеңберінде мынадай ҒЗТКЖ жобаларын іске асыру басталды:

- Әуе желілерінің сымдарына су мен мұздың жабысуын болдырмайтын гидрофобты-су итергіш жабындардың зертханалық прототипін әзірлеу – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ.
- Сымдарды ластанудан тазалауға арналған роботты әзірлеу – «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті» КЕАҚ.

Сондай-ақ 2025 жылы ҒЗТКЖ қызметі шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруын алуға мынадай ҒЗЖ жобалары бойынша конкурстық өтінімдер берілді:

- Электр энергиясын үлкен қашықтыққа тасымалдау кезіндегі шығындарын азайтудың техникалық әдістерін зерттеу және әзірлеу – «Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ-пен ынтымақтастықта.
- ЖЭК-тің өсуі жағдайында энергожүйеде инерцияны ұстап тұру үшін оларға қойылатын талаптарды әзірлеу – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ-пен ынтымақтастықта.

Рационализаторлық және өнертапқыштық қызмет

Рационализаторлық және өнертапқыштық қызмет (РӨҚ) «KEGOC» АҚ-да және оның еншілес ұйымында рационализаторлық және өнертапқыштық қызметті ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

РӨҚ-тың негізгі артықшылығы – осы процеске әрбір жұмыскердің қатысу мүмкіндігі, бұл өз кезегінде идеяның пайда болуынан іске асырылуына дейінгі уақытты барынша қысқартуға және Компания жұмыскерлерінің барынша көп санын қамтуға мүмкіндік береді.


РӨҚ шеңберінде Компанияның басқа бөлімшелерінде қолдануға болатын идеялар айқындалады және ұсынысты ауқымдау үшін жағдай қамтамасыз етіледі. РӨҚ-ты ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар:

- РӨҚ-ты жандандыру және Компания мен ЕҰ жұмыскерлерінің көпшілік техникалық шығармашылығын одан әрі дамыту;
- РӨҚ-ты моральдық және материалдық ынталандыру арқылы Компания мен ЕҰ жұмыскерлерінің өз еңбегінің нәтижелеріне мүдделілігін арттыру.

2025 жылы 17 өтінім рационализаторлық деп танылды және рационализаторлық ұсыныстар үшін 14,312 млн теңге сомасында сыйақы төленді.

2013–2025 жылдар кезеңінде «KEGOC» АҚ-да барлығы 295 рационализаторлық ұсыныс тіркелді.

«KEGOC» АҚ-да 2013–2025 жылдар кезеңінде тіркелген рационализаторлық ұсыныстар



Инновациялар

Әлемдік үрдіске сәйкес «KEGOC» АҚ-да заманауи инновациялық және цифрлық технологиялар саласындағы жұмыс жалғасуда, оның негізі – желі объектілерін интеллектуалды басқарудың әртүрлі элементтерін (өлшеу, мониторинг, бақылау және басқару жүйелерін) енгізу, олардың базасында «Smart Grid» деп аталатын жаңа буын электр желілерін құруға болады. Осы жаһандық трендтер шеңберінде «Қазақстан Республикасы электр энергетикасы саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» «Интеллектуалды энергожүйе» құру жөніндегі индикатор белгіленді. Бұл жүйе деректерді жинау мен өңдеуді, энергожүйелерді орталықсыздандырылған басқаруды, ЖЭК-ті қоса алғанда үлестірілген генерацияны интеграциялауды, синхрофазорлық өлшеулер негізінде шешімдер қабылдауды және FACTS құрылғыларын енгізуді қамтамасыз етеді. Тұжырымдаманы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі елдің отын-энергетикалық кешенінің (ОЭК) барлық құрылымдары үшін технологиялар архитектурасын әзірледі.

2025 жылы ЖЭК-ті интеграциялау кезінде электр энергиясын жинақтау жүйелерінің БЭЖ-ді реттеуге әсерін зерттеу үшін China Power International Development Limited, China Power International Holding Limited және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ-мен «ҚР БЭЖ-іне электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу» пилоттық жобасын іске асыру жалғастырылды. Пилоттық жоба шеңберінде қуаты 3,45 МВт және сыйымдылығы 7,72 МВт·сағ электр энергиясын жинақтау жүйесін орнату жоспарлануда.

ОЭК-тің цифрлық ақпараттық жүйелерінің архитектурасы

1. Экономика және жоспарлау

- Инвестициялық жобалар **IvMS**
- Кәсіпорын тиімділігі **EPM**
- Тарифтер **TM**
- Модернизациялау жобалары **PM**
- Бюджеттеу **MA**
- Тәуекелдер, аудит **RM/LG**

2. Маркетинг және сатып алу

- Тұтынушылар және жеткізушілер **CRM/SRM**
- Биллинг **BMS**
- Сатып алулар **PTP**

3. Қаржы

- Бухгалтерия **AMS**
- Салықтар **TAX**
- Төлемдер **TRM**

4. Кадрлар және оқыту

- Персонал **HR**
- Оқыту және даму **LMS**
- Жалақыны есептеу **PPS**

5. BI-аналитика

- Болжам және модельдеу
- Деректерді талдау және есептер
- Деректерді талдау **DS/ML**

6. Құжаттар және МӨС

- Білім басқару **KB**
- Құжаттар мен мұрағаттар **DMS**

7. Өндірістік операцияларды басқару (МОМ)

- Активтерді басқару **EAM/MDM**
- Технологиялық модельдеу **CIM/BIM/GIS**
- Сұранысты басқару **DRMS**
- Арнайы киім және ЖҚҚ **PPE**
- Жабдықтың сенімділігі және аудиті **APM**
- Еңбек қорғау және экология **HSE**
- Абоненттерге қызмет көрсету **FSM**
- Жабдықтау және қойма **WMS**

8. Өндірісті басқару жүйесі (MES)

- Мониторинг жүйелері **Monitoring Systems**
- Басқару жүйелері **Operating Systems**
- Есептеу жүйелері **Metering Systems**
- Бағдарламалық кешендер **Software Systems**

9. Технологиялық процесті автоматтандырылған басқару жүйесі (ТПАБЖ)

- ПС автоматтандыру жүйелері **Substation Automation System**
- Релелік қорғаныс және авариядан қарсы автоматика **Relay protection & Automation Systems**
- Диагностика жүйелері **Diagnostic Systems**
- Басқару жүйелері **Control Systems**

10. Технологиялық нысандар

- ПС **Substation**
- РП **Distribution Points**
- ӘЖ **Overhead Transmission Lines**
- ТӨК **Fiber Optic Communication Lines**
- Ғимараттар мен құрылыстар **Buildings & Structures**
- Көлік құралдары **Vehicles**

Корпоративтік жүйелер
Өндірістік жүйелер
MES жүйелері
ТПАБЖ жүйелері
Өндірістік нысандар

KEGOC

Энергия өндірісі → Энергия жеткізілімі → Энергияны тарату → Энергия тұтынуы

11. Ақпараттық технологиялар (IT)

- Пайдаланушылар және рұқсат **AD/SSO**
- IT активтер **ITAM**
- Корпоративтік пошта **MS**
- IT қолдау қызметі **ITSM**

12. Ақпараттық қауіпсіздік (ISC)

- Ағып кетулерді болдырмау **DLP**
- Енуді болдырмау **IPS**
- Қауіпсіздікті басқару **SIEM**

13. Технологиялық платформа

- IT жүйелерін бақылау
- Нақты уақыттағы деректерді жинау **Kafka**
- Виртуалдандыру және контейнерлер **Kubernetes**
- Деректерді сақтау және өңдеу **Hadoop**

АТО

2025 жылы мынадай пилоттық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстар басталды:

1. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдана отырып электр қондырғыларын диагностикалау және технологиялық бұзылуларды болжау;
2. Күштік трансформаторлардың, автотрансформаторлардың және шунттаушы реакторлардың техникалық жай-күйін мониторингтеудің орталықтандырылған жүйесін әзірлеу.

SASB IF-EU-420a.2

Компанияда SCADA, ЖҚАР, ААОЖ, WAMC, WACS, ЭЭКЕАЖ, МБЖ, ТОБЖ, ЭТНЖ, БАЖ сияқты ақпараттық жүйелер енгізілді. Олардың ішінде ЭЭКЕАЖ технологиясының 100% енгізілуін ерекше атап өткен жөн.

«KEGOC» АҚ «Smart Grid» Интеллектуалды энергожүйе тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде ОЭК-тің цифрлық ақпараттық жүйелерінің архитектурасына сәйкес келетін өндірістік процестерді цифрландырудың үш негізгі бағытын айқындады:

1. **Өндірістік операцияларды басқару (МОМ)** – өндірістік операциялардың сенімділігі мен тиімділігін арттыруға, бос тұрып қалуды барынша азайтуға және ресурстарды оңтайландыруға бағытталған.
2. **Өндірісті басқару жүйелері (MES)** – энергожүйелерді басқаруды және процестерді мониторингтеуді қоса алғанда, өндірістік процестерді нақты уақытта мониторингтеуді, есепке алуды және басқаруды қамтамасыз етеді.
3. **Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері (ТПАБЖ)** – қосалқы станциялар, релелік қорғаныс, диагностика және авариядан қарсы автоматика жүйелерін қоса алғанда, технологиялық процестерді автоматтандыру және бақылау.

Жоғарыда көрсетілген үш бағыт бойынша 2025 жылы SCADA/EMS жүйесін жаңғырту, синхрондалған WAMS технологиялары негізінде мониторинг жүйесін енгізу (2-кезең) жөніндегі жобаларды іске асыру жалғастырылды және WACS басқару жүйесін кеңейту жөніндегі жобаны іске асыру басталды. Аталған жобалар диспетчерлік басқарудың тиімділігін және ҚР БЭЖ жұмыс режимдерінің байқалуын арттыруға, ҚР БЭЖ-нің тұрақтылық қорларын мониторингтеуді және жай-күйін бағалауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ авариядан қарсы басқару функцияларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

2025 жылдың желтоқсанында «Синхрондалған WAMS технологиялары негізінде мониторинг жүйесін енгізу (2-кезең)» жобасы бойынша жұмыстар толық аяқталды. Жоба шеңберінде WAMS-тың 59 бақыланатын қосылысы (ЖЭТ-дің 7 филиалында 21 қосалқы станцияда) қосылды. Жүйені кеңейту синхрондалған векторлық өлшеулердің қосымша құрылғыларынан дұрыс деректер алу есебінен Қазақстан БЭЖ диспетчерлік басқаруының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстан БЭЖ-нің жай-күйін бағалауды және тұрақтылық қорын мониторингтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологиялары

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары энергожүйелердің цифрлық трансформациясының негізгі элементіне айнала отырып, энергетика саласы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. ЖИ ЖЭК-ті интеграциялау, энергожүйені басқару процестерінің күрделенуі және энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру қажеттігі сияқты өзекті міндеттерді шешудің тиімді құралы ретінде көрінеді.

Жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі стратегиялық қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында «KEGOC» АҚ-да 2025 жылы Компанияның ЖИ-бастамаларын қалыптастыру мен іске асырудың кезең-кезеңмен жасалатын тәсілін айқындайтын Жол карталары әзірленіп, бекітілді.



«KEGOC» АҚ-ның жасанды интеллектіні қолдана отырып жобаларды іске асыру жөніндегі бекітілген Жол картасына сәйкес (Директорлар кеңесі отырысының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі хаттамасы, №10 көшірме) Ұлттық электр желісінің сенімділігін арттыруға, оның жұмыс режимдерін оңтайландыруға, технологиялық шығындарды азайтуға және интеллектуалды басқару технологияларын енгізуге бағытталған 7 негізгі ЖИ-жобадан тұратын портфель қалыптастырылды.

№	Жол картасы (ЖК) бойынша кодтық атауы	Жобаның атауы	Мақсаты	Іске асыру кезеңі	Құны, млн теңге	Әсер түрі
1	**Digital Substation Astana**	Астана қ. сыртқы электрмен жабдықтау схемасын күшейту. Электр желілік объектілерін салу	Электр желілерінің сенімділігін арттыру	2026–2028	**71,20 (ТЭН әзірлеу)**	Экономикалық
2	**Power Flow Optimization (PLEXOS, ЖҚАР)**	ҰЭЖ-дегі электр қуаты ағындарын оңтайландыру (PLEXOS, ОЖ ЖҚАР-ге реттегішті енгізу)	ҰЭЖ арқылы тасымалдау кезінде электр энергиясының шығындарын азайту	2026–2027	**«KEGOC» АҚ Сәулет комитетінің шешімі бойынша**	Экономикалық
3	**WACS New Controller**	WACS басқару жүйесін кеңейту	Апатқа қарсы басқарудың тиімділігін арттыру	2026–2027	**758,8**	Экономикалық
4	**WACS Capacity Forecast**	WACS негізінде ең жоғары рұқсат етілген ағындарды болжау	Жұмыс істеу сенімділігі мен тиімділігін арттыру	2027–2028	**«KEGOC» АҚ Сәулет комитетінің шешімі бойынша**	Экономикалық
5	**Жүйелік оператордың SCADA-сы**	SCADA/EMS жүйесін жаңғырту	Диспетчерлік басқарудың тиімділігін арттыру	2023–2026	**3 525,0**	Сапалық
6	**ЖҚАР New Connections**	ОЖ ЖҚАР-ге қосымша реттеу ресурстарын қосу	Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін басқару процесіне қуатты реттеудің жаңа маневрлік ресурстарын қосу	2026–2029	**Станциялар тарапындағы шығындар**	Елдік экономикалық
7	**CORE GRID AI**	ЖИ (Жасанды интеллект) платформасы	Өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру	2026–2030	**748,0**	Жанама экономикалық

Сонымен бір мезгілде «KEGOC» АҚ-ның жасанды интеллект саласындағы жобалары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Түрлендірулер бағдарламасының Жол картасына енгізілді, оның шеңберінде Компанияның 5 ЖИ-жобасы бекітілді.

№	Жол картасы (ЖК) бойынша кодтық атауы	Жобаның атауы	Мақсаты	Іске асыру кезеңі	Құны, млн теңге
1	**Computer Vision**	Өндірістік жұмыстардың видеоматериалдарын талдау	Жарақаттану деңгейін төмендету және қауіпті жағдайлар мен іс-қимылдарға жедел әрекет етуді арттыру	2027–2028	**482**
2	**VR технологиялары**	Оқыту үшін виртуалды шындық технологияларын қолдану	Өндірістік қызмет процестерін жетілдіру	2027–2028	**285**
3	**ЖЭК**	ЖЭК-тен электр энергиясын өндіруді болжау (пилоттық жоба)	ЖЭК өндірісін жоспарлау дәлдігін арттыру	2024–2026	**АДБ гранты**
4	**Сұранысты басқару**	Сұранысты басқару және электр энергиясын тұтынуды талдау (пилоттық жоба)	Электр энергиясын тұтынуды басқару тиімділігін арттыру	2025–2027	**ЕҚДБ гранты**
5	**Smart GIS**	Геоақпараттық жүйені жаңғырту	Активтерді басқару тиімділігін арттыру	2026–2029	**1 038**

«KEGOC» АҚ-да ЖИ-бастамаларды іске асыру Жол картасы шеңберінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және үш өзара байланысты кезеңді көздейді:


- нормативтік, әдіснамалық және архитектуралық негізді қалыптастыру;
- ЖИ-шешімдерді енгізу және тәжірибелік пайдалану;
- ЖИ-ді негізгі бизнес- және өндірістік процестерге ауқымдау мен интеграциялау.

Аталған тәсіл жасанды интеллект технологияларын жүйелі әрі басқарылатын түрде енгізуді, сондай-ақ жасанды интеллектіні дамыту мәселелері бойынша Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен кеңесте берілген тапсырмаларды (2025 жылғы 11 тамыз) расталған экономикалық әсері бар ЖИ-ді енгізудің практикалық мысалдарын көрсету бөлігінде орындауды қамтамасыз етеді. 2025 жылы «KEGOC» АҚ Даму жоспарын (Стратегиясын) және Жол картасын іске асыру мақсатында мынадай жобалар шеңберінде ЖИ технологияларын интеграциялау жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды:

a) SCADA жүйесін жаңғырту. Сатысы: іске қосу-баптау жұмыстарын орындау. Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды болжау, ауа райы деректері мен энергожүйенің жұмыс режимдерін талдау негізінде электр энергиясының технологиялық шығынын болжау бойынша болжамдық аналитика бөлігінде қолданылатын ЖИ технологиялары;

b) WACS басқару жүйесін кеңейту. Сатысы: бекітілген жобалау-сметалық құжаттама. Қазақстан БЭЖ-нің қауіпті режимдерін сәйкестендіру бөлігінде; тұтыну мен генерацияның жоспарлы сальдосынан ауытқуларға байланысты АНМ-нен САОН іске асырылатын орынды автоматты түрде таңдау бөлігінде қолданылатын ЖИ технологиялары;

c) ҰЭЖ-дегі электр қуаты ауысымдарын оңтайландыру (Plexos, ОЖ ЖҚАР-ге реттегішті енгізу). 2025 жылдың соңында коммерциялық ұсынысты сұрату және жобаны іске асыруға қойылатын техникалық талаптарды бекіту жөніндегі жұмыстар басталды. Шешім қабылдау автономдылығы бөлігінде қолданылатын ЖИ технологиялары ЖИ негізіндегі сараптамалық жүйе көмегімен станциялардың жүктелуін/жүксіздендірілуін оңтайландыруға, белгілі бір өңірлердің шығындарын оңтайландыруға қатысатын станциялар топтарын бөлуге мүмкіндік береді.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ



Тұрақты дамуды басқару 47
Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл 50
Біздің адамдар 55
Қоршаған ортаны қорғау 80
Климаттың өзгеруі 90
Еңбекті қорғау 105
Сатып алу практикасы 111

04.

Тұрақты дамуды басқару

Тұрақты даму саласындағы негізгі оқиғалар

Корпоративтік жауапкершілікті күшейту және адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестік шеңберінде Адам құқықтары саласындағы саясат бекітілді.

«KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның портфельдік компаниялары арасында әлеуметтік тұрақтылық бойынша көшбасшылардың бірі болып танылды. Әлеуметтік тұрақтылық индексінің (SRS) деңгейі – 88%.

«KEGOC» АҚ тұрақты даму саласында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді, мұны тәуелсіз рейтингтік агенттік S&P Global растады. Бағалау нәтижелері бойынша Компания S&P Global CSA Score ESG-рейтингін 62/100 деңгейінде алды, бұл 2024 жылғы нәтижеден (55 балл) 7 тармаққа жоғары.

Тұрақты дамуды басқару құрылымы

«KEGOC» АҚ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құнды арттыруға ұмтыла отырып, өзінің экологиялық (E), әлеуметтік (S) және басқарушылық (G) мақсаттарының келісімділігі арқылы өз қызметінің тұрақты даму қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

«KEGOC» АҚ экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті, акционерлердің құқықтарын тиімді іске асыруды, акционерлерге әділ қарауды, теңгерімді дивидендтік саясатты, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігін, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жүйесін, Компания туралы ақпаратты мүдделі тараптарға тиісінше ашуды қамтамасыз етуге және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруге күш салуды бағыттай отырып, корпоративтік басқаруды қоса алғанда, ESG-қағидаттарын жетілдіру жөніндегі жоспарлы жұмыс жүргізеді.

«KEGOC» АҚ-ның тұрақты даму қағидаттары

1. **Жасыл инфрақұрылымды дамыту**
«KEGOC» АҚ ЖЭК-ті интеграциялауға және жүйенің энергия тиімділігін арттыруға ықпал ететін электр желілерін салуға және жаңғыртуға белсенді инвестиция салады.

2. **Еңбек пен денсаулықты қорғау басымдығы**
Компания еңбек жағдайларын жақсарта және жұмыс орындарындағы тәуекелдерді барынша азайта отырып, жоғары қауіпсіздік стандарттарын енгізуді жалғастырады және «Vision zero» (нөлдік жарақаттану) тұжырымдамасына адал.

3. **Жауапты жеткізу тізбегі**
«KEGOC» АҚ тұрақтылық қағидаттарын бөлісетін жеткізушілермен ынтымақтасады, осылайша сала деңгейінде тұрақты іскерлік практиканың дамуына үлес қосуды қамтамасыз етеді.

4. **Экологиялық басқару**
«KEGOC» АҚ ресурстарды ұтымды пайдалану мен қалдықтарды кәдеге жаратуды бақылау жүйелерін енгізіп, экологиялық жауапкершілік саласындағы ұстанымдарын нығайтады.

5. **Жұмыскерлердің әл-ауқатына назар аудару**
Жайлы әрі қауіпсіз жұмыс ортасын құруға, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыруға және персоналдың тартылуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

6. **Адами капиталға инвестициялар**
«KEGOC» АҚ-да жұмыскерлердің құзыреттері мен мансаптық мүмкіндіктерінің өсуіне ықпал ететін тұрақты оқыту мен кәсіби даму жүйесі жұмыс істейді.



«KEGOC» АҚ-ның тұрақты дамуды басқару құрылымы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Компания қызметінің бағыттарын айқындайды, Даму стратегиясын бекітеді, мақсаттар мен міндеттерді және оларға қол жеткізу индикаторларын белгілейді

СТРАТЕГИЯ, КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ТД КОМИТЕТІ

Мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтайды және Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді

БАСҚАРМА

Директорлар кеңесі қойған мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етеді

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

Басқармаға тұрақты дамуды және БМЖ-ны (Біріктірілген Менеджмент Жүйесі) жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.

Компания корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде ESG қағидаттарын интеграциялай отырып, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін дәйекті түрде жетілдіреді. Тұрақты даму мәселелері негізгі саясаттарды бекітетін, бастамалардың іске асырылуын қадағалайтын және Компания қызметінің тұрақты даму қағидаттарына стратегиялық сәйкестігін қамтамасыз ететін Директорлар кеңесінің тұрақты бақылауында:

- Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиялық бағдарлары мен басымдықтарын қалыптастырады;
- ESG бағыттары бойынша есептілікті қарайды және бекітеді;
- тұрақтылық принциптерінің операциялық қызметке енгізілуін бақылайды;
- тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді, соның ішінде климаттық тәуекелдерді басқарады.

Директорлар кеңесіне тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы есептер тұрақты негізде (жыл сайын және тоқсан сайын) ұсынылады.

Бұдан басқа, тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуді қамтамасыз ету, «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, оның жұмыс істеуі және менеджмент жүйелерінің нәтижелілігін тұрақты жақсарту үшін Компанияның Басқармасы жанында консультативтік-кеңесші орган – Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі жұмыс істейді, оның басшысы «KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы болып табылады.

Үйлестіру кеңесінің құрамына барлық басқарушы директорлар, еншілес ұйымдардың басшылары кіреді.

Үйлестіру кеңесінің тұрақты даму мәселелеріндегі негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- тұрақты даму саласындағы қағидаттардың ілгерілеуін және сақталуын қамтамасыз ету;
- тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды, жауапкершілікті айқындауды, мониторингтеуді жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ стейкхолдерлерге ұсынылатын тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпараттың мазмұнын айқындау;
- Компанияның климаттық аспектілері мен тәуекелдерін келесілер арқылы үйлестіру және мониторингтеу:
  - климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тұрақты бағалауды қоса алғанда, климаттық аспектілерді бизнес-процестер мен операциялық шешімдерде ескеру;
  - климаттық тәуекелдерді азайту мен болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз ету;
  - климаттық күн тәртібін іске асыру кезінде құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар арасында

міндеттер мен жауапкершілікті айқындау және бөлу;
- климаттық тәуекелдерді басқару мен климаттық мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын мониторингтеу мен бақылау және есептілік ұсыну.

«KEGOC» АҚ-да стратегиялық жоспарлау мен тұрақты дамуды басқару процестеріне жалпы басшылықты Стратегия және тұрақты даму жөніндегі басқарушы директор жүзеге асырады.

Оның функцияларына ESG қағидаттарын интеграциялай отырып Даму жоспарын (Стратегияны) әзірлеу мен іске асыру, тұрақты дамуды басқару жүйесін үйлестіру, үздік халықаралық практикаларды және қолданылатын ESG-стандарттардың талаптарын ескере отырып корпоративтік басқару мен бизнес-процестерді жетілдіру кіреді.

Басқарушы директор ESG-көрсеткіштерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ESG-рейтингтерді алуды және арттыруды ұйымдастырады, төмен көміртекті даму бағдарламасын қоса алғанда ESG-бастамаларды іске асыруды үйлестіреді, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын қоса алғанда негізгі көрсеткіштерді тәуелсіз верификациялауға жауап береді.

Бұдан басқа, оның жауапкершілік аясында – Жылдық есепті және халықаралық рейтингтерге арналған сауалнамаларды қоса алғанда, қаржылық емес есептілікті дайындау мен ашу, сондай-ақ негізгі ESG-мәселелерді басшылықтың және бейінді алқалы органдардың қарауына шығару.

Басқарушы директор тұрақты даму мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу, корпоративтік басқару деңгейін ұстап тұру және біріктірілген менеджмент жүйесінің нәтижелілігі үшін дербес жауапты болады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-29

«KEGOC» АҚ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды өзінің тұрақты даму саласындағы қызметінің маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Компания мемлекеттік органдармен, инвесторлармен, жұмыскерлермен, іскерлік серіктестермен, жергілікті қауымдастықтармен және басқа да стейкхолдерлермен ашық әрі жүйелі диалог сенімді арттыруға, іскерлік беделді нығайтуға және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететініне сенімді.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ БАСҚАРУ

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру мен іске асыру жауапкершілігі «KEGOC» АҚ Басқармасына жүктелген. Бұл қызмет Компанияның корпоративтік құжаттарына, оның ішінде:
- Коммуникациялық бағдарламаға;
- Стейкхолдерлермен коммуникация жоспарына;
- «KEGOC» АҚ Стейкхолдерлер картасына.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бекітілген Мүдделі тараптармен коммуникация жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Бұл жоспар акционерлер мен инвесторларды, мемлекеттік органдарды, клиенттерді, жұмыскерлерді, жергілікті қоғамдастықтарды, халықаралық серіктестер мен сарапшылар қауымдастығын қамтыды. Жоспарда коммуникация арналары, ақпаратты ашу кезеңділігі, өзара іс-қимыл форматтары және кері байланыс тетіктері айқындалған.

Стратегияны іске асыру аясында:
- қаржылық және операциялық нәтижелердің тұрақты түрде жарияланып отыруы қамтамасыз етілді;
- стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңдері жарықтандырылды;
- Ұлттық электр желісі нысандарындағы жөндеу науқанының барысы туралы материалдар жарияланды;
- ESG, корпоративтік басқару және адами капиталды дамыту саласындағы бастамалар кеңінен талқыланды;
- кәсіби және салалық БАҚ-та белсенді ақпараттық күн тәртібі қолдау тапты.

«KEGOC» АҚ мүдделі тараптардың негізгі топтарын Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп айқындады. Әрбір топ үшін:
- стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ету дәрежесі;
- Компания қызметінің тиісті топқа әсер ету дәрежесі бағаланды.

Бағалау бес балдық шкала бойынша стейкхолдерлердің нақты топтарымен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдық бөлімшелердің – «сарапшылардың» – пікірлерін ерекше ескере отырып жүргізілді.

Есепті жыл ішінде Компания тарифтерді түзету мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар, инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық консультациялар және Ұлттық электр желісін дамытуға арналған талқылаулар өткізді.

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ҚАҒИДАТТАРЫ

Коммуникациялық бағдарламаға сәйкес «KEGOC» АҚ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кезінде мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады:

- **Ашықтық пен қолжетімділік.** Компания өз қызметі, электр энергетикасы саласындағы рөлі мен дамудың стратегиялық бағыттары туралы жоғары деңгейдегі хабардарлықты қамтамасыз етуге ұмтылады.
- **Тұрақтылық пен уақтылылық.** «KEGOC» АҚ тұрақты негізде қызмет нәтижелері және мүдделі тараптарды қозғайтын негізгі өзгерістер туралы ақпаратты ашады.
- **Хабардарлық пен тартылу.** Компания негізгі стейкхолдерлермен ашық диалогты қолдайды және оларға маңызды мәселелерді талқылауға қатысу мүмкіндігін береді.
- **Мүдделерді құрметтеу мен есепке алу.** Басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде мүдделі тараптардың пікірлері, күтулері мен мүдделері ескеріледі.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл «KEGOC» АҚ тұрақты дамуының маңызды элементі болып табылады және мынадай бағыттарды қамтиды:

Жергілікті қауымдастықтарға әсерді бағалау. Ірі жобаларды дайындау кезінде Компания жергілікті қауымдастықтар үшін ықтимал салдарларды талдай отырып, қозғалатын топтарды анықтай отырып және тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды әзірлей отырып, әлеуметтік әсерді бағалауды жүргізеді. Қоғамдық тыңдаулар барысында түсетін ескертулер мен ұсыныстар жобалық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі.

Диалогқа қатысу мүмкіндіктерін кеңейту. Қоғамдық тыңдаулар мен халықпен кездесулер барысында «KEGOC» АҚ жобалардың мақсаттары мен мазмұнын, олардың экологиялық және әлеуметтік аспектілерін түсіндіреді, сұрақтарға жауап береді және ақпараттық материалдарды ұсынады, ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Кері байланысты бағалау. Компания кездесулер мен тыңдауларға қатысушылардан кері байланысты тұрақты түрде жинайды әрі талдайды, бұл «KEGOC» АҚ қызметінің қабылдануын бағалауға және өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тұрақты кездесулер. Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл қоғамдық тыңдаулар, ашық есік күндері, консультациялар мен жобалардың таныстырылымдары форматында жүзеге асырылады. Жоспарланған қызметті іске асыру кезінде «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімі шеңберінде жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады. Өзара іс-қимыл халықты жергілікті БАҚ пен ақпараттық материалдар арқылы алдын ала хабардар етуден басталады. Құжаттаманы дайындау кезеңінде жергілікті қауымдастықтардың, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен ашық қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Барлық ескертулер мен ұсыныстар тіркеледі және жобалық шешімдерді пысықтау кезінде ескеріледі. Компания кері байланысты қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда қосымша консультациялар өткізеді. Жобаларды іске асыру кезеңінде әсерді мониторингтеу мен экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда, жергілікті қауымдастықтармен тұрақты диалог қолдау табады.

Өтініштер жүйесі. Жергілікті қауымдастықтар үшін жедел желі, ресми сайт және жазбаша сұрау салулар арқылы өтініштер беру жүйесі жұмыс істейді. Барлық өтініштер тіркеледі, қаралады және өтініш берушілерге кері байланыс ұсынумен сүйемелденеді.

Қатысудың барлық өңірлерінде бағдарламаларды іске асыру. Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл бағдарламалары инвестициялық жобалардың кезеңдерін және ағымдағы операциялық қызметті қоса алғанда, «KEGOC» АҚ-ның қатысуының барлық өңірлерінде және филиалдарында іске асырылады.



2025 ЖЫЛЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ НӘТИЖЕЛЕРІ

«KEGOC» АҚ мүдделі тараптардың күтулерін ескеруге және Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, олармен жүйелі әрі тұрақты диалог құрады. Өзара іс-қимыл ресми кездесулер, консультациялар, қоғамдық талқылаулар, салалық іс-шараларға қатысу, өтініштерді қарау және кері байланыстың әртүрлі арналарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. 2025 жылы Компания өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруді және басқарушылық шешімдер қабылдау, инфрақұрылымды дамыту және стратегиялық бастамаларды іске асыру кезінде алынған кері байланысты ескеруді жалғастырды.

GRI 2-29, GRI 2-26

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл мақсаттары	Өзара іс-қимыл арналары	2025 жылғы нәтижелер
Акционерлер	Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі Корпоративтік басқару кодексінде және «KEGOC» АҚ Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге бағытталған.	▣ жылдық есептер; ▣ акционерлердің жалпы жиналыстары; ▣ республикалық және өңірлік БАҚ пен Компанияның веб-сайты; ▣ сұрау салуларға жауаптар; ▣ акционерлермен және инвесторлармен кездесулер, дөңгелек үстелдер, таныстырылымдар, роуд-шоу.	▣ AIX және KASE биржаларының алаңдарында «KEGOC» АҚ Эмитент күндері өтті; ▣ 2025 жылы 2 Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілді; ▣ «KEGOC» АҚ-ның өткен кезектен тыс жалпы жиналысында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін таза табыстың 65%-ын бөлу туралы шешім қабылданды.
Қаржыландырушы топтар	Компания инвесторлар алдындағы өзінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы әрі толық көлемде орындайды және өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады.	▣ жылдық есептер; ▣ дөңгелек үстелдер, саммиттер; ▣ Компанияның веб-сайты; ▣ KASE-дегі ақпарат.	▣ «KEGOC» АҚ мен Азия даму банкі (АДБ) «Оңтүстік энергетикалық торап желілерін күшейту» жобасы, оны іске асыру барысы мен күтілетін әсерлер туралы хабарлау мақсатында 500 кВ ҚС-да бірлескен баспасөз-тур өткізді; ▣ «KEGOC» АҚ «Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту» жобасын іске асыру барысы туралы есепті негізгі объектілердің бірінде – Жамбыл облысындағы Шу-500 кВ қосалқы станциясында ұсынды.
Билік органдары мен бақылаушы органдар	«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді және құқықтық әрі этикалық міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ заңнама нормаларын сақтауға ұмтылады.	▣ жылдық есептер; ▣ корпоративтік оқиғалар; ▣ республикалық және өңірлік БАҚ пен Компанияның веб-сайты; ▣ Компания басшылығының жеке кездесулері; ▣ саммиттердің, ведомствоаралық және үкіметаралық консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына қатысу.	▣ «KEGOC» АҚ өкілдері «KEGOC» АҚ белсенді қатысатын Каспий теңізінің түбімен терең сулы кабель салу жобасы бойынша Жасыл энергия жөніндегі консультативтік кеңес шеңберіндегі 3-ші Министрлік кездесуде болды; ▣ «KEGOC» АҚ Орталық Азияның үйлестіруші электр энергетикалық кеңесінің (КЭС ЦА) 43-ші отырысына қатысты, онда өңірдің біріктірілген энергожүйесінің жұмысы, 2024–2025 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінен өту, алдағы вегетациялық кезеңге арналған техникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді келісу мәселелері талқыланды; ▣ «KEGOC» АҚ «Азерэнержи» ААҚ, «Өзбекстанның ұлттық электр желілері» АҚ-мен бірлесіп «Green Corridor Alliance» ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды әрі тіркеді. Бұл компания Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан үш мемлекетінің басшылары 2024 жылғы 13 қарашада COP-29 конференциясында қол қойған «жасыл» энергияны дамыту мен беру жөніндегі стратегиялық серіктестік туралы келісім шеңберінде құрылды; ▣ Энергетика саласын цифрлық дамыту мәселелеріне арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында «KEGOC» АҚ Ұлттық электр желісін дамыту мен цифрландыру жобаларын іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынды; ▣ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстан делегациясының Жапонияға сапары шеңберінде «KEGOC» АҚ мен Hitachi Energy компаниясы арасында стратегиялық серіктестік туралы Негіздемелік келісімге қол қойылды.

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл мақсаттары	Өзара іс-қимыл арналары	2025 жылғы нәтижелер
Кәсіби және сараптамалық ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ	«KEGOC» АҚ халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі әрі қатысушысы болып табылады, Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде интеграцияны тереңдету тетіктеріне және электр энергетикасын дамытудың үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аударады. Компания БАҚ-та беделдік капитал мен оң имидж қалыптастыруды қамтамасыз етеді.	▣ жылдық есептер; ▣ Компанияның веб-сайты; ▣ баспасөз-релиздер, баспасөз-конференциялар мен баспасөз-брифингтер (БАҚ); ▣ баспасөз турлары; ▣ серіктестермен және инвесторлармен кездесулер; ▣ сараптамалық және кәсіби қауымдастықтар шеңберіндегі жұмыс; ▣ әлеуметтік желілер.	▣ «KEGOC» АҚ жаңартылатын энергетика саласындағы жетекші халықаралық компания Masdar және Мохаммед бин Зайед атындағы жыртқыш құстарды қорғау қорымен (MBZRCF) тұрақты энергетика мен биоәртүрлілікті сақтау саласында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды; ▣ Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің (АЭжБУ) 50 жылдық мерейтойын мерекелеу шеңберінде «KEGOC» АҚ мен АЭжБУ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды; ▣ «KEGOC» АҚ мен TOYOTA TSUSHO CORPORATION ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды; ▣ «KEGOC» АҚ, Shanghai Electric және Build Master Group Қазақстан энергожүйесін жаңғырту саласында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
Жеткізушілер	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания айқындылық, сапа, тең қол жеткізу, адал бәсекелестік, есеп берушілік және делдалдардың қатысуын барынша азайту қағидаттарын ұстанады.	▣ қазақстандық іскерлік БАҚ; ▣ Компанияның веб-сайты; ▣ жылдық есептер; ▣ нақты сұрау салулар бойынша ақпарат беру; ▣ таныстырылымдар, конференциялар, іскерлік кездесулер; ▣ Zakup.sk.kz ресми порталы.	▣ 2025 жылы 1-деңгейлі жеткізушілердің 100%-ы адам құқықтары саласындағы талаптарға сәйкестігін бағалаудан өтті. Бағалау нәтижесінде жеткізушілердің 30%-ында адам құқықтары саласындағы тәуекелдер анықталды. Анықталған барлық жағдайлар бойынша тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар әзірленіп, іске асырылды.
Тұтынушылар	Компанияда тұтынушыға бағдарлану қағидаты енгізілген әрі сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау мен орындау тетігі құрылды әрі қамтамасыз етілді.	▣ Компанияның веб-сайты; ▣ жылдық есептер; ▣ нақты сұрау салулар бойынша ақпарат беру; ▣ таныстырылымдар, конференциялар, іскерлік кездесулер; ▣ қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылығы туралы сауалнама.	▣ 2025 жылғы 25 сәуірде тұтынушылар алдындағы жария тыңдауларда тарифтік сметаның орындалуы туралы, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп ұсынылды.
Персонал	Компания өз жұмыскерлерін құрметтейді әрі бағалайды, персоналдың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына бағдарланады, персонал үшін еңбектің қауіпсіз жағдайларын, лайықты еңбекақы деңгейі мен әлеуметтік жеңілдіктерді, кәсіби оқыту мен дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.	▣ Компанияның веб-сайты; ▣ Компанияның ішкі порталы; ▣ корпоративтік басылымдар («KEGOC AQPARAT» газеті, корпоративтік жаңалықтар дайджесті және т.б.); ▣ ақпараттық стендтер; ▣ Компания топ-менеджментінің персоналмен кездесулері (таунхоллдар, ұжым алдындағы есеп беру жиналыстары, кадр резервімен кездесулер және т.б.); ▣ сауалнама жүргізу; ▣ корпоративтік іс-шаралар; ▣ республикалық және өңірлік БАҚ; ▣ Омбудсмен институты.	▣ Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі – 88%; ▣ Омбудсмен Компанияның 9 ЖЭТ филиалында кездесулер өткізді; ▣ «KEGOC» АҚ-да «Energy Шуағы» әйелдер энергетикалық қоғамдастығы құрылды; ▣ «KEGOC» АҚ-ның рационализаторлық ұсынысы «Самұрық-Қазына» қоры компанияларының ішінде үздік деп танылды; ▣ Сарбай ЖЭТ және Оңтүстік ЖЭТ филиалдары жастарының командасы іске асыратын «QR код – цифрлық қосалқы станцияға қадам» жобасы 2026 жылы «7 Qadam PRO» бағдарламасы шеңберінде одан әрі ауқымдау мүмкіндігін алатын 7 үздік бастаманың қатарына кірді; ▣ «KEGOC» АҚ-да «Энергетиктердің еңбек әулеттері» конкурсының қорытындысы шығарылды; ▣ «KEGOC» АҚ-да Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі II форум өтті.

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл мақсаттары	Өзара іс-қимыл арналары	2025 жылғы нәтижелер
Еншілес ұйымдар	Компания корпоративтік басқарудың тиімді тетіктеріне негізделген еншілес ұйымдардың теңгерімді дамуына ұмтылады.	▣ ЕТҰ басшылығымен және ұжымдарымен кездесулер; ▣ қоғамдық тыңдаулар; ▣ күндізгі және онлайн конференциялар; ▣ корпоративтік іс-шаралар.	▣ Өзара іс-қимыл корпоративтік рәсімдер шеңберінде еншілес ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі «KEGOC» АҚ өкілдері арқылы, сондай-ақ акционердің құқықтарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.
Іргелес мемлекеттердің энергожүйелері	Қазақстан Республикасы мен іргелес мемлекеттердің энергожүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету үшін Компания Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара тиімді әрі тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады.	▣ Компанияның веб-сайты; ▣ Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстар, кездесулер өткізу туралы хабарламалар; ▣ келіссөздер өткізу туралы хабарлау; ▣ КЭС ЦА, ТМД ЭЭК және басқа да халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу; ▣ көрші энергожүйелердің қатарлас жұмысын ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу.	▣ «KEGOC» АҚ Астанада Орталық Азияның үйлестіруші электр энергетикалық кеңесінің 43-ші отырысына қатысты; ▣ Жаңартылатын энергия көздерінің IV Халықаралық іскерлік фестивалі Qazaq Green Fest өткізу кезеңінде «KEGOC» АҚ мен Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) елдің энергожүйесіне интеграциялау саласында тәжірибе мен технологиялар алмасу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды; ▣ «KEGOC» АҚ Пекинде Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің VIII отырысына қатысты, онда Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық ынтымақтастық перспективалары талқыланды.
Жергілікті қауымдастықтар	Қатысу өңірлерінің халқымен ашық диалогты қамтамасыз ету, Компания жобаларын іске асыру кезінде қоғамдық пікірді ескеру, қызмет туралы хабарлау және экологиялық әсерді барынша азайту үшін	▣ қоғамдық тыңдаулар; ▣ ақпараттық кездесулер; ▣ жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл; ▣ әлеуметтік және экологиялық жобаларға қатысу; ▣ азаматтардың ресми өтініштері.	▣ «KEGOC» АҚ «Астана қ. сыртқы электрмен жабдықтауды күшейту» жобасын іске асыру шеңберінде Астана қ. және Ақмола облысының Целиноград, Аршалы аудандарында жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, мүдделі тараптардың қатысуымен ашық қоғамдық тыңдаулар өткізді.





Серіктестік

GRI 2-28

«KEGOC» АҚ салалық қауымдастықтардың және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (ҰКП «Атамекен») мүшесі әрі қатысушысы болып табылады:

«Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (ЗТБ «КЭА», www.kea.kz), оның негізгі міндеттері:
- қызметі электр энергетикасы саласымен тікелей немесе өзге де түрде байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету;
- электр энергетикасы саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; сала мүдделері Үкіметтің, сот және басқа да органдардың шешімдеріне тәуелді болатын мәселелерде өз мүшелерінің ұстанымдарын қолдау және қорғау.

«KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (ЗТБ «KazEnergy», www.kazenergy.com), оның негізгі мақсаттары:
- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру;
- жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, тасымалдаушылар және энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тұтынушылар үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейлерде салаішілік ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын дамыту мен қолдау;
- ЗТБ «KazEnergy»-дің, оның мүшелері мен саланың тұтастай оң имиджін өңірлік және жаһандық деңгейлерде тарату; қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру.

ҰКП «Атамекен» (www.atameken.kz), оның негізгі міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және барлық кәсіпкерлердің бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне кеңінен қамтылуы мен тартылуын қамтамасыз ету.

Бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы (www.ark.org.kz), оның негізгі міндеті – бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдарда, билік құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда ортақ мүдделерді білдіру мен қорғау, өз мүшелерінің мүддесінде монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістерді бастамалау мен ілгерілету, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерліктің дамуына, монополияға қарсы заңнаманың бұзылуының алдын алуға жәрдемдесу.

Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ іргелес елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға жәрдемдесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына тұрақты қатысады:
- ТМД Электр энергетикалық кеңесі;
- Жоғары кернеулі ірі электр жүйелері жөніндегі халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE);
- Еуразиялық экономикалық комиссия (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес;
- Орталық Азияның үйлестіруші электр энергетикалық кеңесі (КЭС ЦА).



Біздің адамдар

GRI 2-12, GRI 2-13

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

Кадрлардың тұрақсыздығы көрсеткіші

7,21%

Әлеуметтік тұрақтылық индексінің (SRS) өсуі

88%

2025 жылғы 1 сәуірден бастап лауазымдық жалақылар/тарифтік мөлшерлемелер көтерілді

филиалдардың негізгі жұмыскерлеріне **15%-ға**

автомұнаралар, автогидрокөтергіштер мен автомобиль крандарының машинистеріне **20%-ға**

қалған жұмысшыларға **10%-ға**

Атқарушы дирекция жұмыскерлеріне – қызметті бағалау нәтижелері бойынша

филиалдардың инженерлік-техникалық және әкімшілік-басқару персоналына **10%-ға**

Персоналды басқару саласындағы негізгі құжаттар

- «KEGOC» АҚ-ның 2023–2032 жж. Даму жоспары (Стратегиясы)
- Мінез-құлық (іскери әдеп) кодексі
- «KEGOC» АҚ Кадр саясаты
- Персоналды оқыту мен дамыту жөніндегі стандарт
- Персоналды іздеу мен іріктеу қағидалары
- Жұмыскерлердің қызметін бағалау қағидалары
- Таланттарды басқару қағидалары
- Персоналға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру қағидалары
- Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары

БҰҰ ТДМ-ге қосқан үлес

4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Адами капитал «KEGOC» АҚ-ның негізгі әлеуметтік құндылығы және Компанияның тұрақты дамуының негізі болып табылады. Жұмыскерлердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру, дамыту және сақтау өндірістік қызметтің сенімділігіне, еңбек қауіпсіздігіне және Компанияның ұзақ мерзімді тиімділігіне тікелей әсер ететін стратегиялық басымдық ретінде қарастырылады. «KEGOC» АҚ-ның кадр саясаты қауіпсіз әрі қолайлы жұмыс ортасын құруға, персоналдың құзыреттерін, тартылуы мен әлеуметтік тұрақтылығын дамытуға, сондай-ақ кәсіби және мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Адами ресурстарды тиімді басқару ресурстарды оңтайлы бөлуді, еңбекті ынталандырудың әділ жүйесін, жұмысқа орналастыру процестерінің ашықтығын, жұмыскерлердің мансаптық өсуі мен кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Кадр саясатының негізгі бағыттары:
- персоналды іздеу мен іріктеу;
- оқыту мен дамыту;
- қызметті бағалау;
- сыйақы;
- өндірістік қатынастарды дамыту;
- әлеуметтік қолдау;
- корпоративтік мәдениетті дамыту;
- HR-процестерді жетілдіру.


Персонал құрылымы

Кадр саясатының мақсаттарының бірі – портфельді тиімді басқаруды қамтамасыз ету шеңберінде адами ресурстарды проактивті жоспарлау. HR көрсеткіштерін, зерттеу нәтижелерін, қажеттіліктерді жинау мен талдауды, инвестициялық бағдарламаны және т.б. талдау негізінде персонал саны мен персоналға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге жоспарланады.


GRI 2-7, GRI 2-8

Компания жұмыскерлерінің тізімдік саны (ЕҰ-ны ескере отырып) 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 472 адамды, аутстаффинг – 282 адамды құрады. Персонал саны соңғы екі жыл бойы іс жүзінде тұрақты болып қалды. Жұмыс күшінің ішінде 77%-ын құрайтын ерлер басым. Жұмыскерлердің жалпы санынан 46%-ы мамандар, 72%-ы жоғары білімді. Жас құрамы бойынша жұмыскерлердің 57%-ы 31-40 және 41-50 жас топтарына жатады, тағы 23%-ы – 51-60 жас аралығында. Жұмыскерлердің басым көпшілігі – 98%-ы – тұрақты.


«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің құрылымы




Жұмыскерлердің санаттар бойынша құрылымы, %




Жұмыскерлердің гендерлік белгісі бойынша құрылымы, %




Жұмыскерлердің жұмыспен қамту түрі бойынша құрылымы, %




Жұмыскерлердің жасы бойынша құрылымы, %




Жұмыскерлердің өңірлер бойынша құрылымы, %




Жұмыскерлердің жұмыс өтілі бойынша құрылымы, %



Жұмыскерлердің ұлты бойынша құрылымы, %



Жұмыскерлердің білімі бойынша құрылымы, %





** ең төмен жалақы деңгейі деп «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымы технигінің лауазымдық айлықақысы көзделеді.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы тұрақты және уақытша жұмыскерлерінің саны, адам

GRI 2-7

Бөлімше	Тұрақты жұмыскерлер, адам			Уақытша жұмыскерлер*, адам			БАРЛЫҒЫ
	БАРЛЫҒЫ	Ерлер	Әйелдер	БАРЛЫҒЫ	Ерлер	Әйелдер	
Ақмола ЖЭТ	559	468	91	0	0	0	559
Ақтөбе ЖЭТ	269	219	50	5	1	4	274
Алматы ЖЭТ	459	390	69	16	9	7	475
Шығыс ЖЭТ	291	240	51	3	1	2	294
Батыс ЖЭТ	259	210	49	3	0	3	262
Сарыбай ЖЭТ	420	340	80	0	0	0	420
Солтүстік ЖЭТ	375	281	94	6	0	6	381
Орталық ЖЭТ	411	340	71	8	4	4	419
Оңтүстік ЖЭТ	429	365	64	6	2	4	435
ЖО ҰДО	112	71	41	2	1	1	114
Атқарушы дирекция	345	179	166	22	14	8	367
«Энергоинформ» АҚ	469	314	155	3	1	2	472
БАРЛЫҒЫ	**4 398**	**3 417**	**981**	**74**	**33**	**41**	**4 472**

*уақытша жұмыскерлер деп Компанияға уақытша бос лауазымдарға қабылданған жұмыскерлер көзделеді (ішкі ауысуларды қоспағанда)

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы лауазым санаттары бойынша саны, адам

Бөлімше	Жұмыскерлердің жалпы саны	Оның ішінде		
		Басшылар	Мамандар	Жұмысшылар
Ақмола ЖЭТ	559	70	201	288
Ақтөбе ЖЭТ	274	46	105	123
Алматы ЖЭТ	475	64	197	214
Шығыс ЖЭТ	294	44	127	123
Батыс ЖЭТ	262	44	92	126
Сарыбай ЖЭТ	420	56	158	206
Солтүстік ЖЭТ	381	52	139	190
Орталық ЖЭТ	419	58	161	200
Оңтүстік ЖЭТ	435	61	164	210
ЖО ҰДО	114	26	88	0
Атқарушы дирекция	367	83	284	0
«Энергоинформ» АҚ	472	87	359	26
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**691**	**2 075**	**1 706**



«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы гендерлік бөлінуі бойынша саны, адам

Бөлімше	Жұмыскерлердің гендерлік белгісі бойынша құрылымы		
	Ерлер	Әйелдер	БАРЛЫҒЫ
Ақмола ЖЭТ	468	91	559
Ақтөбе ЖЭТ	220	54	274
Алматы ЖЭТ	399	76	475
Шығыс ЖЭТ	241	53	294
Батыс ЖЭТ	210	52	262
Сарыбай ЖЭТ	340	80	420
Солтүстік ЖЭТ	281	100	381
Орталық ЖЭТ	344	75	419
Оңтүстік ЖЭТ	367	68	435
ЖО ҰДО	72	42	114
Атқарушы дирекция	193	174	367
«Энергоинформ» АҚ	315	157	472
БАРЛЫҒЫ	**3 450**	**1 022**	**4 472**

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы жас құрылымы бойынша саны, адам

Бөлімше	БАРЛЫҒЫ	Оның ішінде (жыл)									
		30-ға дейін		31-40		41-50		51-60		61-ден жоғары	
		адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Ақмола ЖЭТ	559	82	15	154	28	153	27	148	26	22	4
Ақтөбе ЖЭТ	274	38	14	132	48	40	15	52	19	12	4
Алматы ЖЭТ	475	87	18	166	35	112	24	94	20	16	3
Шығыс ЖЭТ	294	47	16	109	37	56	19	74	25	8	3
Батыс ЖЭТ	262	61	23	88	34	60	23	34	13	19	7
Сарыбай ЖЭТ	420	51	12	107	25	117	28	117	28	28	7
Солтүстік ЖЭТ	381	57	15	117	31	78	20	108	28	21	6
Орталық ЖЭТ	419	58	14	114	27	110	26	116	28	21	5
Оңтүстік ЖЭТ	435	66	15	113	26	109	25	121	28	26	6
ЖО ҰДО	114	24	21	34	30	37	32	18	16	1	1
Атқарушы дирекция	367	23	6	130	35	130	35	69	19	15	4
«Энергоинформ» АҚ	472	62	13	172	36	110	23	102	22	26	6
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**656**	**14**	**1 436**	**32**	**1 112**	**25**	**1 053**	**24**	**215**	**5**

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы жұмыс өтілі бойынша саны, адам

Бөлімше	Барлық жұмыс істейтіндер	Оның ішінде													
		1 жылға дейін	%	1-ден 3 жылға дейін	%	3-тен 5 жылға дейін	%	5-тен 10 жылға дейін	%	10-нан 15 жылға дейін	%	15-тен 20 жылға дейін	%	20 жылдан астам	%
Ақмола ЖЭТ	559	32	5,7	48	8,6	63	11,3	111	19,9	98	17,5	92	16,5	115	20,6
Ақтөбе ЖЭТ	274	20	7,3	25	9,1	30	10,9	39	14,2	49	17,9	46	16,8	65	23,7
Алматы ЖЭТ	475	26	5,5	38	8,0	42	8,8	98	20,6	84	17,7	79	16,6	108	22,7
Шығыс ЖЭТ	294	16	5,4	15	5,1	18	6,1	62	21,1	59	20,1	46	15,6	78	26,5
Батыс ЖЭТ	262	8	3,1	22	8,4	33	12,6	59	22,5	36	13,7	50	19,1	54	20,6
Сарыбай ЖЭТ	420	17	4,0	42	10,0	47	11,2	73	17,4	58	13,8	61	14,5	122	29,0
Солтүстік ЖЭТ	381	28	7,3	55	14,4	32	8,4	62	16,3	56	14,7	53	13,9	95	24,9
Орталық ЖЭТ	419	29	6,9	48	11,5	37	8,8	63	15,0	74	17,7	57	13,6	111	26,5
Оңтүстік ЖЭТ	435	19	4,4	28	6,4	38	8,7	60	13,8	69	15,9	63	14,5	158	36,3
ЖО ҰДО	114	6	5,3	10	8,8	12	10,5	28	24,6	15	13,2	23	20,2	20	17,5
Атқарушы дирекция	367	15	4,1	28	7,6	29	7,9	53	14,4	60	16,3	82	22,3	100	27,2
«Энергоинформ» АҚ	472	59	12,5	66	14,0	47	10,0	105	22,2	65	13,8	61	12,9	69	14,6
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**275**	**6,1**	**425**	**9,5**	**428**	**9,6**	**813**	**18,2**	**723**	**16,2**	**713**	**15,9**	**1 095**	**24,5**

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы ұлттық құрамы бойынша құрылымы, адам

Бөлімше	БАРЛЫҒЫ	Қазақтар		Орыстар		Немістер		Украиндар		Беларустар		Өзбектер		Кәрістер		Татарлар		Басқалар*	
		Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%
Ақмола ЖЭТ	559	427	76,4	78	14,0	9	1,6	14	2,5	3	0,5	1	0,2	0	0,0	6	1,1	21	3,8
Ақтөбе ЖЭТ	274	242	88,3	17	6,2	3	1,1	8	2,9	0	0,0	0	0,0	1	0,4	2	0,7	1	0,4
Алматы ЖЭТ	475	432	90,9	33	6,9	1	0,2	0	0,0	0	0,0	0	0,0	1	0,2	0	0,0	8	1,7
Шығыс ЖЭТ	294	222	75,5	65	22,1	2	0,7	3	1,0	0	0,0	0	0,0	0	0,0	2	0,7	0	0,0
Батыс ЖЭТ	262	246	93,9	12	4,6	0	0,0	1	0,4	0	0,0	0	0,0	0	0,0	2	0,8	1	0,4
Сарыбай ЖЭТ	420	219	52,1	146	34,8	10	2,4	31	7,4	2	0,5	0	0,0	2	0,5	5	1,2	5	1,2
Солтүстік ЖЭТ	381	274	71,9	74	19,4	5	1,3	10	2,6	2	0,5	0	0,0	0	0,0	8	2,1	8	2,1
Орталық ЖЭТ	419	285	68,0	75	17,9	13	3,1	14	3,3	5	1,2	0	0,0	6	1,4	9	2,1	12	2,9
Оңтүстік ЖЭТ	435	327	75,2	56	12,9	0	0,0	7	1,6	0	0,0	29	6,7	11	2,5	4	0,9	1	0,2
ЖО ҰДО	114	83	72,8	19	16,7	1	0,9	5	4,4	2	1,8	1	0,9	0	0,0	2	1,8	1	0,9
Атқарушы дирекция	367	333	90,7	18	4,9	2	0,5	3	0,8	0	0,0	0	0,0	3	0,8	7	1,9	1	0,3
«Энергоинформ» АҚ	472	323	68,4	97	20,6	13	2,8	14	3,0	2	0,4	8	1,7	1	0,2	8	1,7	6	1,3
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**3 413**	**76,3**	**690**	**15,4**	**59**	**1,3**	**110**	**2,5**	**16**	**0,4**	**39**	**0,9**	**25**	**0,6**	**55**	**1,2**	**65**	**1,5**

*«басқалар» мәні бойынша мыналар көзделеді: әзербайжандар, армяндар, қырғыздар, түріктер, ұйғырлар және өзге де ұлттар.

«KEGOC» АҚ басшы жұмыскерлерінің 2025 жылғы ұлттық құрамы бойынша құрылымы, адам

Ұлты	Саны, адам	Барлық басшы лауазымдардағы үлесі. кіші, орта және жоғары басшылықты қоса (%)
Қазақтар	538	77,86%
Орыстар	101	14,62%
Немістер	7	1,01%
Украиндар	18	2,60%
Беларустар	1	0,14%
Өзбектер	5	0,72%
Кәрістер	5	0,72%
Татарлар	9	1,30%
Басқалар	7	1,01%
БАРЛЫҒЫ	**691**	**100%**

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы білім санаты бойынша саны, адам

Бөлімше	БАРЛЫҒЫ	Оның ішінде					
		жоғарғы		арнаулы орта		орта	
		адам	%	адам	%	адам	%
Ақмола ЖЭТ	559	339	60,6	167	29,9	53	9,5
Ақтөбе ЖЭТ	274	183	66,8	61	22,3	30	10,9
Алматы ЖЭТ	475	324	68,2	105	22,1	46	9,7
Шығыс ЖЭТ	294	180	61,2	82	27,9	32	10,9
Батыс ЖЭТ	262	186	71,0	60	22,9	16	6,1
Сарыбай ЖЭТ	420	280	66,7	70	16,7	70	16,7
Солтүстік ЖЭТ	381	234	61,4	88	23,1	59	15,5
Орталық ЖЭТ	419	251	59,9	112	26,7	56	13,4
Оңтүстік ЖЭТ	435	328	75,4	89	20,5	18	4,1
ЖО ҰДО	114	114	100,0	0	0,0	0	0,0
Атқарушы дирекция	367	367	100,0	0	0,0	0	0,0
«Энергоинформ» АҚ	472	421	89,2	51	10,8	0	0,0
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**3 207**	**71,7**	**885**	**19,8**	**380**	**8,5**

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің құрылымы

GRI 405-1

Көрсеткіш		БАРЛЫҒЫ	Үлес	ӘБП	ӨП	Басшылар	Басшылықтағы үлес
Тізімдік саны		4 472	100%	474	3 998	691	100%
Жыныс	Ерлер	3 450	77,1%	142	3 308	609	88,1%
	Әйелдер	1 022	22,9%	332	690	82	11,9%
Ұлттық белгісі бойынша топтар	Қазақтар	3413	76,3%	405	3 008	538	77,9%
	Орыстар	690	15,4%	42	648	101	14,6%
	Украиндар	110	2,5%	5	105	18	2,6%
	Татарлар	55	1,2%	5	50	9	1,3%
	Немістер	59	1,3%	5	54	7	1,0%
	Басқалар	145	3,2%	12	133	18	2,6%
Жас топтары	30 жасқа дейін	656	14,7%	21	635	39	5,6%
	30-дан 50 жасқа дейін	2 548	57,0%	326	2 222	452	65,4%
	50 жастан жоғары	1 268	28,4%	127	1 141	200	28,9%


2025 жылғы лауазым санаттары бойынша жұмыскерлердің гендерлік арақатынасы

Лауазым санаттарының атауы	Жалпы саны, адам	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер, %
Барлық деңгейдегі басшылар	**691**	609	82	88,1%	11,9%
Кіші деңгейдегі басшылар (CEO-3)	**649**	578	71	89,1%	10,9%
Орта деңгейдегі басшылар (CEO-2)	**42**	31	11	73,8%	26,2%
Жоғары деңгейдегі басшылар	**11**	9	2	81,8%	18,2%
«өндірістік персонал» санатындағы басшылар	**588**	557	31	94,7%	5,3%
«әкімшілік персонал» санатындағы басшылар	**103**	52	51	50,5%	49,5%
STEM жұмыскерлері	**2 030**	1539	491	75,8%	24,2%

GRI 202-2


Жергілікті халықтан (Қазақстан Республикасының азаматтары) жалданған жоғары дәрежелі басшылардың (Директорлар кеңесінің және «KEGOC» АҚ Басқармасының мүшелері) жалпы үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 100%-ды құрайды.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы персонал динамикасы




«KEGOC» АҚ-ны 2025 жылы тастап кеткен жұмыскерлердің Компаниядағы жұмыс өтілі

EU14





«KEGOC» АҚ-ның кадрлар тұрақсыздығы



* Тұрақсыздық көрсеткіші «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша есептелген, оған сәйкес есепке тек өз тілегі бойынша жұмыстан босатылған жұмыскерлердің саны ғана алынады. Тұрақсыздықты есептеу кезінде мынадай жұмыскерлер ескерілмейді: «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы шегінде тараптардың еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша, жұмыс берушінің бастамасы бойынша, еңбек шартының мерзімі өткен соң, санды қысқарту кезінде, еңбек шартын тоқтату кезінде, жұмыскердің сайланбалы жұмысқа (лауазымға) ауысуына немесе оны лауазымға тағайындауға байланысты еңбек шартын бұзу кезінде жұмыстан босатылғандар.



EU14

«KEGOC» АҚ-да 2025 жылғы кадрлар тұрақсыздығының қорытынды мәні белгіленген «10%-дан жоғары емес» шекті мәні кезінде 7,21%-ды құрады. Бұл ретте ерлер арасындағы кадрлар тұрақсыздығы 7,86%, әйелдер арасында – 5,08%-ды құрады. 2025 жылы Компанияны тастап кеткен ерлердің орташа жұмыс өтілі 13,8 жыл (357 адам), әйелдердің – 13,6 жыл (89 адам) болды.

Зейнеткерлікке шығуға құқылы «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің үлесі

GRI EU15

Көрсеткіш	БАРЛЫҒЫ	ӘБП	ӨП
2026–2030 жылдар кезеңінде зейнеткерлікке шыға алады (таяудағы 5 жыл ішінде)	10,50	0,60	9,86
2026–2035 жылдар кезеңінде зейнеткерлікке шыға алады (таяудағы 10 жыл ішінде)	21,50	1,59	19,88

Бөлімше	Барлығы, адам	2026–2030 жж. кезеңінде зейнеткерлікке шыға алатын жұмыскерлердің саны			2026–2035 жж. кезеңінде зейнеткерлікке шыға алатын жұмыскерлердің саны			зейнеткерлікке шыға алатын жұмыскерлердің %-ы	
		БАРЛЫҒЫ	оның ішінде		БАРЛЫҒЫ	оның ішінде		кезеңде	кезеңде
			ӘБП	ӨП		ӘБП	ӨП	2026–2030 жж.	2026–2035 жж.
Ақмола ЖЭТ	559	69	2	67	137	4	133	12,3	24,5
Ақтөбе ЖЭТ	274	29	1	28	72	5	67	10,6	26,3
Алматы ЖЭТ	475	40	1	39	92	1	91	8,4	19,4
Шығыс ЖЭТ	294	33	2	31	63	4	59	11,2	21,4
Батыс ЖЭТ	262	28	0	28	42	2	40	10,7	16,0
Сарыбай ЖЭТ	420	67	3	64	120	5	115	16,0	28,6
Солтүстік ЖЭТ	381	55	1	54	115	4	111	14,4	30,2
Орталық ЖЭТ	419	57	1	56	112	4	108	13,6	26,7
Оңтүстік ЖЭТ	435	50	1	49	119	4	115	11,5	27,4
ҰДО ЖО	114	8	-	8	17	-	17	7,0	14,9
Атқарушы дирекция	367	29	15	14	66	37	29	7,9	18,0
«Энергоинформ» АҚ	472	3	0	3	5	1	4	0,6	1,1
БАРЛЫҒЫ	**4 472**	**468**	**27**	**441**	**960**	**71**	**889**	**10,5**	**21,5**

Персоналды іздеу мен іріктеу

Тиісті біліктіліктегі жұмыскерлерді тарту, олардың тартылуын арттыру және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін Компания мынадай элементтерден тұратын жұмыс беруші ұсынысын қалыптастырады:

- **бірегей тәжірибе:** әрбір жұмыскердің алдында кәсіби тәжірибе алу және Компанияның дамуына үлес қосу мүмкіндігі ашық, осылайша өзінің нарықтық құнын арттырады;
- **әлеуметтік маңыздылық:** әрбір жұмыскер Компанияның дамуына өзінің жеке үлесін қосады;
- **бәсекелі жұмыс жағдайлары:** нарықтық бағдарларды ескере отырып сыйақы, оқыту мен дамыту мүмкіндіктері, әлеуметтік жеңілдіктер;
- **корпоративтік құндылықтар:** Компанияның қызметі жұмыскерлердің өнімді жұмысы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы орта құруға ұмтылыста құндылықтарға негізделеді.

Персоналды іздеу мен іріктеу біліктілік деңгейі, кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келетін неғұрлым лайықты кандидаттарды тағайындауға бағытталған. Кандидаттарды таңдау меритократия, ашықтық пен объективтілік қағидаттарын сақтай отырып конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Тең жағдайларда басымдық Компанияның ішкі кандидаттарына беріледі. Білікті мамандарды іздеу мен іріктеу үшін көздер мен әдістер мыналар болуы мүмкін:

- таланттар пулы;
- ішкі кандидаттар (Компанияның/еншілес ұйымдардың жұмыскерлері);
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының жұмыскерлері;
- «Samruk Qyzmet» бірыңғай онлайн рекрутинг платформасында қалыптастырылған кандидаттардың электрондық дерекқоры;
- түрлі кәсіби бағыттар бойынша кандидаттардың түйіндемелерін жинау мен талдау арқылы қалыптастырылған мамандардың электрондық базасы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ эгидасымен іске асырылатын жас мамандарды дамыту/таланттарды басқару бағдарламалары түлектерінің электрондық базасы;
- веб-сайтта, салалық қауымдастықтарда, әлеуметтік желілерде хабарландыру орналастыру;
- іскерлік байланыстарды, ұсынымдарды пайдалану;
- рекрутинг компанияларын тарту.

«KEGOC» АҚ-ның бос лауазымдарына персоналды іздеу мен іріктеу «Samruk Qyzmet» рекрутинг платформасын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Кандидаттарды түйіндеме бойынша қарау мен алдын ала іріктеу (скрининг) кезінде кандидаттардың бос лауазымдардың біліктілік талаптарына міндетті түрде сәйкестігіне бақылау қамтамасыз етіледі. Есепті жылы 238 бос орын жарияланды. Есепті кезеңде өткізілген конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша 175 сыртқы кандидат қабылданды, 38 бос орын ішкі кандидаттармен жабылды. Ішкі кандидаттармен толтырылған бос орындардың пайызы 15,97%-ды құрады.

«KEGOC» АҚ-ның бос лауазымдарына персоналды іздеу мен іріктеу көрсеткіштері

	2021	2022	2023	2024	2025
Жалданған жұмыскерлердің жалпы саны	451	551	543	403	420
Таланттар пулы	19	21	12	13	16
Ішкі кандидаттар	17	34	61	33	38
Рекрутинг компанияларын тарту, оның ішінде «Samruk Qyzmet» рекрутинг кандидаттарының электрондық дерекқоры	107	192	170	143	238
оның ішінде CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарға кандидаттардың құзыреттерін бағалау мен сұхбат жүргізуді қолдана отырып	3	4	1	2	0
Ішкі кандидаттармен жабылған бос орындар	15,9%	17,7%	35,9%	23,1%	15,97%
1 адамға шаққандағы сұхбат жүргізуге арналған шығындар, млн теңге	0,65	0,42	0,43	0,50	0
Жас мамандарды дамыту/таланттарды басқару бағдарламалары түлектерінің электрондық базасы	0	3	0	0	0
Әртүрлі кәсіби бағыттар бойынша үміткерлердің түйіндемелерін жинақтау және талдау арқылы қалыптастырылған мамандардың электрондық базасы	308	301	247	221	245



Мотивация жүйесі

Компания жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Еңбекақы төлеу мен мотивация жүйесі тұрақты және ауыспалы бөліктерді, әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ материалдық емес ынталандыруды қамтиды. Ашықтық, айқындылық, ішкі әділдік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания жұмыскерлердің еңбегін тану жүйесін, жұмыс нәтижелеріне қол жеткізгені үшін көтермелеу жүйесін және Компания мен жұмыскерлердің мүдделерінің теңгерімін сақтау үшін еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіреді. Бұл бағытты іске асыру үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

- салалар мен өңірлер бөлінісінде еңбек нарығындағы жалақы деңгейі мен оның үрдістерін тұрақты талдау;
- жалақы деңгейін Компанияның мақсаттары мен қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес ұстап тұру;
- Компаниядағы және тұтастай еңбек нарығындағы өзекті жағдайды ескере отырып, жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесін түсіндіру үшін ашық және айқын коммуникациялар;
- жұмыскерлердің жалақы деңгейін айқындауға сараланған тәсілді сақтау.

Әрбір бөлімше мен жұмыскердің Компания қызметінің нәтижесіне қосқан үлесі бойынша сыйақы жүйесінің сараланған тәсілі;

- әкімшілік-басқару және өндірістік персонал арасындағы еңбекақы төлеудегі алшақтықты қысқарту, төмен жалақы алатын жұмыскерлердің жалақысын арттыру.

Компанияда ӘБП мен инженерлік-техникалық персонал үшін «Hay Group» әдістемесіне негізделген грейдтік еңбекақы төлеу жүйесі қолданылады. Бұл еңбекақы төлеу жүйесі біліктілікті, жұмыс өтілін, сондай-ақ жауапкершілік деңгейін ескере отырып, жалақыға шолуды және Компанияның қаржы-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, лауазымдық деңгейлер схемасын құруға мүмкіндік берді.

Компанияда ерлер мен әйелдердің еңбегіне тең сыйақы, сондай-ақ елдің барлық өңірлерінде орналасқан «KEGOC» АҚ филиалдарында ерлер мен әйелдердің еңбегіне ақы төлеуді айқындаудағы бірыңғай тәсіл көзделген. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында ерлер мен әйелдердің еңбекақы деңгейіне тұрақты негізде талдау мен мониторинг жүргізіледі.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің 2025 жылғы лауазымдық айлықақылары Қазақстан Республикасында белгіленген ең төмен жалақыдан асып түсті.

«KEGOC» АҚ-да әйелдер сыйақысының ерлер сыйақысына қатынасы*

GRI 405-2

	Ерлер	Әйелдер
Басшы жұмыскерлер, адам	8	2
Басқарушылық персонал және құрылымдық бөлімшелердің басшылары, адам	576	74
Мамандар мен жұмысшылар, адам	2 783	830
Әйелдер мен ерлердің орташа айлық жалақысының арақатынасы		
Басшы жұмыскерлер	1,10	
Басқарушылық персонал және құрылымдық бөлімшелердің басшылары	1,12	
Мамандар мен жұмысшылар	1,01	
Әйелдер мен ерлердің орташа айлық жиынтық жылдық сыйақысының арақатынасы**		
Басшы жұмыскерлер	1,51	
Басқарушылық персонал және құрылымдық бөлімшелердің басшылары	1,19	
Мамандар мен жұмысшылар	1,03	

*«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қызмет атқарады (қызметтің елеулі өңірі), сондықтан көрсеткішті есептеу бүкіл ел деңгейінде жүргізіледі.

** Бір жұмыскердің орташа айлық жиынтық жылдық сыйақысы есептелген жалақы қорының сомасын жұмыскерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы айқындалады. Жалақы қорына мыналар кіреді:

- тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақылар бойынша есептелген жалақы;
- бір жолғы төлемдер мен сыйлықақылар;
- жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақылық төлемдер;
- жұмыс істелмеген уақыт үшін төлем.

Жұмыскерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін қабылданатын) – жұмысқа бекітілуі бар жекелеген жұмыскерлер санаттарын (жүктілік пен босануға байланысты, бала күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар және басқалар) шегере отырып, тізімдік құрамдағы жұмыскерлердің саны.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақысының 2025 жылға Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақыға арақатынасы

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы ең төмен жалақы мөлшері, теңге	«KEGOC» АҚ-да* 2025 жылғы ең төмен жалақы мөлшері, теңге	Ауытқу, %
85 000*	175 000**	105,9

* Қазақстан Республикасының «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген ең төмен жалақы мөлшері.

** ең төмен жалақы деңгейі деп «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымы технигінің лауазымдық айлықақысы көзделеді.

«KEGOC» АҚ-дағы 2025 жылғы орташа жалақы деңгейінің көрсеткіші

Қазақстан Республикасы өнеркәсібінде 2025 жылғы орташа жалақы мөлшері, теңге	«KEGOC» АҚ-да* 2025 жылғы орташа жалақы деңгейі, теңге	Ауытқу, %
634 737*	812 400**	27,99

* «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының» ақпараты бойынша.

** «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы бір айлық орташа жалақысы.

Жұмысшы мамандықтарының экономикалық және әлеуметтік прогрестің негізгі факторы ретіндегі рөлін нығайту мақсатында Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы кәсіптері жылы» деп жарияланды. Осы бастама шеңберінде «KEGOC» АҚ-да жұмысшы персоналды қолдау, дамыту және көтермелеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын жоспар әзірленіп, бекітілді.

Жоғарыда айтылғанның негізінде және жұмысшы кәсіптерінің беделі мен персоналдың мотивациясын арттыру мақсатында 2025 жылғы 1 сәуірден бастап тарифтік мөлшерлемелер мынадай түрде арттырылды:

- автомұнаралар мен автогидрокөтергіштердің, автомобиль крандарының машинистеріне – еңбек нарығындағы жоғары сұранысқа байланысты 20%-ға;
- қалған жұмысшыларға – 10%-ға.

Сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары 2025 жылғы 1 сәуірден бастап арттырылды:

- Атқарушы дирекция жұмыскерлеріне – қызметті бағалау нәтижелері бойынша;
- филиалдардың инженерлік-техникалық және әкімшілік-басқару персоналына – 10%-ға;
- филиалдардың негізгі жұмыскерлеріне – 15%-ға.

Компанияда ұзақ мерзімді ынталандыру құралдары ретінде жоғары біліктілік деңгейі мен жұмыс нәтижелерін көрсететін жұмыскерлер үшін мансаптық даму перспективаларын, жұмыскерлерді оқыту мен дамытуға инвестицияларды, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбегін тану мен жұмыс жетістіктері үшін көтермелеуді көздейтін таланттарды басқару жүйесі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, жұмыскерлерді ұзақ мерзімді ынталандыру шаралары ретінде негізгі лауазымдарға мирасқорлар пулына енгізілген жұмыскерлерді MBA, DBA бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді оқуға жібереді.

Әлеуметтік тұрақтылықты қолдау және жұмыскерлерді ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының күніне және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай әрбір жұмыскерге салықтар мен басқа да міндетті аударымдарды ұстап қалғаннан кейін 200 мың теңгеден қосымша сыйақылар төленді.

Республика күнін, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін және Энергетик күнін атап өту құрметіне жұмыскерлерді материалдық емес көтермелеу мақсатында 444 жұмыскер мемлекеттік, салалық наградалармен және «KEGOC» АҚ наградаларымен марапатталды.

Есепті жылы наградалармен көтермелеу кезінде және кәсіби әрі спорттық жарыстарда жеңіске жеткен жұмыскерлерге сыйлықақы беру жөніндегі енгізілген практикаға сәйкес 49,0 млн теңге төленді.

GRI 2-24

Жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау

Компанияның жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау жөніндегі қызметі мынадай ішкі құжаттармен регламенттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ-ның кадр саясаты;
- Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары;
- Жұмыскерлердің еңбегін көтермелеу мен тану туралы қағидалар.

Жоғарыда көрсетілген саясаттар Компанияның барлық жұмыскерлеріне, оның ішінде уақытша қабылданған және толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтін жұмыскерлерге қолданылады.

Аталған құжаттарға сәйкес «KEGOC» АҚ жұмыскерлеріне мынадай түрдегі әлеуметтік қолдау көрсету көзделеді:

- материалдық көмек;
- өтемақылық төлемдер;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау және жұмыскерлердің адалдығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардан асатын әлеуметтік жеңілдіктер ұсынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерін төлеу, жұмыс уақытының күніне 8 сағаттан асатын шамадан тыс ұзақтығынан аулақ болу, жұмыскерлерге тең еңбекке тең ақы төлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыскерлерге жыл сайынғы демалысты төлеу талаптары меншікті жұмыскерлерге, мердігерлер мен серіктестерге қолданылады.

Компания мыналарды көрсетеді: ақылы жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға арналған материалдық көмек, мерейтойлық күнге, бала туылуына байланысты, жұмыскердің, жұмыскер отбасы мүшелерінің және «KEGOC» АҚ-да есепте тұрған зейнеткердің қайтыс болуына байланысты, мүгедектік тобы мен жасына қарамастан жұмыскер мен мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедектерді емдеуге ақы төлеуге материалдық көмек. Зейнеткерлік жасындағы жұмыскерлерге зейнеткерлікке шыққан кезде өтемақы төленеді.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлеріне Компания қаражаты есебінен медициналық сақтандыру (медициналық қызмет көрсету) ұсынылады. Бағдарлама жұмыскерлердің отбасы мүшелеріне де қолданылады, бұл персоналдың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға, денсаулықты нығайтуға және тұрақты әрі ынталандырылған команда қалыптастыруға ықпал етеді.

Тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу шеңберінде Компания жұмыскерлерге тұрғын үй жалдау шығыстарын ішінара өтеу түрінде қолдау көрсетеді. Есепті жылы аталған қолдау шарасы 135 жұмыскерге жалпы сомасы 207,6 млн теңгеге ұсынылды.

Компания неке тіркеу, бала туылу, жақын туыстарын жерлеу жағдайларында, мерейтойға (50, 60 жас) байланысты және 6-дан 9 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелейтін әйелдерге, жалғызбасты әкелерге, қамқоршыларға – оқу жылының бірінші басталу күні, бітіруші сынып оқушыларының ата-аналарына – мектеп «соңғы қоңырау» өткізетін күні 1 (бір) күн жалақысы сақтала отырып әлеуметтік демалыстар береді. Сондай-ақ профилактикалық егулер жүргізу үшін демалыс күндері және 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар ата-аналарға орташа жалақысы сақтала отырып демалыс күндері беріледі. Есепті жыл ішінде әлеуметтік демалыстар 117 жұмыскерге берілді. Ұжымдық шартқа сәйкес қосымша, еңбек қызметіне байланысты болған жазатайым оқиға нәтижесінде жұмыскердің өміріне келтірілген зиянды өтеу ретінде Компания қаза болған жұмыскердің баласына (балаларына) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туындаған күннен бастап ол (олар) 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 1 (бір) ең төмен жалақы мөлшерін төлейді.

Сондай-ақ «KEGOC» АҚ Ұжымдық шартқа сәйкес жүктілік пен босануға байланысты демалыс кезеңінде, сондай-ақ жаңа туған баланы асырап алу (қыз бала асырап алу) кезінде орташа жалақы мен мемлекеттік әлеуметтік төлем арасындағы айырманы өтеу есебінен олардың орташа табысы деңгейін сақтай отырып, жұмыскерлерге қосымша әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етеді.

Еңбек заңнамасына сәйкес жүктілік пен босануға байланысты демалыс босанғанға дейін 70 күнтізбелік күн және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күн (жиынтығында 18 апта) ұзақтығымен беріледі. Босану асқынған немесе екі және одан көп бала туылған жағдайларда босанғаннан кейінгі демалыс 70 күнтізбелік күнге дейін (жиынтығында 20 апта) ұлғайтылады. Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу (қыз бала асырап алу) жағдайында – бала туылған күннен бастап 56 күнтізбелік күн.

Бұдан басқа, Компания жұмыскерге бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс береді:

- ата-ананың таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне;
- баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысқанға не қамқоршыға;
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған (қыз бала асырап алған) жұмыскерге.

Жұмыскер бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты демалысты толық немесе бөліктермен пайдалана алады. Демалыс уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Бала үш жасқа толғанға дейінгі демалыс өткенге дейін жұмысқа шыққан жағдайда жұмыскер өзінің ниеті туралы жұмыс берушіні жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын ескертеді.

Осылайша, 2025 жылы мұндай демалыс Компанияның 33 жұмыскеріне (1 ер адамға және 32 әйелге) берілді. 2025 жылы бала күтіміне байланысты демалыстан 30 әйел оралды. Еңбек заңнамасына сәйкес 2025 жылы 1,5 жасқа дейінгі балалары бар 2 әйелге немесе баланы анасынсыз тәрбиелеп отырған әкелерге бала (балаларды) емізуге қосымша үзілістер берілді.

Осылайша, «KEGOC» АҚ-да жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауға және ананы қолдауға бағытталған жүктілік пен босануға байланысты ақылы демалыс берудің нақты әрі ашық рәсімдері қамтамасыз етілген.

«KEGOC» АҚ еңбектің қауіпсіз, жайлы және қолайлы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік саясатты дәйекті түрде дамытады. Компания тұрақты дамуға қойылатын заманауи талаптарды және үздік халықаралық практикаларды ескере отырып, жұмыскерлердің денсаулығын қорғау мен әл-ауқаты саласында іс-шаралар кешенін іске асырады.



СТРЕСТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАЙ-КҮЙДІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Жұмыскерлердің психоэмоционалдық денсаулығын нығайту мақсатында Компания стрестік жай-күйлердің профилактикасы және кәсіби күйзелістің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді. 2025 жыл ішінде жұмыскерлерге мыналар қолжетімді болды:

- стресс-менеджмент бойынша оқыту материалдары мен ақпараттық консультациялар;
- эмоционалдық тұрақтылықты дамыту бағдарламалары;
- жеке тиімділік пен әл-ауқатты арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Бұл бастамалар тұрақты негізде іске асырылады және персоналдың барлық санаттарына қолжетімді.

Бұдан басқа, есепті жылы физикалық денсаулық, дұрыс тамақтану, психология және жеке қаржыны басқарудағы пайдалы білімдер сияқты түрлі тақырыптарда ақпараттық сессиялар өткізу практикасы енгізілді. Жұмыскерлердің әлеуметтік әл-ауқаты бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияда физикалық денсаулық, дұрыс тамақтану, психология және жеке қаржыны басқару мәселелері бойынша апта сайынғы ақпараттық сессиялар өткізіледі. Жұмыскерлер «Әйел өзгеріс бастаулы» семинар-тренингіне қатысты.

2025 жылғы шілдеден бастап Компанияда психолог жұмыс істейді. Есепті кезеңде жұмыскерлерді психологиялық сүйемелдеу, оның ішінде топтық тренингтер мен жеке консультациялар өткізу, сондай-ақ ұжымдардың эмоционалдық шиеленісін төмендету және психологиялық жай-күйін тұрақтандыру мақсатында «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Ақмола ЖЭТ» филиалдарына қызметтік сапарлар қамтамасыз етілді. Жұмыскерлерге СМИЛ әдістемелері мен Шмишек сауалнамасын қолдана отырып психодиагностикалық тексеру жүргізіледі.

Барлығы 31 топтық тренинг іс-шарасы (309 қатысушы), 235 жеке консультация және 268 жұмыскерді психодиагностикалық тестілеу жүргізілді.

Бұл шаралар жұмыстың неғұрлым жайлы жағдайларын жасауға және жұмыскерлердің қанағаттанушылығының жалпы деңгейін арттыруға бағытталған.

Ішкі коммуникацияларды күшейту мақсатында «WhatsApp» мессенджерінде «Online KEGOC» қауымдастығы құрылды, онда HR мәселелері бойынша жаңалықтар мен хабарламалар тұрақты түрде таратылады, сондай-ақ онлайн курстарды тарату үшін топтар құрылды.

2026 жылы жұмыскерлердің әл-ауқатын арттыру жөніндегі шараларды іске асыруды жалғастыру жоспарлануда.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ

«KEGOC» АҚ жұмыскерлердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағдарланған корпоративтік мәдениеттің қалыптасуын қолдайды. 2025 жылы Компания:

- корпоративтік спорттық іс-шаралар мен жарыстар ұйымдастырды;
- дене шынықтыру мен спортпен айналысу мүмкіндіктерін ұсынды;
- салауатты әдеттерді қалыптастыруға және теңгерімді тамақтануды насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізді.

ОТБАСЫЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ БАР ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

«KEGOC» АҚ еңбек қызметін балаларды тәрбиелеу мен отбасы мүшелерін күтумен қоса атқаратын жұмыскерлерге қолдау көрсетеді.

- Екінші ата-ана үшін демалыс (non-primary caregiver)

KEGOC-та отбасылық міндеттердің тең бөлінуіне және екі ата-ананың да бала күтіміне қатысуына ықпал ететін екінші ата-ана үшін ақылы демалыс көзделген.

Компания жұмыскерге бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс береді:

1) ата-ананың таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне;
2) баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға;
3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысқанға не қамқоршыға;
4) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған (қыз бала асырап алған) жұмыскерге.

Бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс жұмыскердің оның ұзақтығын көрсете отырып және баланың туылу

фактісін растайтын туу туралы куәлікті немесе басқа құжатты ұсына отырып жасаған жазбаша өтініші негізінде беріледі.

Жұмыскер бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты демалысты толық немесе бөліктермен пайдалана алады.

Бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс өткенге дейін жұмысқа шыққан жағдайда жұмыскер өзінің ниеті туралы жұмыс берушіні жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын хабардар етуге міндетті. Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар жұмыс істейтін әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасынсыз тәрбиелейтін әкелерге (асырап алушыларға, қыз бала асырап алушыларға) бала (балаларды) емізуге қосымша үзілістер әрбір үш сағат жұмыстан кейін мынадай ұзақтықпен, кемінде беріледі:

1) бір баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде отыз минут;
2) екі немесе одан көп баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде бір сағат.

Бала (балаларды) емізуге арналған үзілістер демалу мен тамақтану үзілісіне қосылады не жиынтықталған үзілістер жұмыс күнінің (ауысымның) басында немесе соңында беріледі.

Бала (балаларды) емізуге арналған үзілістер жұмыс уақытына енгізіледі. Үзілістер уақытында әйелдерге, әкелерге, асырап алушыларға (қыз бала асырап алушыларға) орташа жалақы сақталады.

- Отбасы мүшелерін күтуді жүзеге асыратын жұмыскерлерді қолдау

Компания медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесін күтуді жүзеге асыратын жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

Ұжымдық шартқа сәйкес 18 (он сегіз) жасқа дейінгі мүгедек балалары бар ата-аналарға жыл сайынғы еңбек демалысынан шегерілмей, айына 1 (бір) ақылы бос күн беріледі. Егер ата-ананың екеуі де «KEGOC» АҚ жұмыскерлері болса, бос күн олардың таңдауы бойынша біреуіне беріледі.

Осылайша, 2025 жылы Компания жұмыскерлерін әлеуметтік қолдауға бағытталған қаражат көлемі 1077,2 млн теңгені құрады.

2025 жылы Компанияның жұмыскерлерге арналған жалпы шығыстары, оның ішінде жалақы, әлеуметтік қолдау, оқыту және т.б. 50,0 млрд теңгені құрады (2019 жылы – 23,2 млрд теңге, 2020 жылы – 25,2 млрд теңге, 2021 жылы – 26,2 млрд теңге, 2022 жылы – 31,8 млрд теңге, 2023 жылы – 37,5 млрд теңге, 2024 жылы – 43,6 млрд теңге).

Жұмыс уақытын мониторингтеу және үстеме сағаттарды басқару

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Компаниядағы жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайды. Бұл ретте I және II топтағы мүгедектігі бар тұлғалар болып табылатын жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 36 сағатқа дейін қысқартылған.

Үздіксіз өндіріс жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының режимі жұмыс уақытын жиынтықтап есепке алуды қолдана отырып, ауысымдылық кестесі бойынша белгіленеді.

Еңбек заңнамасына сәйкес Компанияда жұмыс беруші бұйрыққа сәйкес мерзімдер мен басқа да шарттар көрсетілетін қашықтан жұмысты немесе аралас қашықтан жұмысты белгілей алатын практика енгізілді.

Айта кету керек, жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-аналардың (асырап алушының, қыз бала асырап алушының) біреуінің, сондай-ақ медициналық қорытынды негізінде отбасының науқас мүшесін күтуді жүзеге асыратын Жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақыты режимі белгіленеді.

Бұл ретте жұмыскерлерді демалыс және мереке күндері, түнгі уақытта жұмысқа және үстеме жұмыстарға тарту тек еңбек заңнамасында көзделген жағдайларда және шарттарда ғана жол беріледі.

Сондай-ақ жұмыскерлерге негізгі және қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалыстарын, сондай-ақ заңнамада және ұжымдық шартта көзделген әлеуметтік демалыстарды беруге кепілдік беріледі.

Оқыту мен дамыту

GRI 404-1, GRI 404-2, GRI 404-3

«KEGOC» АҚ-да жұмыскерлерді оқыту мен дамытуға салынатын инвестициялар Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Әрбір жұмыскер жеке даму жоспарына сәйкес 70/20/10 қағидаты негізінде өзінің оқуы мен дамуы үшін жауапты болады.

Білімді жүйелеу, сапалы кадр әлеуетін қалыптастыру өзін-өзі дамыту, оқыту іс-шаралары, тәлімгерлік, коучинг, іске асырылатын жобалар, кәсіби қауымдастықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Қажеттіліктерді жинау мен талдау нәтижелері бойынша, жеке даму жоспарларын ескере отырып, «KEGOC» АҚ-ның 2026 жылға арналған Персоналды оқыту жоспары және «KEGOC» АҚ-ның Персоналдың кәсіби құзыреттерін дамыту бағдарламасы қалыптастырылып, бекітілді.

Компанияның бәсекелестік артықшылығын сақтау және оны арттыру мақсатындағы басты міндеттердің бірі мыналар болып табылады:

- инженерлік-техникалық мамандар мен жұмысшы кәсіптерін оқыту басымдығы;
- бизнестің қажеттіліктерін, оның ішінде климатқа төзімді экономикаға көшуді немесе басқа да өнеркәсіптік өзгерістерді ескере отырып, құзыреттерді дамытудың оқу бағдарламаларын іске асыру;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның модульдік оқыту бағдарламаларына қатысу;
- ішкі сараптаманы дамыту мақсатында ішкі тренерлік, тәлімгерлік, менторлық және коучингтің бірыңғай жүйесін дамыту және т.б.

«KEGOC» АҚ-ның Персоналдың кәсіби құзыреттерін дамыту бағдарламасы мынадай салалардағы құзыреттерді дамытуға бағытталған:

- ЖЭК-ке энергетикалық ауысу жағдайындағы электр энергетикасы;
- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- климаттық күн тәртібін ескере отырып тұрақты даму;
- IT және телекоммуникациялар;
- халықаралық сертификаттау;
- заңнама.

Бұл бағдарламаларды іске асыру «KEGOC» АҚ-ға:

- технологиялық және өндірістік процестер өзгерген кезде жұмыскерлердің кәсіби жарамдылығын қолдауға;
- қызметтің трансформациясына және сыртқы әсерлерге байланысты әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға;
- ұзақ мерзімді құрылымдық өзгерістер, оның ішінде климаттың өзгеруіне байланысты сын-қатерлер жағдайында өндірістік қызметтің үздіксіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Персоналды оқыту оқытудың заманауи әдістерінің барлық спектрін пайдалана отырып жүргізіледі: бизнес-практикумдар, семинарлар, тренингтер, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру, кәсіби даярлау мен қайта даярлау бағдарламалары, форумдар, конференциялар. 2025 жылы персоналды оқытуды әкімшілендіру процесін HR бөлімшесінде орталықтандыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Есепті жылы 4 169 жұмыскер оқудан өтті, бұл жұмыскерлердің тізімдік санының 93,2%-ын құрайды. «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы оқытуға арналған нақты шығыстары 380,1 млн теңгені құрады. 1 жұмыскерге шаққанда оқыту мен дамытуға жұмсалған орташа сома 91 мың теңгені құрайды.

2025 жылғы персоналдың білім деңгейін талдау қорытындысы бойынша жұмыскерлердің 28%-ы орта немесе арнаулы орта білімді. Біліктілік деңгейін арттыру, сондай-ақ Компанияда мансаптық даму мүмкіндігін беру мақсатында есепті жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқыту бағдарламасы іске асырылды, оған сәйкес оқытуға арналған шығыстарды жұмыс беруші өтейді. Биыл мұндай мүмкіндік 8 жұмыскерге берілді, олардың 5-і жұмысшы кәсіптерінің жұмыскерлері.

2025 жылы оқудан өткен жұмыскерлердің саны

	ӘБП	ӨП
Ерлер	176	3 276
Әйелдер	253	464
БАРЛЫҒЫ	**429**	**3 740**

2025 жылы 1 жұмыскерге шаққандағы орташа жылдық оқыту сағаттарының саны 26,39 сағатты құрады. Оқыту сағаттарының жалпы саны 110 033 сағатты құрады.

«KEGOC» АҚ персоналының 2025 жылғы оқыту сағаттарының саны

	Ерлер	Әйелдер	ӘБП	ӨП
Оқыту сағаттарының жалпы саны	87 189	22 845	19 061	90 972
1 жұмыскерге шаққандағы орташа оқыту сағаттарының саны	**25,26**	**31,86**	**44,43**	**24,32**

«KEGOC» АҚ персоналын 2025 жылы оқыту құны, млн теңге

Оқыту бағыты	Сома
Электр энергетикасы, диспетчерлеу, релелік қорғаныс	62,3
Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология	47,8
Қаржы, экономика, бухгалтерлік есеп	47,7
Міндетті оқытулар	55,8
Күрделі құрылыс	3,4
Басқалар	70,1
Барлығы (іссапар шығыстарынсыз)	**287,16**

Компанияда 2025 жылы Компанияның штатына кіретін, толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін жұмыскерлерге де қолданылатын, Компанияның бизнесіне оң әсер еткен жұмыскерлерді дамытудың мынадай бағдарламалары іске асырылды:

Бағдарламаның атауы	Бағдарламаның сипаттамасы	Бизнес-артықшылықтар
Soft skills дамыту бағдарламасы	Мынадай тақырыптардағы тренингтер сериясы: ▣ Табысты жария сөйлеу және БАҚ-пен өзара іс-қимыл; ▣ Келіссөздер жүргізу, ішкі коммуникация дағдылары және тайм-менеджмент.	▣ Ішкі коммуникациялар сапасын арттыру; ▣ Компанияның жария имиджін жақсарту; ▣ Еңбек өнімділігін арттыру; ▣ Жанжал деңгейін төмендету және командалық тиімділікті арттыру.
Бағдарлама «Жеті Қадам PRO»	▣ «KEGOC» АҚ-нан 20 жас маман (инженерлер мен техникалық кадрлар) қатысты. ▣ Іске асыруға іріктелді: цифрландыруға, ESG-ге, өндірістік және операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған 2 жоба. ▣ Жобаларды қорғау жұмыс беруші компанияларда өткізілді. ▣ Төлеу Сәкен Сайлауханұлы («Алматы ЖЭТ») және Әбдеш Абай Қанатұлы (Оңтүстік ЖЭТ, 220 кВ «Орталық» ҚС) өз жобаларын сәтті қорғап шықты. Қарау қорытындысы бойынша ұсынылған жобалар Компанияда енгізуге ұсынылды.	▣ Кадрлық резервті қалыптастыру; ▣ Жастардың тартылуын арттыру; ▣ Болашақ басшыларды даярлау; ▣ Перспективалы кадрларды жоғалту тәуекелін төмендету.
Бағдарлама «7 Qadam Master»	▣ «KEGOC» АҚ-дан 24 кандидат қатысты, Инженерлік дизайн CAD құзыреті бойынша финалдық кезеңге Тілебалды Сабыржан өтті. ▣ Теориялық және практикалық іріктеу, сарапшылармен онлайн-дайындық. ▣ Тілебалды Сабыржан Дацин қ. (ҚХР) халықаралық тәжірибе алмасуға қатысты. ▣ «Хайтек: болашақ дағдылары – 2025» халықаралық чемпионатына (Екатеринбург) қатысу. ▣ Нәтижесінде «KEGOC» АҚ жұмыскері Тілебалды Сабыржан құзырет бойынша (Инженерлік дизайн CAD) 2-орынға ие болды.	▣ Бағдарламаның жаңа бағыты қолданбалы дағдыларды (hard skills) және кәсіби шеберлікті дамытуға баса назар аудара отырып, жұмысшы кәсіптерінің жұмыскерлеріне (шеберлерге, мамандарға) бағдарланған.
Бағдарлама Qadam Hub	▣ 200-ден астам өтінім берілді, 30-дан астам команда қалыптастырылды. ▣ 84 жобаның онлайн алдын ала қорғауы өткізілді. ▣ Финалға 22 жоба (53 қатысушы) іріктелді. ▣ Финалдық питч қорытындысы бойынша 7 үздік жоба, 14 қатысушы айқындалды. ▣ «KEGOC» АҚ-ның 3 қатысушысы 2026 жылы «7 Qadam PRO» бағдарламасына қатысады. ▣ QR код – цифрлық қосалқы станцияға қарай жасалған қадам – Әбибулла Жанторе Тайрханұлы, Ожанова Гулим, Сабыр Мадияр.	▣ Кадрлық резервті қалыптастыру; ▣ Жастардың тартылуын арттыру; ▣ Болашақ басшыларды даярлау; ▣ Перспективалы кадрларды жоғалту тәуекелін төмендету.
Жасанды интеллект және AI-құралдарын қолдану саласындағы цифрлық және басқарушылық құзыреттерді дамыту бағдарламасы	▣ «ChatGPT-те жұмыс істеудің негізгі дағдылары», оқудан өтті – 482 адам. ▣ «ЖИ негіздері мен құралдары», оқудан өтті – 1333 адам. ▣ «Топ-менеджерлерге арналған ЖИ», оқудан өтті – 10 адам. ▣ «Ішкі тренерлерге арналған ЖИ», оқудан өтті – 15 адам. ▣ «ChatGPT сіздің күнделікті көмекшіңіз ретінде», оқудан өтті – 2053 адам. ▣ «Жасанды интеллект және болашақ көшбасшылығы: цифрлық трансформациядағы кадр резервінің рөлі», оқудан өтті – 36 адам.	▣ Жұмыскерлер мен басшылардың өнімділігін штатты ұлғайтпай арттыру; ▣ Күнделікті процестерді автоматтандыру есебінен операциялық шығындарды төмендету; ▣ Шешімдерді, аналитика мен басқарушылық есептілікті дайындауды жеделдету; ▣ Цифрлық мәдениетті және AI-трансформацияға дайындықты қалыптастыру; ▣ Цифрлық экономика жағдайында басқарушылық құзыреттерді дамыту; ▣ Компанияның бәсекеге қабілеттілігін және инновацияларды енгізу жылдамдығын арттыру; ▣ Кадр резервін жасанды интеллект дәуіріндегі көшбасшылыққа даярлау.

Іске асырылған бастамалардан болған әсер 90%-ды құрағаң персоналдың тартылуының жоғары индексімен расталады, бұл жұмыскерлердің жоғары мотивациясын, олардың Компания мақсаттарына адалдығын дәлелдейді. Жиынтығында бағдарламалар көшбасшылық әлеуетті нығайтуға, инновациялық ортаны дамытуға және цифрландыру жағдайында «KEGOC» АҚ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етті.

Сондай-ақ «Жұмысшы кәсіптері жылын» өткізу шеңберінде «KEGOC» АҚ-да жұмысшы мамандықтарының жұмыскерлеріне корпоративтік оқыту ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысу үшін Астана қ. елдің барлық өңірлерінен жұмысшы ұжымдарының өкілдері шақырылды, олар: «Тиімді коммуникациялар», «Тұрақты өзін-өзі дамыту» және «Тиімді команда құру» сияқты тақырыптарды қамтитын бірқатар оқыту семинарлары мен тренингтеріне қатысты. Бұдан басқа, қаржылық сауаттылық, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ақпараттық сессия ұйымдастырылды. Іс-шара түрлі өңірлерден келген жұмыскерлер арасында тәжірибе алмасу үшін тамаша алаң болды, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті нығайтуға және кәсіби дамуға ықпал етті.

ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін Компания жұмыскерлеріне мынадай тақырыпта корпоративтік оқытулар жүргізілді: «ChatGPT-те жұмыс істеудің негізгі дағдылары», «ЖИ негіздері мен құралдары», «Топ-менеджерлерге арналған ЖИ», «Ішкі тренерлерге арналған ЖИ», «ChatGPT сіздің күнделікті көмекшіңіз ретінде», «Жасанды интеллект және болашақ көшбасшылығы: цифрлық трансформациядағы кадр резервінің рөлі», «Жасанды интеллектіні



HR-процестерде қолдану».

2025 жылы ішкі тренерлік институтын дамыту жалғастырылды. Бекітілген кестеге сәйкес 21 оқыту өткізілді.

2025 жылы «Ақтөбе ЖЭТ» және «Батыс ЖЭТ» филиалының 4 жұмыскері «Медиацияның жалпы курсынан» және Атқарушы дирекцияның 3 жұмыскері «Корпоративтік омбудсмендерге арналған медиация және келіссөздер (базалық)» курсынан өтті.

Қорғаныстарды кәсіби баптау мен пайдалану үшін «7SA және 6MD құрылғылары бойынша тереңдетілген оқу», «7SS522 типті РЗиА құрылғыларын тереңдетіп оқу» оқытулары, сондай-ақ электр энергетикалық объектілердің сенімді, қауіпсіз және авариясыз жұмысын қамтамасыз ету үшін мынадай тақырыптарда оқытулар жүргізілді: «Электр желілерінің электр жабдығын монтаждау және жөндеу», «110–220 кВ кернеу кластарындағы қосалқы станция жабдығының релелік қорғаныс және автоматика құрылғылары», «Қосалқы станция жабдығын диагностикалаудың заманауи әдістері», «Кернеуі 220 кВ және одан жоғары коммутацияланатын электр желілік жабдықты жөндеу және баптау», «Электр станцияларының, желілер мен жүйелердің электр жабдығына қызмет көрсету», «ҚР энергетикалық кәсіпорындарында электр энергиясын диспетчерлеу», «Жоғары вольтты желілерді пайдалану», «35–500 кВ элегаз ажыратқыштарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету».

2025 жылы еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздікке жауапты филиал басшыларына жұмыстарды қауіпсіз жүргізу дағдыларының халықаралық стандарттары бойынша «NEBOSH HSE», «ROSPA», «ҚР Экологиялық кодексіндегі жаңа өзгерістер» курсы бойынша оқыту жүргізілді.

Бұдан басқа, кадр әлеуетін арттыру, «KEGOC» АҚ қызметінің басым, өзекті бағыттарын жетілдіру мақсатында 2025 жылы CEO-2 деңгейіндегі басшылар MBA бағдарламасы бойынша оқудан өтті. Компанияда білімді басқару жүйесін дамыту шеңберінде жұмыскерлерге өз білімдерін құрылымдауға, сақтауға және әріптестеріне беруге мүмкіндік беретін оқыту бейнекурстарын құру жөніндегі бастама енгізілді. Есепті жылы Компания жұмыскерлері барлық жұмыскерлер арасында таратылған үш бейнесабақ дайындады.

ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2025 жылы Компания білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды белсенді түрде дамытты, оның шеңберінде бірқатар ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

Осылайша, 2025 жылғы 23 қазанда «KEGOC» АҚ мен «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ арасында электр энергетикасы саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлауға, бірлескен білім беру мен инновациялық бағдарламаларды дамытуға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және практикалық жобаларды іске асыруға бағытталған меморандумға қол қойылды. Осы келісім шеңберінде дуальды оқыту практикасын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бұдан басқа, мынадай ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды:

- «Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭжБУ» КЕАҚ-пен – 2025 жылы Компания студенттер мен «KEGOC» АҚ жұмыскерлерін оқыту, сондай-ақ жедел персоналдың жаттығуларын өткізу үшін Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығының жұмыс жағдайларына жақындатылған заманауи оқу зертханасын құрды;
- «KEGOC» АҚ «Сарыбай ЖЭТ» филиалы мен «КИНЭУ кәсіпкерлік колледжі» ЖМ арасында – техникалық және қызмет көрсету бейініндегі білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселелері бойынша;
- «KEGOC» АҚ «Сарыбай ЖЭТ» филиалы мен «Рудный құрылыс және көлік колледжі» КМҚК арасында – жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлау және Қостанай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша.

Практикадан өту үшін база ұсыну мақсатында Компания оқу орындарымен тұрақты негізде ынтымақтасады. Орта техникалық және жоғары оқу орындарының студенттері жыл сайын Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде өндірістік және диплом алдындағы практикалардан өтеді. 2025 жылы өндірістік практикадан – 413 студент өтті.

2025 жылы өндірістік практикадан

413 СТУДЕНТ ӨТТІ

Персоналды бағалау

Компания жұмыскерлердің нақты нәтижелерге қол жеткізуі мақсатында олардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін тиімділікті басқару жүйесін жетілдіреді.

«KEGOC» АҚ-да персоналдың тиімділігін басқарудың негізгі элементі болып табылатын және қызметті бағалаудың annual cycle-іне кіріктірілген формалданған мақсаттар бойынша басқару жүйесі (Management by Objectives) жұмыс істейді. Жұмыскерлердің мақсаттары жыл сайын белгіленеді, SMART қағидаты бойынша қалыптастырылады және корпоративтік және функционалдық KPI-дан жұмыскерлердің жеке мақсаттары деңгейіне дейін каскадталады. Мұндай модель Компанияның стратегиялық мақсаттары, құрылымдық бөлімшелердің міндеттері мен жұмыскерлердің жеке үлесі арасында тікелей байланысты қамтамасыз етеді.

Тиімділікті бағалау жүйесі Қағидаларда тікелей көзделген санаттарды қоспағанда, Компанияның барлық жұмыскерлерін қамтитын тоқсан сайынғы және жыл сайынғы кешенді бағалауды (annual cycle) қамтиды. Тоқсан сайынғы бағалау мақсаттардың орындалу прогресін мониторингтеу мен сыйлықақыны есептеу үшін пайдаланылады, ал жыл сайынғы кешенді бағалау сыйақы, даму, кадр резерві және мансаптық ілгерілеу саласындағы басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолданылады. Осылайша, тиімділікті бағалау тұрақты сипатта болады және тек басшылыққа ғана емес, сондай-ақ әкімшілік және өндірістік жұмыскерлерге де қолданылады. Қызметті кешенді бағалаумен жұмыскерлерді ҚНК/мақсаттарды орындау нәтижелілігіне және олардың құзыреттер деңгейіне (кәсіпқойлық пен әлеует) байланысты таланттар картасында бөлу көзделген.

Қызметті кешенді бағалауда жұмыскерлерді олардың ТИҚ (түйінді тиімділік көрсеткіштері)/мақсаттарының орындалу нәтижелілігіне және құзыреттілік деңгейіне (кәсібилігі мен әлеуетіне) байланысты таланттар картасына бөлу көзделген.

Құзыреттер бойынша бағалау бекітілген құзыреттер моделіне сәйкес жүзеге асырылады және жұмыскерлердің жеке және кәсіби қасиеттері туралы барынша объективті түсінік береді. Компанияның құзыреттер моделі мынадай бағыттарды бағалауды қамтиды:

- Кәсіби білім мен тәжірибе;
- Компания мен әріптестерге қатынасы;
- Жеке тиімділік;
- Нәтижеге қол жеткізуге бағдарлану;
- Командада жұмыс;
- Басқарушылық құзыреттер.

Жұмыскерлерді бағалау жұмыс нәтижелерінің (ҚНК/мақсаттар) және құзыреттерді бағалаудың үйлесіміне құрылады, бұл сандық көрсеткіштерге қол жеткізу мен қызметтің сапалық аспектілері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді. Бағалау нәтижелері еңбекақы деңгейін қайта қарауға, жеке даму жоспарларын қалыптастыруға және жұмыскерлерді кадр резервіне қосуға тікелей байланысты. Объективтілікті қамтамасыз ету үшін жеке нәтижелер қаралатын калибрлеу сессиялары мен бағалау комиссияларының отырыстары қолданылады.

Осылайша, «KEGOC» АҚ-да тиімділікті бағалау жүйесі Компанияның барлық жұмыскерлерін қамтитын, айқындылықты, салыстырмалылықты және дамуды қамтамасыз ететін кешенді әрі тұрақты тетік болып табылады және Компанияның негізгі HR-процестеріне кіріктірілген.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылы 2024 жылдың қорытындысы бойынша Компания жұмыскерлерінің қызметін кешенді бағалаудан өткен жұмыскерлерінің саны 2 434 жұмыскерді немесе Компания персоналының тізімдік санының 54%-ын құрады, оның ішінде 376 ӘБП жұмыскері және 2 058 өндірістік персонал жұмыскері.

Жыл сайынғы негізде қызметті бағалау нәтижелері бойынша таланттар пулының құрамы өзектендіріледі. Есепті жылы саны 154 адам болатын Менеджмент және Функционалдық пулдар, сондай-ақ негізгі лауазымдардың тізбесі мен менторлардың тізімі бекітілді.

Осы процестің нәтижелілігін айқындау үшін есепті кезеңде 74%-ды құрағаң «Функционалдық/Менеджмент пулынан тағайындаулар пайызы» көрсеткіші пайдаланылады.

Перспективалы жұмыскерлерді дамыту мақсатында «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің және Компания басшылығының таланттар пулының мүшелерімен жыл сайынғы кездесулері өткізіледі. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің және Компания басшылығының «KEGOC» АҚ таланттар пулымен кездесуі 17.11.2025 жылы өткізілді. Кездесу шеңберінде «Жасанды интеллект және болашақ көшбасшылығы: цифрлық трансформациядағы кадр резервінің рөлі» тақырыбында ақпараттық сессия ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, Компанияда мамандар мен жұмысшы персоналға санаттар мен разрядтар беру үшін біліктілік комиссияларының отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Біліктілік комиссиясының мүшелері жұмыскерлерді кәсіби сұхбат нәтижелері бойынша бағалайды, бұл әрбір жұмыскердің білім, дағды мен тәжірибе деңгейін объективті түрде анықтауға мүмкіндік береді. 2025 жылы 123 маманға санаттар және 201 жұмысшыға разрядтар берілді.


Жұмыскерді кәсіби бағдарлаудың кешенді процесін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыскерлерге кәсіби қалыптасуында көмек көрсету мақсатында Компанияда тәлімгерлік жүйесі жұмыс істейді. 2025 жылы тәлімгерлерге тағылымдамашыларды даярлағаны үшін 7 393,9 мың теңге сомасында сыйақы төленді.

Жастарды тәрбиелеуде үздік көрсеткіштерге қол жеткізген тәлімгерлер «Жылдың үздік тәлімгері» атағын беру жөніндегі жыл сайынғы конкурсқа қатысады.




Бағалаудан өткен жұмыскерлердің құрылымы

Аттестаттаудан өткен жұмыскерлердің санаттар бойынша құрылымы, %



Аттестаттаудан өткен жұмыскерлердің гендерлік құрылымы, %



Стратегиялық кадрлық жоспарлау және деректер аналитикасы

Жылжымалы негіздегі 5 жылдық кезеңге арналған Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды) және «KEGOC» АҚ-ның жылға арналған Бюджетін қалыптастыру мен бекітудің жыл сайынғы рәсімі шеңберінде стратегиялық кадрлық жоспарлау жүзеге асырылады.

2025–2029 жылдар кезеңіне персоналға арналған шығыстардың мынадай түрлері жоспарланды: еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау, салықтар мен міндетті аударымдар, оқыту мен дамыту, сондай-ақ қосымша санға қажеттілік.

Еңбекақы төлеу қорын қалыптастыру кезінде жалақыға шолу деректері, сала мен өңір бөлінісіндегі орташа айлық жалақының статистикалық деректері, инфляция деңгейі, сондай-ақ компанияның қаржы-экономикалық мүмкіндіктері ескеріледі.

Компанияда персонал санын жоспарлау инвестициялық бағдарлама, кадрлар тұрақсыздығының көрсеткіштері, зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыскерлердің болжамды саны негізінде жүзеге асырылады.

2026–2030 жылдар кезеңіне «Батыс Қазақстан энергожүйесін ҚР БЭЖ-імен біріктіру» және «Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту» инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде пайдалануға берілетін объектілерге қызмет көрсетуге, сондай-ақ «Батыс» 220 кВ ҚС сенімгерлік басқаруға қабылдауға байланысты қосымша сан жоспарланды.

Қосымша санды есептеу ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген, қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар жұмыскерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі бойынша еңбек нормалары мен (немесе) параметрлерін ұсыну, қарау және келісу қағидаларына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және ҚР Энергетика министрлігімен әзірленген әрі келісілген жүйеаралық электр беру желілері мен қосалқы станцияларда пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүргізетін электр желілік ұйымдар персоналы санының нормативтері негізінде жүргізілді.

Ұрпақтар сабақтастығы шеңберінде ішкі рәсімге сәйкес алдына күнтізбелік жыл ішінде мирасқорларды даярлау мен білім беру жөніндегі мақсаттар қойылатын зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыскерлердің тізімі жыл сайынғы негізде өзектендіріледі.

Компанияда өндірістік қатынастарды (IR – industrial relations) дамыту жөніндегі жұмыс жүргізіледі. Бұл бағытта IR скрининг нәтижелері негізінде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. 2025 жылы Компанияда қолайлы еңбек жағдайларын қолдау үшін өндірістік қатынастарды дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Өндірістік объектілердегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 572 бұзушылықты жою жоспарланды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 559 (98%) сәйкессіздік жойылды.



Ұжымдық шарт және кәсіподақ қызметі

«KEGOC» АҚ жұмыскерлері өздерінің мүдделерін білдіретін қоғамдық ұйымдарды құру мен оларға кіруді қоса алғанда, бірлесу бостандығына құқылы. Компания персоналдың саяси, білім беру, қайырымдылық және өзге де қоғамдық қызметке қатысуын, ол еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтірмеген және қоғамға зиян келтірмеген жағдайда қолдайды.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын мойындайды және қолдайды.

Компанияның барлық жұмыскерлерінің ұсыныстарын ескере отырып әзірленген және «KEGOC» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында 2021–2025 жылдарға жасалған Ұжымдық шарт оған қосылу рәсімдерін, еңбек тәртібін реттеу мәселелерін, оның ішінде әлеуметтік демалыстар кезіндегі демалу уақытын, еңбекақы төлеуді, еңбек қауіпсіздігін және жұмыскерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуді, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар беруді көздейді, жұмыскерлерді қолдау мен кадр әлеуетін дамыту, медициналық сақтандыру және жұмыскерлердің мәдени-көпшілік демалысы жөніндегі шараларды нақтылайды. Оған Компания қаражаты есебінен жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бөлігінде жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондай-ақ онда ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды, Компанияда есепте тұрған энергетик-ардагерлерді әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер көрсетілген.

Ұжымдық шарт Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің өкілдері арасында жасалған және жұмыс уақыты мен демалу уақыты, еңбекақы төлеу, еңбекті қорғау, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар мәселелері қаралатын әлеуметтік диалогтың нәтижесі болып табылады. Ұжымдық шартты дайындау мен жаңарту процесі кәсіподақ органдарының қатысуын және жұмыскерлер мен олардың өкілдерінен түсетін ұсыныстарды қарауды көздейді.

Жұмыс беруші жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қозғайтын мәселелерді шешу кезінде, оның ішінде сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шарттарын бұзу рәсімдерін қоса алғанда, кәсіподақ органымен өзара іс-қимыл жасауға міндетті. Мұндай жағдайларда Компания кәсіподақтың уәжді пікірін сұратады және жұмыскерлердің өкілдерінің ұстанымын ескере отырып шешімдер қабылдайды, бұл тұрақты консультациялар мен келісулер практикасын растайды. Мұндай өзара іс-қимыл жүйелі сипатта болады және жұмыскерлердің пікірін ескеруді, әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуді және

тұрақты еңбек қатынастарын қолдауды қамтамасыз ететін әлеуметтік әріптестік жүйесінің тұрақты элементі болып табылады.

GRI 2-30

«KEGOC» АҚ жұмыскерлері өздерінің мүдделерін білдіретін қоғамдық ұйымдарды құру мен оларға кіруді қоса алғанда, бірлесу бостандығына құқылы. Компания еңбек міндеттерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаған жағдайда жұмыскерлердің қоғамдық қызметке, оның ішінде кәсіптік одақ қызметіне қатысу құқығын мойындайды және қолдайды.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын мойындайды және қолдайды. Есепті 2025 жылы кәсіподақтың белсенді қатысуымен 2026–2032 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт жасалды, ол Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің өкілдері арасындағы әлеуметтік диалогтың нәтижесі болды және Компаниядағы әлеуметтік әріптестік жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Ұжымдық шарт еңбек жағдайлары мен еңбекақы төлеу, жұмыс уақыты мен демалу уақыты, еңбекті қорғау, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар мәселелерін реттейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен салыстырғанда жұмыскерлерді әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын көздейді. Ұжымдық шартты дайындау мен жасасу процесі кәсіподақ органдарының қатысуымен және жұмыскерлер мен олардың өкілдерінен түскен ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылды.

«KEGOC» АҚ әлеуметтік-еңбек қатынастары мен персоналдың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жұмыскерлердің өкілдерімен тұрақты әрі институционалдық тұрғыдан бекітілген өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Кәсіподақпен өзара іс-қимыл жүйелі сипатта болады және әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге және тұрақты еңбек қатынастарын қолдауға бағытталған әлеуметтік әріптестік жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Ұжымдық шарт өз қолданысын «KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлеріне (100%) жұмыспен қамту нысанына қарамастан таратады. Оның шарттарына сәйкес жұмыскерлерді еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабардар ету рәсімдерінің сақталуы, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қозғайтын жағдайларда, оның ішінде сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шарттарын бұзу мәселелерінде кәсіподақ органының пікірін ескеру қамтамасыз етіледі.

«KEGOC» АҚ энерготехникалық сала жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы жұмыскерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Есепті жылы кәсіподақ комитеттері әлеуметтік маңызы бар, мәдени-көпшілік, спорттық және сауықтыру іс-шараларын, сондай-ақ энергетика саласының ардагерлері мен зейнеткер-энергетиктерді қолдауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге белсенді қатысты.

Кәсіподақ қызметінде еңбекті қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Жұмыскерлердің өкілдері мен қоғамдық техникалық инспекторлар Компанияның өндірістік объектілерінде еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылау мен еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларға қатысады. Бұл жұмыс Жұмыс берушімен өзара іс-қимылда, әлеуметтік әріптестіктің қолданыстағы тетіктері шеңберінде жүзеге асырылады.

Есепті жылы кәсіподақ органдарының қатысуымен Компанияда сондай-ақ үздік практикаларды тарату, еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру және жұмыскерлерді ынталандыруға бағытталған «Жылдың үздік тәлімгері», «Еңбекті қорғау талаптарын сақтау бойынша үздік филиал» және «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» конкурстары ұйымдастырылып, өткізілді.

Ұжымдық шарттың шарттарына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерді еңбек жағдайларының өзгеруі туралы – кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқартуға байланысты еңбек шарттарын бұзу кезінде жұмыскерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі Компанияның Ұжымдық шартында көзделген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды.

Энерготехникалық сала жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы 2003 жылғы 27 наурызда «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің кәсіподақ конференциясында құрылды. Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманың сақталуын, кепілдіктер мен өтемақылардың, жеңілдіктердің сақталуы мен іске асырылуын бақылауға арналған.

Бүгінде «Энерготехпрофсоюз» ҚБ құрылымында 11 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар. «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы мүшелерінің жалпы саны 3 981 адам, бұл Компания жұмыскерлерінің жалпы санының 95%-дан астамын құрайды. Кәсіподақ мүшелерінің санының өткен жылмен салыстырғандағы өсімі 1%-дан астамды құрайды (2024 жылы сан Компания жұмыскерлерінің жалпы санының 94%-ын құрады).

Қазақстан еңбек конфедерациясының республикалық кәсіподақтар бірлестігінің мүшесі бола отырып, «KEGOC» АҚ кәсіподақ ұйымы жұмыс комиссиясының тұрақты мүшесі болып табылады және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек кодексі мен «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңы жөніндегі комиссиясының жұмысына белсенді қатысады. Кәсіподақ активінің құқықтық сауаттылығы мен құзыреттерін арттыру шеңберінде 2025 жылы Келісім комиссиясының мүшелерін оқыту жүргізілді.

Оқыту еңбек дауларын реттеудің практикалық дағдыларын дамытуға, әлеуметтік диалогтың тиімділігін арттыруға бағытталды.

Кәсіподақ қызметінің қорытындыларын шығару және әлеуметтік-еңбек қатынастарының өзекті мәселелерін талқылау мақсатында 2025 жылғы 10 желтоқсанда Астана қаласында «KEGOC» АҚ-ның барлық филиалдарынан делегаттардың қатысуымен есеп беру конференциясы өтті.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-да адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы саясаттың институционалдық дамуы қамтамасыз етілді: 2025 жылға арналған Адам құқықтары мен гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары және Әйелдер энергетикалық қауымдастығы туралы ереже бекітілді.

«ENERGY Шуағы» әйелдер энергетикалық қауымдастығын құру әйелдердің көшбасшылық әлеуетін дамытуға, олардың корпоративтік процестерге тартылуын арттыруға және инклюзивті ұйымдық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған Компанияның жүйелі бастамасы болды.

Қауымдастықтың бірінші (бастапқы) отырысы Компанияның Атқарушы дирекциясы мен филиалдарының шамамен 700 жұмыскер әйелінің қатысуымен офлайн және онлайн форматта өткізілді. Отырыстың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасының мүшелері – екі Басқарушы директорды қоса алғанда, 17 адамнан тұратын Атқарушы комитет сайланды, бұл бастаманы жоғары басшылық деңгейінде стратегиялық қолдауды растайды.

Қауымдастық қызметі шеңберінде:
- әйелдер көшбасшылығын дамыту, тартылу, кедергілерді анықтау және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру мәселелері бойынша корпоративтік сауалнама (380 қатысушы) жүргізілді;
- Қауымдастықтың атауын айқындау бойынша конкурс ұйымдастырылды (184 қатысушы), оның қорытындысы бойынша «ENERGY Шуағы» атауы бекітілді;
- «Іс-әрекеттегі көшбасшылық: таңдау энергиясы» оқыту мастер-класы өткізілді.



Компания әйел-энергетиктердің салалық деңгейде өкілдік етуін қамтамасыз етті: «KEGOC» АҚ өкілдері XVI Еуразиялық форум шеңберінде KAZENERGY қауымдастығының Әйелдер энергетикалық клубының VII форумының панельдік сессияларында спикер ретінде сөз сөйлеп, Компанияның әйелдер көшбасшылығы мен кәсіби өсуін дамыту жөніндегі практикасын ұсынды.

Іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде сондай-ақ:
- 8 наурызға орай «Қазақстан өнеркәсібіндегі әйелдер: үлгі тұтар тұлғалар және қоғамға әсері» атты арнайы ақпараттық-талдау жобасы іске асырылды;
- бейінді маманның қатысуымен әйелдер денсаулығының профилактикасы мен қолдауы мәселелері бойынша ақпараттық сессия өткізілді;
- бастамалардың нәтижелерін медиа-кеңістікте ілгерілету қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша көшбасшылық құзыреттерін дамытуды, филиалдардың өңірлік қамтуын кеңейтуді, әртүрлілік, теңдік және инклюзия мәселелері бойынша оқыту бағдарламаларын енгізуді, сондай-ақ құрмет, тең мүмкіндіктер және тұрақты даму қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті нығайтуды көздейтін 2026 жылға арналған адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы саясатты одан әрі жетілдіру жөніндегі Іс-шаралар жоспары қалыптастырылды.

Корпоративтік мәдениетті дамыту

Командалық жұмысты, адалдықты, ұжымдағы қолайлы ахуалды жақсарту мақсатында Компания жұмыскерлері корпоративтік іс-шараларға тұрақты негізде қатысады. Осылайша 2025 жылы:

- корпоративтік мәдениетті дамыту мақсатында Компанияның құрылған күніне орай «Қозғалыстағы энергия: Зарядта!» тимбилдингі өткізілді.
- жұмыскерлердің белсенді қатысуымен 2 «Донор күні» акциясы өткізілді.
- 21-22 ақпан аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ Қысқы Спартакиадасына, Спартакиаданың ашылу салтанаты мен шаңғы жарысына қатысылды (21 адам).
- 2025 жылғы 4-6 сәуір аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ Спартакиадасына қатысу мақсатында «KEGOC» АҚ Спартакиадасы (іріктеу жарыстары) өткізілді.
- 3 мамырда III Charity Samruk Marathon қайырымдылық жүгіруіне қатысылды (44 адам).
- тамызда Астана қ. Алматы ауданының «Баланы мектепке жинаймыз» қайырымдылық акциясы шеңберінде аз қамтылған және аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін қаражат жинау жөніндегі волонтерлік акция өткізілді (мектеп керек-жарақтары бар 25 рюкзак сатып алынды).
- 1 қазанда Қарттар күніне орай АД, «ҰДО ЖО» филиалының, сондай-ақ ЕҰ (дирекция) «KEGOC» АҚ-да есепте тұрған зейнеткерлерінің кездесуі ұйымдастырылды (40 адам) және үй мекенжайларына азық-түлік пакеттері жеткізілді (10 адам).
- 2 қазанда «KAZENERGY» қауымдастығының Әйелдер энергетикалық клубының VII Форумына Компанияның гендерлік саясаты мәселелері бойынша панельдік сессиялардың спикерлерінің таныстырылымдары мен роликтерін дайындай отырып қатысылды.
- 2025 жылғы 8 желтоқсанда өнеркәсіп пен технологиялардағы әйелдердің II Халықаралық конгресі «Women Career Lab» – ғылыми-техникалық мамандықтардың жас және тәжірибелі мамандарына арналған мансап зертханасы» тақырыбында қатысты.

Желтоқсан айында Астана қ. ерекше балаларды қолдау мақсатында «Жүректен – жүрекке» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру мен өткізуге, сондай-ақ «AMANAT» партиясы қалалық филиалының «Әйелдер қанаты» іс-шарасына Сарыарқа ауданының көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларына жаңа жылдық сыйлықтар тапсыра отырып қатысылды.

Жастар саясатын дамыту шеңберінде 2025 жылы Жастар ісі жөніндегі кеңестің (ЖІК) мүшелері мыналарға қатысты:

- «Жұмысшы кәсіптері жылына» арналған бірегей интерактивті фестиваль шеңберінде энергетиктер үйін ұйымдастыру мен өткізуге;
- спорттық іс-шараларға: «KEGOC» АҚ Спартакиадасы; «Самұрық-Қазына» АҚ Спартакиадасы;
- мерекелік және корпоративтік іс-шараларға;
- волонтерлік акцияларға, сенбіліктерге және т.б.

Birgemiz Expedition жобасы шеңберінде «KEGOC» АҚ Жастар кеңесінің мүшелері «Qazaqgaz» АҚ өндірістік объектілеріне барды. Осы жоба шеңберінде «KazMunaiGaz» АҚ Жастар кеңесінің мүшелері «KEGOC» АҚ «Ақмола ЖЭТ» филиалы 500 кВ ҚС жұмысымен танысты.

«Жеті қадам» модульдік оқыту бағдарламасына «KEGOC» АҚ жұмысшы кәсіптерінің жас көшбасшылары қатысты. «7 Qadam Pro» 2025 жылғы 16 сәуірден 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде табысты іске асырылды. Бағдарламаға қатысушылар Қазақстан Республикасының үш қаласында модульдік оқытудан өтті, сондай-ақ өздерінің жобалық жұмыстарын ұсынып, қорғады. Оқытудың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ филиалдарының 2 жұмыскері өз жобаларын табысты қорғады. Жеңімпаздар Астана қ. «Жұмысшы кәсіптері жылы» қорытынды іс-шарасында марапатталды. Бекітілген Qadam Hub бағдарламасына сәйкес жобаларды алдын ала онлайн қорғау 2025 жылғы 10-нан 14 қарашаға дейін өтті. Қарауға «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларынан қатысушылардың 84 жобасы ұсынылды. Бағалау қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ филиалдарының 7 жұмыскері финалдық кезеңге жіберілді. Жобаларды финалдық қорғау 2025 жылғы 19 желтоқсанда «Qadam Hub» секциясы шеңберінде өтті, онда қорғау нәтижелері бойынша конференция қазылар алқасының мүшелері 7 неғұрлым перспективалы жобаны айқындады. «KEGOC» АҚ жұмыскері, «7 Qadam MASTER» бағдарламасының қатысушысы 10-нан 14 қарашаға дейін Екатеринбургте өткен «Хайтек: болашақ дағдылары-2025» жоғары технологиялық кәсіптердің халықаралық чемпионатына қатысты.

Компания адами капиталға инвестицияларды тұрақты даму мен операциялық тиімділіктің негізгі факторларының бірі ретінде қарастыра отырып, персоналды тиімді басқару саясатын дәйекті түрде іске асырады.

Есепті кезеңде Компанияның жұмыскерлерге байланысты жиынтық шығыстары, оның ішінде еңбекақы төлеу шығыстары, әлеуметтік жеңілдіктер беру, сондай-ақ жұмыскерлерді іріктеу, оқыту мен дамыту шығыстары және т.б. 50 018 158,28 мың теңгені құрады.

	2022	2023	2024	2025
Жұмыскерлерге арналған шығындар, млн теңге	31 839,5	37 469	43 637,9	50 018,2
Адами капиталға инвестициялардың қайтарымы	2,28897	2,51443	2,84151	2,90160

Ұжымдардағы әлеуметтік көңіл-күй мәселелері Компанияның жоғары басшылығының бақылауында.

Жыл сайынғы негізде персоналдың тартылу индекстеріне (ӘБП жұмыскерлерінің сауалнамасы мен онлайн-сауалнамасының нәтижелері бойынша есептелетін) және «KEGOC» АҚ кадр саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын, өндірістік персонал жұмыскерлері арасында айқындалатын әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне SRS зерттеу жүргізіледі. Зерттеу Компанияның еңбек ұжымының әлеуметтік көңіл-күйінің жалпы көрінісін алуға мүмкіндік беретін өндірістік персоналдың онлайн-сауалнамасы арқылы жүзеге асырылады. Есепті жылы сауалнамаға 877 жұмыскер қатысты, бұл персоналдың жалпы санының 25%-ын құрайды.

SRS зерттеуінің негізгі мақсаты – еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалау, ол түзету ғана емес, сонымен бірге профилактикалық шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. SRS жиынтық мәні 3 индекстен тұрады:

1) Тартылу индексі мынадай параметрлерді өлшейді:
- жүктеме мен техника қауіпсіздігіне қанағаттанушылық;
- жұмыскерлердің әлеуметтік пакетке қанағаттанушылығы;
- жұмыскерлердің компанияларға адалдығы;
- жұмыскерлердің дамуы мен мансаптық мүмкіндіктері (оқыту мен меритократия);
- еңбекақы деңгейінің орындалатын жұмысқа сәйкестігі;
- Коммуникациялар: тапсырмаларды, міндеттерді қою, шешімдер қабылдау кезінде жұмыскерлердің пікірлерін есепке алу.

2) Әлеуметтік әл-ауқат индексі мыналарды береді:
- статикадағы және динамикадағы әл-ауқатты бағалау;
- жұмыскерлердің денсаулығын және олардың қоғамдық өмірге қатысуын бағалау;
- қаржылық әл-ауқатты бағалау.

3) Әлеуметтік тыныштық индексі мыналарды көрсетеді:
- ұжымдағы әлеуметтік ахуалды бағалау;
- еңбек құқықтарының қорғалу дәрежесін бағалау;
- ұжымдағы жанжалдық деңгейін бағалау;
- наразылыққа еңбек мәселелерін шешу әдісі ретіндегі қатынас;
- наразылықтардың туындау ықтималдығын және оларға қатысу тәжірибесінің болуын бағалау.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ кадр және әлеуметтік саясатын іске асырудың тұрақты оң нәтижелеріне қол жеткізілді. Әлеуметтік тұрақтылық индексі 88%-ды құрады, ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 тармаққа артып, 87% деңгейіндегі белгіленген нысаналы мәннен асып түсті.

Әлеуметтік тыныштық индексі 97%-ға, әлеуметтік әл-ауқат индексі – 85%-ға, ал персоналдың тартылу индексі – 90%-ға жетті, бұл жұмыскерлердің Компанияға сенімінің жоғары деңгейін, олардың еңбек жағдайларына қанағаттанушылығын және корпоративтік құндылықтарға адалдығын сипаттайды. Қол жеткізілген көрсеткіштер адами капиталды дамыту, сындарлы әлеуметтік диалогты қолдау, жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету және тұрақты корпоративтік мәдениетті қалыптастыру саласындағы жүйелі әрі дәйекті жұмысты дәлелдейді. Тұтастай алғанда нәтижелер Компанияның іске асырылып жатқан кадр және әлеуметтік саясатының тиімділігін және қолайлы әлеуметтік ортаның құрылуын растайды.

SRS индексі

Көрсеткіштің атауы	2021	2022	2023	2024	2025
SRS индексі	85	86	86	87	88
Сауалнамаға қатысқан жұмыскерлердің %-ы	16,6	32,9	58,3	24,1	25,0



Қоршаған ортаны қорғау

GRI 2-12, GRI 2-13

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (Scope 1 және Scope 2)

2 393 354
ТОННА CO_2-ЭКВ

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын

8 980,43
ТОННА CO_2-ЭКВ-КЕ
қысқарту



ҚОҚ саласындағы негізгі құжаттар

- «KEGOC» АҚ-ның 2023–2032 жж. Даму жоспары (Стратегиясы)
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- Экологиялық саясат
- Сапа, экология, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау саласындағы мақсаттар
- Экологиялық аспектілер тізілімі
- Экологиялық менеджмент жүйесін жоспарлауды басқару жөніндегі стандарт
- Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт

БҰҰ ТДМ-ге қосқан үлес







Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас – «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты.

«KEGOC» АҚ-ның Экологиялық саясаты қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді барынша азайтуға, көміртегі ізін төмендетуге, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын (ҰЭТ) дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге деген жауапкершілікке, сондай-ақ Компания қызметінде энергияны үнемдеуге және табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Экологиялық саясаттың қолданылуы «KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген шарттар негізінде Компания объектілерінде қызмет көрсететін жеткізушілерге, мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне және басқа да ұйымдарға таралады. «KEGOC» АҚ басшылығы Экологиялық саясатқа сәйкес қабылданған қоршаған ортаны үнемі жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерді іске асыруға, сондай-ақ «KEGOC» АҚ-ның экологиялық аспектілері бөлігінде қатысы бар қолданыстағы заңнамалық және өзге де талаптарға сәйкестікке жауапкершілік алады.

Компанияның әрбір жұмыскері, сондай-ақ Компанияның мүддесі үшін жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың жұмыскерлері «KEGOC» АҚ-ның Экологиялық саясатымен таныстырылған.

GRI 2-23, GRI 2-24

Компанияда ISO 14001 халықаралық стандарты негізінде Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) енгізілген және табысты жұмыс істеуде. ЭМЖ Компанияның интеграцияланған менеджмент жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және «KEGOC» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымның белгіленген қолданылу аясындағы қызметіне таралады. Экологиялық саясаттың талаптары және қолданылатын экологиялық талаптар сонымен қатар жасалатын шарттарда көзделген шарттар негізінде жеткізушілер мен мердігер ұйымдарға жеткізіледі.

ЭМЖ-нің қолданылу аясы – электр энергетикасында жүйелік оператор функцияларын орындау: көтерме нарық субъектілеріне Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі жүйелік қызметтерді ұсыну.

Экологиялық менеджмент саласындағы халықаралық талаптарға сәйкестікті растау мақсатында 2023 жылы Компанияда тәуелсіз сертификаттау органы «MS CERTIFICATION SERVICES PRIVATE LIMITED» (Үндістан) сертификаттау аудитін жүргізді. 2025 жылы Компания қадағалау аудитінен өтті, оның қорытындысы бойынша ЭМЖ-нің ISO 14001 талаптарына сәйкестігі расталды.

Сертификаттау периметрі «KEGOC» АҚ орталық аппаратын, жүйеаралық электр желілерінің барлық тоғыз филиалын, «Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалын, сондай-ақ «Энергоинформ» АҚ-ны қамтиды. Осылайша, ISO 14001:2015 сертификаттауымен негізгі операциялық филиалдардың 100%-ы және Компанияның Ұлттық электр желісінің жүйелік операторы функцияларын орындауымен байланысты негізгі операциялық периметрі қамтылған.

Электр энергиясы нарығының моделінің өзгеруіне және «KEGOC» АҚ негізгі қызметтерінің тізбесін өзектендіруге байланысты 2023 жылы жекелеген жүйелік қызмет түрлері Компанияның қолданыстағы қызметтер тізбесінде нақтыланды. Аталған өзгерістер ЭМЖ-нің негізгі операциялық периметрінің өзгеруіне әкелмеді. Қолданыстағы негізгі қызметтер тізбесін ескере отырып сертификаттау аясының тұжырымдамасын өзектендіру кезекті сертификаттау циклі шеңберінде 2026 жылы жоспарланған.

ЭМЖ-ні тиімді басқару үшін «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға арналған экологиялық аспектілер тізілімдері әзірленді. Аспектілерді анықтау кезінде Компания қызметінің экологиялық әсерінің барлық компоненттері (энергия үнемдеу, биоәртүрлілікке, суға, топыраққа әсер, шығарындылар, қалдықтар) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2025 жылға арналған Экологиялық бағдарламасымен белгіленген.

2025 жылдың басым экологиялық аспектілерінің қатарына мыналар жатқызылды:

- Әлеуетті ПХД бар қалдықтар – полихлорланған дифенилдер (ПХД) ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес қауіпті заттар болып табылатынына байланысты;
- Трансформатор майы және пайдаланылған (істен шыққан) трансформатор майы – Компания объектілерінде маймен толтырылған жабдықтардың болуына байланысты.

Экологиялық жауапкершілік және қоғаммен өзара іс-қимыл

Компания экологиялық талаптарды сақтауға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға және экологиялық жауапты корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде іске асырады.

Жыл сайынғы негізде ЖЭТ барлық филиалдарымен міндетті және ерікті экологиялық сақтандыру шарттары жасалады, бұл экологиялық тәуекелдерді барынша азайтуға және қоршаған ортаны қосымша қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жыл ішінде бес ЖЭТ филиалының – Алматы, Сарыбай, Батыс, Шығыс және Ақтөбе – өндірістік объектілеріне Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан көшпелі экологиялық мониторинг жүргізілді.

Ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде, сондай-ақ жергілікті қауымдастықпен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін Компания жұртшылықпен ашық диалогты қамтамасыз етеді. Осылайша, «Батыс Қазақстан энергожүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру» жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары сатысында қоғамдық тыңдаулар өткізілді. Сондай-ақ «Астана қ. сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасын күшейту. Электр желілік объектілерді салу» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті. Тыңдаулардың қорытындысы бойынша Қоршаған ортаға ықтимал әсер туралы есепке оң қорытынды алынды, бұл жобаның экологиялық талаптарға сәйкестігін растайды.

«Таза Қазақстан» республикалық бастамасын іске асыру мақсатында жыл ішінде Компанияның барлық филиалдарында сенбіліктер, қалдықтарды сұрыптау жөніндегі мастер-кластар және жұмыскерлерге арналған басқа да экологиялық іс-шаралар өткізілді. Осы бастамалар шеңберінде филиалдар 4 690 ағаш көшетін отырғызды, ал Астана қ. Атқарушы дирекциясының жұмыскерлері екі қалалық мектептің аумағында қосымша 90 ағаш отырғызды.

ЖЭТ барлық тоғыз филиалы мен Атқарушы дирекция пластикті ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыруға және экологиялық тұрақты шешімдерді енгізуге бағытталған **Smart Plastic Zone** жобасына қатысты. Өтінімдерді бағалау қорытындысы бойынша барлық филиалдар **GOLD** алтын мәртебесіне ие болды, ал Атқарушы дирекция ең жоғары награданы – **PLATINUM** мәртебесін алды.

Құзыреттер деңгейін арттыру және экологиялық заңнаманың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың мамырында ЖЭТ филиалдарының қоршаған ортаны қорғауға жауапты жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген өзгерістер мен түзетулерге арналған корпоративтік оқыту өткізілді.

Бұдан басқа, «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде Компания жұмыскерлері ішкі эко-тренерлер пулын қалыптастыру мақсатында қалдықтарды сұрыптау жөніндегі мамандандырылған тренингке қатысты. Оқудан 10 жұмыскер өтті, олар кейіннен өз филиалдарында қалдықтарды сұрыптау жөніндегі мастер-кластар өткізіп, Компания ішінде экологиялық практикаларды таратты.

GRI 2-27

2025 жылы «KEGOC» АҚ-ға қатысты қаржылық немесе қаржылық емес санкциялар, сондай-ақ экологиялық заңнаманы сақтамау фактілері тіркелген жоқ.

GRI 2-25

Бұдан басқа, есепті кезеңде мүдделі тараптар тарапынан қоршаған ортаға теріс әсерге қатысты өтініштер түскен жоқ.

Атмосфералық ауаға әсер

GRI 3-3

«KEGOC» АҚ өз қызметінің атмосфералық ауаға әсерін барынша азайту бойынша белсенді жұмыс істейді.

Компания көп жағдайда атмосфералық ауаға тікелей шығарындылармен байланысты емес жабдық пен технологияларды қолданады, өйткені «KEGOC» АҚ-ның негізгі қызметі электр энергиясын жоғары вольтты желілер бойынша беруден тұрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешіміне сәйкес ЖЭТ барлық филиалдары эмиссиялар нормативтері белгіленуге жатпайтын объектілердің IV санатына жатқызылған. Ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әрбір жабдық бірлігінің жұмыс істеу сағаттарының саны мен материалдар шығынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістемелеріне сәйкес есептік әдіспен жүргізілді.

Халықаралық ISEP сертификаттауы

2025 жылғы қыркүйекте Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік департаментінің директоры мен «Алматы ЖЭТ» филиалы ӨТҚ-ның (Өндірістік-техникалық қызметінің) жетекші инженері ISEP (Institute of Sustainability and Environmental Professionals) курсы бойынша екі апталық оқытудан өтті. Модульдік емтихандарды сәтті тапсыру қорытындысы бойынша тұрақты даму саласындағы кәсіби даярлықтың жоғары деңгейін растайтын экологиялық менеджмент бойынша халықаралық сертификаттар алынды.

GRI 305-7

Ластаушы заттардың шығарындылары*, тонна

Ластаушы заттардың шығарындылары	2023	2024	2025
Азот оксидтері (NOx)	0,406	0,376	0,2869007
Күкірт диоксиді (SOx)	0,059	0,051	0,0436786
Қатты бөлшектер (PM)	0,252	0,277	0,1936622
Көміртек оксиді (CO)	0,290	0,243	0,1714727
Ұшпа органикалық қосылыстар	0,179	0,146	0,2268886
Басқалар**	0,359	0,090	0,0229778

*Ескертпе: стационарлық көздерден болатын шығарындылар. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне сәйкес жылжымалы көздерден болатын шығарындылар есептелмейді, есептілікте пайдаланылған отынның мөлшері көрсетіледі. Компания сынаптың елеулі тікелей шығарындыларын қалыптастыратын процестер мен қондырғыларды пайдаланбайды, сондықтан көрсеткіш қолданылмайды.
** Алдыңғы кезеңдердің Жылдық есептерінен айырмашылығы, 2025 жылғы Жылдық есепке жаңа «Басқалар» санаты қосылды.

Өз инфрақұрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін «KEGOC» АҚ автокөлік пен жылжымалы құралдарды пайдаланады. 2025 жылы Компания атмосфераға шығарындыларды барынша азайту үшін көлік құралдарына тұрақты техникалық қызмет көрсетуді жүргізді. Сондай-ақ автокөлікті атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдардың уыттылығы мен түтінділігіне тексеру жүргізілді.

GRI 305-6

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озон бұзатын заттардың шығарындыларын жүзеге асырмайды.

Су объектілеріне әсер

GRI 3-3, GRI 303-1, GRI 303-2

«KEGOC» АҚ суды технологиялық процесте пайдаланбайды. Компанияның қызметі су сыйымды қызмет түрлеріне жатпайды, өйткені электр энергиясын беру мен диспетчерлеу процестері өндірістік немесе салқындату процестері үшін су пайдалануды талап етпейді. Қызмет сипатына байланысты Компанияның жалпы су тұтыну көлемі елеусіз болып қалады және су ресурстарына елеулі әсер етпейді.

Компанияда су тек шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін тұтынылады және қалалық сумен жабдықтау жүйелері мен ұңғымалардан түседі. Жер үсті көздерінен (өзендер, көлдер және басқа да су айдындары) су алу жүзеге асырылмайды.

ЖЭТ 8 филиалының объектілерінде артезиан сумен жабдықтау бар, ұңғымалар алынған арнайы су пайдалану рұқсаттарына сәйкес пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың су алу орнында жерасты суларын мониторингтеу тұрақты негізде жүргізіледі.

Компания объектілерінде су объектілері мен топырақты ластаудың ықтимал көздері мыналар болып табылады:

- Маймен толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформатор майы;
- Шаруашылық су тұтыну кезінде түзілетін ағынды сулар.

Экологиялық әсерді барынша азайту мақсатында «KEGOC» АҚ жабдықты таңдау кезінде оның экологиялығына бағдарланады. Майлы ажыратқыштарды неғұрлым қауіпсіз элегаз және вакуумды баламаларға жоспарлы ауыстыру тұрақты негізде жүргізіледі, бұл ЖЭТ филиалдарының қосалқы станцияларында трансформатор майын пайдалануды қысқартуға ықпал етеді.

Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, сондай-ақ жерасты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайды. Маймен толтырылған жабдық май қабылдағыш құрылғылармен немесе науалармен жабдықталған, бұл майдың топыраққа түсуін болдырмайды. Май қабылдағыштардың үйіндісі тұрақты түрде тексеріледі.

Қызметтің сипаты мен су тұтынудың төмен деңгейін ескере отырып, су ресурстарын ұтымды пайдалану тәсілдері Компанияның қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйесі және филиалдардың пайдалану қызметі шеңберінде іске асырылады. Өндірістік экологиялық бақылау аясында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйін бақылау жүзеге асырылады, сондай-ақ судың жылыстауын (ағуын) болдырмау және су ресурстарына ықтимал әсерді азайту бойынша шаралар қабылданады. Табиғи ресурстарды, соның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері Компания жұмыскерлеріне арналған ішкі экологиялық оқыту іс-шаралары шеңберінде қарастырылады.

GRI 303-3, SASB IF-EU-140a.1

Су тұтынуды талап ететін технологиялық процестердің болмауына байланысты айналымды сумен жабдықтау пайдаланылмайды. Компания жер үсті, теңіз және қабат суларынан су алуды жүзеге асырмайды.

«KEGOC» АҚ-ның су алу көрсеткіштері, мегалитр

Түрі бойынша	2023	2024	2025
Жерасты көздері (ұңғымалар), оның ішінде:	41,11	37,97	37,74
Тұщы су (минералдануы 1 000 мг/л-ге дейін)	22,76	27,88	27,22
Техникалық су (минералдануы 1 000 мг/л-ден жоғары)	19,36	10,10	10,52
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	9,84	7,07	6,12
Бөгде көздер (қалалық сумен жабдықтау жүйелері мен әкелінетін), оның ішінде:	65,86	69,23	80,93
Тұщы су (минералдануы 1 000 мг/л-ге дейін)	53,06	58,62	68,22
Техникалық су (минералдануы 1 000 мг/л-ден жоғары)	12,80	10,60	12,70
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	9,83	9,02	10,35
БАРЛЫҒЫ	**106,98**	**107,20**	**118,67**
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	19,67	16,09	16,46

GRI 303-4

«KEGOC» АҚ-ның су бұру көрсеткіштері, мегалитр

Түрі бойынша	2023	2024	2025
Бөгде ұйымдар (су бұру)	49,54	46,46	61,35
Тұщы су (минералдануы 1 000 мг/л-ге дейін)	41,12	38,47	52,1
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	3,80	3,96	3,97
Техникалық су (минералдануы 1 000 мг/л-ден жоғары)	8,43	7,99	9,25
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	0,95	1,08	1,28

* су тапшылығы бар аудандарға «KEGOC» АҚ Оңтүстік және Батыс ЖЭТ филиалдарының аумақтары жатқызылды. Су ресурстарының тапшылығы бар өңірлерді айқындау үшін Су стресс картасына сәйкес Water Risk Filter деректері пайдаланылды.

Ағынды суларды жер бедеріне төгу жүзеге асырылмайды.

GRI 303-5

«KEGOC» АҚ-ның су тұтыну көрсеткіштері, мегалитр

Жыл	2023	2024	2025
Су алу	106,98	107,20	118,67
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	19,67	16,09	16,46
Су бұру	49,54	46,46	61,35
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	4,75	5,04	5,25
Су тұтыну, барлығы	57,43	60,74	57,32
оның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерде*	14,93	11,05	11,21

*Су тұтыну су алу мен су бұру арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Объектілерді пайдалану мен жаңғырту кезінде Компания өңірлік климаттық ерекшеліктерді және Қазақстан Республикасында климаттың өзгеруі мен су ресурстарының қолжетімділігіне байланысты ықтимал ұзақ мерзімді тәуекелдерді ескереді. Ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері экологиялық менеджмент жүйесі мен ESG- және климаттық тәуекелдерді басқару процестері шеңберінде қаралады.

Қалдықтарды басқару

GRI 3-3, GRI 306-1, GRI 306-2

«KEGOC» АҚ-да өндірістік қалдықтар жабдықты пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту процесінде түзіледі. Компания көмір электр станцияларын, көмір жағу және күкірттен тазарту қондырғыларын пайдаланбайды, сондықтан «KEGOC» АҚ қызметінде күл мен гипс қалдықтары түзілмейді.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына және «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару» ішкі ұйым стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Осы құжаттарға сәйкес барлық қалдықтар қауіпті және қауіпсіз болып жіктеледі.

Қауіпті қалдық түрлерін бөгде ұйымдарға беру қауіпті қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және/немесе жоюға құқық беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады. Қалдықтардың тізбесі мен олардың қауіптілік деңгейі құрамы, көлемдері немесе айналыс шарттары өзгерген кезде тұрақты түрде өзектендіруге жатады.

ЖЭТ филиалдары қажеттілігіне қарай әрбір түр үшін қалдықтардың пайда болу процестерін олардың шығу орны бойынша сипаттауды, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу қағидаларын, оларды бақылау әдістерін,

осы қалдықтардың қоршаған ортаға әсер ету түрлерін, қалдық өндірушілер туралы мәліметтерді қамтитын қалдықтар паспорттарын әзірлейді немесе түзетеді.

Қалдықтарды қауіпсіз әрі бөлек сақтауды қамтамасыз ету үшін ЖЭТ филиалдарында қалдықтарды уақытша жинақтаудың арнайы алаңдары айқындалған. Объектілер аумағында қалдықтарды орналастырудың экспликациясы бар карта-сұлбалары әзірленді, қалдықтарды одан әрі қалпына келтіру, кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе жою үшін уақтылы шығару қамтамасыз етіледі.

2025 жылы Қазақстан Республикасының «Тұрақты органикалық ластаушылар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» заңына, Тұрақты органикалық ластаушылармен және оларды құрайтын қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларына (ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) сәйкес «KEGOC» АҚ ҚС жабдығындағы ПХД-ны анықтау жөніндегі жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары ПХД бар жабдықты есепке алу тізілімдерін өзектендірді, тізілімдер белгіленген мерзімдерде қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органдарына тапсырылды.

2025 жылы «Алматы» ЖЭТ және «Сарыбай» ЖЭТ филиалдарында трансформатор майына ПХД бар-жоғына зертханалық талдаулар жүргізілді. Сынақтардың нәтижелері бойынша ПХД анықталмады.

Түзілетін қалдықтардың көлемдері жабдықты ауыстыру мен жаңғырту мерзімдеріне, сондай-ақ орындалатын жөндеу және инвестициялық жұмыстардың құрамына байланысты. Осы себептен қалдықтар көлемдерінің және оларды қалпына келтіру үлесінің жыл сайынғы өзгерістерін тұрақты үрдіс ретінде қарастырмау керек.

GRI 306-3

«KEGOC» АҚ-ның қауіпті және қауіпсіз қалдықтарының көлемдері, тонна

Түрі бойынша	2022	2023	2024	2025
Қауіпті қалдықтар	11,31	462,00	63,61	34,38
Қауіпсіз қалдықтар	2 624,67	2 883,76	3 523,22	3 057,46
Барлық жалпы көлемі	**2 635,99**	**3 345,765**	**3 586,831**	**3 091,85**

GRI 306-4, GRI 306-5

Қалпына келтіруге және жоюға жіберілген қалдықтар*, тонна

Түрі бойынша		
Қалпына келтіру, оның ішінде:	17,77	676,41
қайта пайдалануға дайындау	5,57	407,09
қалдықтарды қайта өңдеу	9,33	268,71
өзге де қалпына келтіру операциялары	2,87	0,61
Жою, оның ішінде:	4,72	2 356,84
жағу	4,25	0,39
көму	0,32	2 356,41
өзге де жою операциялары	0,15	0,04
Әрі қарай кәдеге жарату әдісі «KEGOC» АҚ-ға белгісіз бөгде мамандандырылған ұйымдарға берілген қалдықтар**	11,30	24,68
Мамандандырылған бөгде ұйымдарға берілген қалдықтардың барлығы	**33,79**	**3 057,94**

* есепті кезеңде барлық қалдықтар Компаниядан тыс жерде қалпына келтірілді және жойылды.
** шарттарға сәйкес қалдықтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бөгде мамандандырылған ұйымдарға берілді, ол «KEGOC» АҚ-ға қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет көрсетушілерге берілген қалдықтардың одан әрі кәдеге жаратылуын қадағалау жөніндегі міндеттемелерді жүктемейді.

Компания 2025 жылы кәдеге жаратуға, қалпына келтіруге, жоюға жасалған шарттар бойынша бөгде мамандандырылған ұйымдарға берген қалдықтардың жалпы көлемі 3 091,73 тонна құрады. Олардың ішінде:

- қалпына келтірілген (қайта өңдеу, қайта пайдалануға дайындау және т.б.) қалдықтардың жалпы көлемі 694,18 тонна құрады;
- жойылған (жағу, көму және т.б.) қалдықтардың жалпы көлемі 2 361,56 тонна құрады.

Қалдықтарды беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды, ол «KEGOC» АҚ-ға қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет көрсетушілерге берілген қалдықтардың одан әрі кәдеге жаратылуын қадағалау жөніндегі міндеттемелерді жүктемейді. Қалдықтармен жұмыс істеу процестерінің ашықтығын арттыру және берілген қалдықтарды одан әрі өңдеу әдістері туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында «KEGOC» АҚ 2024 жылы қалдықтарды қабылдайтын ұйымдардан қалдықтарды одан әрі өңдеу мен кәдеге жарату туралы растайтын

құжаттарды сұратуды бастады. 2025 жылы қалдықтармен жұмыс істеудің одан әрі әдістері туралы ақпарат беру жөніндегі талаптар мердігер ұйымдармен жасалатын шарттарға енгізілді. Нәтижесінде Компания берілген қалдықтардың көп бөлігі бойынша, оның ішінде оларды өңдеу, қалпына келтіру, жою және түпкілікті кәдеге жарату әдістері туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпарат алды.

Энергия тиімділігі

GRI 3-3

«KEGOC» АҚ энергия тиімділігін арттыруға және ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған шаралар кешенін іске асырады. Бұл саладағы негізгі басымдықтар – отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды қысқарту, объектілердің меншікті қажеттіліктеріне арналған энергия шығындарын төмендету, ҰЭЖ бойынша электр энергиясын беру кезінде электр энергиясының технологиялық шығынын азайту, сондай-ақ есепке алу аспаптары мен алынған деректерді талдау негізінде энергия тұтынуды есепке алу мен бақылау жүйесін дамыту.

GRI 302-1

2025 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну

	Өлшем бірліктері	Тұтыну, натуралды бірлік	Тұтыну, мың ГДж.[1]
Электр энергиясы, барлығы	**мың кВт·сағ**	**3 141 829,12**	**11 310,58482**
оның ішінде жаңартылатын көздерден	мың кВт·сағ	460 571,25	1 656,05651
Жылу энергиясы	Гкал	18 874,296	79,02290
Отын, оның ішінде:		–	128,12524
моторлы бензин	тонна	928,55	40,59819
дизель отыны	тонна	1 985,23	84,36884
табиғи газ	мың м³	88,20	2,98128
сұйытылған газ	тонна	3,85	0,17694
БАРЛЫҒЫ			**11 517,73297**

[1] Тұтынылған ОЭР көлемдерін Джоульге аудару үшін мыналар қолданылды: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы №9 бұйрығымен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірілуін есептеу әдістемесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 тамыздағы №160 бұйрығымен бекітілген Отын-энергетикалық балансты қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесі.

2025 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну 2024 жылмен салыстырғанда Компания желілері бойынша электр энергиясын берудің нақты көлемдерінің ұлғаюына байланысты электр энергиясын тұтынудың өсуі есебінен 147,71 мың ГДж-ге артты.

GRI 302-3

«KEGOC» АҚ-ның отын-энергетикалық ресурстарды үлестік тұтынуы

	Өлшем бірліктері	2021	2022	2023	2024	2025
Үлестік энергия тұтыну	мың ГДж/мың теңге түсім	0,060	0,048	0,043	0,036	0,029

GRI 302-1

«KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын тұтынуы

Жыл	2021	2022	2023	2024	2025	2025
Өлшем бірліктері			млн кВт·сағ			мың ГДж
Электр энергиясын тұтыну	3 059,92	2 824,90	2 950,28	3 095,26	3 141,85	11 310,58
оның ішінде ЖЭК-тен	32,41	14,23	205,7*	462,75*	460, 57*	1 656,06

* 2023 жылы Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы ҰЭЖ-ге қосылған барлық энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде ЖЭК-тен электр энергиясын сатып алады. Осыған байланысты бұл көрсеткіш 2023–2025 жылдары электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК өндірген электр энергиясының (GRI 302 терминологиясында) үлесін негізге ала отырып, есептік жолмен алынды.

EU12


«KEGOC» АҚ-ның жалпы энергия тұтынуын азайтудағы ең үлкен тиімділік электр энергиясын электр торлары арқылы жеткізу кезіндегі технологиялық шығыстарды қысқарту жөніндегі іс-шаралар есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің (Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің) ерекшелігі – ірі генерациялау көздерінің Солтүстік аймақта шоғырлануы, сондай-ақ негізгі бағыттар: Қазақстанның Солтүстігі – Оңтүстігі, Павлодар облысы – Ақтөбе облысы бойынша ұзын транзиттік электр беру желілерінің (1000 км-ге дейін) болуы. Мұндай құрылым ел аумағының кеңдігімен түсіндіріледі және электр энергиясының технологиялық шығысы (техникалық шығындар) деңгейіне елеулі ықпал етеді.

Бұдан бөлек, «KEGOC» АҚ торларындағы электр энергиясы технологиялық шығысының көлемі шектес мемлекеттердің энергетикалық жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзитін, экспорты мен импортын қоса алғанда), сондай-ақ электр беру параметрлеріне әсер ететін климаттық жағдайларға байланысты болады.

Климаттық жағдайлардың өзгеруі электр энергиясын жеткізу кезінде нормативтен тыс шығындардың пайда болуына ықпал ететін тәуекел факторына айналуы мүмкін. Осыған байланысты, «KEGOC» АҚ шығындарды азайту және климаттық тәуекелдерді жұмсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу мен іске асыру кезінде климаттық факторларды талдауды және электр энергиясының нақты шығындарының динамикасын ескереді.

«KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы электр энергиясы шығындарының құрылымы



2025 жылы «KEGOC» АҚ желілеріндегі электр энергиясының технологиялық шығыны 3,115 млрд кВт·сағ құрады, бұл желіге электр энергиясын берудің жалпы көлемінің 4,8%-ына барабар.

Желілердегі электр энергиясының технологиялық шығыны

	2022	2023	2024	2025
Электр энергиясының шығындары, желіге берудің жалпы көлемінен %	4,9	5,0	5,0	4,8

Ұлттық электр желісіндегі электр энергиясының шығындары желіге түскен электр энергиясының көлемі мен есепті кезеңде желіден берілген электр энергиясының көлемі арасындағы айырма ретінде баланстық әдіспен (energy balance method) есептеледі. Есеп Ұлттық электр желісі деңгейінде тұтастай, электр энергиясын есепке алу аспаптарының, оның ішінде АСКУЭ-ні пайдалана отырып қалыптастырылатын аспаптардың деректері негізінде жүзеге асырылады.

Компанияның Ұлттық электр желісінің операторы ретіндегі мәртебесін ескере отырып, көрсеткіш электр энергиясын берудің физикалық процестерінен туындайтын технологиялық шығындарды көрсетеді. Есептеу әдістемесі деректердің динамикадағы салыстырмалылығын және көрсеткіш өзгерістерін талдаудың дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, тұрақты негізде қолданылады.

Электр энергиясының технологиялық шығыны электр беру желілеріндегі және электр жабдығындағы физикалық процестер салдарынан Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру процесінде туындайтын объективті шығындарды білдіреді.

Технологиялық шығынды басқару Компанияның операциялық тиімділігін арттырудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Негізгі міндет техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін жоспарлау мен дәйекті түрде іске асыру есебінен шығындардың нақты деңгейін экономикалық және техникалық тұрғыдан оңтайлы деңгейде ұстап тұру болып табылады.

Электр энергиясының технологиялық шығынын төмендету мақсатында Компания мынадай шараларды іске асырады:

Техникалық іс-шаралар:
- әуе электр беру желілері мен қосалқы станция жабдығын жаңғырту;
- трансформаторларды энергия тиімділігі жоғары үлгілерге ауыстыру;
- Ұлттық электр торы объектілерін цифрландыру және Smart Grid (зияткерлік тор) элементтерін енгізу;
- төмен жүктеме кезеңдерінде тор жабдықтарын ажырату.

Режимдерді басқару жөніндегі іс-шаралар:
- реактивті қуат ағындарын реттеу және азайту;
- қуаттың таралу (ағынның бөліну) схемаларын оңтайландыру;
- энергетикалық жүйенің қалыптасқан режимдерін кернеу деңгейлері мен реактивті қуат бойынша оңтайландыру;
- тор түйіндерінде кернеудің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің (Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің) жұмыс режимдерін оңтайландыру шараларының нәтижесінде, 2025 жылы электр энергиясының шығысын 3,309 млн кВт·сағ-қа азайтуға қол жеткізілді.



GRI 201-2, GRI 302-4, GRI 302-5

Электр энергиясы шығындарын төмендету жөніндегі іс-шаралардан болған әсер

Іс-шара	2023		2024		2025	
	млн кВт·сағ	ГДж	млн кВт·сағ	ГДж	млн кВт·сағ	ГДж
Желілерді төмен жүктеме режимінде ажырату	0,180	648	0,178	641	0,309	1 112
Күштік трансформаторларды төмен жүктеме режимінде ажырату	3,878	13 961	4,864	17 510	3,0	10 800
«KEGOC» АҚ бойынша барлығы	**4,058**	**14 609**	**5,042**	**18 151**	**3,309**	**11 912**

Компанияда электр энергиясының технологиялық шығыны деңгейі бойынша орта мерзімді негізгі қызмет көрсеткіштері белгіленген. Нысаналы мәндер Ұлттық электр желісінің даму параметрлері мен инвестициялық бағдарламаны ескере отырып, көпжылдық кезеңге айқындалған.

Көрсеткіш басқарушы директорлардың ҚНК жүйесіне енгізілген және олардың тиімділігін бағалау кезінде ескеріледі, бұл белгіленген бағдарларға қол жеткізу үшін басқарылғыштық пен дербес жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңының талаптарына сәйкес «KEGOC» АҚ бөгде мамандандырылған ұйымды тарта отырып энергетикалық аудит жүргізуге бастамашылық етті. Аудиттің қорытындысы бойынша 2021–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, оны орындау нәтижесінде 4 680,88 тонна шартты отын (ш.о.т.) үнемделді. Жоспарды іске асыру шеңберінде энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мынадай шаралар жүзеге асырылды:

- Қосалқы станциялардың аумағында және ғимараттардың ішінде жарықтандыру жүйелерін жаңғырту;
- Энергия тиімді электр қазандықтарын орнату;
- Жылыту жүйелерінің құбырларын тазалау және суды дайындау;
- Ескірген сыртқы есіктерді, қақпаларды және терезе блоктарын ауыстыру;
- Электрмен жылытылатын объектілерде радиаторлық термостаттар мен терморегуляторларды орнату.

Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру нәтижесінде 2025 жылы энергетикалық ресурстардың 43 362,35 ГДж-ге үнемделуі байқалады, бұл 8 980,43 тонна CO_2-экв парниктік газдар шығарындыларына барабар.

GRI 305-5

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардан болған әсер

	2021	2022	2023	2024	2025
Энергия тұтынуды қысқарту, ГДж	3 165,61	11 621,27	35 470,78	43 541,85	43 362,35

2025 жылы энергоаудит жүргізілді, оның қорытындысы бойынша энергетикалық ресурстарды тұтынуды 1 812,732 тонна шартты отынға (ш.о.т.) әлеуетті төмендетуді көздейтін 2026–2031 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Биоәртүрлілікке әсер

GRI 3-3, GRI 2-26, GRI 304-1, GRI 304-2

«KEGOC» АҚ электр желілік компания және жүйелік оператор ретінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне елеулі әсер етпейді. Дегенмен, Компания экожүйелер мен биоәртүрлілікке ықтимал әсерді барынша азайтуға үлкен мән береді. «KEGOC» АҚ Ұлттық электр желісін дамыту жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының қатысуымен жобаларды іске асыру кезінде қолданылатын қоршаған ортаны және биоәртүрлілікті қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды ескере отырып жүзеге асырады. Осыған байланысты «KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлеріне, сондай-ақ жеткізушілерге, мердігер ұйымдар мен Компания объектілерінде қызмет көрсететін компанияларға – жасалған шарттардың шарттарына сәйкес таратылатын Биоәртүрлілік саласындағы саясат әзірленіп, енгізілді. «KEGOC» АҚ-ның биологиялық әртүрлілікті сақтау саласындағы саясатының негізгі мақсаты – «KEGOC» АҚ қызметінің «KEGOC» АҚ әсер ету аймағындағы экожүйелер мен биоәртүрлілікке теріс әсерін болдырмау және барынша азайту.

«KEGOC» АҚ объектілерді қорғалатын табиғи аумақтарда орналастырудан аулақ бола отырып, тұрақты даму қағидаттарын ұстанады. Жаңа объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін заманауи техникалық шешімдер қолданылады.

Электр желілік инфрақұрылымды кеңейту мен жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру шеңберінде Компания құрылыс өңірлерінің табиғи ерекшеліктерін ескереді және табиғатты қорғау мен биоәртүрлілікті сақтау мәселелеріне кешенді тәсіл қолданады, оның ішінде:

жобаның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде, оның ішінде жоспарлау, құрылыс және жобадан кейінгі мониторинг кезеңдерінде қоршаған ортаға әсер ету тәуекелдерін талдау; Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қамтитын PESTEL-талдау пайдаланылады. Жүргізілген ҚОӘБ-нің, оның ішінде биоәртүрлілікке әсердің нәтижелері ескеріледі және қоршаған ортаға ең аз зиян келтіретін нұсқа қабылданады. Елеулі әсер анықталған жағдайда биоәртүрлілікті басқару жоспарлары әзірленеді.

ӘЖ трассаларының өтуін және ҚС орналастыруды елді мекендердің жерлері, перспективалы даму аймақтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, мәдени мұра, орман алқаптары, су қорғау аймақтары және басқа да сезімтал аумақтар бойынша болдырмау, сондай-ақ трассаларды таңдау кезінде ормансыздануды және табиғи мекендердің конверсиясын болдырмау. Орман алқаптары мен өзге де экологиялық сезімтал аймақтарды айналып өтуді көздейтін жобалық шешімдерге басымдық беріледі, құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін бұзылған жерлер кейіннен қалпына келтіріледі.

Қорғау шараларын қамтамасыз ету мен әлеуметтік мониторинг жөніндегі мынадай бағдарламалар әзірленді: Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды басқару жоспары (ESMP), Экологиялық және әлеуметтік іс-қимылдар жоспары (ESAP), Күнкөріс құралдарын қалпына келтіру жоспары (LRP), Шағымдарды беру мен қарау тетігі (GRM).

Жобаланатын ӘЖ, әдетте, дала және шөлейт аумақтар бойынша өтеді, бұл биоәртүрлілікке әсерді төмендетуге және әлеуметтік-экологиялық қайшылықтарды барынша азайтуға мүмкіндік береді. «KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының қағидаттарына, атап айтқанда экологиялық ақпараттың қолжетімділігі қағидаты мен қоғамдық қатысу қағидатына сәйкес жүзеге асырады. Компания мүдделі тараптарды, оның ішінде жергілікті қауымдастықтарды қоғамдық тыңдаулар не ҚОӘБ жобаларын талқылау өткізу арқылы ірі жобалардың ықтимал салдарлары туралы хабардар етеді, табиғатты қорғау жөніндегі бастамалар шеңберінде УЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ жұмыскерлер мен серіктестердің экологиялық хабардарлық деңгейін арттыру үшін оқыту және ақпараттық іс-шаралар өткізеді.

ҚОӘБ-тен өту кезінде жоспарланған қызметті іске асыру кезіндегі қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлердің барлық процестері ескеріледі, оларға мыналар кіреді:

- атмосфералық ауаға әсер,
- су айдындары мен жерасты суларына,
- жер бедеріне,
- биоәртүрлілікті, жануарлар дүниесін сақтау.

ОРНИТОФАУНАҒА ӘСЕР ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

«KEGOC» АҚ ЭБЖ бөлу белдеулерінде, сондай-ақ қосалқы станциялардың айналасындағы санитарлық аймақтарда экожүйелер мен дәстүрлі мекендерді сақтауға ықпал етеді.

Халықаралық зерттеулерге сәйкес төмен кернеулі ЭБЖ (0,4–10 кВ) құстардың электр тогынан зақымдану қаупін жоғары туғызады. Бұл жерге қосылған элементтер мен ток өткізгіш бөліктер арасындағы қысқа қашықтықтармен байланысты, оларға бір мезгілде жанасқан кезде қысқа тұйықталу мүмкін.

Сонымен бірге, «KEGOC» АҚ ЭБЖ-нің 99,2%-ы – кернеуі 110 кВ және одан жоғары жоғары вольтты желілер, оларда жерге қосылған бөліктер мен ток өткізгіш элементтер арасындағы ең аз қашықтық кемінде 1,5 метрді құрайды. Бұл құстардың көпшілігінің қанаттарының орташа құлашынан асып түседі, бұл олардың электр тогынан зақымдану тәуекелін іс жүзінде жоққа шығарады.

Құстарға ЭБЖ әсерінен болатын тәуекелді жұмсарту үшін халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне және өзіндік пайдалану тәжірибесіне негізделген мынадай шаралар қолданылады:

- **Құстарды қорғау құрылғыларын орнату:** «KEGOC» АҚ АТҚ траверсалары мен порталдарына құстардың ықтимал қонатын жерлерінде құстардың желілер мен қосалқы станциялардың элементтеріне қонуына жол бермейтін 12 мыңнан астам қауіпсіз құстарды қорғау құрылғысы орнатылды. Қосымша құрылғылар, оның ішінде филиалдарда рационализаторлық ұсыныстарды енгізу нәтижесінде орнатылған құрылғылар, мысалы, құстар ӘЖ темірбетон тіреулерінің траверсаларының шетіне қонуға тырысқан кезде айналатын құрылғылар. Желде іске қосылатын және құстарға арналған тәуекелдерді төмендететін шу мен көру тетіктері, олар бұдан басқа, жоғары белсенділік сәттерінде, мысалы, миграция кезінде құстарды үркітеді.
- **Орнитологтармен ынтымақтастық.** Компания биоәртүрлілікті сақтау саласындағы әзірлемелер нарығын үнемі зерттейді, ұқсас компаниялардың тәжірибесімен танысады және табиғат қорғау ұйымдарымен байланысты қолдайды. 2025 жылы «KEGOC» АҚ жаңартылатын энергетика саласындағы жетекші халықаралық компания Masdar және Мохаммед бин Зайед атындағы жыртқыш құстарды қорғау қорымен (MBZRCF) Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Бұл қосымша шаралар ықтимал қатерлерден қорғауды жақсарта отырып, құстардың қауіпсіздігін арттыруы мүмкін және инфрақұрылым мен биоәртүрліліктің неғұрлым үйлесімді қатар өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Климаттың өзгеруі

Климаттың өзгеруі және төмен көміртекті дамуға көшу қажеттігі қазіргі заманның негізгі сын-қатерлерінің бірі болып табылады. Парниктік газдардың антропогендік шығарындыларынан туындаған жаһандық жылыну ғылыми қоғамдастық тарапынан факт ретінде танылды. Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының Алтыншы бағалау баяндамасының (МГЭИК, 2023) деректері бойынша, 2011 жылдан 2020 жылға дейінгі онжылдық соңғы 125 000 жылдағы ең жылы кезең болды. Климаттық өзгерістер су ресурстарына, азық-түлік қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына және экономикалық белсенділікке қазірдің өзінде елеулі әсер етуде.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның (ДМҰ) болжамы бойынша 98% ықтималдықпен 2023–2027 жылдар кезеңі метеорологиялық бақылаулардың бүкіл тарихындағы ең ыстық кезең болады. Бұл үрдістер экожүйелердің осалдығын арттырады және бейімделу мен шығарындыларды азайту жөніндегі шұғыл әрі ауқымды шараларды қабылдауды талап етеді.

Тәуекелдермен қатар, экологиялық ауысу неғұрлым тұрақты әрі инклюзивті даму моделін қалыптастыруға ықпал ете отырып, елеулі экономикалық, инвестициялық және әлеуметтік мүмкіндіктер ашады. «KEGOC» АҚ Париж келісімінің ережелерінде бекітілген жаһандық көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуде энергетика секторының аса маңызды рөлін түсінеді және осы процеске инвестициялық және операциялық қызмет арқылы үлес қосады.

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну инвесторларды, реттеушілер мен серіктестерді қоса алғанда, мүдделі тараптар үшін барған сайын маңызды бола түсуде. Осы сұранысқа жауап ретінде «KEGOC» АҚ 2024 жылы 2025–2060 жылдарға арналған Климаттық бағдарламаны (Климаттық бағдарлама) әзірлеп, бекітті. Климаттық бағдарлама шеңберінде климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерге сценарийлік модельдеуді, осалдықты талдауды және Компания қызметіне қаржылық әсерді бағалауды қамтитын кешенді сапалық және сандық бағалау жүргізілді.

Климаттың өзгеруі саласындағы басқару

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КЛИМАТТЫҚ КҮН ТӘРТІБІН ҚАДАҒАЛАУЫ

Климаттың өзгеруі мәселелері «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық басқаруында орталық орын алады және Директорлар кеңесінен және оның комитеттерінен бастап корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріне интеграцияланған. 2024 жылы климаттық күн тәртібі Директорлар кеңесінің тұрақты отырыстары мен стратегиялық сессиялары шеңберінде, оның ішінде климатпен байланысты KPI-ды жыл сайын бекіту, сондай-ақ ESG-жоспарын тоқсан сайын мониторингтеу және климаттық тәуекелдерді басқаруды бақылау шеңберінде қаралды.

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басымдықтарын, оның ішінде климаттық мақсаттарын айқындайды, тұрақты даму туралы есепті қамтитын Жылдық есепті бекітеді және оларға қол жеткізу Басқарманың жауапкершілік аясына кіретін нысаналы көрсеткіштерді белгілейді. Директорлар кеңесінің маңызды функциясы – Басқарма қызметінің нәтижелерін, оның ішінде функционалдық KPI негізінде жыл сайын бағалау.

Климаттық мәселелер жөніндегі жұмысты Директорлар кеңесінің бейінді комитеттері қолдайды:

- Стратегия және тұрақты даму жөніндегі комитет климаттық мәселелер бойынша ұсынымдар береді;
- Аудит жөніндегі комитет ақпаратты ашу мен климаттық тәуекелдерді басқарудың сапасын бағалайды;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет Басқарманың тиімділігін бағалау кезінде KPI-ға қол жеткізуді ескереді.

Директорлар кеңесі сондай-ақ ESG және климат бойынша құзыреттердің болуын қамтамасыз етеді. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы хабардарлықты арттыру шеңберінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері тұрақты даму мен климаттың өзгеруі мәселелеріне арналған оқыту іс-шаралары мен сараптамалық пікірталастарға қатысады.



Есепті жылы Директорлар кеңесінің мүшелері ішкі және сыртқы сарапшыларды тарта отырып, оқыту сессияларынан өтті, олардың шеңберінде климаттық күн тәртібінің мәселелері, оның ішінде климаттың өзгеруінің энергетика секторы компанияларының қызметіне әсері, тұрақты даму саласындағы халықаралық үрдістер мен реттеуші талаптар, сондай-ақ тұрақты болашақты қамтамасыз етудегі инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдердің рөлі қаралды.

Алынған білім мен үздік практикалар Компанияны дамытудың стратегиялық мәселелерін қарау, климаттық тәуекелдерді басқару және тұрақты даму саласындағы ұзақ мерзімді бастамаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылады.

КЛИМАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ БАСҚАРМАНЫҢ РӨЛІ

«KEGOC» АҚ Басқармасы Директорлар кеңесі айқындаған, оның ішінде климаттың өзгеруі саласындағы стратегиялық мақсаттарды іске асырады, Климаттық бағдарламаны бекітеді, оны орындау, климаттық тәуекелдерді басқару және бірыңғай ESG-күн тәртібі шеңберінде барлық бөлімшелердің іс-қимылдарын үйлестіру үшін жауапкершілікте болады.

Басқарма жанында жұмыс істейтін Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- энергожүйенің орныққан режимдерін кернеу мен реактивті қуат деңгейлері бойынша оңтайландыру;
- климаттық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған ішкі бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу;
- климаттық сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді бағалау;
- жауапкершілікті бөлу және орындалуын мониторингтеу.

2026 жылы тұрақты даму мәселелерін басқаруды жетілдіру және климаттық аспектілерді интеграциялау мақсатында Үйлестіру кеңесінің жанында құрамына негізгі бағыттар бойынша сарапшылар кіретін ESG жөніндегі комитет құру жоспарлануда.

Климаттық тәуекелдерді басқару процестері мүдделі тараптардың күтулерін ескере отырып, қос елеулілік қағидаттары негізінде құрылады. Елеулі тәуекелдер мен мүмкіндіктер TCFD ұсынымдарын ескере отырып, инвесторлармен және серіктестермен диалог барысында сәйкестендіріледі.

Компания реттеуші ортаның өзгерістеріне және есептілік талаптарына бейімделу қажеттігін мойындайды және жаңа күтулер мен сын-қатерлерге жауап ретінде климатты басқару тәсілдерін тұрақты түрде жаңартып отырады.

«KEGOC» АҚ-ның климаттың өзгеруі саласындағы басқару құрылымы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Компания қызметінің бағыттарын, оның ішінде климат бойынша айқындайды, Даму стратегиясын бекітеді, мақсаттар мен міндеттерді және оларға қол жеткізу индикаторларын белгілейді;
- Қоғамның жылдық есебін және тұрақты даму туралы есебін бекітеді;
- Басқарма үшін климат бойынша қызметтің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекітеді;
- Басқарманы климат бойынша қол жеткізілген нәтижелері үшін сыйақылайды;
- Климаттық тәуекелдерді бекітеді және мониторингін жүргізеді;
- Тұрақты дамуды жетілдіру жөніндегі жоспарларды бекітеді және оларды іске асыру туралы есептерді қарайды.

Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет

- Климат және төмен көміртекті даму мәселелері бойынша мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтайды және ұсынымдар береді.

Аудит жөніндегі комитет

- Климаттық тәуекелдер бойынша мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтайды және ұсынымдар береді;
- Тұрақты даму туралы есептің сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

- Түйінді қызмет көрсеткіштері және Басқарманы сыйақылау бойынша мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтайды және ұсынымдар береді.

БАСҚАРМА

- Директорлар кеңесі қойған климатты басқару жөніндегі мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді;
- Климаттық бағдарламаны бекітеді;
- Климатты басқару жөніндегі мәселелерді алдын ала қарайды және Директорлар кеңесінің қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму және біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі үйлестіру кеңесі

- Бизнес-процестер мен шешімдерге климаттық және ESG аспектілерін интеграциялауды қамтамасыз етеді;
- Климаттық тәуекелдерді басқару және климаттық мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі жоспарлар мен іс-шараларды әзірлейді;
- Климаттық бастамаларды іске асыруды және бөлімшелер арасында жауапкершілікті бөлуді үйлестіреді және мониторинг жүргізеді;
- Климаттық тәуекелдер және тұрақты дамудағы ілгерілеу туралы тұрақты есептілікті ұсынады.

Климаттың өзгеруі саласындағы стратегия

Климаттың өзгеруі саласындағы стратегия «KEGOC» АҚ энергетикалық ауысу жағдайында тұрақты дамудың маңыздылығын мойындай отырып, климаттық күн тәртібін стратегиялық және операциялық басқаруға дәйекті түрде интеграциялайды. Компанияның климаттық іс-қимылдарының негізі ретінде Климаттық бағдарлама, сондай-ақ декарбонизация, энергия үнемдеу және климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі мақсаттарды қамтитын «KEGOC» АҚ-ның 2031 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы және 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу пайымы (ТКДБ) сияқты ішкі құжаттар қызмет етеді.

Атап айтқанда, тұрақты даму мен көміртекті ізді төмендету саласындағы мақсаттар Қазақстан Республикасының көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген ТКДБ-да бекітілген. ТКДБ энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру және тікелей әрі жанама шығарындыларды кезең-кезеңмен қысқарту жөніндегі іс-шараларды қамтиды. ТКДБ-ның мақсаты – мыналар есебінен көміртекті ізді төмендетуді қамтамасыз ететін тәсілдер мен құралдарды ресімдеу:

- өндірістік ерекшелікті ескере отырып декарбонизация әлеуетін бағалау;
- шығарындыларды төмендету жөніндегі басым бағыттар мен іс-шараларды айқындау;
- 2060 жылға дейін CO_2 шығарындыларын болжау;
- персоналдың климаттық сауаттылығын арттыру және эмиссияларды қысқарту саласындағы жаһандық практикаларды тарату.

Негізгі міндеттер ретінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды төмендету, энергия шығындарын есепке алу мен бақылау жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу көрінеді.

Компания өзінің жүйелік оператор және электр желілерінің операторы ретіндегі рөлінің ерекшеліктерін ескереді, бұл ЖЭК жобаларын тікелей іске асыру мүмкіндіктерін шектейді. Алайда, «KEGOC» АҚ ҒЗТКЖ-ға белсенді қатысады және ЭЭЖЖ сияқты пилоттық шешімдерді енгізуді қарастырады. 2025 жылы China Power International Development Limited, China Power International Holding Limited және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ-мен мақсаты ЖЭК-ті интеграциялау кезінде электр энергиясын сақтау жүйелерінің БЭЖ-ді реттеуге әсерін зерттеу болып табылатын «ҚР БЭЖ-іне электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу» Пилоттық жобасын іске асыру жалғастырылды.


«KEGOC» АҚ-ның жүйелік оператор және Ұлттық электр желісінің операторы ретіндегі рөлін ескере отырып, Компанияның Қазақстан Республикасы экономикасын декарбонизациялауға қосатын негізгі үлесі тек өзінің шығарындыларын төмендетумен ғана емес, сонымен бірге ЖЭК-ті интеграциялау, энергожүйенің икемділігін арттыру және төмен көміртекті энергетиканы дамыту үшін инфрақұрылымдық жағдайларды қамтамасыз етумен де байланысты. Бұл тәсілдер сондай-ақ Компанияның стратегиялық мақсаттарында, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісін озық дамыту, ЖЭК-ті тиімді интеграциялау және Smart Grid интеллектуалды энергожүйесін енгізуде көрсетілген.



Төмен көміртекті дамуға көшу мынадай шараларды қамтиды:

- ІЖҚ-мен автокөлікті электромобильдерге біртіндеп ауыстыру (Scope 1);
- сатып алынатын «жасыл» электр энергиясының үлесін ұлғайту (Scope 2);
- цифрлық шешімдерді (Smart Grid) дамыту, энергоаудиттер жүргізу, жабдықты жаңғырту, ресурс үнемдеуді ынталандыру (Scope 1 және Scope 2);
- ағымдағы жасыл жобаларды іске асыру (Scope 2): Батыс Қазақстан энергожүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру. Электр желілік объектілерді салу; Қазақстан Республикасы БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту;
- перспективалы жасыл жобаларды іске асыру (Scope 2): Астана қ. сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасын күшейту. Электр желілік объектілерді салу; Қазақстан БЭЖ-нің транзиттік әлеуеті мен өткізу қабілетін арттыру; Қарағанды ҚС – Жезқазған ҚС – Қызылорда ҚС – Шымкент ҚС 500 кВ ӘЖ салу; Батыс энергетикалық торабын күшейту; Қарабатан ҚС – Бейнеу ҚС – Маңғыстау ҚС 500 кВ ӘЖ салу; Батыс аймақты Қазақстан Республикасы БЭЖ-імен біріктіру. II кезең).

«KEGOC» АҚ-ның шығарындылар көздері бойынша декарбонизацияның негізгі тұтқалары



* LPG (Liquefied Petroleum Gas) – Сұйытылған көмірсутек газдары (СКГ): пропан, пропан-бутан қоспасы, бутан.


EV (Electric Vehicles) – Электромобильдер.

ҒЗТҚЖ – Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

SCOPE 1 БОЙЫНША ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТУ:

- Стационарлық көздерден болатын шығарындылар: отынды жағу деңгейіне және жабдықтың техникалық жай-күйіне, сондай-ақ оны отандық және халықаралық нарықтарда жаңартуға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Әлеуетті түрде қолжетімді әрі тиімді балама технологияларды кеңінен енгізу, әсіресе электр байланысын қамтамасыз ету авариялық жағдайларында шығарындыларды төмендетуге ықпал етеді.
- Мобильді көздерден болатын шығарындылар: 2030–2031 жылдары Ақмола және Алматы ЖЭТ филиалдарында және Атқарушы дирекцияда өндірістік әрі әкімшілік персоналды тасымалдау үшін ІЖҚ-мен 19 жеңіл автокөлік құралын (115 бірліктен) электромобильдерге ауыстыру жоспарлануда. Іске асырылатын іс-шаралардың нәтижелері бойынша CO_2 тікелей шығарындыларының 2030 жылы 2%-ға және 2031 жылы 3%-ға төмендеуі күтіледі.

«KEGOC» АҚ-ның 2031 жылға дейінгі күтілетін тікелей шығарындылары,
тонна CO_2




SCOPE 2 БОЙЫНША ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТУ:

Компания технологиялық мақсаттарға, оның ішінде электр энергиясын ҚР ҰЭЖ-і бойынша беру кезінде оның технологиялық шығынын өтеуге арналған электр энергиясын, сондай-ақ шаруашылық қажеттіліктерге электр энергиясын Бірыңғай сатып алушыдан («ЖЭК жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС) сатып алады, ол өз кезегінде барлық ЭПО-дан, оның ішінде жаңартылатын энергетика объектілері өндірген электр энергиясын сатып алады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша генерацияның жалпы көлеміндегі ЖЭК генерациясының үлесі 7,0%-ды құрады. Электр энергиясының технологиялық шығыны көлеміндегі «жасыл» энергияның болжамды үлесі 2028 жылға қарай – 12%, 2032 жылға қарай – 19%.

Компания ұлттық заңнаманы жетілдіруге, ҰЭЖ-ді дамыту мен ЖЭК-ті қосу үшін жағдай жасау жобаларын іске асыруға, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы жобаларды әзірлеу мен іске асыруға белсенді қатысады.

Технологиялық шығынды өтеуге арналған электр энергиясын сатып алудың жоспарлы көлемдері («Көміртектік бейтараптық» сценарийі)



Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу саясатының негізгі басымдықтары мыналарды қамтиды:

- энергоресурстарды есепке алу мен басқару жүйелерін оңтайландыру;
- тұтынудың нысаналы көрсеткіштерін негіздеу мен нормалау;
- персоналдың энергия үнемдеу саласындағы құзыреттерін арттыру;
- инновациялық энергия үнемдеуші шешімдерді енгізу бойынша сыртқы серіктестермен өзара іс-қимыл;
- ресурстарды тұтынуды қысқарту жөніндегі идеялар мен бастамаларды генерациялауға жұмыскерлерді тарту;
- энергетикалық аудиттер жүргізу және тиісті іс-шараларды іске асыру;
- жабдықты энергия тиімді шешімдерге көше отырып жаңғырту және т.б.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада Компания 2026–2031 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жоспарын іске асыруға бағдарланады. Басым бағыттардың арасында жарықтандыру мен жылыту жүйелерін жаңғырту, энергия тиімді қазандықтарды орнату, есіктерді ауыстыру, ғимараттарды жылыту бар. Күтілетін әсер – энергоресурстарды тұтынуды 1,8 мың ш.о.т.-қа төмендету.

Одан әрі даму тұрақты энергоаудиттер жүргізуді және бесжылдық бағдарламаларды жаңартуды көздейді. Цифрлық трансформация шеңберінде «KEGOC» АҚ тиімділікті арттыру үшін IoT, ЖИ және бұлттық шешімдер технологияларын енгізеді. ҒЗТКЖ саласында назар технологиялық шығынды төмендетуге, оның ішінде «Солтүстік-Оңтүстік» 500 кВ ӘЖ-дегі сымдарды роботтандырылған тазалау есебінен бағытталған. Компания орта мерзімді перспективаға жобалар портфелін оларды «Самұрық-Қазына» тобының ҒЗТКЖ қоры арқылы қаржыландыру мүмкіндігімен қалыптастыруға ниетті.

Жаңартылатын энергия көздерінен (ЖЭК) өндірілетін электр энергиясы үлесінің тұрақты өсуі энергияны үнемдеу және энерготиімділікті арттыру шараларымен біріге отырып, Компания сатып алатын электр энергиясының көміртек сыйымдылығының дәйекті түрде төмендеуіне жағдай жасайды. 2031 жылға қарай Компания технологиялық шығынды өтеу үшін сатып алынатын электр энергиясы көлеміндегі «жасыл» электр энергиясының үлесін 20%-ға жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл Компанияның Scope 2 шығарындыларын азайтудың және төмен көміртекті стратегиясын жүзеге асырудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІ БАҒАЛАУ

Климаттық модельдеу Қазақстан Республикасының көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясына сәйкес таңдалған 2060 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Климаттық тәуекелдерді қаржылық модельдеу төрт сценарий бойынша (RCP2.6, RCP4.5, RCP8.5, NZE 2050) жүргізілді. Ол негізгі аспектілерді қамтиды: түсім, OPEX, CAPEX, EBITDA және операциялық пайда. Талдау барлық сценарийлерде, оның ішінде RCP8.5 стресс-сценарийінде Компанияның жоғары тұрақтылығын көрсетті. Модельдер реттеудегі, электр энергиясы бағаларындағы, климаттық параметрлердегі ықтимал өзгерістерді және инфрақұрылымдық талаптарды ескерді.

Әрбір сценарий үшін кірістер, шығыстар, күрделі шығындар мен EBITDA туралы ағымдағы деректер негізінде қаржылық көрсеткіштерді 2060 жылға дейін экстраполяциялау жүргізілді. Қаржылық бағалаулар операциялық және инвестициялық ағындарға климаттық әсерлерді ескере отырып, «KEGOC» АҚ-ның кірістер мен шығыстарының толық моделіне негізделген.

Компания климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін сценарийлік талдауды пайдаланады:

- «Көміртектік бейтараптық» сценарийі ЖЭК үлесінің өсуін, шығарындылардың төмендеуін және энергия тиімді технологияларды енгізуді көздейді.
- «Әдеттегі бизнес» сценарийі климаттық реформалар болмаған жағдайда шығындардың ықтимал өсуін және бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуін көрсетеді.

«KEGOC» АҚ климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді әртүрлі уақытша горизонттарда қарастырады:

- **Қысқа мерзімді (2025 жылға дейін):** ЭЭЖЖ сияқты пилоттық жобаларды іске асыру, Энергия үнемдеу жоспарын орындау, мониторингті енгізу.
- **Орта мерзімді (2031 жылға дейін):** Scope 1 және Scope 2 қысқарту жөніндегі нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу, энергожүйенің тұрақтылығын арттыру.
- **Ұзақ мерзімді (2060 жылға дейін):** көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу, инфрақұрылымды толық бейімдеу.

Климаттық тәуекелдерді бағалау «KEGOC» АҚ-ның құн жасау тізбегінің барлық буындарын қамтиды. ҰЭЖ-ді жобалау, салу және жаңғырту, электр энергиясын беру, генерацияны болжау кезеңдерінде температуралық және су тасқыны әсерлеріне осалдық талданады, жабдықты пайдалану, диспетчерлік басқару және теңгерімдеу кезеңінде экстремалды ауа райы талданады, стационарлық және мобильді көздерден болатын шығарындыларға мониторинг жүргізіледі. Энергияны тұтыну кезеңінде технологиялық қажеттіліктерге электр энергиясын пайдаланудан болатын жанама шығарындылар ескеріледі. Инновациялар мен ҒЗТКЖ блогында технологиялық шешімдер, оның ішінде Smart Grid және ЭЭЖЖ жүйелері пысықталады. Жеткізілімдерді басқару кезеңінде жеткізушілер ESG-критерийлері бойынша, оның ішінде экологиялық жауапкершілік пен тұрақты даму стандарттарына сәйкестік бойынша бағаланады.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

«KEGOC» АҚ-да физикалық климаттық тәуекелдерді бағалау 2060 жылға дейінгі сценарийлік тәсілді пайдалана отырып жүргізілді және негізгі климаттық параметрлерді қамтиды: температура, су тасқындары және сыни маңызды активтердің осалдығына назар аудара отырып экстремалды ауа райы құбылыстары. Талдау RCP сценарийлеріне негізделген және Компанияның инфрақұрылымы мен қаржылық көрсеткіштеріне ықтимал салдарларды көрсетеді.

«KEGOC» АҚ-ның климаттық өзгерістерін талдау үшін өзекті индикаторлардың тізімі

ТЕМПЕРАТУРА

Түрі
Созылмалы

Индикатор/өлшем бірлігі
Жылдық ең төменгі тәуліктік температура (°C)

Экспозиция тәуекелін талдау үшін маңыздылығы
Төмен температуралар жабдықтың қатуына және жылытуға арналған шығындардың артуына, желілердің мұздануына әкелуі мүмкін

Түрі
Созылмалы

Индикатор/өлшем бірлігі
Жылдық ең жоғары тәуліктік температура (°C)

Экспозиция тәуекелін талдау үшін маңыздылығы
Жоғары температура электр энергиясын тұтынудың өсуіне әкелуі және жабдықты шамадан тыс қыздырып, олардың тиімділігін төмендетіп, тозуын жеделдетуі мүмкін.

СУ ТАСҚЫНЫ

Түрі
Жедел

Индикатор/өлшем бірлігі
Су тасқыны (м)

Экспозиция тәуекелін талдау үшін маңыздылығы
Су тасқындары қысқа тұйықталуларды, қосалқы станциялардың зақымдануын және электрмен жабдықтаудағы ұзақ үзілістерді тудыруы мүмкін.

ЭКСТРЕМАЛДЫ АУА РАЙЫ

Түрі
Жедел

Индикатор/өлшем бірлігі
Желдің ең жоғары жылдамдығы (м/с)

Экспозиция тәуекелін талдау үшін маңыздылығы
Күшті желдер әуе электр беру желілерін зақымдап, тіреулерді сындырып, ағаштардың сымдарға құлауы салдарынан авариялар әкелуі мүмкін.



Температура: Орташа және экстремалды температураның өсуі негізгі климаттық сын-қатерлердің бірі ретінде танылды. Модельдерге сәйкес ауаның жер үсті орташа температурасы RCP8.5 сценарийінде базалық деңгеймен салыстырғанда 2060 жылға қарай +58,5%-ға дейін артуы мүмкін. Ең төмен температуралар да 3–4 есе артады, бұл суық кезеңдердің күрт қысқаруын көрсетеді. Температуралардың ең жоғары өсуі Түркістан облысы үшін тіркелді, онда 2060 жылға қарай ең жоғары температура 22,99 °C-қа, ал ең төмені – 9,28 °C-қа жетуі мүмкін, бұл трансформаторларды салқындату жүйелеріне қысым жасайды, жабдықтың тозуын жеделдетеді, оқшаулаудың істен шығу тәуекелін арттырады және шамадан тыс қызудан ӘЖ-нің өткізу қабілетін төмендетеді.

Су тасқындары: Су тасқындары Атырау мен Маңғыстау облыстарында ең үлкен қауіп төндіреді. 2060 жылға қарай RCP8.5 сценарийінде Маңғыстауда су тасқынының орташа деңгейі 0,7 м-ге жетуі мүмкін. Бұл әсіресе ойпатты учаскелерде тарату пункттері мен станциялардың су басу тәуекелін тудырады. Ықтимал залал энергия берудегі ұзақ үзілістерді, жабдықтың зақымдануын және авариялық қалпына келтіруге шығындардың өсуін қамтиды.

Экстремалды ауа райы: Желдің максималды жылдамдығының 2,6%-ға төмендеуіне қарамастан, жел жүктемелері солтүстік және орталық аймақтарда жоғары болып қала береді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында RCP8.5 сценарийінің өзінде желдің ең жоғары жылдамдығы 2060 жылға қарай 39,52 м/с деңгейінде болжанады. Бұл ЭБЖ жай-күйін тұрақты мониторингтеуді, демпферлеуші құрылғыларды енгізуді және үзілулер мен деформацияны болдырмау үшін конструкцияларды күшейтуді талап етеді.

Физикалық климаттық тәуекелдерге Түркістан, Алматы, Қарағанды, Атырау және Маңғыстау облыстары ең осал деп танылды. Мұнда елеулі климаттық жүктемелерге ұшырайтын Компанияның негізгі активтері шоғырланған. Объектілердің ерекшелігін ескере отырып, әрбір өңір үшін басым бейімдеу іс-шараларының тізбесі қалыптастырылды.

KEGOC.KZ

Сценарийлік талдау мен өтпелі климаттық тәуекелдерді бағалау кезінде «KEGOC» АҚ көміртекті реттеудің, электр энергиясы құнының және климаттық саясат талаптарының өзгерістерінің Компанияның қаржылық көрсеткіштері мен инвестициялық шешімдеріне ықтимал әсерін ескереді.

Климаттық модельдеу шеңберінде «KEGOC» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі горизонтта физикалық климаттық тәуекелдердің ықтимал қаржылық салдарлары сандық тұрғыдан бағаланды. Талдау екі негізгі блокты қамтиды: климаттық параметрлердің өзгеруінен туындаған тәуекелдер (температура, су тасқындары, экстремалды желдер) және инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру үшін бейімдеу шараларына арналған шығындар.

Бейімдеу жөніндегі шаралар қабылданбаған жағдайда, физикалық климаттық факторлардың (жабдықтың шамадан тыс қызуы, қосалқы станциялардың су басуы, желден болатын зақымданулар) әсерінен болатын жиынтық қаржылық шығындар 2060 жылға қарай 261 млрд теңгеге жетуі мүмкін. Бейімдеу шараларын (инфрақұрылымды күшейту, мониторингті енгізу, салқындату жүйелерін жаңғырту, интеллектуалды басқару жүйелерін енгізу) іске асыру құны 2030 жылдан 2060 жылға дейінгі кезеңде 314 млрд теңгеден астам деп бағаланды.

ӨТПЕЛІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

«KEGOC» АҚ өтпелі тәуекелдерді климаттық талдаудың маңызды бағыты ретінде қарастырады. Жаһандық энергетикалық ауысу жағдайында мемлекеттік саясаттың, нормативтік талаптардың, технологиялық стандарттар мен нарықтық жағдайлардың өзгерістерінің ықтимал салдарларына ерекше назар аударылды.

Климаттық бағдарламаны әзірлеу кезінде негізгі өтпелі тәуекелдердің Компанияның операциялық және инвестициялық қызметіне 2060 жылға дейінгі горизонтпен әсеріне қаржылық бағалау жүргізілді. Бағалау түсім, операциялық және күрделі шығыстар, EBITDA және операциялық пайда сияқты параметрлерді ескере отырып, 4 климаттық сценарий (RCP2.6, RCP4.5, RCP8.5 және NZE 2050) бойынша орындалды.

Ең елеулі тәуекелдер энергия тиімділігі стандарттарын қатаңдатумен, электр энергиясы құнының артуымен және ESG саласындағы жаңа талаптарға сәйкес келу қажеттігімен байланысты. «KEGOC» АҚ квоталау субъектісі болып табылмайтынына және көміртек нарығына тікелей қатыспайтынына қарамастан, реттеудегі өзгерістер сатып алынатын энергияның құнына әсер етеді және инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту қажеттігін қалыптастырады.

Сценарийлік талдау мен өтпелі климаттық тәуекелдерді бағалау кезінде «KEGOC» АҚ көміртекті реттеудің, электр энергиясы құнының және климаттық саясат талаптарының өзгерістерінің Компанияның қаржылық көрсеткіштері мен инвестициялық шешімдеріне ықтимал әсерін ескереді. Талдау шеңберінде жаңа стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру үшін 2060 жылға дейін шамамен 90 млрд теңге инвестициялау қажет болатыны айқындалды. Аталған шаралар болмаған жағдайда қаржылық салдарлар 2030 жылдан бастап 138 млрд теңгеге жетуі мүмкін. Бұл бағалаулар технологиялық жаңартуға арналған тікелей шығындарды да, тарифтік жүктеменің артуымен және реттеуші шектеулермен байланысты жанама шығындарды да ескереді.

Басым шаралардың бірі – электр энергиясын берудің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған озық цифрлық шешімдер мен интеллектуалды басқару технологияларын (Smart Grid) енгізу. Мұндай технологиялар операциялық шығындарды төмендетуге, энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға және инвесторлар мен реттеушілердің өсіп келе жатқан климаттық күтулеріне сәйкестікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

КЛИМ АТТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ БАҒАЛАУ

«KEGOC» АҚ климаттық өзгерістерді тек тәуекел көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге тұрақтылықты арттыру, технологиялық жаңғырту және инвестициялық тартымдылық үшін елеулі мүмкіндіктер ретінде де қарастырады. Климаттық мүмкіндіктерді бағалау энергия тиімді шешімдерді енгізу, энергияны интеллектуалды басқару жүйелерін қолдану және энергияны жинақтау саласындағы пилоттық жобаларды іске асыру сияқты бағыттарды қамтиды.

Стратегиялық тұрғыдан маңызды мүмкіндіктердің бірі – интеллектуалды инфрақұрылымды дамыту. Қазақстанның оңтүстігінде қуаты 5 МВт ЭЭЖЖ орнату жөніндегі пилоттық жоба жүйенің икемділігін арттыру, ЖЭК-ті интеграциялау және шыңдық жүктемелерді басқаруды жақсарту әлеуетін зерттеуге мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді перспективада – бұл энергожүйені ұлттық деңгейде жаңғырту жөніндегі ауқымдалатын шешімдердің базасы.

Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ-да қолданыстағы энергия үнемдеу бағдарламалары, инфрақұрылымды жаңғырту және цифрлық шешімдерді енгізу шеңберінде энергия тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылады. Компанияда персоналды рационализаторлық ұсыныстар ұсынуға ынталандыру жүйесі жұмыс істейді, ал ҒЗТКЖ шеңберіндегі іс-шаралар энергия беру кезінде технологиялық шығындарды төмендетуге ықпал ететін шешімдерді әзірлеуге бағытталған.


Климаттық тәуекелдердің қаржылық әсерінің негізгі аспектілері

Физикалық тәуекелдердің ықтимал қаржылық әсерлері:	Өтпелі тәуекелдердің ықтимал қаржылық әсерлері:
▣ Активтерге залал және оларды жоғалту ▣ Жеткізу тізбегіндегі бұзылулар ▣ Операциялық шығындардың өсуі ▣ Қалпына келтіру мен жөндеуге арналған күтпеген шығыстар ▣ Ресурстарға қолжетімділіктің шектелуі ▣ Активтер құнының төмендеуі ▣ Іскерлік белсенділіктің үзілуі және мәжбүрлі бос тұрып қалу	▣ Активтердің құнсыздануы ▣ Жаңа нормативтік талаптарға сәйкес келуге арналған жоғары шығындар ▣ Мемлекеттік саясаттағы өзгерістер салдарынан капитал құнының артуы ▣ Көміртекті экономикамен байланысты тауарлар мен қызметтерге сұраныстың төмендеуі ▣ Технологияларды жаңғырту мен бейімдеуге арналған шығындардың өсуі ▣ Нарықтық жағдайлар мен бәсекеге қабілеттіліктің өзгеруі ▣ Энергетика нарығындағы өзгерістер ▣ Сот талаптары мен беделдік шығындар тәуекелдері ▣ ESG-ге бағдарланған инвесторлардан қаржыландыруға қол жеткізудің шектелуі

Климаттық бағдарламаның есептеулеріне сәйкес, климаттық мүмкіндіктерді іске асырудан болатын жыл сайынғы әлеуетті экономикалық әсер 2031 жылдан бастап жылына 5–10 млрд теңгені құрайды. Бұл электр энергиясының технологиялық шығынын үнемдеу, операциялық шығындарды қысқарту, энергия тиімділігін жақсарту және авариялық ажыратулар тәуекелін төмендету есебінен қол жеткізіледі. Бұл ретте осы бағыттарды дамытуға жыл сайынғы инвестициялар 2030 жылдан бастап 4 млрд теңге деңгейінде бағаланады.

Климаттың өзгеруі саласындағы тәуекелдерді басқару

Климаттың өзгеруі саласындағы тәуекелдерді басқару «KEGOC» АҚ COSO ERM біріктірілген моделінің қағидаттарына және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік талаптарына негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін енгізді әрі дәйекті түрде дамытады. Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі (КТБЖ) корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады және Компанияның стратегиялық әрі операциялық мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға және басқаруға бағытталған.



КТБЖ мақсаты – климаттың өзгеруін қоса алғанда, сыртқы және ішкі факторлардың әсерін барынша азайту есебінен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету. Климаттық тәуекелдерді басқару жалпы жүйеге интеграцияланған: олар сәйкестендіріледі, бағаланады және қажет болған жағдайда олардың ықтимал қаржылық әсері негізінде сандық талдауға ұшырайды. Бағалау процесінде GRI, SASB және ESRS халықаралық стандарттарын қоса алғанда, қолданыстағы да, күтілетін де нормативтік талаптар ескеріледі.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, негізгі құжаттарды бекітеді және тәуекелдерді басқаруға қатысты «жоғарыдан үнді» айқындайды. Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет климаттық тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда, КТБЖ жұмыс істеуінің тиімділігіне бақылауды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылатын құжаттар осы комитетте алдын ала қаралады.


«KEGOC» АҚ сондай-ақ жеткізушілермен өзара іс-қимыл кезінде климаттық және экологиялық тәуекелдерді ескереді. Контрагенттерді таңдау кезінде сауалнама жүргізуді, экологиялық талаптарға сәйкестікті бағалауды, сондай-ақ жария шектеулерді талдауды қамтитын алдын ала тексеру рәсімдері қолданылады. Шарттардың шарттарында жеткізушілердің қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму және қауіпсіздік саласындағы стандарттарды қоса алғанда, қолданылатын нормаларды сақтау жөніндегі міндеттемелері бекітілген.

Климаттық мүмкіндіктер «KEGOC» АҚ стратегиялық дамуының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Тұрақты инфрақұрылымды дамыту, энергия тиімділігін арттыру және ұлттық климаттық саясатты қолдау тәуекелді төмендетуге және барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құн қалыптастыруға ықпал етеді.

КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МЕН БАҒАЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ

Компаниядағы климаттық тәуекелдер физикалық (жедел және созылмалы) және өтпелі (саясатпен, нарықтармен, технологиялармен және беделмен байланысты) болып жіктеледі. Климаттық тәуекелдерді айқындау олардың компанияның активтеріне, процестеріне және қаржылық көрсеткіштеріне ықтимал әсерін ескере отырып жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді тұрақтылыққа немесе «KEGOC» АҚ стратегиялық міндеттерін орындауға әсер етуі мүмкін тәуекелдерге басымдық беріледі.

Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктердің санаттары



Осы тәуекелдердің ауқымы мен маңыздылығын бағалау үшін мыналарды талдауға негізделген бейімделген әдістеме қолданылады:

- активтердің географиялық орналасуы;
- климаттық сценарийлер (RCP 2.6, 4.5, 8.5 және NZE 2050);
- болжамды климаттық әсерлер; тарихи климаттық деректер (оның ішінде Climate Change Knowledge Portal және «Қазгидромет» РМК);
- негізгі объектілердің климат өзгерістеріне сезімталдығы;
- ықтимал қаржылық салдарлар, оның ішінде EBITDA-ға, операциялық шығыстарға және қалпына келтіру құнына әсер.

KEGOC-тың климаттық тәуекелдерді бағалауы құн жасаудың бүкіл циклін, оның ішінде upstream-ді (жабдық пен қызметтерді жеткізушілер), меншікті операцияларды, сондай-ақ downstream-ді – Бірыңғай энергожүйенің пайдаланушыларын, тарату желілерінің операторларын, қуат нарығының қатысушыларын және электр энергиясын өндірушілерді, оның ішінде ЖЭК-ті қамтиды. Downstream-тәуекелдер мыналарды қамтиды: нарықтық және технологиялық өзгерістер, жүктеме мен сұранысқа әсер ететін климаттық оқиғалар, ЖЭК генерациясының тұрақтылығы тәуекелдері және нарықтың орталықсыздануымен байланысты өтпелі тәуекелдер.

ФИЗИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Физикалық климаттық тәуекелдерді сәйкестендіру процесі халықаралық және ұлттық көздерді – оның ішінде IPCC климаттық модельдерін (RCP2.6, RCP4.5, RCP8.5 сценарийлері), Халықаралық энергетикалық агенттіктің сценарийлерін (IEA NZE 2050), сондай-ақ «Қазгидромет» РМК ұсынған ұзақ мерзімді болжамдарды пайдалана отырып, климаттық өзгерістерді сценарийлік талдауға негізделген.

«KEGOC» АҚ-ның 83 қосалқы станциясы мен инфрақұрылым объектілері үшін физикалық тәуекелдердің 2 негізгі санаты бойынша талдау жүргізілді:

- **Жедел тәуекелдер**
  Трансформаторлық қосалқы станциялардың су басуына, жабдықтың зақымдануына және электрмен жабдықтаудың бұзылуына әкелуі мүмкін тасқындар мен су тасқындары; ЭБЖ тіреулерінің бұзылуын, сымдардың үзілуін және жаппай ажыратуларды тудыруы мүмкін дауылдар, екпінді желдер мен найзағайлар; ӘЖ-де мұздың жиналуына, конструкцияларға жүктеменің артуына және авариялық жағдайдың өсуіне әкелетін қарлы жауын-шашын мен көктайғақ.

- **Созылмалы тәуекелдер**
  Жабдыққа жылу жүктемесін күшейтетін, желілердегі шығындарды арттыратын және активтердің тозуын жеделдететін орташа жылдық температуралардың артуы; топырақтың тұрақтылығына әсер етуі, конструкциялардың коррозиясын тудыруы және инфрақұрылымды нығайту жөніндегі қосымша шараларды талап етуі мүмкін жауын-шашын мен ылғалдылық режимінің өзгеруі; жабдықты қосымша салқындатуды және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың артуын талап ететін ыстық кезеңдердің ұзақтығының артуы; әсіресе оңтүстік және каспий маңы өңірлерінде жоғары ылғалдылық пен температура салдарынан «коронды» шығындардың деңгейінің артуы.

Тәуекелдерді бағалау көпкритерийлі талдау әдістемесін қолдану арқылы жүргізілді, оған мыналар кіреді:

- климаттық оқиғаның туындауын ықтималдық бағалау (2100 жылға дейінгі метеорологиялық сценарийлер негізінде);
- инфрақұрылымның нақты объектісінің осалдығын бағалау;
- жүйенің және Компания бизнесінің жұмыс істеуіне ықтимал әсерді айқындау.

Бұдан басқа, Қазақстанның географиялық және климаттық біркелкі еместігін ескере отырып, тәуекелдердің өңірлік стратификациясы жүргізілді, бұл ең сезімтал аймақтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: елдің оңтүстігі жылу тәуекелдеріне, батысы – су тасқыны тәуекелдеріне, орталық және шығыс өңірлер – кешенді әсерлерге ұшырайды.

«KEGOC» АҚ-ның құн жасау тізбегі және онымен байланысты климаттық тәуекелдер

Бизнес аспектілері	Тәуекел санаты	Ішкі санаты	Климаттық тәуекелдің егжей-тегжейлі сипаттамасы	Әсерінің сипаттамасы
Пайдалану және инфрақұрылым	Созылмалы	Температура	Температураның тұрақты артуы желілер мен жабдыққа жүктемені арттырып, олардың шамадан тыс қызуын және жеделдетілген тозуын тудырады.	▣ Апаттық ажыратулар ▣ Қызмет көрсетуге арналған қосымша ресурстар ▣ Жүктемелердің өсуі салдарынан электр энергиясы шығындарының артуы
Инфрақұрылым	Созылмалы	Температура	Жоғары температуралар трансформаторларды салқындату жүйелеріне әсер етуі мүмкін, бұл олардың істен шығу ықтималдығын арттырады.	▣ Салқындату үшін жиі ажырату ▣ Электр энергиясын беру тиімділігінің төмендеуі (электр энергиясын желілер бойынша беру кезіндегі шығындар)
Операциялар	Созылмалы	Жоғары ылғалдылық пен жауын-шашын	Жауын-шашын мөлшерінің артуы инфрақұрылымның тұрақтылығына әсер етіп, шайылудан қорғау жөніндегі қосымша шараларды талап етуі мүмкін.	▣ Жабдықтың зақымдануы мен ақаулары салдарынан жұмыстың үзілуі ▣ Объектілерді нығайтуға арналған шығындардың артуы ▣ Инфрақұрылымның металл бөліктерінің коррозия тәуекелі ▣ «Корона» салдарынан электр энергиясы шығындарының артуы
	Жедел	Су тасқыны	Тасқындар мен су тасқындары қосалқы станцияларды су басып, жабдықтың зақымдануын және жүйе жұмысындағы үзілістерді тудыруы мүмкін.	▣ Электрмен жабдықтаудағы үзілістер, бұл әсіресе электр энергиясын тұтыну көлемі жоғары аймақтарда сыни маңызды ▣ Жабдықты жөндеу мен қалпына келтіруге арналған операциялық шығыстардың артуы
	Созылмалы	Экстремалды ауа райы (жел жүктемесі)	Күшті желдер мен дауылдар сымдардың зақымдануын немесе үзілуін, тіреулердің бұзылуын тудыруы мүмкін, бұл электр энергиясын берудегі ақауларға әкеледі.	▣ Электрмен жабдықтаудағы ұзақ үзілістер ▣ Энергожүйенің тұрақтылығына әсер ▣ Жөндеу мен қалпына келтіруге арналған шығындардың артуы

ӨТПЕЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР

«KEGOC» АҚ TCFD ұсынымдарына және IFRS S1 мен S2 стандарттарының талаптарына сәйкес өтпелі климаттық тәуекелдерді анықтау жөніндегі жүйелі жұмыс жүргізеді. Талдау электр желілік сектордың ерекшелігін және өзекті реттеуші ландшафтты ескере отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады. Өтпелі тәуекелдердің негізгі санаттары ретінде Компания құқықтық, технологиялық және нарықтық тәуекелдерді қарастырады.

Құқықтық тәуекелдер

Төмен көміртекті экономикаға көшу климаттық реттеудің өсуімен қатар жүреді. Құқықтық тәуекелдерді сәйкестендіру шеңберінде «KEGOC» АҚ заңнамадағы ықтимал өзгерістерді, оның ішінде шығарындылар нормативтерін белгілеуді, көміртекке ішкі және сыртқы баға белгілеу тетіктерін енгізуді, сондай-ақ кеңейтілген ESG-ашу жөніндегі талаптарды ескереді. Бұл өзгерістер инфрақұрылымды жаңғыртуға инвестицияларды және комплаенс процестерін күшейтуді қоса алғанда, қосымша қаржылық және операциялық шығындарға әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ құқықтық тәуекелдердің елеулі көзі болып жаһандық деңгейде белсенді дамып келе жатқан климаттық сот талаптары табылады. Олардың өсуі есептіліктің ашықтығына және компанияның климаттық тәуекелдерді басқару бөлігіндегі әрекеттерінің дәлелденуіне қойылатын талаптарды күшейтеді, бұл ESG-деректердің дұрыстығына және ашуға ерекше назар аударуды талап етеді.

Технологиялық тәуекелдер

«KEGOC» АҚ ЖЭК-ті, энергияны сақтау жүйелерін және цифрлық шешімдерді дамытуды қоса алғанда, ПГ шығарындыларын төмендетуге ықпал ететін технологиялық трендтерді қадағалайды. Тиімділікті арттыру әлеуетіне қарамастан, бұл технологиялар елеулі инвестицияларды, операциялық процестерді жаңғыртуды және желілік инфрақұрылымды бейімдеуді талап етеді. Компания технологиялық шешімдерді уақтылы енгізбеумен, технологиялық ескірумен немесе климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті инновациялардың шектеулі қолжетімділігімен байланысты ықтимал тәуекелдерді ескереді.

Нарықтық тәуекелдер

«Жасыл» энергетикаға тұрақты сұраныстың қалыптасуы және тұтынушылардың төмен көміртекті шешімдерге басымдық беруі нарықтық ортаға әсер етеді. «KEGOC» АҚ тұтынушылық күтулердегі өзгерістерді, серіктестердің талаптарын, сондай-ақ қаржыландыру шарттарын сұранысқа, капитал құнына және компанияның құн жасау тізбегіндегі ұстанымдарына әсер етуі мүмкін факторлар ретінде қарастырады. Бұл тәуекелдер бизнес-модельді бейімдеуді, операциялық қызметті трансформациялауды және климаттық күн тәртібіне белсенді қатысу арқылы инвестициялық тартымдылықты нығайтуды талап етеді.

КЛИМАТТЫҚ БАҒДАРЛАМА

2024 жылы «KEGOC» АҚ климаттық тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі стратегиялық құжат ретінде 2025–2060 жж. кезеңге арналған Климаттық бағдарламаны бекітті. Климаттық бағдарлама электр желілік инфрақұрылымның өзгеретін климаттық жағдайларға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған және TCFD ұсынымдарын, сондай-ақ IPCC пен IEA климаттық сценарийлерін қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес іске асырылды.

Құжат физикалық және өтпелі тәуекелдерді бағалауды, әртүрлі климаттық сценарийлердің 83 ҚС-қа әсерін модельдеуді, активтердің осалдығын талдауды және басым бейімдеу шараларын айқындауды қамтиды. Климаттық бағдарлама активтердің географиясын және «KEGOC» АҚ-ның жүйелік функцияларының сипатын ескере отырып, энергетика секторының ерекшелігін көрсетеді.

Климаттық тәуекелдер Компанияның корпоративтік тәуекелдерінің бірыңғай тізіліміне интеграцияланған, онда олар еншілес ұйымдар деңгейінде бағаланады және Тәуекелдерді басқарудың бірыңғай орталығына беріледі. Тәуекелдер жіктеледі, мәртебе алады (қолайлы немесе ден қоюды талап ететін) және бақылау шараларымен сүйемелденеді. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі осы саладағы стратегиялық басшылықты қамтамасыз етеді, Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді қаржылық емес есептілік шеңберінде қарайды, ал Басқарма Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесінің қатысуымен Климаттық бағдарламаның ережелерін іске асыруға жауап береді.

Климаттың өзгеруі саласындағы көрсеткіштер мен мақсаттар

GRI 305-1, GRI 305-2, GRI 305-4, GRI 305-5

Электр желілік компания ретінде «KEGOC» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғауға ең елеулі үлесі парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға және ЖЭК интеграциясына жағдай жасауға байланысты.

Төмен көміртекті күн тәртібін интеграциялау «KEGOC» АҚ-ға ЖЭК-ті техникалық қосу жөніндегі Жүйелік оператор рөлін орындауға ғана емес, сонымен бірге инвестициялық тартымдылықты нығайтуға, инвесторлардың күтулеріне сәйкес келуге және тұрақты климаттық амбицияларды көрсетуге мүмкіндік береді.

ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ТҮГЕНДЕУ

«KEGOC» АҚ ПГ шығарындыларын жыл сайынғы түгендеуді халықаралық деңгейде танылған тәсілдерге – Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының әдіснамасына (IPCC, 2006), Парниктік газдар жөніндегі нұсқаулыққа (GHG Protocol) және Париж келісімінің ережелеріне сәйкес іске асырады. ПГ түгендеу туралы есеп ұйымдық шекараларды айқындауға операциялық тәсілді қолдана отырып, жалпыкорпоративтік деңгейде шоғырландырылған. 2022 жылы Компания алғаш рет аталған стандарттарға сәйкес толық есеп дайындап, 2022 жылды базалық деп айқындады. Базалық жылды қайта есептеу қолданылатын әдіснама өзгерген, көздерді қамту кеңейтілген немесе бастапқы деректер нақтыланған жағдайда көзделген.

Түгендеу шеңберінде есепке CO_2, CH_4, N_2O және SF_6 газдары кірді. Жаһандық жылыну әлеуеттері IPCC Бесінші бағалау баяндамасына (AR5) сәйкес қолданылады, бұл деректердің халықаралық практикамен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

Тікелей шығарындылардың (Scope 1) негізгі көздеріне мыналар жатады:

- мобильді көздер – өндірістік және жөндеу қызметінде қолданылатын автокөлік;
- стационарлық көздер – авариялық режимдерде және техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын генераторлар мен электр станциялары;
- қосалқы станцияларда пайдаланылатын элегаз ажыратқыштары.

Кондиционерлеу жүйелерінен болатын шығарындылар елеусіздігіне байланысты есепке енгізілмеген. Компания деректерді жинау жүйесін жетілдіруге қарай көздерді қамтуды кеңейту мүмкіндігін қарастырады.

Scope 2 жанама энергетикалық шығарындыларына мыналар жатқызылды:

- технологиялық және шаруашылық қажеттіліктерге, оның ішінде Ұлттық электр желісі бойынша беру кезіндегі электр энергиясының технологиялық шығынын қоса алғанда, электр энергиясын тұтынумен байланысты шығарындылар;
- жылу энергиясын тұтынудан болатын шығарындылар.

2025 жылғы есепке Scope 3 шығарындылары әдіснамалық базаның және деректерді жинау жүйесінің дамуын жалғастыруына байланысты енгізілмеген.

Компания Scope 3 ашуды GHG Protocol талаптарына сәйкес ішкі есепке алу процестерін дамытуды, әдіснаманы жетілдіруді және жеткізушілер мен мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды талап ететін кезең-кезеңмен жасалатын процесс ретінде қарастырады.

Түгендеуді қамтуды кезең-кезеңмен кеңейту мақсатында «KEGOC» АҚ Scope 3 жекелеген санаттарының қолданылуын бағалау бойынша дайындық жұмысын жүргізеді. 2025 жылы Компания мамандары Scope 3 шығарындыларын есептеу мен ашу мәселелері бойынша бейінді оқытудан өтті.

Қазіргі уақытта Компания мердігер ұйымдардың қызметімен және

жобаларды іске асырумен байланысты шығарындыларды қоса алғанда, деректерді жинауды ұйымдастыру мен Scope 3 жекелеген санаттарын бағалау тәсілдерін қарастырады.

«KEGOC» АҚ әдіснаманы әзірлеуді аяқтап, деректерді жинау процестерін қалыптастырғаннан кейін 2027 жылдан бастап Scope 3 жекелеген санаттарын ашуды бастау мүмкіндігін қарастырады.

Шығарындыларды түгендеу экологиялық менеджмент жүйесіне интеграцияланған және климаттық тәуекелдерді бағалау мен декарбонизация жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде пайдаланылады.

ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ

«KEGOC» АҚ парниктік газдарды ұлттық квоталау субъектісі болып табылмайды, өйткені шығарындылар көлемі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген шекті мәндерден төмен. Дегенмен, Компания Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне (БҰҰ-ның «Климаттың өзгеруі туралы» Негіздемелік конвенциясы, Киото хаттамасы, Париж келісімі) және көміртекті ізді төмендету жөніндегі корпоративтік мақсаттарға сәйкес парниктік газдар шығарындыларын ерікті түрде толық түгендеуді жүргізеді.

2025 жылғы парниктік газдар шығарындыларының көрсеткіштері

GRI 305-1, GRI 305-2

Шығарындылар	Барлығы ($тCO_2$-экв)	CO_2 (т)	CH4 ($тCO_2$-экв)	N_2O ($тCO_2$-экв)	SF_6 ($тCO_2$-экв)
Scope 1	10 724,31	9 369,35	45,69	121,35	1 187,93
Scope 2	2 382 629,37	2 382 629,37	–	–	–

Шығарындылардың көрсеткіштері, тонна CO_2-эквивалент

GRI 305-1, GRI 305-2

Шығарындылар	2022	2023	2024	2025
Scope 1	8 887	10 339	13 491	10 724
Scope 2	2 692 188	2 524 980	2 357 187	2 382 629
Барлығы:	**2 701 075**	**2 535 319**	**2 370 678**	**2 393 354**

Тікелей шығарындылар негізінен өндірістік және жөндеу қызметінде пайдаланылатын автокөлік, сондай-ақ авариялық электрмен жабдықтау үшін қолданылатын стационарлық және тасымалданатын генераторлардың жұмысы есебінен қалыптасады. Шығарындылардың қосымша көзі кернеуі 110-500 кВ қосалқы станцияларда жоғары вольтты ажыратқыштарда пайдаланылатын элегаз (SF_6) ағуы болуы мүмкін.

2025 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Scope 1) 10 724 тонна CO_2-эквивалентті құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 2 766 тоннаға аз. Көрсеткіштің төмендеуі ағу қаупі жоғары түйіндерді герметизациялау мен жаңғырту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, элегаз жабдығына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бағдарламасын іске асырумен байланысты.

«KEGOC» АҚ жоғары деңгейдегі пайдалану сенімділігін қамтамасыз ететін әлемдік жетекші өндірушілердің (ABB, Siemens, General Electric) жоғары вольтты элегаз ажыратқыштарын пайдаланады. Жабдыққа қызмет көрсетуді білікті персонал ішкі регламенттерге және халықаралық техникалық стандарттарға сәйкес жүзеге асырады. 2021–2025 жылдары SF_6 ағуының орташа деңгейі жылына 0,12%-ды құрады, бұл 220–500 кВ класындағы жабдық үшін үздік халықаралық практикаларға сәйкес келеді. Қазіргі уақытта 220–500 кВ кернеу класындағы жабдық үшін SF_6-ның технологиялық тұрғыдан жетілген баламалары шектеулі. Сонымен бірге Компания вакуумды технологияларға көшу жөніндегі халықаралық шешімдердің дамуын қадағалайды және «Миргалимсай» 220/110/6 кВ ҚС реконструкциясы» жобасын іске асыру кезінде кернеуі 110 кВ вакуумды ажыратқыштарды пайдалануды жоспарлайды. SF_6 шығарындыларын басқару Компанияның экологиялық менеджмент жүйесі мен климаттық стратегиясына интеграцияланған.

Компания SF_6 пайдаланумен байланысты тәуекелдерді басқаруға жүйелі тәсілді іске асырады, оның ішінде: ағуларды тұрақты мониторингтеу мен газды түгендеу;

- инвестициялық бағдарлама шеңберінде жабдықты жаңғырту;
- вакуумды ажыратқыштарды орнату арқылы 35 кВ тарату жабдығында элегаз пайдалануды азайту.

Scope 2 парниктік газдарының жанама шығарындыларының негізгі көлемі Компанияның Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру кезіндегі технологиялық шығындарды өтеу үшін сатып алатын электр энергиясын тұтынумен байланысты. Мұндай шығындардың туындауы магистральдық электр желілерінің жұмыс істеуінің объективті ерекшелігі болып табылады және электр энергиясын үлкен қашықтыққа берудің физикалық сипаттамаларымен, сондай-ақ энергожүйенің жұмыс режимдерімен, электр беру желілерінің конфигурациясы мен ұзындығымен, электр энергиясы ауысымдарының көлемдерімен және климаттық жағдайлармен айқындалады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Scope 2 жанама шығарындылары 2 382 629 тонна CO_2-эквивалентті құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 25 442 тоннаға (1%) артты. Көрсеткіштің динамикасы негізінен 2025 жылы 123 110,9 млн кВт·сағ-қа жеткен, алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,4%-ға артқан Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндірудің өсуімен байланысты. Генерация көлемдерінің өсуі және энергожүйедегі жүктемелер

мен ауысымдардың тиісінше артуы Компанияның электр энергиясын желі бойынша беру кезіндегі технологиялық шығындарды өтеу үшін сатып алатын электр энергиясы көлемінің артуын негіздеді.

Scope 2 шығарындыларын есептеу Бірыңғай сатып алушыда отын түрлері бойынша электр энергиясын өндіру құрылымы туралы деректерді пайдалана отырып, market-based әдістемесі бойынша жүзеге асырылады (34-кестені қараңыз). Бұл тәсіл сатып алынатын электр энергиясының көміртек қарқындылығын неғұрлым дұрыс ескеруге мүмкіндік береді және «Самұрық-Қазына» қоры компаниялар тобында қолданылатын бірыңғай әдіснамалық қағидаттарға, сондай-ақ климаттық ақпаратты ашудың халықаралық практикасына сәйкес келеді.

Жүйелік факторлардың әсеріне қарамастан, Компания энергия тиімділігін арттыруға және технологиялық шығындарды төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін оңтайландыру, желілік инфрақұрылымды жаңғырту және 2021–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жүзеге асырылады, бұл меншікті және шаруашылық қажеттіліктерге энергия тұтынудың өсуін шектеуге ықпал етеді.

Scope 1 және Scope 2 санаттары бойынша парниктік газдардың жиынтық шығарындылары 2025 жылдың қорытындысы бойынша 2 393 354 тонна CO_2-эквивалентті құрап, 2022 және 2023 жылдардың деңгейінен төмен болып қалды, бұл елдегі электр энергиясын өндіру көлемдерінің өсуі мен энергожүйедегі жүктемелердің артуы аясында Компания қызметінің көміртек қарқындылығының біртіндеп төмендеуін көрсетеді.

GRI 305-4

2022–2025 жж. ПГ шығарындыларының қарқындылығы

	2022	2023	2024	2025
Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (Scope 1 және Scope 2), т CO_2-экв.	2 701 075	2 535 319	2 370 678	2 393 354
Түсім сомасы, мың теңге	217 255 600	252 136 383	319 905 932	397 736 712
Парниктік газдар шығарындыларының жиынтық қарқындылығы (Scope 1 және Scope 2), т CO_2-экв/мың теңге	0,012	0,010	0,0074	0,0060

Есепті жылы парниктік газдар шығарындыларының жиынтық қарқындылығы (Scope 1 және Scope 2), т CO_2-экв/мың теңге 0,0060 құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 19%-ға төмендеді, бұл электр энергиясын беру көлемінің ұлғаюымен байланысты.

GRI 305-5

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын қысқарту

	2022	2023	2024	2025
Парниктік газдар шығарындыларын төмендету, тонна CO_2-экв	3 133,11	8 648,94	9 045,42	8 980,43

Парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға әкелген іс-шаралар Scope 2 санатына жатады және электр- және жылу энергиясын тұтынуды қысқарту жөніндегі шараларды қамтыды. Парниктік газдар шығарындыларының төмендеуін есептеу кезінде 2025 жылғы парниктік газдар шығарындыларын есептеу кезіндегідей әдіснама, стандарттар пайдаланылды, сол газдар енгізілді, сол базалық жыл таңдалды.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ САЛАСЫНДАҒЫ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР

«KEGOC» АҚ 2021 жылы бекітілген Төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын төмендету жөніндегі сандық өлшенетін мақсаттарды белгіледі. Компанияның климаттық мақсаттары үшін базалық жыл болып 2021 жыл айқындалды. Бұл ретте 2022 жыл Компанияда парниктік газдар шығарындылары жөніндегі верификацияланған корпоративтік есептілік үшін базалық жыл ретінде қарастырылады. Компанияның нысаналы бағдарлары Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын және «KEGOC» АҚ-ның ЖЭК-ті интеграциялау, энергожүйенің икемділігін арттыру және төмен көміртекті энергетиканы дамыту үшін инфрақұрылымдық жағдайларды қамтамасыз ететін жүйелік оператор және Ұлттық электр желісінің операторы ретіндегі рөлін ескере отырып қалыптастырылды.

Парниктік газдар шығарындыларын қысқартудың нысаналы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мақсатты жыл	Мақсатты мән
Scope 1	2031	Scope 1-ді 3%-ға төмендету
Scope 2		сатып алынатын энергия құрылымындағы «жасыл» электр энергиясы үлесін 20% деңгейіне жеткізу
Scope 1	2060	Scope 1-ді 58%-ға төмендету
Scope 2		Scope 2-ні 100%-ға төмендету

Scope 1 мақсаттарына қол жеткізу іштен жану қозғалтқышы (ІЖҚ) бар автокөлікті электромобильдер мен LPG (сұйытылған мұнай газы) қамтитын төмен көміртекті отын түрлерін пайдаланатын көлік құралдарына кезең-кезеңімен ауыстыру есебінен жоспарлануда.

Scope 2 бөлігінде Компания төмен көміртекті дамудың негізгі бағыттары ретінде ЖЭК-ті Қазақстан Республикасының энергожүйесіне интеграциялау мүмкіндіктерін кеңейтуді, желілік инфрақұрылымды дамытуды, энергожүйенің икемділігі мен тұрақтылығын арттыруды, Ұлттық электр желісіндегі электр энергиясының технологиялық шығындарын қысқартуды және жабдықтың энергия тиімділігін арттыруды қарастырады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін «KEGOC» АҚ әуе электр беру желілері мен қосалқы станция жабдығын жаңғырту, трансформаторларды неғұрлым энергия тиімді модельдерге ауыстыру, Smart Grid интеллектуалды энергожүйесін дамыту, WAMS, WACS, CSPA цифрлық шешімдерін енгізу және SCADA/EMS-ті жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асырады.

Компания сондай-ақ энергожүйенің икемділігін арттыруға және ЖЭК-ті одан әрі интеграциялауға бағытталған электр энергиясын жинақтау жүйелерін (ЭЭЖЖ) енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асырады.

Қосымша энергожүйенің режимдерін оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде реактивті қуат ағындарын реттеу, ағынды бөлуді оңтайландыру және желі түйіндерінде кернеудің оңтайлы деңгейлерін қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру Компания тарапынан электр энергиясының технологиялық шығындарын төмендету және төмен көміртекті дамуды қолдау құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Компанияның ұзақ мерзімді пайымы парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын кезең-кезеңімен азайтуды, ЖЭК-ті (жаңартылатын энергия көздерін) интеграциялау үшін инфрақұрылымды дамытуды, энергия тиімділігін арттыруды және төмен көміртекті технологияларды енгізуді қамтиды.

Компанияның төмен көміртекті дамуға бағытталған іс-шаралары «KEGOC» АҚ-ның Төмен көміртекті даму бағдарламасы, Климаттық бағдарлама және Utilities for Net Zero Alliance (UNEZA) халықаралық бастамасына қатысу аясында жүзеге асырылады.

Төмен көміртекті даму бағдарламаларын іске асырумен қатар «KEGOC» АҚ IRENA мен БҰҰ Климаттық чемпиондарының қолдауымен Дубайдағы COP28-де ресми түрде іске қосылған Utilities for Net Zero Alliance (UNEZA) жаһандық бастамасына қосылды. Альянс энергетикалық ауысуды жеделдету және көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу мақсатында әлемнің жетекші энергетикалық компанияларын біріктіреді. UNEZA шеңберінде «KEGOC» АҚ ЖЭК-ті интеграциялауға дайын желілерді дамытуға, энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға және төмен көміртекті даму саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдеседі. Компанияның Альянсқа қатысуы оның ұлттық көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясында және «KEGOC» АҚ-ның корпоративтік Төмен көміртекті даму бағдарламасында бекітілген климаттық мақсаттарды іске асыруға адалдығын баса көрсетеді.

«KEGOC» АҚ көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуді Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясына сәйкес Компанияны дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағыты ретінде қарастырады.

Климаттық мақсаттар Компания тарапынан ұзақ мерзімді стратегиялық дамудың элементтерінің бірі ретінде қарастырылады, және «KEGOC» АҚ технологиялық инновацияларды, саясаттағы және энергия нарығы құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып, өз бағдарларын тұрақты түрде қайта қарауды жоспарлайды.



Еңбекті қорғау

GRI 2-12, GRI 2-13

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

Еңбекке жарамсыздыққа әкелген жарақаттану коэффициенті (LTIFR)

0,57

Өліммен аяқталған жарақаттану коэффициенті (FAR, FR)

57,50

Жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны

1

Өрт саны

0

Авариялар саны

1

Жүйелердің жалпы қолжетімділік деңгейі (GA)

99,99986%

Еңбекті қорғауға арналған шығыстар көлемі

3,92941

МЛРД ТЕҢГЕ

ЕҚ және ӨҚ саласындағы негізгі құжаттар

- «KEGOC» АҚ-ның 2023–2032 жж. Даму жоспары (Стратегиясы)
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- Еңбекті қорғау саласындағы саясат
- Сапа, экология, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау саласындағы мақсаттар
- Қауіптер мен тәуекелдер тізілімі
- Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- Кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті жүйесін жоспарлауды басқару жөніндегі стандарт
- Мінез-құлық аудиті жөніндегі стандарт
- Жұмыстарды мердігер ұйымдар орындаған кездегі қауіпсіздікті басқару жөніндегі стандарт
- Оқиғаларды, инциденттерді тергеу және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары
- Биіктікте жұмыстарды орындау кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары

БҰҰ ТДМ-ге қосқан үлес





GRI 2-24, GRI 403-1, GRI 403-8

«KEGOC» АҚ еңбек қауіпсіздігі мен жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды сөзсіз басымдық ретінде қарастырады. Компанияда еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау, өндірістік жарақаттануды төмендету, санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және зиянды факторлардың жұмыскерлерге әсерін барынша азайту жөніндегі жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Компанияда ISO 45001 негізінде Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі (ЕҚжДҚМЖ) енгізілді әрі табысты жұмыс істейді, ол Компанияның біріктірілген менеджмент жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және барлық құрылымдық бөлімшелердің, Компанияның ЕҰ-ның және оның мердігерлерінің қызметіне таратылады. ЕҚжДҚМЖ-ның қолданылу аясы – электр энергетикасы саласында жүйелік оператор функцияларын орындау: электр энергиясының көтерме нарығы субъектілеріне ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру – тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі жүйелік қызметтерді көрсету.

«KEGOC» АҚ ЕҚжДҚМЖ-ның сәйкестігін растау мақсатында 2023 жылы тәуелсіз сертификаттау органы «MS CERTIFICATION SERVICES PRIVATE LIMITED» (Үндістан) сертификаттау аудитін, 2025 жылы – қадағалау аудитін жүргізді, олар ЕҚжДҚМЖ-ның халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін растады.

Жыл сайын қажетті іс-шараларды, шығындар мен оларды орындау мерзімдерін айқындайтын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы бағдарлама қалыптастырылады. Компания ISO 45001:2018 халықаралық стандартына сәйкестікті табысты енгізді әрі сертификаттаудан өтті.

GRI 403-3

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Компанияда жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарумен байланысты жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүзеге асырылады. Қосымша жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру мақсатында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын еңбек қызметімен байланысты емес жазатайым оқиғалардан тәулік бойы сақтандыру (24/7), сондай-ақ ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру көзделген.

Әрбір филиалда Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік қызметтері құрылған, олардың міндеттері – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды жүргізу, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауын бақылау және т.б.

GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4

Еңбекті қорғау саласында жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында тиімді диалогты қамтамасыз ету үшін «KEGOC» АҚ-да және оның филиалдарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылған. Кеңестер екі тараптың да өкілдерінің қатысуымен паритеттік негізде жұмыс істейді және жұмыс орындарында еңбектің қауіпсіз жағдайларын және денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді біріктіруге бағытталған.

Тағайындалған техникалық инспекторлар еңбек жағдайларының, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін тұрақты тексеруге қатысады. Компанияның барлық жұмыскерлерінде ықтимал қауіпті жағдайлар немесе әрекеттер анықталған кезде жұмыстарды тоқтата тұру міндеті ғана емес, құқығы да бар. Компания басшылығы жұмыскерлер қауіпсіз емес жұмысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда оларды толық қолдауға кепілдік береді. Тоқсанына кемінде бір рет Өндірістік кеңестер жұмыскерлердің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі ұсыныстарын қарайды, оның нәтижелері бойынша жұмыс беруші де, жұмыскерлер де орындауға міндетті іс-шаралар әзірленеді.



Тәуекелдерді бағалау

GRI 403-2, GRI 403-7, GRI 403-10

«KEGOC» АҚ-да жыл сайын жұмыс орындарындағы кәсіби тәуекелдер сәйкестендіріліп, бағаланады. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша тәуекелдер тізілімі, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы елеулі тәуекелдер тізбесі қалыптастырылады, сондай-ақ оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

Тәуекелдерді талдау олардың туындау ықтималдығы мен ықтимал салдарларын ескере отырып жүзеге асырылады. Компанияның қызметіне және оның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер айқындалады. Ерекшелігіне байланысты бағалау кезінде сапалық, сандық әдістер немесе олардың комбинациясы қолданылады.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау мен талдау, сондай-ақ оларды басқару кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты қорғау менеджменті саласында мақсаттар қою және өндірістік-шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға және «KEGOC» АҚ жұмыскерлеріне қолайлы әсер ету деңгейіне қол жеткізу үшін жүзеге асырылады.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау мен талдау нәтижелері нысаналы және жоспарлы көрсеткіштерді әзірлеу үшін кіріс деректер болып табылады. Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау мен талдау географиялық жерді және климатты ескере отырып, «KEGOC» АҚ қызметіне қолданылатын қызмет түрлерінің, қауіптердің сыныптауыштары негізінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- жіктеуіштер негізінде қауіптер мен тәуекелдерді сәйкестендіру;
- орнындағы қолданыстағы басқару шараларымен тәуекелдерді бағалау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі барлық қажетті қосымша шараларды айқындау;
- тәуекелдерді басқару шараларының тәуекелді рұқсат етілген деңгейге дейін төмендету үшін жеткілікті екенін бағалау.

Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс орындары ұшырайтын әсер ету факторларын сәйкестендіруді жүргізгеннен кейін FMEA әдісін пайдалана отырып тәуекелдер тізілімі толтырылады. Бағалау нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ бойынша кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты қорғау саласындағы елеулі тәуекелдердің тізбелері қалыптастырылады. Тәуекелдер деңгейін төмендету үшін қажетті іс-шаралар айқындалады, олар жыл сайынғы бағдарламалар түрінде ресімделеді.

Компания қызметі үшін негізгі тәуекелдердің бірі – еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаның туындау тәуекелі.

Бұл тәуекелді барынша азайту мақсатында 2025 жылы мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын білуді біліктілік тексерулері;
- жедел ажыратып-қосулар мен жөндеу жұмыстарын жүргізу процесін бейнетіркеу материалдарын талдау;
- техника қауіпсіздігі күндері;
- ЖЭТ филиалдарында жұмыс орындарын кенеттен тексеру;
- жұмыс орнында жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттері;
- жерсеріктік бақылау жүйелері арқылы және бейнетіркегіштердің жазбаларын қарау арқылы жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтауын бақылау және т.б.;
- «STOP ЖКО» науқаны бетпе-бет соқтығысу тренажер-имитаторын көрсете отырып және Компания жұмыскерлерін онда оқыта отырып жүргізіледі;
- «Қауіпсіз көлік жүргізу мәдениетін» арттыру және көлік құралдарын жүргізушілердің жол қозғалысы қағидаларын сақтауы үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып «Online-бейнемониторинг» ақпараттық жүйесі қолданылады;
- қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында ішкі тренерлерді тарта отырып, 3 765 жұмыскерге «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы бойынша оқыту жүргізілді;
- еңбекті қорғау саласындағы озық әлемдік практикаларды енгізу үшін 10 жұмыскер «NEBOSH IGC» курсы бойынша оқудан өтті;
- көлік жүргізу мәдениетін арттыру мақсатында 157 жүргізуші «ROSPA» курсы бойынша «Қауіпсіз көлік жүргізу» оқуынан өтті;
- 16 058 қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті жүргізілді;
- ЖЭТ филиалдарының барлық объектілерінде 12 Техника қауіпсіздігі күні өткізілді;
- 2027 авариядға қарсы және 1 825 өртке қарсы жаттығу жүргізілді;
- жұмыскерлердің пікірі бойынша қауіпсіз емес жұмысты тоқтату құқығы – STOP-карта 1 044 рет қолданылды;
- Компания жұмыскерлері кемінде үш жылда бір рет еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі міндетті оқудың барлық түрлерінен, электр энергетикасы саласындағы нормативтік актілерді білуді біліктілік тексерулерінен өтеді. «KIOSH 2025» еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі конференцияларға қатысылды. Бөгде ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәжірибелі мамандарын тарта отырып, еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасауға жауапты жұмыскерлердің қатысуымен Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі форум өткізілді.

GRI 403-5

Жұмысқа жіберілгенге дейін жұмыскерлер жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқудан, жұмыс орнындағы тағылымдамадан, бастапқы біліктілік тексеруінен, бақылау жаттығуларынан, даярлауға жауапты тұлғаның қадағалауымен орындалатын жұмыс орнында дублирлеуден өтеді.

Медициналық ұйымды тарта отырып, алғашқы шұғыл көмек көрсету жөніндегі оқытулар жүргізілді.

GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-10

Компанияда ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің міндетті ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық тексерулері, жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулері жүргізіледі. Сондай-ақ жұмыскерлердің денсаулығына қамқорлық жасау және аурулардың профилактикасы мақсатында өндірістік персонал Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексіне сәйкес медицина жұмыскерінің құпиясын, яғни дербес медициналық деректердің, денсаулық жай-күйінің, ауру диагнозының және Компания жұмыскерін тексеру немесе емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтердің құпиясын сақтай отырып, медициналық мекемелерде жыл сайынғы медициналық тексеруден өтеді.

2025 жылы «KEGOC» АҚ жұмыскерлері, аутстаффинг жұмыскерлері және мердігер ұйымдардың жұмыскерлері арасында кәсіби аурулар тіркелген жоқ.

Компанияда қолданыстағы еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесіне интеграцияланған төтенше жағдайларға (ТЖ) дайындықты және ден қоюды басқарудың кешенді жүйесі жұмыс істейді. Компанияда барлық құрылымдық бөлімшелер мен филиалдарға таратылатын, еңбекті қорғау жүйесіне интеграцияланған ТЖ-ға ден қою жоспары (Emergency Response Plan) бар.

ТЖ жоспарлары жұмыскерлерді қорғау үшін персоналдың өмірі мен денсаулығын сақтауға, авариялардың салдарын барынша азайтуға және өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған нақты регламенттелген іс-қимыл жоспарларын көздейді. Осы жоспарлар шеңберінде мыналар айқындалған:

- өндірістік объектілерде авариялық жағдайлар туындаған кездегі персонал үшін қауіпсіздік рәсімдері, оның ішінде хабарлау, эвакуация, оқшаулау және салдарды жою тәртібі; ТЖ кезіндегі жұмыскерлердің іс-қимылдары, оның ішінде өрт, технологиялық бұзылулар, табиғи апаттар және өзге де штаттан тыс жағдайлар кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері;
- ТЖ кезіндегі жұмыскерлердің іс-қимылдары, оның ішінде өрт, технологиялық бұзушылықтар, табиғи апаттар және өзге де штаттан тыс жағдайлар кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері;
- ден қою іс-шараларын үйлестіру мен орындау үшін басшылар мен жұмыскерлер арасында жауапкершілікті бөлу.

Персоналды даярлауға ерекше назар аударылады. Компанияда жұмыскерлердің төтенше жағдайларға дұрыс әрі уақтылы ден қою дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жүйелі оқыту іс-шаралары іске асырылады.

Барлық жұмыскерлер жыл сайын ТЖ кезіндегі іс-қимылдар бойынша оқудан және жаттығулардан өтеді. Оқыту мыналарды қамтиды:

- жұмысқа қабылданған кездегі жұмыскерлерге арналған міндетті нұсқаулықтар мен мерзімді қайталама нұсқаулықтар;
- эвакуация жөніндегі практикалық жаттығулар және ықтимал авариялық жағдайлар сценарийлерін пысықтау;
- жеке қорғану құралдарын қолдану мен алғашқы көмек көрсету жөніндегі нысаналы сабақтар.

Оқу дабылдары мен практикалық жаттығуларды тұрақты түрде өткізу персоналдың жоғары деңгейдегі дайындығын ұстап тұруға мүмкіндік береді және Компанияның ықтимал төтенше жағдайларға тұрақтылығын қамтамасыз етеді. ТЖ-ға ден қою жөніндегі іс-шараларды еңбекті қорғау жүйесіне интеграциялау қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және әрбір жұмыскердің өнеркәсіптік әрі өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Даярлау бағдарламасы өрт-техникалық оқу-жаттығуларды, авариға қарсы жаттығу сценарийлерін, эвакуациялық жаттығуларды қамтиды.

«KEGOC» АҚ объектілерінде төтенше жағдайлар кезінде өрт болған жағдайда дайындықты қамтамасыз ету үшін Төтенше жағдайлар департаментінің қатысуымен өртке қарсы жаттығулар тұрақты негізде өткізіледі.

«KEGOC» АҚ-да өрт қауіпсіздігі бойынша құзыреттердің өсуіне ықпал ететін тұрақты оқыту мен кәсіби даму жүйесі жұмыс істейді. 2025 жыл ішінде өрт-техникалық минимум бойынша 161 жұмыскер оқыды. Оқыту барысында мыналар зерделенді:

- Эвакуация кезіндегі іс-қимылдар;
- Бастапқы өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіштер, өрт крандары) пайдалану, автоматты дабыл жүйелерінің жұмысы;
- Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөніндегі міндеттері мен жауапкершілігі туралы ақпарат;
- Заңнама, өртке қарсы режим қағидалары, бұзушылықтар үшін жауапкершілік.

Жарақаттану

GRI 403-9, SASB IF-EU-320a.1

«KEGOC» АҚ-да еңбектің қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыру деңгейін бағалау үшін LTIFR (Lost Time Injury Frequency Rate) халықаралық индикаторы – еңбек қызметімен байланысты өлім жағдайларын (FAR және FR) қоса алғанда, еңбекке жарамсыздыққа әкелген жарақат жиілігі коэффициенті пайдаланылады.

Бұл көрсеткіш 1 миллион жұмыс істелген адам-сағатқа шаққанда тіркелген жұмыс уақытын жоғалту жағдайларының (LTI) санын көрсетеді және еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау кезінде халықаралық практикадағы негізгі бағдар болып табылады.

2025 жылы LTIFR мәні жұмыс істелген 6 956 740 адам-сағаттың жалпы саны кезінде 0,57 құрады (2024 жылы – 0; «Энергоинформ» АҚ-ны есепке алмағанда – 0).

GRI 403-2

Оқиғалар туындаған кезде Компания жұмыскерлері оқиғаларды, инциденттерді тергеу процестерін және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі есептілікті ұсынуды регламенттейтін қағидаларды басшылыққа алады.

Компания қызметіне тән жазатайым оқиғалардың себептері мыналар болып табылады:

- биіктіктен құлау;
- электр жарақаты;
- жол-көлік оқиғасы.


2025 жылы еңбек қызметімен байланысты 2 жазатайым оқиға орын алды:

28 мамырда «Алматы ЖЭТ» филиалының «Алма» 500 кВ ҚС-да жазатайым оқиға орын алды, оның нәтижесінде бір жұмыскер қаза болды. Комиссия қорытындысына сәйкес, жазатайым оқиға тасымалы жерге тұйықтағыш қысқышының босап, жұлынып кетуі салдарынан орын алға. Нәтижесінде жұмыскер тума кернеудің әсеріне түскен. Компания осыған ұқсас жағдайлардың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық және профилактикалық шаралар кешенін дереу қабылдады: нормативтік талаптарды білуді кезектен тыс тексерулер жүргізілді, қосымша нұсқаулықтар ұйымдастырылды және оқиғаның түпкі себептерін анықтау үшін оқиға мән-жайларын талдау жүргізілді. Индукцияланған кернеу астында жұмыс істеу кезінде дублирлеуші тасымалданатын жерлендірулерді қолдануды қоса алғанда, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар енгізілді және тасымалданатын жерлендірулерге қойылатын техникалық талаптар қатаңдатылды.

12 желтоқсанда «Солтүстік ЖЭТ» филиалының қызметтік автокөлігінің қатысуымен жол-көлік оқиғасы орын алды, оның нәтижесінде Компанияның үш жұмыскері қаза болды. Комиссияның қорытындысына сәйкес, жазатайым оқиға бөгде ұйымға тиесілі тіркемесі бар КамАЗ-65115 автомобилінің жүргізушісі жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етпей, қарсы қозғалыс жолағына шығып, «Солтүстік ЖЭТ» филиалының автомобилімен соқтығысуы себебінен болды. Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында сапарларды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды күшейту, сондай-ақ жүргізушілер мен қызметтік көлікті пайдаланатын жұмыскерлерге қосымша нұсқаулықтар жүргізу жөніндегі шаралар қабылданды.

Компания өндірістік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруді және жол-көлік оқиғаларының туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған алдын алу (превентивті) іс-шараларын іске асыруды жалғастырады.

«KEGOC» АҚ жұмыскерлері арасында еңбекке жарамсыздыққа әкелген жарақат жиілігі коэффициенті («Энергоинформ» АҚ-ны есепке алмағанда)



GRI 403-5, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, EU18

Компания еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және адам құқықтарын сақтау саласындағы талаптарды Компанияның өндірістік объектілерінде жобаларды іске асыруға және жұмыстарды орындауға тартылатын мердігер және қосалқы мердігер ұйымдарға, сондай-ақ аутстаффинг ұйымдарына таратады. Тәсіл айқындылық, кемсітушілікке, мәжбүрлі және балалар еңбегіне жол бермеу, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасының, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделген.

Мердігер ұйымдармен шарттар жасасу кезінде еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, еңбек заңнамасы және Компанияның корпоративтік стандарттарының талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер енгізіледі. Бұзушылықтар анықталған жағдайда шарттық жауапкершілік шараларын қолдануға дейін түзету шаралары қолданылады.

Барлық тендерлік құжаттама мен жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған барлық шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Компанияның еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ішкі регламенттерін сақтау жөніндегі талаптарды қамтиды.

Мердігерлерді алдын ала біліктілік іріктеу кезеңінде жеткізушілердің бір бөлігі «Самұрық-Қазына» қоры тобының сатып алу жүйесі шеңберінде жүргізілетін алдын ала біліктілік іріктеу (АБІ) рәсімінен өтеді. Бағалау персоналды оқыту деңгейін, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуін, жарақаттану көрсеткіштерін, тәуекелдерді басқару мен инциденттерді тергеу рәсімдерінің болуын талдауды қамтиды. ЕҚжәнеӨҚ саласында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін мердігерлер сатып алу рәсімдеріне қатысуға жіберілмейді.

Жұмыстарды орындауды бастамас бұрын мердігерлердің өкілдерімен ұйымдастырушылық кеңестер ұйымдастырылады. Мердігер ұйымдардың барлық жұмыскерлері еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігі жөніндегі кіріспе және нысаналы нұсқаулықтардан өтеді. Күн сайын Компания объектілеріндегі өзекті қауіпті және зиянды өндірістік факторларды түсіндіре отырып, нысаналы нұсқаулық жүргізіледі. Мердігер ұйымдардың инженерлік-техникалық персоналы үшін де «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы бойынша оқыту көзделген.

Жұмыстарды орындау процесінде еңбекті қорғау талаптарының сақталуын ішкі бақылау, оның ішінде тұрақты қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттері (ПАБ) және мердігерлердің осы саладағы қызметін бағалау жүзеге асырылады. Өндірістік объектілердегі жұмыстарға тартылатын мердігер және аутстаффинг ұйымдарының барлық жұмыскерлері 100% «KEGOC» АҚ-ның денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесімен қамтылған.

2024 және 2025 жылдары Компания объектілеріндегі жұмыспен байланысты мердігер және аутстаффинг ұйымдарының жұмыскерлері арасында жазатайым оқиғалар, оның ішінде өліммен аяқталған оқиғалар тіркелген жоқ.



Сатып алу практикасы

GRI 2-6

«KEGOC» АҚ-да ақпараттық ашықтық, айқындылық, тең құқықтылық және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттарына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған.

2025 жылы Компанияның сатып алу қызметі Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-ы және одан көбі тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылды.

Сатып алу қызметінің басымдықтары:
- сатып алынатын өнімді өндіретін, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы ұйымдарының тізілімінде тіркелген, мүгедектігі бар тұлғаларды (оның ішінде мүгедектігі бар жеке кәсіпкерлерді) қамтитын ұйымдардан тауарларды сатып алу;
- сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қазақстандық тауар өндірушілерінің тізілімінде тұрғандардан тауарлар сатып алу;
- білікті әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілік іріктеу моделі қолданылады, яғни жоғарыда көрсетілген тәртіпке сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті жеткізушілерді сауалнама жүргізу мен аудит арқылы бағалау процесі.

GRI 2-24

Алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу кезінде әлеуетті жеткізушілер мынадай өлшемшарттар бойынша бағаланады:
- құқықтық құрамдас;
- әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру;
- әлеуетті жеткізушінің ресурстары;
- тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;
- жобалар мен тәуекелдерді басқару;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау;
- қоршаған ортаны қорғау.

Сондай-ақ сатып алуды жүргізу кезінде «KEGOC» АҚ сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі тәртіпте көзделген шараларды қабылдады.

Компания жүргізетін сатып алуларға мынадай жағдайларда әлеуетті жеткізушілер қатысуға құқылы емес:
- әлеуетті жеткізуші немесе оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушысы) не консорциум қатысушысы мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімінде және (немесе) сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімінде, және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) тізбесінде, және (немесе) оларды банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген борышкерлердің тізімінде тұрса;
- әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы), және (немесе) олардың басшысы, және (немесе) құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында белгіленген тәртіппен терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілсе;
- әлеуетті жеткізуші тіркелген орны салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын заңды тұлға болса.

Осыған байланысты сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде әлеуетті жеткізушілер Тәртіпте белгіленген шектеулердің бар-жоғы тұрғысынан тексеріледі.

GRI 2-25, GRI 2-26

«KEGOC» АҚ сатып алу рәсімдерін жүргізетін тұлғалардың әрекеттерімен келіспеген жағдайда әлеуетті жеткізушілердің өтініштер мен шағымдар беру құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Барлық өтініштер белгіленген тәртіппен, баяндалған дәйектерді міндетті түрде талдай отырып қаралады. Қарау нәтижелері бойынша өтініш берушілерді кейіннен хабардар ете отырып, шағымдарды растау не қабылдамау туралы негізделген шешімдер қабылданады.

Жеткізушілермен өзара іс-қимылдың ыңғайлылығы үшін сатып алу рәсімдері тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілердің көп санын тартуды және сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін бәсекелік ортаны қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алу порталы (www.zakup.sk.kz) арқылы жүргізіледі.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу порталында (www.zakup.sk.kz), сондай-ақ www.kegoc.kz сайтында «Сатып алу» бөлімінде «KEGOC» АҚ-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың өзекті Жылдық жоспары және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың Ұзақ мерзімді жоспары жарияланады.

«KEGOC» АҚ 2025 жылы жүзеге асырған сатып алулар, млрд теңге

	«KEGOC» АҚ	«Энергоинформ» АҚ	БАРЛЫҒЫ
Тауарлар (жақын шетелден, оның ішінде Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасынан электр энергиясын есепке алмағанда)	34,67	0,25	34,92
Жұмыстар	18,19	0,01	18,2
Қызметтер	15,72	0,42	16,14
Электр энергиясы	68,58	0,68	69,26
БАРЛЫҒЫ	**137,16**	**1,36**	**138,52**

«KEGOC» АҚ өзінің контрагенттері арасында тұрақты даму мен ESG қағидаттарын ілгерілетуге жәрдемдесу үшін БҰҰ Жаһандық шартының ережелеріне және Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) негізделген Жеткізушілердің мінез-құлық кодексін әзірлеп, енгізді.

Кодекс жеткізушілермен жасалатын барлық шарттардың міндетті бөлігі болып табылады және Компанияның жауапты әрі этикалық жеткізу тізбегін қалыптастыруға ұмтылысын көрсетеді. «KEGOC» АҚ-ның барлық жеткізушілері осы Кодекстің ережелерін, оның ішінде мынадай қағидаттарды сақтауға міндетті:

- өз жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу;
- өз жұмыскерлеріне, өкілдеріне және Компаниямен жасалған шарттар бойынша қосалқы мердігерлеріне коммерциялық парақорлық пен сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де әрекеттер жасауға тыйым салу;
- заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын болдырмау;
- балалар еңбегін болдырмау;
- кез келген түрдегі кемсітушілікті, оның ішінде жұмысқа орналастыру мен еңбек қызметіне қатысты кемсітушілікті болдырмау;
- жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтау;
- ең төмен жалақы мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтау;
- еңбек заңнамасын сақтау.

Кодекс Компанияның жеткізушілерінің мынадай қағидаттарды сақтауы жөніндегі нормаларды қамтиды:

- Әділ жұмысқа орналастыру практикасы;
- Этикалық қағидаттар;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптар;
- Өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі.

«KEGOC» АҚ ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша арттыруды негізге ала отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға тәсілдерді оңтайландыруға бағытталған және өткен кезеңдердің шығыстарын, болашақ қажеттілікті, жеткізу нарығын және бизнес талаптарын талдау нәтижелері негізінде жасалған тұжырымдарды қамтитын «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу санаттық стратегияларын (ЗКС) іске асыру жөніндегі жұмысты жүргізеді.

2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде «IT жабдығы» санаттары бойынша ЗКС іске асырылды.

2025 жылғы өнім берушілердің көрсеткіштері (тауарлар)

Өнім берушілер – тізілім (АБІ)	
оның ішінде:	
ССС шеңберінде	
ССС шеңберінен тыс	
шарт бойынша жалпы сома	
Жеткізушілер – тізілімде емес (АБІ)	1
оның ішінде:	
ССС шеңберінде	1
ССС шеңберінен тыс	
шарт бойынша жалпы сома	7 946 250
Өнім берушілер – тізілім (СБЖӨ)	1
оның ішінде:	
ССС шеңберінде	1
ССС шеңберінен тыс	0
шарт бойынша жалпы сома	1 925 550
Өнім берушілер – тізілімде емес (СБЖӨ)	1
оның ішінде:	
ССС шеңберінде	1
ССС шеңберінен тыс	0
шарт бойынша жалпы сома	6 020 700

GRI 2-6

2025 жылы «KEGOC» АҚ-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылығының үлесі 65%-ды құрады, оның ішінде:

- 64% – тауарларды сатып алуда (жақын шетел елдерінен электр энергиясын жеткізуді есепке алмағанда);
- 67% – жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда.

«Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымы үшін елішілік құндылығы үлесінің көрсеткіштері мынаны құрады:

- 42,98% – тауарларды сатып алуда;
- 99,71% – жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«KEGOC» АҚ басқару құрылымы	114
Корпоративтік басқару кодексін сақтау	116
Акционерлердің жалпы жиналысы	116
Дивидендтік саясат	118
Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	119
Мүдделер қайшылығы	134
Басқарма	135
Менеджментті бағалау және сыйақы	138
Корпоративтік этика	140
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	144
Кері байланыс механизмдері	145
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі	146
Ішкі аудит қызметі	155
Ақпараттық саясат және қауіпсіздік	156

05.

«KEGOC» АҚ басқару құрылымы

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес корпоративтік басқару қағидаттары:

- органдар арасында міндеттерді нақты бөлуге негізделген корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі;
- акционерлердің құқықтарын қорғау және сақталуын қамтамасыз ету;
- акционерлер үшін тең жағдайлар;
- тұрақты даму және корпоративтік басқарудағы мүдделі тараптардың рөлі;
- ақпаратты ашу және айқындылық;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының тиімділігі.

«KEGOC» АҚ басқару құрылымы

GRI 2-9



Акционерлік капитал


GRI 2-1

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған акцияларының саны – 275 294 118 дана, оның ішінде:


- «Самұрық-Қазына» АҚ тұлғасындағы ірі акционерге 234 000 001 акция (85%) тиесілі;
- «БЖЗҚ» АҚ-ға 19 064 908 акция (6,9%) тиесілі;
- миноритарлық акционерлерге 22 227 819 акция (8,1%) тиесілі[1];
- «KEGOC» АҚ-ның сатып алынған акциялары 1 390 дананы (0,0005%) құрайды.

«KEGOC» АҚ акциялары екі алаңда орналастырылған – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) және «Астана» Халықаралық қаржы орталығының биржасы (AIX). 2025 жыл ішінде Компанияның орналастырылған акцияларының бес және одан көп пайызына иелік ететін акциялар мен акционерлер бойынша елеулі мәмілелер мен өзгерістер болған жоқ.


2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «KEGOC» АҚ акционерлерінің құрылымы



«KEGOC» АҚ акцияларының 2025 жылғы құны*, теңге



«KEGOC» АҚ акцияларының 2025 жылғы сауда-саттық көлемдерінің динамикасы*, млн теңге



* Деректер көзі – KASE (https://kase.kz)

1 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген Компанияның лауазымды тұлғаларына (Директорлар кеңесі мен Басқарманың Төрағасы мен мүшелеріне) Компанияның акцияларына иелік етуге тыйым салынады. (https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410)

Корпоративтік басқару кодексін сақтау

Компанияның Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі негізінде қабылданды. Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету және тиісті корпоративтік басқару стандарттарына адалдықты растау болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау Компанияның есепті жылы Корпоративтік басқару кодексінің барлық қолданылатын ережелерін сақтайтынын көрсетті. 2025 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеппен сілтеме бойынша танысуға болады.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ-ның жоғары органы болып табылады. Ол өз қызметін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Жарғыға және «KEGOC» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады және өз құқықтарын іске асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің айрықша құзыреті шеңберінде:

- Компанияның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және өзге де негізгі ішкі құжаттарын бекітеді және оларға өзгерістер енгізеді;
- Компанияны қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасын қоса алғанда басқару органдарын қалыптастырады, олардың өкілеттік мерзімдерін, кандидаттарға қойылатын талаптарды және сыйақы шарттарын айқындайды;
- акцияларды орналастыру, шығару, айырбастау, сатып алу және делистингті қоса алғанда, акционерлік капитал мен бағалы қағаздар мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- аудиттелген қаржылық есептілікті бекітеді, аудиторлық ұйымды айқындайды және таза табысты бөлу мен дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдайды;
- ірі мәмілелерді және Компанияның өзге де заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешімдерді мақұлдайды;
- Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оның ішінде күн тәртібін бекіту және акционерлерді хабардар ету тәртібін айқындайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компанияның Жарғысымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қарайды.

2025 жылы 2 (екі) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілді:

1. **Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2025 жылғы 28 сәуірде өткізілді. Онда мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:**

- «2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «KEGOC» АҚ қаржылық есептілігін, таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «KEGOC» АҚ-ның 2024 жылдың екінші жартыжылдығы үшін бір жай акцияға шаққандағы дивидендтер мөлшерін бекіту туралы»;

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы»;
- «Акционерлердің «KEGOC» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы»;
- «Есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және оның мүшелерін сайлау туралы»;
- «2025 жыл үшін «KEGOC» АҚ Тобының қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы».

2. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2025 жылғы 20 қазанда өткізілді. Онда мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:**

- «KEGOC» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;
- «2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін «KEGOC» АҚ қаржылық есептілігін, таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы».

Миноритарлық акционерлердің құқықтары

Компанияда корпоративтік басқару барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ қарауды, сондай-ақ басқару жүйесінің айқындылығы мен есеп берушілігін қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылған.

Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері тең болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына және ішкі құжаттарға сәйкес айқындалады.

Компания акционерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, олардың қатарына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді:

- негізделген шешімдер қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты заңнама талаптары мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес барлық акционерлер үшін уақтылы және тең ашу;
- акционерлердің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуы және оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша дауыс беруі, оның ішінде сенімхат бойынша өкілдер арқылы қатысу мүмкіндігі;
- Компанияның басқару органдарын қалыптастыруға қатысу, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- ашық және дәйекті дивидендтік саясат негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен айқындалатын мөлшерлер мен мерзімдерде дивидендтер алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды, оның ішінде акцияларды бірлесіп сату құқығын іске асыру.



Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ-ның дивидендтік саясаты Компания мен оның акционерлерінің мүдделерін теңгерімді түрде сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен капиталдандырылуын арттыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарының қатаң сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Компания капиталдандырудың өсуімен қатар, жыл ішіндегі таза кіріс мөлшері мен Компанияның өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктерін негізге ала отырып, төленетін дивидендтер көлемін ұлғайтуға ұмтылады.

Дивидендтер төлеудің негізгі шарттары:
- есепті кезеңдегі таза пайданың және (немесе) бөлінбеген пайданың болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның дивидендтік саясаты туралы ережесінде көзделген дивидендтер төлеуге шектеулердің болмауы;
- Компанияның Акционерлердің жалпы жиналысының дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы.

ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын қаржы жылы немесе жарты жыл ішіндегі таза кіріс не бөлінбеген пайда дивидендтер төлеудің көзі болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесі қаржы жылы немесе жартыжылдық үшін таза табысты бөлу тәртібі мен дивидендтер мөлшері туралы ұсынысты дайындау кезінде дивидендтер төлеуге бағытталатын сома таза табыстың кемінде 60%-ын құрауға тиіс екенін негізге алады. «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Компанияның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

«KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша жартыжылдық қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді тиісті кезең үшін Компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін 3 ай ішінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы қабылдай алады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарап, өз қалауы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекітеді, сондай-ақ дивидендтер төлеудің басталу күнін айқындайды.

«KEGOC» АҚ дивидендтерін төлеу

Дивидендтер есептелген кезең	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл
	1-жартыжылдық үшін	2-жартыжылдық үшін	1-жартыжылдық үшін	2-жартыжылдық үшін	1-жартыжылдық үшін	2-жартыжылдық үшін	үшін 1 жартыжылдық	2-жартыжылдық үшін	1-жартыжылдық үшін	2-жартыжылдық үшін	1-жартыжылдық үшін
Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері, теңге	77,09	75,01	84,72	50,85	65,44	50,59	77,74	79,5	82,4	81,0	80,90
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңге	20 043 293	19 502 496	22 027 082	13 220 929	17 014 309	13 153 330	20 212 292	21 885 772	22 684 121	22 298 711	22 271 182
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Акционерлердің жалпы жиналысы										
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған эмитенттің басқару органы отырысының өткізілген күні, хаттаманың күні мен нөмірі	2020 жылғы 23 қазан №19	2021 жылғы 27 сәуір №21	2021 жылғы 29 қазан №24	2022 жылғы 26 мамыр №27	2022 жылғы 27 қазан №29	2023 жылғы 2 мамыр №31	2023 жылғы 26 қыркүйек №34	2023 жылғы 2 мамыр №35	2024 жылғы 11 қазан №36	28 сәуір 2025 жылы №37	20 қазан 2025 жылы №38
Дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалар тізімін жасау күні	2020 жылғы 29 қазан	11 мамыр 2021 жылы	2021 жылғы 8 қараша	2022 жылғы 7 маусым	2022 жылғы 15 желтоқсан	12 мамыр 2023 жылы	2023 жылғы 26 қыркүйек	24 мамыр 2024 жылы	2024 жылғы 28 қазан	28 мамыр 2025 жылы	28 қазан 2025 жылы

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

GRI 2-13

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) «KEGOC» АҚ Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияға стратегиялық және жалпы басшылықты және Басқарманың қызметіне бақылауды қамтамасыз етеді.

GRI 2-12, GRI 2-13

Компания Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесі Компания қызметінің бағыттарын айқындайды, сондай-ақ мақсаттарды, міндеттерді, жобаларды және оларға қол жеткізу индикаторларын белгілей отырып, даму стратегияларын бекітеді. Даму стратегиясын әзірлеу/актуалдау барысында Директорлар кеңесі стейкхолдерлердің негізгі топтарының болжалдары мен қауіптенуін түсіну үшін олармен тұрақты кездесулер мен консультациялар өткізіп тұрады. Директорлар кеңесі Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын, сондай-ақ мақсаттар мен индикаторларға, соның ішінде тұрақты даму саласында қол жеткізілуін тоқсан сайын есептерді қарау арқылы мониторингтейді

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын әрі ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Корпоративтік басқару кодексіне және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін Директорлар кеңесінде жынысы, тілі, нәсілдік тиесілігі, азаматтығы, дінге қатынасы немесе гендерлік бірегейлігі бойынша қысым көрсетудің немесе кемсітудің кез келген түрін болдырмай, жеткілікті әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте Компанияның Директорлар кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

Директорлар кеңесінің құрамына жекелеген акционерлердің, Басқарманың және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тыс тәуелсіз әрі объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіпқойлық пен дербестікке ие тәуелсіз директорлар сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан асатын мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үшжылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылға дейінгі мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесінің осындай мүшесін сайлау және мұндай тәуелсіз директордың Директорлар кеңесіне ықпалы шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне осындай факторды сайлау қажеттілігін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын жүзеге асырылуға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы Компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі. 2025 жылғы 26 наурызда Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің Сабақтастық жоспарын қалыптастыру жөніндегі регламентті бекітіп, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетке тиісті жоспарды әзірлеуді тапсырды. 2026 жылғы 2 ақпанда Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің Сабақтастық жоспарын бекітті.



Тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемшарттары

Тәуелсіз директор жекелеген акционерлердің, Басқарманың және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тыс тәуелсіз әрі объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіпқойлық пен дербестікке ие болуы тиіс.

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық өлшемшарттарына сәйкес келеді, олардың мәртебесі, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының, Жарғының, Кодекстің және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарымен қатаң регламенттелген.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасының, KASE және AIX қор биржалары қағидаларының, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына негізделген директорлардың тәуелсіздігін айқындаудың кешенді өлшемшарттарын қолданады.

Директор оның объективтілігі мен пайымдауларының тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін мән-жайлар болмаған кезде тәуелсіз деп танылады, оның ішінде ол:

- Компанияның немесе Топ ұйымдарының жұмыскері болып табылмайтын және соңғы бес жыл ішінде болмаған және соңғы үш жыл ішінде Компанияда басшы лауазымды атқармаған болса;
- Компанияның не оның үлестес тұлғаларының үлестес[2] тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде мұндай қатынастарда болмаған, яғни:
  - Компанияның ірі тұтынушыларымен, жеткізушілерімен немесе өзге де контрагенттерімен байланысты емес;
  - Компаниямен жеке қызметтер көрсетуге арналған шарттары жоқ және жоғары басшылық құрамына кірмейді;
  - Компанияда немесе Топ ұйымдарында атқарушы директор лауазымын атқаратын тұлғаның отбасы мүшесі болып табылмайды;
  - Компанияның кеңесшісі немесе консультанты болып табылмайды және мұндай қызметтерді көрсететін ұйымдармен байланысты емес;
  - айқас директорлық лауазымдарды атқармайды және тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін басқа директорлармен елеулі байланыстары жоқ.
- Компанияның немесе оның үлестес ұйымдарының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылық қатынастарымен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай қатынастарда болмаған;
- соңғы үш жыл ішінде Компаниямен елеулі іскерлік қатынастары жоқ және болмаған (тікелей не Компаниямен мұндай қатынастары бар ұйымның серіктесі, акционері, директоры немесе аға жұмыскері ретінде қатысу арқылы);
- соңғы үш жыл ішінде директор сыйақысынан басқа Компаниядан қосымша сыйақы алмаған және қызмет нәтижелеріне байланысты сыйақы бағдарламаларына, опциондық бағдарламаларға немесе зейнетақы схемаларына қатыспайды;
- белгіленген кезең ішінде Компанияның сыртқы аудиторының директоры, серіктесі немесе жұмыскері болып табылмайтын және болмаған және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде Компания аудитіне қатыспаған; елеулі акционерді білдірмейді және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде Компания органдарының отырыстарында акционердің өкілі болмаған;
- елеулі акционердің өкілі болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде Компания органдарының отырыстарында акционердің өкілі болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды;
- оның тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін өзге де мән-жайлары немесе мүдделер қайшылығына қатысы жоқ болса тәуелсіз деп танылады.

Сайлану кезінде тәуелсіз директорлар өздерінің тәуелсіздігі туралы өтініштерге қол қояды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері «KEGOC» АҚ Жарғысында айқындалған.

GRI 2-14

Директорлар кеңесі Компанияны басқару және атқарушы органның қызметіне бақылау жасау үшін жеткілікті өкілеттіктерге ие, өз функцияларын Жарғыға сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

1. даму жоспарын (стратегияны) және ESG-мақсаттарын интеграциялауды айқындау (бағыттар мен нәтижелер);
2. іс-шаралар жоспарының (бизнес-жоспардың) негізгі қызмет көрсеткіштерін қою және мониторингтеу;
3. тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
4. Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобалар мен басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингтеу;
5. атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлау, оларға сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін қадағалау;
6. корпоративтік басқару мен этика;
7. Компанияда Корпоративтік басқару кодексінің және ішкі құжаттардың ережелерін сақтау.

[2] Үлестес тұлғалар – өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда, бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) шешімдерін тікелей және (немесе) жанама түрде айқындай алатын және (немесе) оларға, оның ішінде жасалған мәміле күшіне қарай әсер ете алатын жеке немесе заңды тұлғалар
ҚР заңнамасына сәйкес үлестес тұлғаларға мыналар жатады:
- ірі акционерлер, құрылтайшылар немесе қатысушылар;
- ұйымдардың лауазымды тұлғалары;
- жақын туыстар,
- АҚ ірі акционері, ЖШС құрылтайшысы немесе қатысушысы бақылайтын заңды тұлғалар;
- еншілес ұйымдар және т.б.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер алдындағы фидуциарлық міндеттерді және қабылданатын шешімдерді қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау, өз қызметінің тиімділігі, әрекеті және/немесе әрекетсіздігі үшін дербес жауапты болады. Әртүрлі пікірлер болған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы Компанияның мүдделеріне сай келетін шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері айтатын барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания мен Акционерлердің жалпы жиналысы алдында жауапты болады, оның ішінде мыналардың нәтижесінде келтірілген залалдар үшін:

1. жаңылыстыратын немесе біле тұра жалған ақпарат ұсыну;
2. заңмен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу.

Басқарушылық шешімдер қабылдаумен байланысты тәуекелдерді барынша азайту және акционерлердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты (D&O) қолданылды. Бұл шарт Директорлар кеңесінің мүшелерін өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде жол берілген қасақана емес қателіктер немесе олқылықтарға байланысты үшінші тұлғалардың ықтимал талап қоюларынан сақтандыру қорғауын қамтамасыз етеді. Мұндай сақтандырудың болуы корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына сәйкес келеді және Компанияның басқару органдары құрамына, оның ішінде тәуелсіз директорларды қоса алғанда, жоғары білікті кәсіби мамандарды тартуға ықпал етеді.

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалуға жеткілікті уақыт бөлуге міндетті, осыған байланысты төрттен астам заңды тұлғада Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын қатар атқаруға жол берілмейді, Директорлар кеңесі төрағасы лауазымын қатар атқаруға тек екі заңды тұлғада ғана жол беріледі (Директорлар кеңесі мүшесінің өзге заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруына Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі).

Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-11

	Т.А.Ә.	Лауазымы	Мәртебесі	Комитеттердегі мүшелік	Сайланған/ өкілеттігі тоқтатылған күні
1	Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұлов	Директорлар кеңесінің төрағасы	«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі	–	10.03.2022 ж./ 28.04.2025 ж.
2	Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов	Директорлар кеңесінің төрағасы	«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі	–	28.04.2025 ж.
3	Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев	Директорлар кеңесінің мүшесі	Өкілі мүдделерінің «Самұрық-Қазына» АҚ	СКТДК төрағасы	31.07.2023 ж.
4	Мирас Қапарғалиұлы Қияқов	Директорлар кеңесінің мүшесі	«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі	ТСК мүшесі	02.05.2024 ж.
5	Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов	Директорлар кеңесінің мүшесі	Аға тәуелсіз директор	ТСК Төрағасы, АК және СКТДК мүшесі.	26.06.2020 ж.
6	Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров	Директорлар кеңесінің мүшесі	Тәуелсіз директор	СКТДК және АК мүшесі	31.07.2023 ж.
7	Дамир Серкбайұлы Сүентаев	Директорлар кеңесінің мүшесі	Тәуелсіз директор	АК Төрағасы, ТСК мүшесі	18.07.2022 ж.
8	Нәби Еркінұлы Айтжанов	Директорлар кеңесінің мүшесі	Басқарма Төрағасы	–	31.07.2023 ж.

«KEGOC» АҚ Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2025 жылғы 28 сәуір (№ 37 хаттама) шешімімен:

- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловтың «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және төрағасы ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және төрағасы болып сайланды.

2025 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кеңесінің құрамына 7 директор кіреді.

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

(2025 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы)

GRI 2-9



Нұрлан Қаршығаұлы ЖАҚЫПОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

GRI 2-11

1978 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына **алғаш рет** 2025 жылғы 28 сәуірдегі «KEGOC» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (№37 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- 1996–2004 жж. – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), экономика мамандығы бойынша бакалавр және магистр дәрежелері, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті. Экономика ғылымдарының кандидаты (PhD).

Жұмыс тәжірибесі:

- 04/2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы;
- 09/2020–04/2023 жж. – «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Басқарма төрағасы;
- 07/2019–09/2020 жж. – Rothschild & Co компаниясының Қазақстандағы өкілі (ИНВЕСТ БАНК РОТШИЛЬД И КО);
- 12/2017–03/2019 жж. – «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы;
- 03/2016–12/2017 жж. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Даму және инвестициялар жөніндегі басқарушы директоры –Басқарма мүшесі;
- 12/2012–03/2016 жж. – Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры. UBS Bank (UBS Bank) Астанадағы өкілдігінің басшысы.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Қазақстан Республикасы Су спорты федерациясының президенті.



Нұрлан Заманбекұлы АХАНЗАРИПОВ

Аға тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің және Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі

1965 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Сертификатталған тәуелсіз директор (Cert IoD) Institute of Directors, UK.

Алғаш рет «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 26 маусымдағы шешімімен (№18 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі (№21 хаттама) және 2024 жылғы 2 мамырдағы (№35 хаттама) шешімдерімен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, аға тәуелсіз директоры болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Білімі:
- 1991 ж. – Шәкәрім атындағы Семей технологиялық университеті, бухгалтер-экономист, есеп және аудит;
- 1995 ж. – KIMEP MBA, Іскери әкімшілік ету магистрі;
- 2015 ж. – Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, геология және пайдалы қазбаларды барлау.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2019–2021 жж. – «PLANETCARE MANAGEMENT» ЖШС Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:
- «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.



Марат Тұрғанбекұлы ДҰЛҚАЙЫРОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, СКТДК және АК мүшесі

1947 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен (№32 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор ретінде сайланды.

2024 жылғы 2 мамырдағы (№35 хаттама) «KEGOC» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор ретінде сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:
- 1965–1972 жж. – Г. И. Носов атындағы Магнитогорск тау-кен металлургиялық институты, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, қалаларды және ауыл шаруашылығын электрмен жабдықтау мамандығы бойынша біліктілігі инженер-электрик.

Алматы Энергетика және Байланыс Университетінің құрметті профессоры, ҚР мен ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 04/2015 бастап қазіргі уақытқа дейін – ҚР Инженер-энергетиктер одағының Бас директоры.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:
- «Алматинская электр станциялары (АлЭС)» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.



Дамир Серкбайұлы СҮЕНТАЕВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі

1984 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 18 шілдедегі шешімімен (№ 28 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор ретінде сайланды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 2 мамырдағы шешімімен (№ 35 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- 2001–2006 жж. – Қазақ мемлекеттік заң академиясы, Мамандығы құқықтану, Алматы қ.;
- 2006–2008 жж. – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, экономика бакалавры, Алматы қ.;
- 2012–2014 жж. – РФ Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, инновациялық-технологиялық бизнес факультеті, MBA «Инновациялық және жобалық менеджменті», Мәскеу қ.;
- 2018–2022 жж. – Ұлыбритания Директорлар институты, IoD Chartered Director бағдарламасы, Лондон.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз директорлар қауымдастығының, Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының Ішкі аудиторлар институтының мүшесі, Украинаның корпоративтік басқару кәсіби қауымдастығының тізіліміне енгізілген және Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 08/2021 ж. қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Президенті;
- 2023–2024 жж. – «Астана медицина университеті» КЕАҚ тәуелсіз директоры;
- 2019 – 2022 жж. – «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ / «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директоры, Кадрлар жөніндегі комитеттің төрағасы;
- 2019–2024 жж. – «Екібастұз МАЭС-2» АҚ тәуелсіз директоры;
- 2018–2020 жж. – «КОРЭМ» АҚ (Электр энергиясы мен қуатының қазақстандық операторы) тәуелсіз директоры;
- 2016–2023 жж. – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, бұған дейін – Стратегия жөніндегі комитеттің төрағасы.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ / «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.



Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің СКТДК төрағасы

1963 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№ 21 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып **алғаш рет** сайланды.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2021 жылғы 24 қарашадағы (№ 25 хаттама), 2023 жылғы 31 шілдедегі (№ 32 хаттама) және 2024 жылғы 2 мамырдағы (№ 35 хаттама) шешімдерімен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- 2016–2020 жж. – іскери әкімшілік ету докторы, Doctor of Business Administration (DBA), Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы;
- 2003–2004 жж. – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, мемлекеттік қызмет менеджері;
- 1999–2002 жж. – Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, экономист-заңгер;
- 1981–1987 жж. – Павлодар индустриалды институты, инженер-электрик.

Халықаралық сертификаттау – IPMA Level B.

Сертификатталған Директор (Certificate in Company Direction IoD) Institute of Directors, UK

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 11/2021–07/2023 жж. – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы;
- 04/2021–11/2021 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Энергетика және тау-кен активтері дирекциясының директоры;
- 04/2019–04/2021 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ – «Энергетика» секторының жетекшісі;
- 09/2018–04/2019 жж. – «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ Бас директорының орынбасары.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.



Мирас Қапарғалиұлы ҚИЯҚОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі

1990 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Алғаш рет «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 2 мамырдағы шешімімен (№ 35 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Білімі:
- 2008–2012 жж. – Алматы энергетика және байланыс университеті (Электр энергетикасы, Техника және технология бакалавры), Алматы;
- 2012–2014 жж. – Алматы энергетика және байланыс университеті, (Электр энергетикасы, техника және технология магистрі);
- 2015–2017 жж. – Almaty management university, Экономика және бизнес бакалавры.

Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі.

Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 02/2024 жылы бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Энергетикалық және тау-кен активтері департаменті энергетикалық активтер секторының басшысы;
- 01/2021–01/2024 жж. – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) – Инфрақұрылымдық жобалар департаментінің директоры;
- 08/2019–01/2021 жж. – «Кристалл Менеджмент» АҚ – Жетекші инженер-электрик.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:
- «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Мойнақ ГЭС» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Qazaq Green Power PLC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



Нәби Еркінұлы АЙТЖАНОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Алғаш рет «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен (№ 32 хаттама) «KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы ретінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 2 мамырдағы шешімімен (№ 35 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Білімі:
- 1997–2002 жж. – С. Сейфулин атындағы Ақмола аграрлық университеті, Экономика және менеджмент;
- 2011–2012 жж. – Халықаралық бизнес академиясы, іскери әкімшілік ету магистрі.

Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2010–2023 жж. – «Қазақстан коммуналды жүйелері» ЖШС Бас директоры.

Қоса атқаратын жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:
- Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы «Атамекен» жанындағы Энергетика комитетінің мүшесі;
- Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «KAZENERGY» Мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қазақстандық қауымдастығы» ЗТБ Кеңесінің мүшесі.

GRI 2-10


Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 2 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесінің құрамы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру және шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес, кандидаттардың іріктеу өлшемшарттарына, біліктілік талаптарына сәйкестігін ескере отырып, үш жылға сайланды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді. Ол 2027 жылғы мамырда аяқталады. Осылайша, Директорлар кеңесінде болудың орташа мерзімі 2,98 жылды құрайды.

Компания негізгі басқарушылық позицияларда гендерлік теңгерімді арттыру қажеттігін мойындайды және оған қол жеткізу үшін шаралар қабылдайды: әйел-кандидаттарды анықтау мен дамыту, барлық жұмыскерлердің тәлімгерлік пен оқыту бағдарламаларына қатысуы, сондай-ақ басқарушылық командалардың гендерлік құрамын тұрақты мониторингтеу. Бұл бастамалар инклюзивті жұмыс ортасын жасауға және алдағы жылдарда әйелдердің басқаруға және стратегиялық жобаларға қатысуын арттыруға бағытталған. Осылайша, сабақтастық жоспарына енгізілген жұмыскерлердің 20%-ын әйелдер құрайды.


Директорлар кеңесі құрамының құрылымы

GRI 405-1


Директорлар кеңесінің жас құрылымы, адам



Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі, %



Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы, адам



«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін жеке сипаттамалары, жасы мен гендерлік құрамы бойынша жеткілікті әртүрлілікті қамтамасыз ету ұсынылады. Директорлар кеңесінің құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі құрамындағы әйелдердің үлесі 0%-ды құрады. Сонымен қатар, гендерлік теңгерімді қамтамасыз ету шеңберінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің жаңартылған сабақтастық жоспары (2026 жылғы 2 ақпанда бекітілген) әйел-кандидаттарды басқарудың әлеуетті резерві құрамына енгізуді көздейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті


Директорлар кеңесінің құзырет матрицасы

GRI 2-9, GRI 2-10

Директорлар кеңесінің мүшелері	Жақыпов Н. Қ.	Аханзарипов Н.З.	Дұлқайыров М.Т.	Сүентаев Д.С.	Молдабаев К.Т.	Қияков М.К.	Айтжанов Н.Е.
Саладағы жұмыс өтілі / жалпы жұмыс өтілі, жыл	10/25	23/32	60/60	7/19	33/38	12/13	24/24
Негізгі құзыреттер							
Саланы білу							
Саладағы өндірістік жұмыс тәжірибесі	+	–	+	–	+	+	+
Саланы терең білуі	+	+	+	+	+	+	+
Техникалық дағдылары / тәжірибесі	+	+	+	–	+	+	+
Арнайы дағдылар мен тәжірибе							
Қаржылық сауаттылық	+	+	+	+	+	+	+
Қаржы саласындағы терең білім	+	+	–	+	–	+	+
Маркетинг саласындағы терең білім	+	+	+	+	+	–	+
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі	+	+	+	+	+	+	+
Басқару және құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесі							
Корпоративтік басқару	+	+	+	+	+	+	+
Трансформация	+	+	–	+	+	–	+
IPO өткізу тәжірибесі	+	+	–	+	+	–	+
Стратегияны әзірлеу және іске асыру	+	+	+	+	+	+	+
Халықаралық тәжірибе	+	+	–	+	–	–	–

* Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері көк түспен боялған

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік теңгерімі, адам



«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстары

2025 жылы Директорлар кеңесі 14 отырыс өткізді, оның ішінде 2 (екі) сырттай отырыс, оларда 135 мәселе қаралды.

Корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін құжаттарда Директорлар кеңесінің отырыстарына міндетті түрде қатысу талаптары және есепті жыл ішінде отырыстардың 50%-дан азына қатысқан және сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің 50%-дан азы бойынша бюллетеньдер ұсынған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыну міндеті белгіленген.

2025 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу матрицасы


Директорлар кеңесінің мүшелері	31.01.2025	28.02.2025	14.03.2025	26.03.2025	30.04.2025	03.06.2025	01.07.2025	01.08.2025	09.09.2025	26.09.2025	09.10.2025	13.11.2025	18.11.2025	23.12.2025	%
Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұлов	+	+	+	+	өкілеттігі 2025 жылғы 28 сәуірден бастап тоқтатылды										100
Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов Директорлар кеңесінің төрағасы	2025 жылғы 28 сәуірден бастап ДК Төрағасы болып тағайындалды				+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов Аға тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров Тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Дамир Серкбайұлы Сүентаев Тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Мирас Қапарғалиұлы Қияқов «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+*	+	100
Нәби Еркінұлы Айтжанов Басқарма Төрағасы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
БАРЛЫҒЫ:															**100**

* «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Кияков М.К. еңбек демалысында болуына байланысты Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 17-18 қарашадағы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама (пікір) ұсынды.

2025 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық бағыттағы, корпоративтік басқару мен тұрақты даму, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен аудит, кадр саясаты, еншілес ұйымдардың қызметі мәселелері және өзге де мәселелер қаралды.

2025 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер

GRI 2-13



2025 жылы Директорлар кеңесі мынадай стратегиялық шешімдер қабылдады:

- «KEGOC» АҚ-ның «Ақпараттық телекоммуникациялық жүйелер» жаңа филиалы құрылды;
- «Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру. Электр желілік объектілерді салу» жобасы бойынша «KEGOC» АҚ мен құрамында «Building and construction» ЖШС, «Энергетика» Ғылыми-инжиниринг орталығы» ЖШС-мен бірлесе «EIS Corporation» ЖШС бар консорциум арасындағы ірі мәміле бойынша шартқа қосымша келісім жасалды;
- Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасында «жасыл» энергияны дамыту және беру жобасын іске асыру шеңберінде «Green Corridor Alliance» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды

Директорлар кеңесінің комитеттері

Жекелеген мәселелерді белсенді талқылау және егжей-тегжейлі талдау алаңын құру мақсатында Директорлар кеңесі жанынан 3 (үш) комитет құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-13

Комитеттің қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Аудит жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.


Комитет өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді. Комитеттің мүшелерін Директорлар кеңесі сайлады, Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитеттің құрамына сондай-ақ Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның саясаттары мен пайымдарын негізге ала отырып Комитетке ұсынымдар беретін дауыс беру құқығы жоқ сарапшы кіреді.

Комитеттің барлық мүшелері, оның ішінде практикалық білім мен тәжірибені қоса алғанда, жеткілікті білім мен тәжірибеге ие.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамына үш тәуелсіз директор және сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ) кіреді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің құрамына Комитеттің мынадай мүшелері кірді:

- Дамир Серкбайұлы Сүентаев – Комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор;
- Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов – Комитеттің мүшесі, аға тәуелсіз директор;
- Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Манар Семейқанұлы Оразов – сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).



2025 жылы Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері	30.01.2025	27.02.2025	26.03.2025	28.04.2025	02.06.2025	30.06.2025	31.07.2025	08.09.2025	08.10.2025	17.11.2025	22.12.2025	%
Дамир Серкбайұлы Сүентаев Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	+	+	-*	+	+	+	+	+	+	+	+	**91**
Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов Комитет мүшесі, аға тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	**100**
Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров Комитет мүшесі, тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	**100**

* Комитеттің төрағасы Суентаев Д.С. әуе сапары және отырысқа бейнебайланыс арқылы қосылу мүмкіндігінің болмауына байланысты 2025 жылғы 26 наурыздағы Комитет отырысына қатыспады.

GRI 2-13


2025 жылы Комитет 11 күндізгі отырыс өткізіп, онда 61 мәселе қаралды.

Комитет Директорлар кеңесіне ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік мәселелері бойынша, оның ішінде «KEGOC» АҚ-ның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін сыртқы аудитордың өкілдерімен кездесулер өткізуді қоса алғанда, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс қызметінің қызметі мәселелері бойынша, өзге де мәселелер бойынша, оның ішінде жасалуына мүдделілік бар мәмілелер мен ірі мәмілелерді мақұлдау мәселелері бойынша ұсынымдар берді.

2025 жыл ішінде сыртқы аудитор «RSM Qazaqstan» ЖШС-ның өкілдерімен 2 кездесу өткізілді, оларда 2024 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит нәтижелері бойынша, 2025 жылдың алты айы үшін аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит нәтижелері бойынша есептер, оның ішінде сыртқы аудитордың тәуелсіздігін растау мәселелері қаралды.

Бұдан басқа, 2025 жыл ішінде Комитеттің мүшелері «KEGOC» АҚ компаниялар тобы үшін қаржылық есептілікке аудит жөніндегі қызметтерді көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдаудың бірыңғай Рәсімін айқындау мен жүзеге асыру стратегиясын айқындау жөніндегі комиссияның отырыстарына қатысты.

2025 жылы Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында қаралған мәселелер, %



Бұл ретте 2025 жылы мәселелерді қарау кезінде Директорлар кеңесінің Комитеттің жекелеген ұсыныстарын/ұсынымдарын ауытқуы тіркелмеді.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-13

Комитеттің қызметі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі. Комитет өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

Комитеттің барлық мүшелері, оның ішінде практикалық білім мен үлкен тәжірибені қоса алғанда, жеткілікті білім мен тәжірибеге ие.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің құрамына Комитеттің мынадай мүшелері кірді:

- Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов – Комитеттің Төрағасы, Аға тәуелсіз директор;
- Дамир Серкбайұлы Сүентаев – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Мирас Қапарғалиұлы Қияқов – Комитеттің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- Сырым Сәкенұлы Төтебаев – сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

2025 жылы Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу матрицасы


Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшелері	30.01.2025	27.02.2025	26.03.2025	28.04.2025	02.06.2025	30.06.2025	31.07.2025	08.09.2025	17.11.2025	22.12.2025	%
Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов Төрағасы, Аға тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Дамир Серкбайұлы Сүентаев тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Мирас Қапарғалиұлы Қияқов өкілі «Самұрық-Қазына» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

GRI 2-13

2025 жылы Комитет 10 күндізгі отырыс өткізіп, онда 37 мәселе қаралды.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесіне Менеджмент пулының орындалуы мәселелері бойынша; Басқарма мүшелерінің негізгі қызмет көрсеткіштерін және Корпоративтік хатшының, Омбудсменнің мақсат картасын, Басқарманың, Омбудсменнің және Корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақылар схемасын қарау; Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру Жоспарын бекіту, Комитеттің жылдық есебі мәселелері және өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар берілді. Бұл ретте 2025 жылы мәселелерді қарау кезінде Директорлар кеңесінің ТСК-ның жекелеген ұсыныстарымен/ұсынымдарымен келіспеу фактілері тіркелмеді.

2025 жылы ТСК отырыстарында қаралған мәселелер, %



Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-13

Комитеттің қызметі Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі. Комитет өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

Комитеттің барлық мүшелері, оның ішінде практикалық білім мен елеулі тәжірибені қоса алғанда, жеткілікті білім мен тәжірибеге ие.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитеттің құрамына кірді:

- Молдабаев Каныш Танирбергенович – Комитеттің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов – Комитеттің мүшесі, Аға тәуелсіз директор;
- Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров – Комитеттің мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Сырым Сәкенұлы Төтебаев – сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

2025 жылы Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу матрицасы

Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің мүшелері	30.01.2025	27.02.2025	26.03.2025	02.06.2025	31.07.2025	08.09.2025	08.10.2025	17.11.2025	22.12.2025	%
Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев – Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов Аға тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

GRI 2-13

2025 жылы СКТДК 9 күндізгі отырыс өткізіп, онда 28 мәселе қаралды.

Есепті кезеңде СКТДК Директорлар кеңесіне мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар берді:

- Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды), мониторингті және оның орындалуы туралы есепті қарау; ESG қағидаттарын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептерді қарау; «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті қарау;
- «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті қарау;
- ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы;
- өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның «Ақпараттық телекоммуникациялық жүйелер» филиалын құру туралы; «Green Corridor Alliance» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының мәселелері туралы;
- Компанияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның шығаруға жататын стратегиялық емес активтерінің тізбесі туралы;
- жасанды интеллектіні қолдана отырып жобаларды іске асыру жөніндегі ақпарат;
- Комитеттің жылдық есебі және өзге де мәселелер.

Бұл ретте 2025 жылы мәселелерді қарау кезінде Директорлар кеңесінің СКТДК-дың жекелеген ұсыныстарымен/ұсынымдарымен келіспеу фактілері тіркелмеді.

2025 жылы Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырыстарында қаралған мәселелер, %



Кәсіби даму

GRI 2-17

2025 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру Жоспарына сәйкес директорлар кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға және басқарушылық дағдыларды дамытуға бағытталған бірқатар іс-шараларға қатысты:

- 2025 жылғы 27 наурыз – «HR басқару: персоналды іріктеу, бейімдеу, мотивация, аттестаттау, оқыту, грейдтеу және лауазымдарды бағалау»;
- 2025 жылғы 15 сәуір – Стамбул қаласындағы корпоративтік басқару жөніндегі халықаралық саммит;
- 2025 жылғы 9 маусым – Алматы қ. KASE алаңында «KEGOC» АҚ Эмитент күні;

- 2025 жылғы 12 маусым – Астана қ. AIX алаңында «KEGOC» АҚ Эмитент күні;
- 2025 жылғы 30 маусым – «Директорлар кеңестерінің жұмысындағы AI және нейрожелілер: мүмкіндіктер, тәуекелдер және өзгерістерді басқару арқылы енгізу»;
- 2025 жылғы 30 шілде – «Акционерлердің құқықтарын қорғау тұрғысынан корпоративтік басқару. Үздік практикалар мен кейстер»;
- 2025 жылғы 31 қазан – «Тәуекелдерді басқару. Санкциялық, қаржылық және өзге де тәуекелдер»;
- 2025 жылғы 7 қараша – «Климат, жасанды интеллект және Қазақстан мен Орталық Азияның тұрақты болашағы»;
- 2025 жылғы 17 қараша – «Жасанды интеллект және болашақтың көшбасшылығы: цифрлық трансформациядағы кадрлық резервтің рөлі»;
- 2025 жылғы 5 желтоқсан – форсайт-сессия «Болашақтың Директорлар кеңесі».

Мүдделер қайшылығы

GRI 2-15

Іскерлік этика кодексіне және «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қайшылығын реттеу саясатына сәйкес жұмыскердің өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауының қажетті шарттарының бірі жұмыскердің, сондай-ақ Компанияның лауазымды тұлғаларының мүдделер қайшылығына жол бермеуі болып табылады, мұндай қақтығысы туындаған жағдайда оны ашып көрсету және реттеу қажет.

Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері 2025 жылы мүдделер қайшылығы жағдайларына жол берген жоқ:

- олардың өз міндеттерін тиісінше орындауына жеке мүдделерінің әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар туындаған жоқ;
- шешімдерді бейтарап қабылдауға әсер ететін немесе әлеуетті түрде әсер етуі мүмкін мүдделер қайшылығы бар жағдайлар болған жоқ;
- мүдделілігі бар лауазымды тұлғалар мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.

Превентивті шара (алдын алу) ретінде «KEGOC» АҚ-ның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес ықтимал мүдделер қайшылығын ашу туралы декларация нысаны қолданылады. 2025 жылы Директорлар кеңесінің құзыретіндегі мүдделілік бар мәмілелерді жасасу мәселелері бойынша талқылау мен дауыс беруге тек тәуелсіз директорлар ғана қатысты, бұл туралы Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларында тиісті жазбалар жасалды. Есепті жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ филиалдары мен «Батыс транзит» АҚ арасында жабдыққа жедел және пайдалану қызметін көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға арналған 3 (үш) шартқа жалпы сомасы 446,3 млн теңгеге қол қою арқылы жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдады.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-ның 1 (бір) ірі мәмілесі жасалды: 2024 жылы «Building and construction» ЖШС, «Энергетика ғылыми-инжинирингтік орталығы» ЖШС-мен бірлесіп «EIS Corporation» ЖШС құрамындағы консорциуммен бұрын жасалған шартқа күрделі салымдарды игеру сомаларын қайта бөлуді көздейтін қосымша келісім.



Басқарма

GRI 2-13

«KEGOC» АҚ-ның ағымдағы қызметін алқалы атқарушы орган болып табылатын Басқарма басқарады. Ол «KEGOC» АҚ-ның басқа органдардың құзыретіне жатпайтын қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

Компанияның Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін (Төрағадан басқа) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады және айқындылық, әлеуетті, кәсіпқойлық пен құзыреттілікті бағалаудың объективтілігі қағидаттарына негізделеді. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Басқармасының құрамын 5 (бес) адам болып белгіленді. Олардың 100%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Басқарма құрамы

(2025 жылғы 31 желтоқсан)



Нәби Еркінұлы АЙТЖАНОВ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, 2023 жылғы тамыздан бастап Басқарма мүшесі

1980 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі – 23 жыл.

Білімі: С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (1997–2002 жж.), Халықаралық бизнес академиясы, Іскерлік әкімшілендіру магистрі (2012 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2023 ж. қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы,
- 2010–2023 жж. – «Қазақстан коммуналды жүйелері» ЖШС Бас директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:
«KEGOC» АҚ қызметіне жалпы басшылық жасау, Компанияда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; Компанияның экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



Бақытхан Медеғалиұлы ЖАЗЫҚБАЕВ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, 2017 жылғы ақпаннан бастап Басқарма мүшесі

1968 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі – 22 жыл.

Білімі: Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Маркетинг және коммерция» мамандығы (1994 ж.), С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Электр энергетикасы» мамандығы (2004 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2021 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2018–2021 жж. – «KEGOC» АҚ Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры;
- 2017–2018 жж. – «KEGOC» АҚ Өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:
өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу және оларға қызмет көрсету, ҚР БЭЖ-інің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, қосалқы станциялардың релелік қорғаныс пен автоматтандыру құралдарын пайдалану мен жаңғырту, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, іске асырылатын стратегиялық жобаларды басқару, ИТК-нің сенімді жұмыс істеуі мен дамуы, филиалдармен және еншілес ұйыммен жұмыс.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



Төлеген Есенқұлұлы САФУАНИ

Құқықтық сүйемелдеу, HR және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, 2017 жылғы маусымнан бастап Басқарма мүшесі

1979 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі – 17 жыл.

Білімі: Қазақ мемлекеттік заң академиясы, «Құқықтану» мамандығы (1996–2000 жж.), Қазақ технология және бизнес университеті, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы (2010–2012 жж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:
- 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:
Компанияның қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуы мен орындалуын бақылау; кінәраттық-талап қою жұмысы, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, қызметтің үздіксіздігі жүйелерін енгізу мен жетілдіру, тәуекел-мәдениетін қалыптастыру, кадр саясатын жетілдіру мен іске асыруды қамтамасыз ету, нысаналы корпоративтік мәдениетті дамыту мен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, IR (өндірістік қатынастар) дамыту процесін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл функцияларын дамыту, жұмыскерлердің ұжымның қоғамдық өміріне қатысу мәселелерін үйлестіру.

«Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



Эльвира Бақытқызы ҚОНАҚБАЕВА

Стратегия және тұрақты даму жөніндегі басқарушы директор, 2022 жылғы 17 қаңтардан бастап Басқарма мүшесі

1987 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматшасы, салада жұмыс өтілі – 3 жыл.

Білімі: Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЭП), «Экономика» мамандығы бойынша (2003–2007 жж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2022 ж. қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ Стратегия және тұрақты даму жөніндегі басқарушы директоры;
- 2015–2022 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару департаментінің аға менеджері, Корпоративтік басқару департаментінің директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:
«KEGOC» АҚ даму стратегиясын және стратегиялық әрі операциялық ҚНК-ні әзірлеу, актуалдау және іске асыру, тұрақты даму мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету, корпоративтік басқару, тұрақты дамуды басқару жүйесі мен ESG деңгейін ұстап тұруды бақылауды қамтамасыз ету, ESG қағидаттарын ескере отырып бизнес-процестерді талдау мен үздіксіз жетілдіру, ESG-бастамаларды, төмен көміртекті даму бағдарламасын және климаттық бағдарламаны іске асыру, БМЖ нәтижелілігі, автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің жұмысын дамыту мен сүйемелдеу, жұртшылықпен байланысты қозғайтын коммуникациялар саласындағы жұмыс.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



Айгүл Ермекбайқызы ӘКІМБАЕВА

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, 2022 жылғы мамырдан бастап Басқарма мүшесі

1978 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматшасы, салада жұмыс өтілі – 16 жыл.

Білімі: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті «Қаржы және несие, Банк ісі» мамандығы бойынша (1999 ж.), «Мирбис» Мәскеу халықаралық бизнес жоғары мектебі» мемлекеттік емес білім беру мекемесінің Халықаралық бизнес университеті, Іскерлік әкімшілендіру магистрі (2009 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2022 ж. қазіргі уақытқа дейін – «KEGOC» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;
- 2021–2022 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бірлескен басқарушы директоры;
- 2008–2021 жж. – «Самұрық-Энерго» АҚ департамент директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:
«KEGOC» АҚ-ның қаржы-экономикалық қызметі; ұзақ мерзімді өзгерістерді болжау мен бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау, қысқа, орта және ұзақ мерзімді бизнес-жоспарлар, теңгерімдер мен ақша қаражаты ағындарының болжамдары, тарифтік саясат; инвесторлармен өзара қарым-қатынас; Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен, Қазақстан қор биржасымен, банктермен, сақтандыру ұйымдарымен, рейтингтік агенттіктермен, аудиторлық компаниялармен және басқа да қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық; «KEGOC» АҚ акцияларының KASE, AIX ресми тізімінде болу процесіне басшылық жасау мен оны үйлестіру; «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі.

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

Басқарманың қызметі туралы есеп

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары – акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, адал ниеттілік, кәсіпқойлық, байыптылық, объективтілік, парасаттылық пен тұрақтылық.

2025 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 32 отырысы өткізілді, оларда 153 мәселе қаралды.

«KEGOC» АҚ Басқармасы қараған мәселелердің құрылымы, %



Басқарма жанындағы комитеттер

Алдын ала қарау, алқалы шешімдер қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында Компанияда консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді:

- Инвестициялық комитет;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Бюджеттік комитет;
- Кадрлық даму жөніндегі комитет;
- Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет;
- Тауарлық-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

Менеджментті бағалау және сыйақы

GRI 2-18

2025 жылы тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының 2024 жылға арналған қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Бағалау 2024 жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысын жетілдіру үшін Директорлар кеңесі Төрағасының, оның мүшелерінің және Корпоративтік хатшының негізгі жауапкершілік салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізілді.

Бағалаудың нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің, Төрағаның, Директорлар кеңесі мүшелерінің және «KEGOC» АҚ Корпоративтік хатшысының стратегиялық басқару мен бақылаудың алқалы органы ретіндегі жұмысының тиімділік дәрежесін, олардың қызметінің «KEGOC» АҚ-ны дамыту, қойылған қаржы-экономикалық нәтижелерге қол жеткізу және оның құнын арттыру қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін бағалауды айқындайды.

Тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша бағалаудың әрбір бөлімі бойынша орташа балл айқындалды:

1. Директорлар кеңесін бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг қалыптастырылды – 93%, «AA» деңгейіндегі рейтинг;
2. Аудит жөніндегі комитетті бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг қалыптастырылды – 100%, «AAA» деңгейіндегі рейтинг;
3. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетті бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг қалыптастырылды – 100%, «AAA» деңгейіндегі рейтинг;
4. Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитетті бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг – 100%, «AAA» деңгейіндегі рейтинг қалыптастырылды;
5. Директорлар кеңесінің Төрағасын бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг қалыптастырылды – 100%, «AAA» деңгейіндегі рейтинг;
6. Аға тәуелсіз директорды бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг қалыптастырылды – 80%, «BBB» деңгейіндегі рейтинг;
7. Корпоративтік хатшыны бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг – 100%, «AAA» деңгейіндегі рейтинг қалыптастырылды.

Әрбір өлшемшартты Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің қорытынды рейтингі «АА» деңгейінде немесе 94%-ды құрайды.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларына сәйкес директорлардың ешқайсысы сауалнамаға қатысуды қоспағанда, өз қызметін бағалау процесіне тартылған жоқ.

GRI 2-19

Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру және шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес директорлардың сыйақысы екі бөліктен тұрады: жылдық тіркелген сыйақы және Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарында төрағалық еткені немесе оларға қатысқаны үшін қосымша сыйақы, бұл ретте Акционерлердің жалпы жиналысының 2020 жылғы 26 маусымдағы шешіміне сәйкес директорларға Кеңекомитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төлеу уақытша тоқтатылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының ұсынысын қалыптастыру мақсатында Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тиісті талдау жүргізуді ескере отырып, Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының мөлшері, оны айқындау тәртібі мен төлеу шарттары бойынша ұсынымдар әзірлейді. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды.

GRI 2-20

Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына шығумен, тұрақты тұратын жерден тыс өткізілетін кеңестерге шығумен байланысты шығыстар өтеледі: жол жүру, оның ішінде трансфер, тұру, тәуліктік, Қазақстан Республикасында телефон байланысы (ұялы байланысты қоспағанда), Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшіру, факс, басып шығару, құжаттарды басып шығару, интернет желісіне қол жеткізу қызметтері, курьерлік және пошта қызметі. «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, 2025 жылы Директорлар кеңесінің бірде-бір мүшесі өз сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатысқан жоқ.

GRI 2-18, GRI 2-19, GRI 2-20

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбекақы төлеу жүйесі лауазымдық қызметақыны және жыл қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері бойынша сыйақыны қамтиды. «KEGOC» АҚ-ның жыл қорытындысы бойынша жұмынәтижелері бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бекітілгеннен кейін «KEGOC» АҚ бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақша қаражаты шегінде төленеді. Сыйақы төлеудің негізгі шарты – есепті жыл үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау кезінде уәждемелік ҚНК қолданылады. Олар «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарын «KEGOC» АҚ-ның бизнес-процестері/қызмет бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы, «KEGOC» АҚ Басқармасының әрбір мүшесі үшін ҚНК карталары түрінде әзірленеді. Уәждемелік ҚНК корпоративтік және функционалдық ҚНК болып бөлінеді, бұл ретте нысаналы мәндерді «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді.

Басшы жұмыскерлердің уәждемелік ҚНК орындалуына тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі. Есепті жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейлердегі ҚНК-ның нақты мәндері есептеледі.

Қазақстандағы меншік құрылымы мен реттеуге байланысты KEGOC акцияларға негізделген ұзақ мерзімді бағдарламаларды қолданбайды. Дегенмен, Компания стратегиялық және ESG-көрсеткіштерді (ESG-рейтинг, несиелік рейтинг, басым инвестициялық жобаларды іске асыру) бас директордың жылдық негізгі тиімділік көрсеткіштерінің (ҚНК) жүйесіне интеграциялай отырып, акционерлердің ұзақ мерзімді мүдделеріне бағдарлануды қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл қысқа мерзімді бағалау мен тұрақты дамудың ұзақ мерзімді мақсаттары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі уәждемелік ҚНК

1-стратегиялық мақсат	2-стратегиялық мақсат	3-стратегиялық мақсат
GA (Grid Availability – желінің қолжетімділігі, жылына %-бен)	Өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш (LTIFR, ҚМҚА)	EBITDA margin
ЭЖЖ мен ҚС-дағы технологиялық бұзылулардың саны	«KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылық деңгейі	TSR
Басым инвестициялық жобаларды іске асыру	«KEGOC» АҚ ESG қағидаттарын жетілдіру жөніндегі Жоспардың іс-шараларын орындау	Жоспарлау сапасы
Компания объектілеріндегі жөндеу жұмыстарының физикалық көлемдерін орындау	ESG-рейтинг	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу
Компанияның күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындық паспортын уақтылы алуы	Кадрлар тұрақсыздығы	Кредиттік рейтинг

Негізгі мотивациялық ҚНК Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша сыйақы алу құқығы тәртіптік жаза қолданылған кезеңді қоспағанда, есепті кезеңде тиісті лауазым бойынша іс жүзінде жұмыс істеген Басқарма мүшелерінде болды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік ҚНК-ның нысаналы мәндеріне қол жеткізілді.

2025 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері тарапынан сыйақылардан немесе болашақ сыйақылардан бас тарту туралы уағдаластық фактілері болған жоқ. Осылайша, негізгі басқарушылық персоналдың сыйақысы және онымен байланысты барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, ауру парақтары, демалыс ақысы, материалдық көмек және т.б.), аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі жалақы бойынша шығыстардың құрамына енгізілген, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 716,74 млн теңгені құрады.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ESG-ҚНК

Аталған көрсеткіштер (KPI) басшы құрамды ынталандыру жүйесіне енгізілген және сыйақының ауыспалы бөлігінің (жылдық сыйақының) мөлшеріне тікелей әсер етеді. ESG саласындағы KPI, сондай-ақ «KEGOC» АҚ инвестициялық жобаларын іске асыру бөлігінде ЖЭК-ті интеграциялау жөніндегі KPI климаттық KPI болып табылады және KEGOC менеджменті үшін климаттық ынталандырулар (climate-related incentives) ретінде қызмет етеді, шығарындыларды азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Басшы құрамды ынталандыру жүйесінде тұрақты даму мен климаттық аспектілерді басқару мәселелеріне ерекше назар аударылады. 2025 жылға бекітілген уәждемелік ҚНК қатарында ESG саласындағы мынадай көрсеткіштер көзделген:

1. «ESG қағидаттарын сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау» климатқа теріс әсерді басқару, климаттық тәуекелдерді төмендету, сондай-ақ экологиялық бастамаларды іске асыру саласындағы бірқатар іс-шараларды орындауды көздейді;
2. «Басым инвестициялық жобаларды іске асыру» ЖЭК-тен генерацияның өсіп келе жатқан көлемдерін энергожүйеге тиімді интеграциялауды қамтамасыз етуге бағытталған, олардың үлесі 2050 жылға қарай 50% деңгейінде күтіледі.

Бұл бастамалар «KEGOC» АҚ-ның Қазақстан Республикасының 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуіне қосқан үлесі болып табылады.

Корпоративтік этика

Корпоративтік этика – жұмыскерлерімізді біріктіретін негізгі элемент.

Корпоративтік этиканың мақсаты – жұмыскерлердің бірыңғай ұжым шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарын реттеу және ол жалпы қабылданған адами құндылықтар негізінде қалыптасады:

- құзыреттілік пен кәсібилікке (Компания жұмыскерлерінің сапалы білімінің, жұмыс тәжірибесінің, шешім қабылдау қабілетінің, өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылысының болуы);
- адалдық пен бейтараптыққа (ұйым қызметіндегі, оның іскерлік беделін сақтаудағы және жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы қақтығыстарды болдырмаудағы маңызды аспект);
- жауапкершілікке – Компаниямыз қызметінің сапасына кепілдік ретінде;
- адам тұлғасын құрметтеуге («KEGOC» АҚ-ның әрбір жұмыскері нәсіліне, тіліне, саяси және діни нанымдарына, жынысына, ұлттық және мәдени тиесілігіне қарамастан, өзіне адал және әділ қарым-қатынас жасалуына құқылы);
- қауіпсіздікке, ол коммерциялық құпияны сақтауға ұмтылумен және зиянсыз әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен сипатталады.

Мінез-құлық кодексі

GRI 2-23, GRI 2-24

Компанияның барлық жұмыскер, оның ішінде жоғары буын басшылары орындауға міндетті құжат – Мінез-құлық кодексі (іскерлік этика кодексі), ол әрбір жұмыскер күнделікті қызметінде басшылыққа алуы тиіс практикалық қағидалар жиынтығы болып табылады. Мінез-құлық кодексі корпоративтік этика мен іскерлік мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормалары және корпоративтік басқарудың үздік практикаларын айқындайтын құжаттар негізінде әзірленген. Мінез-құлық кодексі Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне, филиалдарына және еншілес ұйымдарына қолданылады. Компанияның барлық жұмыскерлері, оның ішінде лауазымды тұлғалар Мінез-құлық кодексінің ережелерімен жұмысқа қабылданған кезде және оған өзгерістер енгізілген кезде тұрақты түрде таныстырылады.

Компанияда Директорлар кеңесіне есеп беретін Омбудсмен өз жұмысын жалғастыруда, оның міндеттерінің бірі жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың Мінез-құлық кодексін сақтауын қамтамасыз ету және оның ережелерін түсіндіру болып табылады. Омбудсмен жұмысының негізгі қағидаттары – тәуелсіздік, бейтараптық

және әділдік, құпиялылық және бейресмилік.

Омбудсмен 9 филиалға, оның ішінде олардың аумақтық бөлімшелеріне барды.

Жұмыс орнындағы кемсітушілік пен қысым көрсету мәселелері бойынша барлық филиал жұмыскерлері, оның ішінде Оңтүстік ЖЭТ, Алматы ЖЭТ, Ақмола ЖЭТ, Орталық ЖЭТ, Ақтөбе ЖЭТ, Шығыс ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Солтүстік ЖЭТ, Батыс ЖЭТ қосалқы станцияларының жұмыскерлері және «Энергоинформ» АҚ филиалдарының жұмыскерлері үшін кездесулер мен тренингтер өткізілді.

GRI 2-16, GRI 2-25

Өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша жұмыскерлерге «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің этикалық нормалар мен мінез-құлық қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы түсіндірмелер берілді. Мінез-құлық кодексінің (іскерлік этика кодексінің) мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді, коммуникация арналары жеткізілді (Омбудсменнің, АРӘЕҚБД, «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз компаниясы қызмет көрсететін жедел желінің, Нысана колл-орталығының телефондары), әлеуметтік-еңбек дауларын шешу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 22-бабы «Жұмыскерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері» және 23-бабы «Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері» ережелері түсіндірілді, әлеуетті жанжалдардың алдын алу және оларды болдырмау бойынша Компанияның ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдеріне («KEGOC» АҚ мүдделер қайшылығын реттеу саясаты») түсіндірмелер берілді.

Жұмыс Компания жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары арасында Мінез-құлық кодексінде (іскерлік этика кодексінде) бекітілген, ұжымдағы жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынастың корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында жүргізілді. Бұдан басқа, жоғарыда аталған филиалдарға барған кезде еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындары, жұмыскерлердің демалыс орындары қаралды.

2025 жылы Компания «KEGOC» АҚ-да кадрлық әкімшілендіру» қағидаларына сәйкес жаңадан қабылданған жұмыскерлермен «KEGOC» АҚ Мінез-құлық кодексінің (іскерлік этика кодексінің) ережелері бойынша бейімдеу курстарын өткізді (52 жұмыскер). Бейімдеу курсы барысында ұйым стандарттарының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді:

- бастамашыл хабарлау саясаты («Жедел желі»);
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қайшылығын реттеу саясаты.
- Сондай-ақ 2025 жылы Омбудсмен:
- адам құқықтары бойынша тәуекелдерге проактивті ден қою және омбудсмендер, тұрақты даму/ESG, HR және әлеуметтік бағыт мәселелері жөніндегі жұмыскерлер арасында тиісті сақтық рәсімін енгізу бойынша тренингтен өтті;
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы ішкі коммуникациялар және сатып алу қызметі жөніндегі форумға қатысты;
- «Жасанды интеллект негіздері мен құралдары» тақырыбы бойынша оқудан өтті;
- «Корпоративтік омбудсмендерге арналған медиация және келіссөздер» тақырыбы бойынша оқудан өтті.

Жұмыскерлердің өтініштерін қарау тәртібі «KEGOC» АҚ Омбудсмені туралы ережемен реттеледі, оған сәйкес Омбудсмен белгіленген тәртіппен жұмыскерлерден, лауазымды тұлғалардан, Ішкі аудит қызметінің басшысынан, Комплаенс қызметінен өтінішті қарау үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен түсіндірмелерді сұратуға және алуға құқылы. Өтінішті қарауға қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш беруші өз құқықтарын қорғау және/немесе мінез-құлық нормаларының бұзылуын және/немесе мінез-құлық нормаларын бұза отырып қабылданған шешімдерді немесе әрекеттерді (әрекетсіздікті) жою үшін пайдалануға құқылы тәсілдер мен құралдарды түсіндіреді. Сондай-ақ Омбудсмен өтінішті осындай өтініштерді шешу құзыретіне кіретін Компания органдарына беруге міндетті.

GRI 2-26

2025 жылы «KEGOC» АҚ Омбудсменіне 6 өтініш түсті.

Бұл ретте болжамды бұзушылықтар туралы 6 өтініштің 1-і Мінез-құлық кодексін сақтамаумен, 2-і – адам құқықтарымен, 3-і – өзге де мәселелермен байланысты.

Әрбір өтініш бойынша мұқият тергеулер жүргізілді, олардың нәтижелерімен өтініш берушілер таныстырылды. Бұл ретте өтініштердегі адам құқықтарының бұзылуы туралы ақпарат расталмады және 2025 жылы Компания жұмыскерлері тарапынан еңбек заңнамасының талаптарын сақтамау туралы талап-арыз беру жағдайлары тіркелмеді.

Жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың барлық өтініштер және олар бойынша қабылданған шаралар туралы Омбудсмен тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесіне есеп ұсынады.

Адам құқықтарын сақтау

GRI 2-23, GRI 2-24

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде жарияланған және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қорғайды және құрметтейді, сондай-ақ жынысына, тіліне, нәсіліне, азаматтығына, дінге көзқарасына, гендерлік сәйкестігіне және өзге де белгілеріне қарамастан, барлық жұмыскерлер үшін тең еңбек жағдайларын жасау тәжірибесін жалғастырады, қысым көрсетудің немесе кемсітудің кез келген нысандарына жол бермейді. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды. Компанияда адам құқықтарының сақталуына байланысты мәселелерді басқару үшін Омбудсмен және Комплаенс қызметі жауап береді.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-да корпоративтік жауапкершілікті нығайту және қызметті адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында Адам құқықтары саласындағы саясат бекітілді.

«KEGOC» АҚ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатының негізгі мақсаты – адам құқықтарын сақтау және адам құқықтары саласындағы халықаралық деңгейде танылған стандарттарды, оның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарын, Халықаралық еңбек ұйымының қағидаттарын және т.б. ұстану.

Адам құқықтары саласындағы саясаттың негізгі мақсатына сәйкес, «KEGOC» АҚ төмендегі қағидаттарды сақтауға және ілгерілетуге, сондай-ақ олардың бұзылуына әкелуі мүмкін кез келген әрекеттердің немесе практикалардың алдын алуға міндеттенеді:

- біз адамдарды пайдалану мақсатында оларды тартуды, тасымалдауды, жасыруды немесе қабылдауды қоса алғанда, адам саудасының кез келген нысандарына жол бермейміз;
- біз жазалау қаупімен немесе мәжбүрлеудің өзге де нысандарымен орындалатын еңбекті қоса алғанда, мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейміз;
- біз балалар еңбегін, атап айтқанда жұмысқа орналасу үшін заңмен белгіленген ең төменгі жасқа толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға жол бермейміз;
- біз жұмыскерлердің бірлесу бостандығына, оның ішінде кәсіптік одақтар құру және оларға кіру құқығына, сондай-ақ ұжымдық шарттар жасасу және өз мүдделерін қорғау үшін ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығына құрметпен қараймыз;
- біз жынысы, нәсілі, ұлты, жасы, дінге және қоғамдық бірлестіктерге көзқарасы, мүгедектігі, әлеуметтік мәртебесі, тұрғылықты жері, азаматтығы немесе іскерлік қасиеттеріне қатысы жоқ өзге де белгілері бойынша кемсітуге жол бермейміз;
- біз қандай да бір белгі бойынша кемсітусіз тең құнды еңбек үшін тең сыйақы төлеуді қамтамасыз етеміз;
- біз қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты, дербес деректердің қол сұғылмаушылығы мен қорғалуына құқықты қоса алғанда, өзге де адам құқықтарын құрметтейміз және сақтаймыз.

Компания құдалау мен кемсітудің кез келген нысандарына нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

«KEGOC» АҚ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатының қолданылуы өндірістік қызметтің барлық саласына, оның ішінде филиалдардың қызметіне, сондай-ақ мердігерлер мен жеткізушілердің қызметіне қолданылады.

«KEGOC» АҚ Басқармасы осы Адам құқықтары саласындағы саясатты іске асыру және барлық ресурстарды тиімді пайдалану, сондай-ақ оны «KEGOC» АҚ-ның барлық бизнес-процестеріне интеграциялау үшін жауапкершілікті өзіне алады.

2025 жылы комплаенс және этика саласындағы жұмыс нысаналы оқыту және коммуникациялар бағдарламасын іске асыру есебінен айтарлықтай күшейтілді, бұл Компанияның барлық деңгейлерінде адалдықтың тұрақты мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Комплаенс қызметі және Омбудсмен, оның ішінде филиалдарға жыл сайынғы бару барысында, Мінез-құлық кодексінің (іскерлік этика кодексінің) ережелері, кемсітудің кез келген түрлеріне жол бермеу, жұмыскерлердің құқықтарын сақтау, этикалық стандарттар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша оқыту және түсіндіру іс-шараларын өткізді, сондай-ақ өтініштер беру қажеттілігі туындаған жағдайда коммуникация арналары еске салынды.

Компанияның еңбек ұжымдарындағы моральдық-психологиялық ахуалды және жұмыскерлердің Мінез-құлық кодексінің (іскерлік этика кодексінің) нормалары мен талаптары туралы хабардарлығын мониторингтеу мақсатында есепті жыл ішінде анонимді сауалнама жүргізу ұйымдастырылды. Компанияның барлық филиалдарындағы жалпы персонал санының 29%-дан астамын құрайтын 1 000-нан астам адамды қамтыған жұмыскерлер сауалнамасының нәтижелері еңбек құқықтарының сақталуы мен қолайлы корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетті: респонденттердің 90%-ы негізгі аспектілер бойынша оң бағалар берді.

Жұмыскерлердің көпшілігі ұжымдарда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал мен өзара сенім атмосферасының бар екенін, сондай-ақ басшылық тарапынан қолдауға сүйене алатынын растады. Тікелей басшылардың қарамағындағы жұмыскерлермен қарым-қатынаста

объективтілігі және заңсыз қысымның болмауы атап өтілді. Жұмыскерлер жұмыс үшін маңызды шешімдерді қабылдауға қатысу мүмкіндігі бар екенін, сондай-ақ оларға лауазымдық міндеттер шеңберінен тыс талаптар қойылмайтынын растады. Респонденттердің елеулі бөлігі қолжетімді өтініш беру механизмдері мен жанжалды жағдайларды шешу тәсілдері туралы жеткілікті деңгейде хабардар екенін де көрсетті.

Еңбек қатынастарын басқару және адам құқықтарын сақтау жүйесін жетілдіру мақсатында анықталған 10% даму аймақтары бойынша Компания Омбудсмені 2025 жылы түзету іс-шараларының жоспарын әзірлеп, іске асырды. Жоспар жұмыскерлердің кері байланыс арналары мен құқықтарды қорғау механизмдері туралы хабардарлығын арттыру, ашық диалог мәдениетін дамыту, сондай-ақ кемсітпеу және әділ қарым-қатынас қағидаттарының сақталуын мониторингтеу жөніндегі шараларды қамтыды. Іс-шараларды іске асыру адам құқықтары саласындағы тәуекелдерге превентивті бақылауды күшейтуге және ішкі рәсімдердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік берді.

Санат	Соңғы үш жыл ішінде бағаланғандардың жалпы санынан %	Тәуекелдер анықталған бағаланғандардың жалпы санынан %	Тәуекелді төмендету бойынша шаралар қабылданған тәуекелдің %-ы
Меншікті қызмет	29	10	100
Бірінші деңгейдегі мердігерлер мен жеткізушілер	100	0	0
Бірлескен кәсіпорындар	жоқ	жоқ	жоқ

KEGOC адам құқықтарымен байланысты тәуекелдерді жұмсарту жөніндегі іс-шараларды барлық филиалдарда (ЖЭТ) іске асырады. Бұл шаралар еңбекті қорғау бағдарламаларын, тәуекелдердің алдын алу рәсімдерін, мәжбүрлі еңбек, ассоциациялар бостандығы, ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы, еңбек жағдайларын тұрақты бағалау, шағымдарды беру тетіктері, кемсітпеу кепілдіктері мен адам құқықтарының бұзылуының ықтимал тәуекелдерін төмендетуге бағытталған өзге де превентивті іс-әрекеттерді қамтиды. Адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалау жұмыскерлер мен мүдделі тараптардың барлық санаттарына, оның ішінде Компанияның өзінің жұмыскерлеріне, әйелдерге, мердігер және бөгде ұйымдардың жұмыскерлеріне, сондай-ақ Компанияның операциялық қызметіне және оның құн жасау тізбегіне тартылған өзге де тұлғаларға таратылады. Компанияда адам құқықтарының бұзылуы анықталмағандықтан, бұл іс-шаралар операциялық тәуекелдер ықтимал түрде туындауы мүмкін барлық объектілерде салдарды жұмсарту жоспарларының функциясын орындайды.

GRI 406-1

Есепті жылы Компания жұмыскерлеріне қатысты кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАР ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

GRI 403-5, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, EU18

«KEGOC» АҚ бас мердігерлер мен қосалқы мердігерлерде адам құқықтарының сақталуына кешенді тексеру жүргізеді. Есепті кезеңде Мердігерлік ұйымдардың мониторинг жоспары әзірленді және іске асырылуда. Жоспар ықтимал проблемаларды бағалау нәтижелері бойынша әзірленген және «KEGOC» АҚ-мен жасалған шарттарға сәйкес жұмыстарды жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің құқықтарының сақталуын мониторингтеуге бағытталған. Жоспарда көзделген:

- функцияаралық жұмыс тобын құру (HR, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сатып алу, құқықтық сүйемелдеу, Омбудсмен);
- мердігер пайдаланатын және еңбек заңнамасының талаптары мен жұмыскерлердің құқықтарын сақтауға қатысты барлық міндетті тармақтарды қамтитын еңбек шартының үлгілік нысанын әзірлеу;
- шағымдарды қарау тетігін құру және оның қолданылуын ілгерілету;
- мердігерлердің еңбекті қорғау және әлеуметтік міндеттемелер саласындағы талаптарды сақтауына тұрақты мониторинг жүргізу және бағалау;
- мердігер ұйымдардың өндірістік жарақаттану және инциденттер туралы есептілікті ай сайын ұсынуы;
- ұсынылған деректерді талдау және тәуекел деңгейін тоқсан сайын бағалау;
- мердігерлермен іріктемелі тексерулер мен бірлескен кеңестер өткізу;
- бұзушылықтар анықталған жағдайда қосымша нұсқамалар мен оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;
- қажет болған жағдайда түзету іс-шараларын актуалдау және мониторинг рәсімдерін жаңарту.

Адам құқықтарымен байланысты тәуекелдер немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайларда «KEGOC» АҚ салдарды жұмсарту жоспарларын әзірлейді не мердігерлерден түзету жоспарларын дайындауды талап етеді. «KEGOC» АҚ осы жоспарлардың орындалуын кейінгі тексерулер арқылы бақылайды. Бұл процесс KEGOC объектілерінде жұмыс істейтін мердігерлерге (100%) таратылады.

Осылайша, Компания жеткізу тізбегінде тәуекелдерді басқарудың жүйелі процесін құрады және мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің құқықтарын сақтауды бақылауды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

«KEGOC» АҚ сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды корпоративтік басқару, тұрақты даму жүйесінің және Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің сенімділігін қамтамасыз етудің негізгі элементі ретінде қарастырады.

«KEGOC» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйесі Компания қызметінің ауқымын, тарифтердің реттелетін сипатын және мемлекет, инвесторлар мен өзге де мүдделі тараптар тарапынан ашықтыққа қойылатын жоғары талаптарды ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, оларды анықтауға және барынша азайтуға бағытталған.

Компания өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтайды және сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз қарсы іс-қимыл жасауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқаруға бағытталған барынша көп ұйымдастырушылық және практикалық шараларды қабылдайды. Компанияның контрагенттерімен жасалатын шарттарда тараптар мен олардың жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелері қамтылады – тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелдерінің алдын алу мақсатында комплаенс-тексерулер жүргізу рәсімдерінің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі ашық және есеп беретін институттарды нығайтуға, жауапты іскерлік практикаларды дамытуға және адал серіктестік қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне қадағалауды жүзеге асырады, негізгі саясаттарды бекітеді және олардың орындалуын бақылайды. Атқарушы орган сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды енгізуді және ішкі бақылау мен комплаенс жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

GRI 205-3

2025 жыл ішінде Компанияға немесе оның жұмыскерлеріне қатысты ақшаны жылыстату немесе инсайдерлік сауда, сыбайлас жемқорлық бойынша расталған жағдайлар, сондай-ақ жұмыскерлер сыбайлас жемқорлық үшін жұмыстан босатылған немесе тәртіптік жазаға тартылған, сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар салдарынан іскерлік серіктестермен шарттар тоқтатылған жағдайлар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қатысты сот істері болған жоқ. Сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа байланысты айыппұлдар мен үкімдер болған жоқ.

Есепті кезеңде жұмыскерлердің немесе Компания өкілдерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін сотталған жағдайлары тіркелген жоқ.

GRI 2-24

«KEGOC» АҚ іскерлік этика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, адам құқықтарын сақтау және кемсітушілікке жол бермеу саласындағы өз міндеттемелерін Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне және операциялық қызметіне жүйелі түрде енгізуді қамтамасыз етеді. Негізгі қағидаттар мен талаптар ішкі нормативтік құжаттарда бекітілген және басқарудың барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде қолданылады.

2025 жылы Компанияда сыбайлас жемқорлық және комплаенс-тәуекелдерді төмендетуге бағытталған үшінші тұлғаларды тексерудің жаңартылған қағидалары бекітілді. Аталған қағидалар контрагенттермен өзара іс-қимыл процестеріне интеграцияланған және үшінші тұлғалардың іскерлік беделін, адалдығын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына әрі «KEGOC» АҚ-ның ішкі саясаттарына сәйкестігін бағалауды көздейді.

Қабылданған міндеттемелерді практикалық іске асыру мақсатында Компания жұмыскерлерді тұрақты негізде оқытады, оның ішінде:

- міндетті кіріспе және мерзімді оқыту іс-шаралары;
- сыбайлас жемқорлық және комплаенс-тәуекелдері жоғары жұмыскерлерге арналған мамандандырылған тренингтер;
- Іскерлік этика кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың талаптары туралы жүйелі түрде ақпараттандыру.

Компанияның барлық жұмыскерлері (100%) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттармен таныстырылған. Компанияның лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау туралы тиісті декларациялар мен міндеттемелерге қол қою арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді өзіне алады. Сондай-ақ қарамағындағы жұмыскерлер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жағдайларында басшылардың жауапкершілік шараларын және отставка институтын қолдану жөніндегі іс-қимыл алгоритмі іске асырылады.

Есепті жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне, мүдделер қақтығысына және іскерлік этика нормаларының өзге де бұзылуына жол бермеу туралы хабардарлығын арттыруға ерекше назар аударылды.

Этикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттардың сақталуын бақылау қолданыстағы ішкі бақылау жүйесі және комплаенс-функция шеңберінде жүзеге асырылады. Жұмыскерлерге және өзге де мүдделі тараптарға белгіленген арналар арқылы ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігі қамтамасыз етілген, бұл ретте барлық өтініштер Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес қаралады.

Кері байланыс механизмдері

GRI 2-26

«Самұрық-Қазына» АҚ-да портфельдік компаниялардың стейкхолдерлерімен, оның ішінде «KEGOC» АҚ-пен «Жедел желі» жұмысы ұйымдастырылған, оның операторы тәуелсіз үшінші тарап ұйымы болып табылады. «KEGOC» АҚ-ның барлық мүдделі тұлғаларына заңнаманың, реттеушілік талаптардың, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және этика мәселелері бойынша ішкі саясаттар мен рәсімдердің нақты немесе болжамды бұзылуына қатысты өз алаңдаушылықтары туралы хабарлау мүмкіндігі беріледі. Оларға хабарламаны құпия және анонимді негізде жолдау мүмкіндігі ұсынылады. Бұл ретте құпиялылық пен анонимділікке, сондай-ақ өтініштердің 100% қаралуына кепілдік беріледі. «Жедел желінің» жұмыс уақыты – тәулігіне 24 сағат / аптасына 7 күн.

2025 жылы «KEGOC» АҚ атына Жедел желіге 9 өтініш келіп түсті. Барлық өтініштер бойынша тексерулер жүргізіліп, тиісті іс-шаралар қабылданды:

- 8 өтініш бойынша бұзушылық фактілері расталмады;
- 1 өтініш бойынша факт ішінара расталды.

Өтініштер негізінен еңбек қатынастары, іскерлік этика, ықтимал мүдделер қайшылығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық белгілері бар болжамды бұзушылықтар мәселелеріне қатысты болды.

2025 жылы сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылық фактілері расталған жоқ.

Келіп түскен барлық өтініштер және қабылданған шаралар туралы Комплаенс қызметінің басшысы тоқсан сайынғы есептер шеңберінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесін хабардар етеді.

2025 жылғы өтініштердің жіктемесі

Бұзушылық санаты	Өтініштер саны
Этикалық бұзушылықтар, мүдделер қайшылығы және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар	5
Заңнамалық және ішкі талаптарға сәйкессіздік	1
Ұрлау, алаяқтық және деректерді бұрмалау	1
Сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар	0
Басқалар	2
Еңбек қауіпсіздігі мен экология	0

GRI 415-1

«KEGOC» АҚ өзі де, еншілес және қауымдасқан ұйымдары, сондай-ақ Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арқылы да саяси науқандарды немесе ұйымдарды қаржыландыруды, сауда қауымдастықтарының, салықтан босатылған ұйымдардың немесе саяси науқандарға, мемлекеттік саясат пен заңнамаға ықпал ететін басқа да топтардың лоббистік қызметін қаржыландыруды жүзеге асырмайды.

Есептілік салалары	2025 қаржы жылындағы бұзушылықтар саны
Сыбайлас жемқорлық немесе парақорлық	0
Кемсітушілік немесе қысым көрсету	0
Клиенттердің құпия деректері	0
Әлеуетті және реттелген мүдделер қайшылығы	3
Ақшаны жылыстату немесе инсайдерлік сауда	0

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

«KEGOC» АҚ-да ISO 31000 халықаралық стандарттарының қағидаттары негізінде, сондай-ақ Тредвей комиссиясының демеуші ұйымдары комитеті әзірлеген тәуекелдерді басқарудың жалпы қабылданған тұжырымдамалық модельдері – COSO ERM «Ұйым тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель» және «Самұрық-Қазына» АҚ талаптары негізінде қалыптастырылған тәуекелдерді басқару жүйесі табысты енгізілді және жұмыс істейді.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, оларды бағалауға, негізгі корпоративтік тәуекелдерді мониторингтеуге және басқаруға, сондай-ақ тәуекелге бағдарланған тәсілді Компанияның стратегиялық және операциялық процестеріне интеграциялауға бағытталған.

Қолданыстағы корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты – ішкі және сыртқы теріс факторлардың «KEGOC» АҚ қызметіне әсер ету дәрежесін шектеу арқылы қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға тартылуы;
- тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;
- Компания жұмыскерлерінің тәуекелдерді басқару саласында үздіксіз оқуы және білім алмасуы;
- есептілік ұсыну және тәуекелдерді эскалациялау кезінде ашықтық пен адалдық.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің міндеттері:


- «KEGOC» АҚ тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару бойынша бірыңғай әрі дәйекті тәсілдерді әзірлеу және қолдану, тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін тігінен (басқару) және көлденеңінен (тәжірибе алмасу) жеңілдету;
- туындайтын тәуекел оқиғаларына жедел ден қою, сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді қадағалау;
- тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету не үшінші тараптарға беру (аутсорсинг, сақтандыру, хеджирлеу) немесе тәуекелден бас тарту мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі мақсатты қызметті ұйымдастыру;
- «KEGOC» АҚ тәуекелдері туралы ақпаратты жүйелеу және одан әрі жинақтау, «KEGOC» АҚ-ның басқарылу деңгейін арттыру;
- корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру арқылы «KEGOC» АҚ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және «KEGOC» АҚ-ның қойылған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі «KEGOC» АҚ-ның басқарушылық шешімдер қабылдау процесін және күнделікті операциялық қызметін қолдайтын құрал болып табылады.

«KEGOC» АҚ-дағы тәуекелдерді басқару процесі тұрақты, циклдік (үздіксіз), көп бағытты болып табылады және мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:

- Ішкі орта;
- Мақсат қою;
- Тәуекелдерді анықтау;
- Тәуекелдерді бағалау, оның ішінде тәуекел-аппетитті айқындау;
- Тәуекелдерді басқару, оның ішінде негізгі тәуекел көрсеткіштерін және төзімділік деңгейін айқындау;
- Бақылау;
- Ақпарат және коммуникация;
- Мониторингтеу.

«KEGOC» АҚ-ның тәуекелдерді басқару процесі



Тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда аталған құрамдас бөліктерін іске асыру тәуекелдерді басқару мәдениетін (тәуекел мәдениетін) дамытуға ықпал етеді. Ол тәуекел-менеджменттің негізі болып табылады және лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің өз міндеттерін орындау кезінде бөлісетін және қолданатын тәуекелдерді басқару саласындағы сенімдерінен, түсінігі мен білімінен тұрады.

Тәуекел мәдениеті корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Тәуекел мәдениетінің деңгейі тәуекелдердің Даму жоспарын әзірлеу сәтінен бастап оны іске асыруға және тиімділігін мониторингтеуге дейін қалай анықталатынын, бағаланатынын және басқарылатынын айқындайды.

Тәуекел мәдениеті мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Басшылықтың ұстанымы: шешімдер қабылдау кезінде ұзақ мерзімді құн, табыстылық және шешім қабылдаумен де, шешім қабылдамаумен де байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім негізге алынады, басшылық бағынысты жұмыскерлердің тәуекелге бағдарланған мінез-құлқын көтермелейді.
- Корпоративтік басқару: «KEGOC» АҚ қызметі жұмыскерлердің Саясат пен барлық ішкі нормативтік құжаттардың сақталуы міндетті екенін түсінуін қамтамасыз ететін бақылау ортасын қалыптастыруға бағытталған. «KEGOC» АҚ-ның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша өз жауапкершілік аймағы мен өкілеттіктерін нақты түсінеді. Тәуекел иелері өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді түсінеді, оларды басқарады және «KEGOC» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдер туралы тиісінше ақпарат береді.
- Шешімдер қабылдау: ішкі орта коммуникациялардың ашықтығымен және тәуекелдер туралы ақпараттың айқындығымен сипатталады, бұл жұмыскерлер мен басшылық арасында ілеспе тәуекелдер мен әлеуетті мүмкіндіктерді ашық әрі конструктивті талқылауға ықпал етеді және сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде бірлесіп тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.
- Сыйақы жүйесі: Сыйақы беру жүйесі барлық деңгейлерде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде басшылық пен жұмыскерлердің тәуекелге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру үшін қаржылық және қаржылық емес ынталандыру құралдарын пайдаланады. Тәуекел-мәдениеті дамыған жағдайда қабылданатын шешімдер тәуекел-тәбетпен нақты айқындалады.
- Құзыреттілік: «KEGOC» АҚ-ның ұйымдық құрылымы «үш қорғаныс желісі» моделіне негізделеді. Тәуекелдер жөніндегі бөлімше екінші қорғаныс желісінің рөлін тиімді орындайды, сол арқылы Басшылықтың «KEGOC» АҚ мақсаттарына қол жеткізуге деген сенімділігін арттырады.

Басқарма мен Директорлар кеңесі үшін тәуекел мәдениетінің деңгейі туралы ақпарат көздерінің бірі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі құжаттар, сондай-ақ Компаниядағы корпоративтік басқаруды диагностикалау жөніндегі есептер болып табылады.

Компанияда тәуекел мәдениетін арттыру мақсатында жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін Компанияның корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі саласында нұсқама/семинар өткізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Компания менеджменті жыл сайын жоғары буын басшыларына арналған тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандандырылған семинарлар мен тренингтерге міндетті түрде қатысады. Бұл міндеттеме Компанияның ішкі құжаттарында бекітілген. Осылайша, 2025 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері мен менеджмент үшін «Тәуекелдерді басқару: санкциялық, қаржылық және өзге де тәуекелдер» тақырыбында оқыту өткізілді.

Компанияда тәуекел мәдениетінің даму деңгейін бақылау үшін 2025 жылы жұмыс орнында тәуекел-менеджментті пайдалану тиімділігін бағалау мақсатында жұмыскерлерге сауалнама жүргізілді / корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі саласындағы білімдері тестіленді. Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері бойынша біліміне тестілеу жүргізілді, оны тестілеуге қатысқандардың барлығы сәтті өтті.

КТБЖ-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



КТБЖ қатысушыларының функциялары мен жауапкершілігі:

КТБЖ қатысушылары	Функциялары мен жауапкершілігі
Директорлар кеңесі	▣ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің (КТБЖ) тұтастай тиімді жұмыс істеуі және дамуы; ▣ тәуекелдерді басқару бөлігінде жоғары деңгейдегі ұстанымды қалыптастырады, сондай-ақ осы ұстанымның бүкіл Компания және еншілес ұйымдар бойынша көрініс табуын қамтамасыз ететін тетіктердің іске асырылуына жауап береді; ▣ КТБЖ-нің негізгі құжаттарын бекіту.
Аудит жөніндегі комитет	▣ КТБЖ-нің сенімділігі мен тиімділігін бақылау бойынша ұсынымдар әзірлеу арқылы Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттарды алдын ала Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті қарайды.
Ішкі аудит қызметі	КТБЖ-ге тұрақты аудит жүргізу және Директорлар кеңесіне / Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіз қорытынды ұсыну: ▣ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің және КТБЖ саласындағы әдіснаманың тиімділігіне аудит және талдау жүргізу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау; ▣ Директорлар кеңесіне КТБЖ тиімділігі туралы есеп ұсыну; ▣ аудиторлық тексерулер жүргізу барысында анықталған іске асқан тәуекелдер туралы ақпаратты тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсыну.
Басқарма	▣ тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару рәсімдерін құру, қолдау және қолдану; ▣ КТБЖ-нің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру; ▣ құрылымдық бөлімшелерге олардың қызметінде тәуекелдерді басқару процестерін енгізу / жетілдіру кезінде қолдау көрсету; ▣ тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше жұмыскерлерінің кәсіби біліктіліктерінің болуы.
«KEGOC» АҚ құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және еншілес ұйымдары – тәуекел иелері	▣ тәуекелдерді анықтау, талдау және бағалау; ▣ тәуекелдерді басқару; ▣ негізгі тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша ұсыныстар дайындау; ▣ «KEGOC» АҚ негізгі тәуекелдері бойынша есептілікті қалыптастыру; ▣ іске асқан тәуекелдер туралы уақтылы хабардар ету.
Комплаенс қызметі	▣ Мінез-құлық кодексінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнаманың және «KEGOC» АҚ-ға қолданылатын өзге де реттеушілік талаптардың бұзылу тәуекелдерін басқаруға бағытталған комплаенс бағдарламасын әзірлеу және енгізу.
Тәуекелдер жөніндегі комитет	▣ «KEGOC» АҚ тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; ▣ Компанияның тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасына ұсынымдар дайындау. 2025 жылы Комитет 6 отырыс өткізді.
Тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше	▣ КТБЖ-ні дамыту; ▣ ішкі және сыртқы талаптарды түсіндіру; ▣ консультациялық көмек көрсету; ▣ КТБЖ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу; ▣ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу және Тәуекелдер жөніндегі комитетке, Басқармаға және Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті дайындау.

KEGOC.KZ

Директорлар кеңесі мен Басқарма өз функцияларын орындау кезінде корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын «Үш қорғаныс желісі» моделіне сүйенеді.

Бірінші қорғаныс желісін өз құзыреті шеңберінде әрбір жұмыскердің атынан құрылымдық бөлімшелер құрайды.

Екінші қорғаныс желісін мониторингтік функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер құрайды.

Үшінші қорғаныс желісін тиімділікті тәуелсіз бағалауды жүргізетін, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге ықпал ететін, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесіне қолдау көрсетіп, оларға КТБЖ мен ішкі бақылаудың тиімділігі туралы тәуелсіз бағалауды ұсынатын Ішкі аудит қызметі құрайды.

«KEGOC» АҚ Даму жоспарының (Стратегиясының), «KEGOC» АҚ Іс-шаралар жоспарының (Бизнес-жоспарының) мақсаттарына, міндеттеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізуге және іс-шараларын орындауға теріс әсер етуі мүмкін қолданыстағы тәуекелдерге талдау жүргізу және жаңа тәуекелдерді анықтау тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді сәйкестендіру кезінде мынадай әдістер қолданылады:
- бизнес-процестерді талдау;
- статистикалық деректерді жинау және талдау;
- жеке сараптамалық әдістер (сауалнама жүргізу, сұхбат);
- топтық әдістер (ойталқы, іскерлік ойын);
- жарияланымдар мен сөз сөйлеулерге мониторинг жүргізу.

Сондай-ақ тәуекелдер Басқарма мен Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын мәселелерді қарау кезінде, сыртқы ортадағы өзгерістер кезінде, «KEGOC» АҚ-дағы процестер, рәсімдер, ұйымдық құрылым және т.б. өзгерген жағдайда анықталуы мүмкін.

Жаңа технологиялық қызметтерді, цифрлық жүйелер мен сервистерді әзірлеу кезінде KEGOC реттеушілік, техникалық, ESG, құқықтық және операциялық тәуекелдерді қамтитын алдын ала талдау жүргізеді.

Тәуекелдер ағымдағы жылдың Басқарма мүшелерінің, басқарушы жұмыскерлердің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының қолданыстағы мақсаттары (ҚНК) негізінде сәйкестендіріледі, олар «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық мақсаттары негізінде қалыптастырылған.

Тәуекелдерді түгендеу процесінде қатар жүргізілетін тәуекелдерді бағалау барысында осы тәуекелдерді басқару тәсілдері де айқындалады.

Тәуекелдерді бағалау шеңберінде тәуекелдің мынадай параметрлері бағаланады:
- тәуекелдің әсері (мөлшері);
- тәуекелдің іске асу ықтималдығы (жиілігі);
- әсер ету уақыты.

Тәуекелдерді бағалау кезінде сапалық немесе сандық талдау не олардың комбинациясы қолданылады, оның ішінде:
- географиялық факторларды;
- салалық ерекшеліктерді;
- сезімталдықты;
- қаржылық және операциялық тәуекелдер бойынша стресс-тестілеуді және т.б. талдау.

Тәуекелдің іске асу ықтималдығын, әсерін және әсер ету уақытын бағалау «KEGOC» АҚ-да белгіленген тәуекелдерді бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізіледі. Тәуекелдерді бағалау процесінің нәтижелері Тәуекелдер картасына енгізіледі, онда әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығы көрнекі түрде көрсетіледі. Тәуекелдер төмен, орташа, ірі және критикалық деңгейлерге бөлінеді.

Барлық анықталған тәуекелдер бойынша алдын алу және ден қою іс-шаралары әзірленеді, оларды Директорлар кеңесі бекітеді. Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар тәуекелдердің алдын алуға және/немесе тәуекелдер іске асқан жағдайда олардың салдарын барынша азайтуға бағытталған.

Директорлар кеңесі анықталған барлық тәуекелдерді, олардың бағалануын және іс-шараларды Басқарма мен Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауынан кейін бекітеді.

«KEGOC» АҚ тәуекелдерінің жіктелуі

СТРАТЕГИЯЛЫҚ — Даму жоспарын әзірлеуге, енгізуге, іске асыруға және бақылауға байланысты тәуекелдер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ — Өндірістің үзілуімен, жүйелік іркілістер және пайдаланылатын немесе енгізілетін технологиялардың сенімділігімен, деректердің жоғалуымен байланысты тәуекелдер


ҚҰҚЫҚТЫҚ — «KEGOC» АҚ қызметінің заңнамалық талаптарға жалпы сәйкестігімен байланысты тәуекелдер

ҚАРЖЫЛЫҚ — «KEGOC» АҚ капиталының құрылымымен, пайдалылықтың төмендеуімен, валюта бағамдары мен пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларымен және кредиттік тәуекелдермен байланысты тәуекелдер

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕР — Реттеуші талаптарды, халықаралық стандарттарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі рәсімдерді сақтамаумен, сондай-ақ іскерлік әдепті бұзумен байланысты тәуекелдер

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері Компанияның 2025 жылға арналған Тәуекелдер тізіліміне жинақталды, оған 49 тәуекел енгізілді. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, тәуекел иелері айқындалды. Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті жолдау арқылы негізгі тәуекелдердің динамикасына және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

«KEGOC» АҚ тәуекелдер картасы (7 негізгі, 42)



ESG маңыздылығын бағалау арқылы анықталған барлық маңызды тақырыптар негізгі корпоративтік тәуекелдермен салыстырылады және тәуекелдер тізіліміне енгізіледі. Бұл маңызды тақырыптар жылдық тәуекелдерді анықтау және басымдық беру циклі үшін кіріс ретінде пайдаланылады.

«KEGOC» АҚ-ның есепті жыл үшін ең маңызды және өзекті тәуекелдері:

Тәуекел атауы	Тәуекел факторлары	Іс-шаралар
Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның туындау тәуекелі	1) Персоналдың қауіпсіздік техникасы жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды сақтамауы; 2) жұмыс орындары мен еңбек жағдайларының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі; 3) биіктіктен құлау; 4) жол-көлік оқиғасы; 5) электр тогымен зақымдану.	▣ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары бойынша білімді біліктілік тексеруден өткізу; ▣ Қауіпсіздік техникасы күндерін өткізу; ▣ ЖЭТ филиалдарында жұмыс орындарына кенеттен тексерулер жүргізу; ▣ «KEGOC» АҚ-ның қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру; ▣ GPS спутниктік бақылау жүйесі арқылы жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтауын бақылау; ▣ erap-public.kgp.kz жүйесі арқылы жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтауын бақылау; ▣ «KEGOC» АҚ өндірістік жұмыскерлеріне психологиялық қолдау көрсету бағдарламасын енгізу мүмкіндігін қарастыру.
Көрсетілген жүйелік қызметтер үшін мерзімі өткен дебиторлық берешектің өсу тәуекелі	1) Тұтынушылардың көрсетілген жүйелік қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізбеуі; 2) Украинадағы соғысқа байланысты енгізілген санкциялар салдарынан Ресей Федерациясының контрагенттерінен төлемдердің тоқтатылуы.	▣ Берешекті өтеу қажеттілігі туралы жазбаша ескерту; ▣ Берешекті өтеу мәселелері бойынша төлем жасамаушылармен, сондай-ақ тұтынушылар берешегін өтеу мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерімен келіссөздер, көшпелі кездесулер, бейнеконференциялар өткізу; ▣ Борышкерге қызмет көрсетуді тоқтату немесе уақытша тоқтату және тиісті шаралар қабылдау туралы мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды (әкімдіктерді, комитеттерді, ТЖ органдарын) хабардар ету/құлақтандыру; ▣ Ресей Федерациясының контрагенттерімен жұмыс жүргізу (келіссөздер, хаттар жолдау); ▣ Шектеулерді кезең-кезеңімен енгізу бойынша техникалық сипаттағы іс-шараларды қолдану: тәуліктік кестені қалыптастыру кезінде тұтынушының өтінімдерін қабылдамау, мәлімделген тәуліктік кестеден ауытқудың рұқсат етілген диапазонын жою, жүйелік қызметтер көрсетуді ішінара немесе толық тоқтату (оқшауланған жұмысқа шығару); ▣ Тұтынушылардың көрсетілген жүйелік қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізбеуі фактісі бойынша кәнараттық-талап қою арыз жұмысын жүргізу.
Бірінші дәрежелі авариялар мен істен шығулардың туындау тәуекелі	1) ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілерінің зақымдануы; 2) ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілерінің тозуы; 3) ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілерінің зауыттық ақауы; 4) құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезінде жіберілген ақаулар; 5) ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілеріне қызмет көрсететін жұмыскерлердің біліктілігінің төмендігі; 6) жөндеу персоналының қате әрекеттері; 7) пайдалануды қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру; 8) бөгде тұлғалар мен факторлардың әсері; 9) дүлей құбылыстардың әсері; 10) релелік қорғаныс жабдығына техникалық қызмет көрсетудің уақтылы немесе толық жүргізілмеуі.	▣ Күштік электр жабдығының жоғары вольтты кірмелерін ауыстыру; ▣ Сарапшы ұйымдарды тарта отырып, ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілеріне техникалық куәландыру жүргізу; ▣ Сарапшы ұйымдарды тарта отырып, ҚС жабдықтары мен электр жеткізу желілерінің жай-күйіне техникалық сараптама жүргізу; ▣ «KEGOC» АҚ филиалдарының «Алматы ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» 220–500 кВ ӘЖ реконструкциялау» ТЭН әзірлеу; ▣ РҚА құрылғыларына техникалық қызмет көрсету; ▣ Электр желілеріндегі технологиялық бұзушылықтарды талдау және шаралар қабылдау.

Тәуекел атауы	Тәуекел факторлары	Іс-шаралар
Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі	1) ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптардың дұрыс айқындалмауы; 2) антивирустық БЖ лицензияларын ұзарту немесе сатып алу шарттарының уақтылы жасалмауы; 3) зиянды БЖ-ны рұқсатсыз орнату; 4) мақсатты емес кибершабуылдар; 5) Компания жұмыскерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімнің жеткіліксіздігі; 6) жұмыскерлердің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттар талаптарын сақтамауы; 7) қашықтан қосылуды пайдалану бойынша АТҚ ұсынымдарының сақталмауы; 8) VPN арнасы арқылы қашықтан жұмыстың қорғалмауы; 9) АЖҚО-мен (Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы) құрылымдалмаған жұмыс; 10) «KEGOC» АҚ ақпараттық жүйелеріне мақсатты кибершабуыл; 11) диспетчерлердің жұмыс компьютерлерін Интернет желісіне қосу; 12) серверлік үй-жайларға рұқсатсыз кіру.	▣ Сыртқы мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің Компанияның ақпараттық активтеріне қауіпсіз қол жеткізуін қамтамасыз ету; ▣ АҚ бойынша қызметтерді (қорғау жүйелерін) уақтылы сатып алу; ▣ жауапты тұлғалар (иелер) тізбесін айқындай отырып, артықшылықты қол жеткізу құқықтары бар иесіздендірілген (жүйелік, технологиялық) есептік жазбаларды түгендеу; ▣ жергілікті желі периметрін қорғаудың қолданылатын техникалық құралдарының (IDS/IPS, WebGW, MailGW жүйелері) сигнатуралар дерекқорын уақтылы жаңарту; ▣ «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-мен бірлесіп Компания Жұмыскерлері үшін ақпараттық қауіпсіздік бойынша семинарлар сериясын ұйымдастыру; ▣ АҚ бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізу (материалдар тарату, буклеттер, бейнероликтер); ▣ қашықтан қол жеткізу құралдарын (VPN) пайдалану кезінде АҚ-ны күшейту бойынша жұмыстар жүргізу; ▣ мақсатты кибершабуылдардан қорғауды күшейту бойынша жұмыстар жүргізу; ▣ диспетчерлердің автоматтандырылған жұмыс орындарын қорғауды күшейту бойынша жұмыстар жүргізу; ▣ имитациялық жаттығулар өткізу (киберинцидент, кибершабуыл), фишинг-симуляция/фишинг-тест өткізу.
Іс-шаралар жоспарында (Бизнес-жоспарда) көрсетілген инвестициялық бағдарламаның орындалмау тәуекелі	1) ТЖҚ сатып алу бойынша өтпей қалған тендерлердің едәуір санының көптігі; 2) ҮЭТ объектілерінің жұмыс режимдеріне байланысты шартқа сәйкес жұмыстарды жүргізу кестесінен ҚМЖ орындау мерзімдерінің ауытқуы; 3) салынып жатқан объектілерде мердігердің кінәсінен кідірістер; 4) монтаждауды талап етпейтін жабдықтың уақтылы жеткізілмеуі; 5) құрылыс-монтаждау жұмыстарының уақтылы орындалуын және олардың орындалу сапасын бақылаудың төмендеуі/болмауы; 6) жобалау-сметалық құжаттаманың төмен сапасы.	▣ Жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік кестесіне сәйкес мердігердің жұмыстарды уақтылы орындауын бақылау; ▣ жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік кестесіне сәйкес жұмыстарды орындау мерзімдері бұзылған жағдайда мердігердің атына талап қою.
Қазақстан БЭЖ-інің Оңтүстік аймағында қуат тапшылығының туындау тәуекелі	1) 7-жылдық болжамды теңгерімде көзделген жаңа генерациялаушы қуаттарды енгізудің кешіктірілуі; 2) Қазақстан БЭЖ-інде қуат тұтынудың 7-жылдық болжамды теңгерімде көзделген деңгейден жоғары өсуі (оның ішінде деректерді өңдеу орталықтарын енгізу есебінен); 3) қолданыстағы генерациялаушы қуаттардың жоспардан тыс істен шығарылуы (авария, жоспардан тыс жөндеу); 4) негізгі генерациялаушы жабдықты пайдаланудан шығару салдарынан қолданыстағы электр станцияларының белгіленген қуатының төмендеуі; 5) ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағында тұтынудың өсуі және генерацияның жеткіліксіздігі.	▣ ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағында ККҚ-дан өту проблемасы, Жамбыл ГРЭС-інің 5 және 6 блоктық режимде ең жоғары жүктеме сағаттарында 1 000 МВт-қа дейін генерациямен жұмыс істеу қажеттілігі туралы ҚР Энергетика министрлігіне хаттар жолдау; ▣ ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағында ККҚ-дан өту мәселесі бойынша ҚР Энергетика министрлігіндегі кеңестерге қатысу; ▣ Жамбыл МАЭС-ін тауарлық газбен, мазутпен және сумен қамтамасыз ету бойынша ҚР Энергетика министрлігіне, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға хаттар жолдау; ▣ жаңа генерациялаушы қуаттар құрылысын жеделдету мәселесі бойынша ҚР Энергетика министрлігіне хаттар жолдау; ▣ ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының өнеркәсіптік тұтынушыларын артық жүктемеден автоматты әсер ету арқылы шектеу; ▣ ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының тұрмыстық тұтынушыларын шектеу; ▣ электр энергиясын тұтынуды шектеу енгізілген жағдайда авариялarға жол бермеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы тұтынушыларға түсіндіру және ақпарат беру; ▣ ҚР тұтынушыларының электр энергиясы мен қуатына қажеттіліктерін барынша жабу үшін Қазақстан БЭЖ-індегі генерациялаушы қуаттарды жөндеу кестесін оңтайландыру.
Компания акциялары құнының SPO-да орналастыру бағасынан төмендеуі	1) Компанияның кредиттік рейтингінің төмендеуі; 2) Компанияның таза пайдасының төмендеуі; 3) Қазақстан қор биржасының және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында ақпарат орналастыру мерзімдерінің сақталмауы; 4) макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы; 5) БАҚ-тағы жағымсыз мақалалар.	▣ БАҚ-та Компанияның қызметі мен негізгі оқиғаларын жариялау; ▣ акционерлермен және қаржы талдаушыларымен «Эмитент күні» шеңберінде кездесулер өткізу; ▣ Компанияның оң имиджін қалыптастыру бойынша қаржы институттарымен жұмыс жүргізу; ▣ негізгі (елеулі) оқиғалар бойынша ақпаратты уақтылы ашу.

Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша неғұрлым толық ақпарат осы есептің Компания қызметінің бағыттары және стратегиялық мақсаттарын іске асыру бойынша тиісті бөлімдерінде ашылған.

ТУЫНДАЙТЫН ТӘУЕКЕЛДЕР

Негізгі тәуекелдерге қосымша Компания сәйкестендіру кезеңінде тұрған және/немесе болашақта едәуір өсуі мүмкін, Компания қызметіне елеулі әсер етуге қабілетті әрі оның қызметіне әлеуетті түрде ұзақ мерзімді (3–5 жыл) елеулі әсер ететін жаңа туындайтын тәуекелдерді қарастырды.

Жаңа туындайтын тәуекел атауы	Жасанды интеллектімен байланысты тәуекел	ЖЭК пен бөлінген генерацияның жедел өсуіне байланысты ҰЭТ тұрақсыздығы тәуекелі
Санаты	**Операциялық тәуекел**	**Операциялық тәуекел**
Сипаты	«KEGOC» АҚ-да ЖИ енгізу және пайдалану тәуекелінің іске асуына кадрлық, ұйымдастырушылық, технологиялық және құқықтық факторлар әкелуі мүмкін. Оларға білікті мамандардың және персоналды оқытудың жеткіліксіздігі, ішкі саясаттардың және жауапкершілікті бөлудің болмауы, ЖИ-ді бизнес-процестерге дұрыс интеграцияламау, қате немесе ашық емес алгоритмдер, сапасыз немесе бұрмаланған деректерді пайдалану, энергия жүйесінің стандартты емес жұмыс режимдеріндегі іркілістер жатады. Киберқауіптер (шабуылдар, деректерді алмастыру, ақпараттың сыртқа шығуы), дербес деректер және зияткерлік меншік туралы заңнаманы бұзу тәуекелдері, сондай-ақ ЖИ шешімдері үшін құқықтық жауапкершіліктің белгісіздігі елеулі мәнге ие.	ЖЭК пен бөлінген генерацияның жедел өсуі Қазақстан БЭЖ-інің жүйелік операторы ретінде «KEGOC» АҚ үшін ҰЭТ тұрақтылығы мен басқарылуының төмендеу тәуекелін қалыптастырады. ЖЭК-тің құбылмалы және ауа райы жағдайларына тәуелді электр энергиясын өндіруі нақты уақыт режимінде электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгеруді күрделендіреді, қуат резервтері мен жиілік пен кернеуді реттеу жүйелеріне қойылатын талаптарды арттырады. Жаңа объектілерді қосу желінің шамадан тыс жүктелуіне, энергия жүйесі инерциясының төмендеуіне және технологиялық бұзылыстар ықтималдығының артуына әкелуі мүмкін. Қосымша сын-қатерлер желілік инфрақұрылымның өткізу қабілетінің шектеулі болуымен және болжау мен диспетчерлік басқару жүйелерін жаңғырту қажеттілігімен байланысты.
Әсері	Әлеуетті түрде: Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесін басқару сенімділігінің төмендеуі, операциялық іркілістердің туындауы және технологиялық тәуекелдердің өсуі; инциденттердің салдарын жоюға арналған қосымша шығындарды және реттеуші органдар тарапынан айыппұл санкцияларын қоса алғанда, қаржылық шығындар; киберинциденттер, құпия ақпараттың сыртқа шығуы және деректердің бұзылуы; заңнама талаптары сақталмаған жағдайда сот даулары және реттеушілік шектеулер; беделдік шығындар, мемлекет, инвесторлар және өзге де мүдделі тараптар тарапынан сенімнің төмендеуі.	Әлеуетті түрде: технологиялық бұзылыстар санының артуы, жиілік пен кернеудің ауытқуы және диспетчерлік қызметтерге түсетін жүктеменің жоғарылауы; қуат теңгерімін қолдау, резервтерді тарту және жүйелік қызметтер көрсету бойынша операциялық шығындардың өсуі; желілік инфрақұрылымды, цифрлық болжау жүйелерін және жұмыс режимдерін басқару жүйелерін жаңғырту мен дамытуға қосымша күрделі қаржы салымдарының қажеттілігі; жаңа генерация объектілерін қосуға ықтимал шектеулер және электрмен жабдықтау сапасының төмендеуі, бұл қаржылық көрсеткіштерге, инвестициялық жоспарларға және мемлекет пен өзге де мүдделі тараптар тарапынан сенім деңгейіне әсер етуі мүмкін.
Тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар	▣ ЖИ қолдану бойынша корпоративтік саясат пен этикалық стандарттарды енгізу; ▣ критикалық маңызды шешімдер қабылдау кезінде адам шешімінің басымдығы қағидатын бекіту; ▣ жұмыскерлерді тұрақты оқыту, IT-сауаттылықты және ЖИ саласындағы құзыреттерді арттыру; ▣ ЖИ жүйелеріне, оның ішінде олардың бизнес-процестерге интеграциялануына ішкі аудит және тестілеу жүргізу; ▣ киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, жүйелерді тұрақты жаңарту және мониторингтеу; ▣ модельдерді оқытуға арналған деректердің сапасын, толықтығын және репрезентативтілігін бақылау; ▣ ЖИ жобаларының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізу; ▣ инциденттер мен іркілістерге ден қою жоспарын әзірлеу және қолдау.	▣ Жүйеаралық байланыстарды күшейтуді және ҰЭТ өткізу қабілетін арттыруды қоса алғанда, желілік инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту; ▣ ЖЭК электр энергиясын өндіруін және электр энергиясын тұтынуды болжаудың заманауи жүйелерін енгізу; ▣ жиілік пен кернеуді теңгеру және реттеу құралдарын кеңейту, жүйелік қызметтер нарығын дамыту; ▣ қолжетімді қуат резервтерінің көлемін ұлғайту және оларды тарту механизмдерін жетілдіру; ▣ нақты уақыт режимінде жұмыс режимдерін мониторингтеу және энергия жүйесінің басқарылуын арттыру үшін цифрлық шешімдерді енгізу; ▣ техникалық шарттар мен желінің тұрақтылығына қойылатын талаптарды ескере отырып, ЖЭК объектілерін интеграциялау.

«KEGOC» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) COSO моделін пайдаланады және өзара байланысты бес құрамдас бөлікті қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат және коммуникациялар, мониторинг.

«KEGOC» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты ішкі бақылауды ішкі бақылау жүйесінің қатысушылары үш негізгі сала бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында жүзеге асыратын процесс ретінде айқындайды:

- операциялық қызмет;
- қаржылық есептілікті дайындау;
- нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау.

ІБЖ Компанияның процестік тәуекелдерге жедел ден қоюға, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларға бақылау жүргізуге, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер мен жақсарту салалары туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуге қабілетті басқару жүйесін құруын көздейді.

«KEGOC» АҚ ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу регламентіне сәйкес ІБЖ құрамына кіретін органдардың құзыреті олардың ІБЖ-ні әзірлеу, бекіту, қолдану және тиімділігін бағалау процестеріндегі рөліне қарай бөлінеді. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «Үш қорғаныс желісі» моделіне сүйенеді. ІБЖ қатысушылары – Директорлар кеңесі, Басқарма, Аудит жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі, бизнес-процестер мен қосалқы процестердің иелері болып табылатын құрылымдық бөлімшелер, бақылау рәсімдерін орындаушылар, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімше.

Компанияда тұрақты негізде бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау жүргізіледі, оның шеңберінде қолданыстағы бизнес-процестер талданады.

Бұл жұмыс процестік тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды, ішкі нормативтік құжаттар мен блок-схемаларды талдауды, сондай-ақ бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды қамтиды. Дизайнды бағалау қорытындысы бойынша тәуекелдер мен бақылау рәсімдерінің матрицасы бизнес-процесс иесімен келісіліп, бекітіледі, сондай-ақ бизнес-процесті жақсарту бойынша ұсынымдар беріледі.

Ішкі аудит қызметі ІБЖ тиімділігін тікелей бағалауға, бақылау рәсімдерінің операциялық тиімділігін тестілеуге, Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесіне тиісті есептілікті қалыптастыруға және ұсынуға жауапты.

Компанияда жыл сайын Компанияның бизнес-процестер тізілімі негізінде бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау жоспары бекітіледі, оның шеңберінде бақылау рәсімдері дизайнының тиімділігіне талдау жүргізіледі. Осы талдау нәтижелері бойынша оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен жақсарту салалары әзірленеді.

Компанияда қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі енгізілген, оның шеңберінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеуді талап ететін бизнес-процестер/қосалқы процестер айқындалады. 2025 жылы Компанияның сыни бизнес-процестер/қосалқы процестерін айқындау бойынша жұмыс жүргізілді, олар үшін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленіп, тестіленді, атап айтқанда жүйелік оператордың техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерін көрсету, еңбекті қорғау саласындағы қауіпсіздікті және жабдық жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету, АТК қызметтерін ұсыну және қолдау, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару және төтенше жағдайлар туындаған кезде «KEGOC» АҚ қызметін жүзеге асыру үшін.

Компанияда жыл сайын «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынылатын корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі мен ІБЖ тиімділігін бағалайды. Ішкі аудит қызметі 2025 жылы жүргізген бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері Компания мақсаттарына қол жеткізуге негізді кепілдіктер беретін жол берілетін нысанда жұмыс істейді. Барлық анықталған сәйкессіздіктер бойынша Ішкі аудит қызметінің ұсынымдары негізінде тиісті түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленді, олардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметінің миссиясы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда Директорлар кеңесі мен атқарушы органға қажетті жәрдем көрсету болып табылады. Ішкі аудит қызметі қызметінің негізгі мақсаты – тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну.

2025 жыл ішінде Ішкі аудит қызметінің қызметі мынадай құжаттармен регламенттелді:

- Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары;
- Ішкі аудиторлар институтының Әдеп кодексі;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру қағидалары;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы бекіткен Қызмет жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

Барлық аудиторлық тапсырмалар Қызметтің миссиясы мен негізгі қызмет мақсатын ескере отырып жоспарланды. Ішкі аудитті жоспарлау кезінде тәуекелге бағдарланған тәсіл қолданылды, яғни жоспарға енгізу кезінде теріс оқиғалардың туындауына неғұрлым бейім бизнес-процестерге басымдық берілді.

Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді. Жоспарда 17 тапсырманы орындау көзделді.

Қызмет 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес орындаған аудиторлық тапсырмалардың тақырыбы алты филиалды кешенді тексеруді, «KEGOC» АҚ басшы және басқарушы жұмыскерлерінің 2024 жылға арналған ҚНК нақты мәндерінің, сондай-ақ ұзақ мерзімді ҚНК аудитін, сатып алу қызметінің аудитін, «KEGOC» АҚ желілеріндегі электр энергиясы шығындарының аудитін, жүйелік қызметтер көрсетуден түсетін кірістер есебін талдауды, ақпараттық жүйелер мен киберқауіпсіздік аудитін, инвестициялық қызмет аудитін, «KEGOC» АҚ-ның жекелеген ESG-көрсеткіштерінің аудитін, «KEGOC» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің аудитін қамтыды.

«Синергетикалық аудит немесе Қордың Ішкі аудит қызметінің сұрауын орындау» аудиторлық тапсырмасы шеңберінде мынадай аудиторлық тапсырмалар орындалды:

- «KEGOC» АҚ-да 2023–2024 жылдардағы қызметтік іссапарлар мен өкілдік мақсаттарға арналған шығыстардың негізділігіне және бекітілген нормативтердің сақталуына аудит.
- «KEGOC» АҚ-да 2023–2025 жылдардағы «Бизнес-жоспарлау» функциясының тиімділігіне аудит.
- Адами ресурстарды басқару жүйесіне кешенді аудит.
- Тариф белгілеу процесінің аудиті.

Барлық тапсырмалар орындалды, Компания қызметіне әсер етуі мүмкін елеулі сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

2025 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Қызмет анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі тиісті ұсынымдарды ұсынды. Аудит объектілері Қызметпен бірлесіп түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі. Қызмет берілген ұсынымдардың орындалуына тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.



Ақпараттық саясат және қауіпсіздік

2025 жылы «KEGOC» АҚ ақпаратты ашудың ашықтығы, шынайылығы, толықтығы, жүйелілігі және уақтылығы қағидаттарына негізделген Ақпараттық саясатты дәйекті түрде іске асырды. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, KASE және AIX қағидаларының, сондай-ақ ішкі корпоративтік құжаттардың талаптарына сәйкес мүдделі тараптардың барлық санаттары үшін елеулі ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етті.

Ақпаратты уақтылы және дұрыс ашу инвесторлардың, серіктестердің, қызмет тұтынушыларының және жалпы қоғамның сенімін нығайтуға, сондай-ақ Компанияның инвестициялық тартымдылығын қолдауға ықпал етті.

«KEGOC» АҚ коммерциялық, қызметтік және құпия ақпаратты қорғау бөлігінде заңнама талаптарын қатаң сақтайды. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері корпоративтік деректерді дайындау, келісу және тарату процестерінің барлығына интеграцияланған. Ақпаратты ашу кезінде ашықтық пен құпия мәліметтерді қорғау арасындағы теңгерім сақталады.

Ақпараттық қауіпсіздік

SASB IF-EU-550a.1

«KEGOC» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздік талаптарының бұзылуына нөлдік төзімділік саясаты қолданылады. Ақпараттық қауіпсіздік саясатының немесе осы саладағы өзге де нормативтік құжаттардың талаптарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі регламенттеріне сәйкес тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке тартылады.

Компанияда ақпараттық қауіпсіздік талаптарын және дербес деректерді өңдеу талаптарын бұзушылықтарды анықтау, тіркеу, тергеу және жоюдың формалдандырылған процесі қолданылады. Тергеу ықтимал бұзушылық туралы ақпарат келіп түскен кезде, оның ішінде деректер субъектілерінің өтініштері, жұмыскерлердің ішкі хабарламалары, мониторинг, аудит нәтижелері немесе ақпараттық қауіпсіздік инциденттері негізінде басталады. Барлық өтініштер мен инциденттер белгіленген тәртіппен тіркеледі.

Қауіпсіздік департаменті инциденттің сипатын, қозғалған деректерді, әлеуетті



тәуекелдерді және эскалация қажеттілігін айқындай отырып, инцидентке алдын ала бағалау жүргізеді. Тергеу шеңберінде жүйелік журналдар мен пайдаланушылардың әрекеттері талданады, Құпиялылық саясаты талаптарының сақталуы тексеріледі, инциденттің себептері мен жауапты тұлғалар анықталады. Тергеу нәтижелері бойынша есеп қалыптастырылады және анықталған бұзушылықтарды жоюды, рәсімдер мен техникалық бақылауларды жаңартуды, персоналды қосымша оқытуды және қажет болған жағдайда тәртіптік шаралар қолдануды қоса алғанда, түзету шаралары іске асырылады.

Қажет болған жағдайда Компания заңнама мен ішкі саясаттардың талаптарына сәйкес басшылықты, дербес деректер субъектілерін және реттеуші органдарды хабардар етеді.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қызметтің негізгі мақсаты – «KEGOC» АҚ ақпараттық активтерінің қорғалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік процестерін үйлестіру және дамыту.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару Компанияның корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграцияланған және энергетикалық инфрақұрылым жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету факторларының бірі ретінде қарастырылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) ISO/IEC 27001 халықаралық стандарты негізінде әзірленіп, енгізілді және Компанияның біріктірілген менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылады. АҚБЖ қолдану саласы негізгі және қосалқы бизнес-процестердің орындалуын қамтамасыз ететін қаржы-экономикалық блок процестерін басқарудың ақпараттық жүйесі болып табылады.

Стандарт талаптарына сәйкес келу үшін Ақпараттық қауіпсіздік саясаты бекітілді, сондай-ақ ақпараттық активтерді басқару жөніндегі регламенттер енгізілді. 2025 жылы Компания ақпараттық активтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіруді жалғастырды.

«KEGOC» АҚ жыл сайын ISO 27001 стандартына сәйкестік тұрғысынан ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ішкі және сыртқы аудиттерінен өтеді. Сыртқы аудит қорытындысы бойынша Компанияның стандарт талаптарына сәйкестігі расталып, ISO 27001 сертификаты алынды.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ МОНИТОРИНГТЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

2025 жыл ішінде ақпараттық қауіпсіздік жүйелері тұрақты жұмыс істеді. Компания ақпараттық жүйелердің қорғалуына тұрақты мониторинг жүргізді, бұл киберқауіптерді уақтылы анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік берді.

Ақпаратты қорғау жүйелері зиянды бағдарламалық жасақтаманы, оның ішінде шифрлаушы вирустарды анықтап, бұғаттайды, сондай-ақ спам мен фишингтік хабарламалардың таралуына жол бермейді. Қашықтан жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыру үшін корпоративтік желіге қосылған кезде екі факторлы аутентификация қолданылады.

«QazCloud» ЖШС Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығымен бірлесіп ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына тәулік бойы мониторинг жүргізу және ден қою жүзеге асырылады. Осы өзара іс-қимыл шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымда осалдықтардың бар-жоғына тоқсан сайын сканерлеу, сондай-ақ енуге тестілеу жүргізіледі. Осы іс-шаралардың нәтижелері бойынша Компанияның ақпараттық жүйелерінің қорғалуын арттыру жөнінде ұсынымдар беріледі.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін бағалау үшін Компания сондай-ақ инциденттер мониторингінің көрсеткіштерін, енуге тестілеу нәтижелерін және ақпараттық жүйелердің анықталған осалдықтары туралы деректерді пайдаланады.

Есепті жылы қаржылық немесе беделдік шығындарға әкелген ақпараттық қауіпсіздіктің елеулі инциденттері тіркелген жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ИНЦИДЕНТТЕРІН БАСҚАРУ

«KEGOC» АҚ-да Компанияның ақпараттық жүйелеріне қатысты киберинциденттер және басқа да қауіптер туындаған кездегі іс-қимыл тәртібін айқындайтын ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару жүйесі қолданылады.


Инциденттерді басқарудың негізгі міндеті – ықтимал залалды барынша азайту, ақпараттық жүйелердің қалыпты жұмысын жедел қалпына келтіру және қайталама инциденттердің алдын алу.

Компания жұмыскерлері ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін кез келген оқиғалар, сондай-ақ анықталған осалдықтар туралы дереу хабарлауға міндетті. Қосымша тәуекелдердің алдын алу үшін пайдаланушыларға осалдықтарды өз бетінше тексеруге немесе жоюға тыйым салынады.

Зиянды бағдарламалық жасақтамамен зақымдану күдігі туындаған жағдайда жұмыскерлер уәкілетті мамандарды дереу хабардар етуге міндетті.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздіктің 438 инциденті тіркелді. Оқиғалардың ең көп саны пайдаланушылардың жұмыс станцияларында анықталған зиянды бағдарламалық жасақтама санатына қатысты болды.

2025 жылы АҚ оқиғаларының тоқсандар бойынша бөлінуі



АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ

Компанияда ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін барынша азайтуға бағытталған қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету рәсімдері қолданылады.

Ақпараттық инфрақұрылым жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің ықтимал инциденттерінен кейін жүйелердің қалпына келтіруге дайындығына жыл сайын тестілеу жүргізіледі.

ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ АУДИТ

«KEGOC» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ішкі және сыртқы аудиттері тұрақты түрде жүргізіледі. Аудиттер жүйе процестерінің тиімділігін бағалауға, әлсіз тұстарды анықтауға және оларды одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындауға бағытталған.

Бұдан басқа, заңнама талаптарына сәйкес жыл сайын сыртқы енуге тестілеу жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару «KEGOC» АҚ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді бағалау Компанияның ақпараттық активтеріне қатысты жүргізіледі. Бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдер деңгейі туралы есеп және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады.

Компания бүкіл ұйым деңгейінде кибертәуекелдерді жүйелі сәйкестендіруді, бағалауды және басқаруды қамтамасыз ете отырып, ақпараттық қауіпсіздікті басқаруға тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады.

Компания халықаралық практикаларды және технологиялардың дамуын ескере отырып, тәуекелдерді басқару процестері мен ақпараттық қауіпсіздік шараларын тұрақты негізде жетілдіреді.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ХАБАРДАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ

«KEGOC» АҚ жұмыскерлер арасында ақпараттық қауіпсіздікке жауапты көзқарас мәдениетін қалыптастыруға назар аударады.

2025 жылы кибергигиена және Ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарын сақтау мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді. Оқытудың тиімділігін бағалау үшін жұмыскерлерді тестілеу жүргізілді.

Жаңа жұмыскерлерді бейімдеуге ерекше назар аударылады. Жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлер ақпараттық қауіпсіздік бойынша міндетті кіріспе нұсқамадан өтеді. 2025 жылы мұндай нұсқамадан 32 жаңа жұмыскер өтті.

Сондай-ақ пайдаланушыларға фишингтік шабуылды имитациялауды қамтитын ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту платформасының пилоты өткізілді. Оқу шабуылының нәтижелері бойынша фишингке ұшыраған жұмыскерлер анықталған жоқ.

ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

«KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлері жұмысқа қабылданған кезде құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды және тиісті нұсқамадан өтеді.

Құпиялылықты қамтамасыз ету талаптары жеткізушілермен және серіктестермен жасалатын шарттарға да енгізіледі, бұл сыртқы контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде Компания ақпаратының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты талаптарының сақталуы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жыл сайынғы сыртқы аудиті шеңберінде де бағаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Тарифтік саясат 160
Қаржы-экономикалық көрсеткіштерді талдау 161

06.

KEGOC.KZ

Тарифтік саясат

SASB IF-EU-240a.1

«KEGOC» АҚ-ның қызметі Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңымен реттеледі, оған сәйкес табиғи монополия саласына Компания көрсететін мынадай қызметтер жатады:

- ҰЭТ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- ҰЭТ-ты пайдалану;
- электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

«KEGOC» АҚ құрылған сәттен бастап тарифтік саясатты іске асыру бойынша дәйекті түрде жұмыс істеп келеді және бейінді мемлекеттік органдармен әрі сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп, тарифтік реттеу механизмдерін талқылау мен дамытуға белсенді қатысады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне (бұдан әрі – ТМРК) табиғи монополия саласына жататын реттелетін қызметтерге тарифтерді бекітуге (қайта қарауға) өтінімдер беру бойынша жұмыс жүзеге асырылады.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, оған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тарифтерді белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағалауларын және капитал кірістілігінің әділ нормасын негізге алады.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары жыл сайынғы тарифтерді есептеуге ұқсас, тарифтердің шекті деңгейлері бірнеше дәйекті жылға бекітілетінін қоспағанда. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өз мүмкіндіктерін ұзақ кезеңдерге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлер Компания туралы неғұрлым толық ақпарат алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі уақытта Компания ағымдағы бесжылдық тарифтік циклді (01.10.2021 – 30.09.2026 жж.) іске асыруды аяқтауда. ТМРК шешімімен (2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 82-ОД бұйрық) «KEGOC» АҚ-ның реттелетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгерістері 2024 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілді. ТМРК-нің 27.03.2025 жылғы № 36-ОД бұйрығымен 2025 жылғы 1 сәуірден бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге тарифтер деңгейіне түзетулер енгізілді.

«KEGOC» АҚ өтінішінің негізінде ТМРК 03.09.2025 жылғы № 77-ОД бұйрығымен «KEGOC» АҚ-ның реттелетін қызметтеріне тарифтік сметаларды 4-реттелетін кезеңге (2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін) түзетуді, тариф деңгейін өзгертпей тарифтік сметалар баптары арасында қаражатты қайта бөлуді бекітті.

«KEGOC» АҚ-ның реттелетін қызметтеріне тарифтік өзгеріс

Теңге/кВт·сағ	01.10.2024–31.03.2025 ж.	01.04.2025–30.09.2025 ж.	01.10.2025–31.03.2026 ж.	01.04.2026–30.09.2026 ж.
ҰЭТ бойынша электр энергиясын беру қызметі	3,492	4,276	4,958	5,012
ҰЭТ-ті пайдалану қызметі	2,002	2,452	2,860	2,892
Электр энергиясын желіге босату және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметі	0,351	0,374	0,456	
Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру қызметі	0,064	0,066	0,086	

Нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес реттелетін қызметтер көрсету жөніндегі қызмет туралы жыл сайынғы есептік тыңдаулар өткізу көзделген, олардың мақсаты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржы-экономикалық көрсеткіштерді талдау

GRI 2-6

2025 жылғы кірістер мен шығыстардың нақты көрсеткіштерін талдау, млн теңге


	2025 жоспар	2025 факт	Ауытқу	Ауытқулардың негізгі себептері
Шоғырландырылған кірістер	**394 189**	**415 806**	**105%**	
Негізгі қызметтен түскен кірістер	383 465	397 737	104%	Негізгі себептер: 1. Реттелетін қызметтерден түскен кірістердің 4 036 млн теңгеге өсуі, оның ішінде: ▣ ҰЭТ-ты пайдалану қызметтері бойынша 5 727,4 млн теңгеге; ▣ диспетчерлеу бойынша 1 703 млн теңгеге; ▣ электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер бойынша 510,9 млн теңгеге. 2. ЭТН және теңгерімсіздіктер бойынша операциялардан түскен кірістердің өсуі негізінен көлемдердің ұлғаюы нәтижесінде болды: ▣ теңгерімдеуші нарықта теңгерімдеуші электр энергиясын сату бойынша 11 135 млн теңгеге; ▣ теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында электр энергиясын сату бойынша 8 714 млн теңгеге. Бұл ретте ТЭЭ және теңгерімсіздіктер бойынша айналымдар шығыс айналымдарымен өзара есепке алынатынын атап өтеміз. 3. ЖСҚҚ бойынша қаржылық операциялардан түскен кірістердің 3 855 млн теңгеге өсуі.

	2025 жоспар	2025 факт	Ауытқу	Ауытқулардың негізгі себептері
Шоғырландырылған шығыстар	309 801	327 528	105%	
Өзіндік құн	273 670	288 064	105%	**Негізгі себептер:** 1. Орташа бағаның 24,36-дан 27,44 теңге/кВт·сағ-қа дейін өсуі есебінен ЭТН-нен шығындарды өтеуге арналған шығындардың өсуі; 2. Электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығындардың 5 989 млн теңгеге ұлғаюы; 3. Сыртқы ұйымдар көрсеткен қуатты реттеу бойынша шығындардың 2 893 млн теңгеге төмендеуі.
Жалпы және әкімшілік шығыстар	14 592	13 211	90%	Ағымдағы шығыстар бойынша қалыптасқан үнемдеу нәтижесінде төмендеу.
Өткізу шығыстары	736	605	82%	Ағымдағы шығыстар бойынша қалыптасқан үнемдеу нәтижесінде төмендеу.
Операциялық пайда	**94 467**	**95 768**	**101%**	

2025 жылғы кірістер мен шығыстардың нақты көрсеткіштерін 2024 жылғы нақты көрсеткіштермен талдау, млн теңге

	2024 факт	2025 факт	Ауытқу	Ауытқулардың негізгі себептері
Шоғырландырылған кірістер	**338 447**	**415 806**	**123%**	
Негізгі қызметтен түскен кірістер	319 906	397 737	124%	Ұлғаю негізінен тарифтер мен көрсетілетін қызметтер көлемдерінің өзгеруі нәтижесінде реттелетін қызметтерден түскен кірістердің 64 123 млн теңгеге өсуімен байланысты. Сонымен қатар өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ҚР теңгерімдеуші нарығы шеңберінде электр энергиясын сату операциялары бойынша кірістер 11 135 млн теңгеге ұлғайды.
Шоғырландырылған шығыстар	**264 583**	**327 528**	**124%**	
Өзіндік құн	228 254	288 064	126%	2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өзіндік құн бойынша шығыстар 59 810 млн теңгеге ұлғайды, бұл негізінен орташа бағаның 18,43-тен 27,44 теңге/кВт·сағ-қа дейін өсуі есебінен ЭТН-ден шығындарды өтеуге арналған шығындардың, қуат резервтерін дайын күйде ұстау қызметтеріне 1 130 млн теңгеге, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту жөніндегі жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде еңбекақы төлеу қорының 6 102 млн теңгеге ұлғаюымен байланысты.
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12 538	13 211	105%	
Өткізу шығыстары	549	605	110,2%	Еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы нәтижесіндегі өсім.
Операциялық пайда	**71 494**	**95 768**	**134%**	

Қаржы-экономикалық көрсеткіштердің динамикасы, млрд теңге



Коэффициенттерді талдау

2025 жылдың қорытындысы бойынша ROACE көрсеткіші 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,46 пайыздық тармаққа артты, оның ішінде түзетілген пайданың (NOPAT) 17,9 млрд теңгеге өсуі есебінен ұлғайды және орташа тартылған капиталдың (ACE) 53,7 млрд теңгеге ұлғаюы есебінен төмендеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 2024 жылмен салыстырғанда EBITDA көрсеткіші 21,1 млрд теңгеге ұлғайды, көрсеткіштің өзгеруіне мыналар әсер етті:

- реттелетін қызметтер бойынша көлемдер мен тарифтердің 64,1 млрд теңгеге өзгеруі;
- бағаның өсуі нәтижесінде қуат резервтерін дайын күйде ұстап тұру бойынша шығыстардың 1,4 млрд теңгеге өсуі;
- электр энергиясын сатып алудың орташа бағасының өсуі нәтижесінде ТЭЭ-ден шығындарды өтеуге арналған шығыстардың 28,5 млрд теңге мөлшерінде өсуі;
- аударымдарды ескере отырып еңбекақы төлеу шығындарының 6,2 млрд теңгеге ұлғаюы және өзге де факторлар.

2025 жыл ішінде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен ковенанттар бойынша нормативтер бұзылған жоқ.

Жасалған және бөлінген экономикалық құн

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құрамдасы Компанияның өзі үшін де, ел экономикасы үшін де стратегиялық маңызға ие. Осы саладағы негізгі бағыт – тұрақты өсуді қамтамасыз ету және акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құн қалыптастыру.

Инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша күрделі салымдар жоспарын (объектілерді салу, реконструкциялау және жаңғырту) қоса алғанда, Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды) және бюджеттерді қалыптастыру мен бекіту рәсімдері «KEGOC» АҚ Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды) және бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингтеу қағидаларымен регламенттелген.

Іс-шаралар жоспары (Бизнес-жоспар) жылжымалы жүйе бойынша 5 жылдық кезеңге қалыптастырылады және еншілес ұйымдардың шоғырландырылған деректерін қамтиды. Іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін жыл сайын кірістер мен шығыстар бюджеті бекітіледі. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Бизнес-жоспардың орындалуын тоқсан сайын мониторингілейді.

GRI 201-1, GRI 201-4

Экономикалық құнды бөлу, млн теңге

Жыл	2023	2024	2025
Жалпы капиталдану	**849 254,52**	**931 502,5**	**957 755,9**
меншікті капитал	685 719,13	769 921,8	796 174,6
қарыз капиталы	163 535,39	161 580,7	161 581,3
Мемлекеттен алынған қаражат	**0**	**0**	**0**
Құрылған экономикалық құн	**263 910,63**	**337 695**	**412 448,9**
негізгі қызметтен түскен кірістер	252 136,38	319 906	397 736,71
қаржылық кірістер	7 576,47	11 886,4	13 337,46
өзге кірістер	4 197,78	5 903,3	1 374,73
Бөлінген экономикалық құн	**253 879,87**	**322 768,5**	**387 174,5**
еңбекақы төлеу шығыстары	33 272,86	37 980,5	48 741,25
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығыстар	21 610,03	26 644,8	29 769,76
капитал жеткізушілеріне төлемдер	47 075,04	56 872,9	65 565,01
қайырымдылық және демеушілік көмек	0	1 000,0	200,0
саяси партиялар мен бірлестіктерді қаржыландыру шығыстары *	0	0	0
өзге операциялық шығындар	148 327,37	190 082,4	240 822,42
өзге операциялық емес шығындар	3 594,57	10 187,9	2 076,1
Тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі жыл ішіндегі пайда	0	0	0
Бөлуге арналған экономикалық құн	**10 030,77**	**14 927,2**	**26 203,8**

* Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатына сәйкес «KEGOC» АҚ саяси партияларды, кандидаттарды, саяси науқандарды немесе саяси қызметтің өзге де нысандарын тікелей де, еншілес компаниялар арқылы да қаржыландыруға қатыспайды. Компания саяси жарналар мен қайырмалдықтар жасамайды және лоббистік қызмет үшін бөгде ұйымдарды тартпайды. Салалық, техникалық және кәсіби қауымдастықтарға мүшелік тек стандарттарды дамытуға, тәжірибе алмасуға және қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған және саяси ұстанымдарды қолдаумен байланысты емес.

Компания ашықтық, саяси бейтараптық және бизнесті адал жүргізу қағидаттарын ұстанады. Лоббистік қызмет болмағандықтан, қызметті Париж келісімінің мақсаттарына сәйкес келтіру жөніндегі арнайы бағдарламалар талап етілмейді, бұл ретте KEGOC салалық қауымдастықтармен және кәсіби бірлестіктермен өзара іс-қимыл кезінде климаттық талаптарды ескереді.



Баланс талдауы

«KEGOC» АҚ-ның экономикалық баланс көрсеткіштері

Көрсеткіш, млн теңге	2021	2022	2023	2024	2025	2025/2024
Айналымнан тыс активтер	1 019 820	873 933	881 415	960 180	1 016 094	106%
Айналым активтері	73 397	112 679	120 371	136 886	120 927	88%
Активтер жиыны	**1 093 217**	**986 612**	**1 001 785**	**1 097 066**	**1 137 021**	**104%**
Капитал	**737 137**	**653 565**	**685 719**	**769 922**	**796 175**	**103%**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	310 397	273 570	277 540	289 230	285 840	99%
Қысқа мерзімді міндеттемелер	45 684	59 477	38 526	37 914	55 007	145%
Міндеттемелер жиыны	**356 080,5**	**333 047**	**316 066**	**327 144**	**340 847**	**104%**
Капитал мен міндеттемелер жиыны	**1 093 217**	**986 612**	**1 001 785**	**1 097 066**	**1 137 021**	**104%**

Компанияның активтері 2025 жылғы 31 желтоқсанда 1 137 021 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 4%-ға көп.

Ұзақ мерзімді активтер баланс құрылымының 89,4%-ын құрайды, олардың басым бөлігі негізгі құралдармен ұсынылған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді активтер 6%-ға өсіп, 1 016 094 млн теңгені құрады.

Қысқа мерзімді активтер баланстың 10,6%-ын құрайды. 2025 жылы олар 12%-ға (немесе 15 959 млн теңгеге) азайып, жыл соңында 120 927 млн теңгені құрады. Төмендеу «Самұрық-Қазына» АҚ купондық облигациялары нәтижесінде өзге де қаржылық активтердің, сондай-ақ кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюына байланысты.

2025 жылдың соңындағы капитал 796 175 млн теңгені құрады – 2024 жылмен салыстырғанда 3%-ға немесе 26 253 млн теңгеге өсті; бұл негізінен 2024 жылғы желтоқсанда жүргізілген негізгі құралдарды қайта бағалау және бөлінбеген пайданың өсуі нәтижесінде қалыптасты. Капиталдың баланс құрылымындағы үлесі 70%-ды құрады.


Жыл қорытындысы бойынша міндеттемелер 340 847 млн теңгені құрады – 2024 жылмен салыстырғанда 4%-ға немесе 13 703 млн теңгеге ұлғайды. Міндеттемелердің 84%-ы ұзақ мерзімді, 16%-ы – қысқа мерзімді. Өзгеріс Халықаралық қайта құру және даму банкінің қарызын жоспарлы өтеуге байланысты қарыздар бойынша міндеттемелердің азаюымен және 2024 жылғы желтоқсанда жүргізілген негізгі құралдарды қайта бағалау салдарынан табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің 14 057,5 млн теңгеге ұлғаюымен байланысты.

Тұрақты қаржылық нәтижелілік Компанияға негізгі стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелерді уақтылы әрі толық көлемде орындауға мүмкіндік береді:

- жұмыскерлерге жалақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша;
- акционерлерге дивидендтер төлеу бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ жұмыс істеуінің сапасы мен сенімділігін арттыру бойынша;
- жеткізушілермен уақтылы есеп айырысу бойынша;
- салықтарды төлеу бойынша.



«KEGOC» АҚ-ның табыстылық көрсеткіштері, млрд теңге



3-мақсатты іске асыру индикаторлары


ҚНК атауы	2020	2021	2022	2023	2024	2025
	факт	факт	факт	факт	факт	факт
TSR (акционердің жалпы кірістілігі), %	индикатор 2021 жылғы желтоқсанда айқындалды		–10,7	3,44	13,96	12,81
EBITDA, млрд теңге	108,4	93,9	102,5	108,1	131,5	152,6

TSR көрсеткішінің нақты мәніне 2025 жылы Компания акциялары бағасының 1 акцияға 1 555 теңгеге дейін өсуі әсер етті, өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі нақты мән 1 акцияға 1 527 теңге болған, бұл ретте жыл қорытындысы бойынша Компания 1 акцияға 161,9 теңге дивиденд төледі.

EBITDA көрсеткішінің өсуіне реттелетін қызметтердің көлемдері мен тарифтерінің өзгеруі, сондай-ақ Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағасының өзгеруі негізгі әсер етеді.



ҚОСЫМШАЛАР



1-қосымша. Есеп туралы 167
Есептілікке көзқарас 167
Есепті жасау қағидаттары 168
БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес 168
Елеулілікті айқындау 172
2-қосымша. Индикаторлар 175
3-қосымша. GRI көрсеткіштерінің кестесі 183
4-қосымша. SASB көрсеткіштерінің кестесі 191
5-қосымша. TCFD көрсеткіштерінің кестесі 192
6-қосымша. Қаржылық есептілік 193
7-қосымша. Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп 194
Глоссарий 196
Байланыс 198

07.

1-қосымша. Есеп туралы

Есептілікке көзқарас

GRI 2-3

Осы «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы Жылдық есебі (Директорлар кеңесінің 26.05.2026 жылғы №5 хаттамасымен бекітілген) Компанияның барлық негізгі бағыттар бойынша, оның ішінде тұрақты даму саласындағы жұмысты және 2025 жыл үшін аудиттелген қаржылық есептілікті қоса алғанда, қызметіне кешенді шолу болып табылады. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат «KEGOC» АҚ оны 2009 жылдан бері дәстүрлі түрде ұсынып келген түрі мен көлемінде ұсынылған. Компания тұрақты даму туралы ақпаратты екінші тоқсанда жыл сайынғы негізде шығару мен ашық қол жеткізуге орналастыру практикасын жалғастырады.

GRI 2-3, GRI 2-14

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма дайындаған және Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет пен Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Жылдық есептер мен Тұрақты даму саласындағы есептерді «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. «KEGOC» АҚ-ның 2024 жылғы Жылдық есебінің құрамына енгізілген алдыңғы 2024 жылғы Тұрақты даму саласындағы есепті «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітіп, 2025 жылдың мамырында жариялады. Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында қолжетімді.

GRI 2-5

Компания елеулі тақырыптардың көрсеткіштерін растау үшін конкурстық негізде айқындалған тәуелсіз тарапты тартты. Тақырыптар мен көрсеткіштердің тізбесі осы қосымшаның «Маңыздылықты талдау» бөлімінде келтірілген. Тәуелсіз аудитордың есебі 7-қосымшада ұсынылған.

Есепті жасау қағидаттары

Жылдық есептің тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептілікке жататын бөлігін дайындау кезінде Компания GRI стандарттарының мынадай қағидаттарын қолданады:

Дәлдік	Осы Есепте ұсынылған ақпарат құжаттамалық расталған деректер негізінде жиналған және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Осы Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін дайындау кезінде ХҚЕС-ке сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пайдаланылды.
Теңгерімділік	Осы Есеп «KEGOC» АҚ қызметінің нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптарын көрсетеді.
Анықтығы	«KEGOC» АҚ осы Есептің мүдделі тараптардың кең ауқымына түсінікті әрі қолжетімді болуына ұмтылады. Ерекше терминдер мен қысқартуларды түсіну үшін есептің соңында глоссарий келтірілген.
Салыстырмалылық	Осы Есеп GRI Стандарттарына сәйкес дайындалған, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді. Осы Есепте ашылған көрсеткіштер соңғы бес жылдағы динамикада ұсынылған.
Толықтық	Осы Есеп саланың ерекшелігін ескере отырып, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға барлық елеулі әсерлер бойынша барлық ЖЭТ филиалдарының, ҰДО ЖО филиалының, Атқарушы дирекцияның, «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымының қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Бірқатар жағдайларда ақпараттың қайталануын болдырмау үшін «KEGOC» АҚ-ның интернет-сайтына немесе жария қолжетімді құжаттарға сілтемелер келтіріледі.
Тұрақты даму мәнмәтіні	Осы Есептегі деректер «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тұрақты даму мәнмәтінінде, оның ішінде үш құрамдасты қамтиды: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясымен тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНК айқындалған, ал олардың 2025 жыл үшін орындалуы туралы ақпарат осы Есепке енгізілген.
Уақтылылық	Осы Есепті дайындау жоспарлы сипатта болады, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады.
Тексерілгіштік	Есептегі барлық ақпарат тексерілуі мүмкін деректерге, оның ішінде ресми статистикалық есептерге, бақылаушы органдарға арналған есептерге, Компанияның сайтында, KASE және AIX-те орналастырылған ақпаратқа, SAP ERP цифрлық платформасына, аудиттелген қаржылық есептілікке және т.б. негізделген.

Есептілік шекаралары

GRI 2-2

«KEGOC» АҚ осы Есепті жалпыкорпоративтік деңгейде дайындады – осы Есепте ұсынылған тұрақты даму контекстіндегі деректер «KEGOC» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Энергоинформ» АҚ-ның деректерін қамтиды.

Осы Есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат GRI Universal Standards 2021 (In accordance) сәйкес, электр энергетикасы секторына арналған SASB салалық стандартына сәйкес (Electric Utilities & Power Generators), стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі AA1000SES стандартының талаптарын ескере отырып дайындалды және Компанияның 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі тиісті қызметін сипаттайды.

Осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамдық сипатқа ие және «KEGOC» АҚ-ның болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарастарын көрсетеді әрі «KEGOC» АҚ-ның бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, өсу стратегиясы мен өтімділігіне қатысты әртүрлі тәуекелдерге, белгісіздік пен болжамдарға ұшырайды.

БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес

Осы Есепте «KEGOC» АҚ-ның БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділігін растайтын ақпаратты, сондай-ақ 2015 жылы БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі шеңберінде қабылдаған ТДМ бойынша жұмыс туралы ақпаратты қамтиды.

Біз кез келген бизнестің ТДМ-ге қол жеткізуге қосатын негізгі үлесі жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерінде, салық төлеуде және әлеуметтік-экономикалық дамуда, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарауда деп санаймыз. Бұдан басқа, нақты әрі ұзақ мерзімді оң өзгерістерге қоршаған ортаға (кең мағынада) әсерімізді басқаруды, мақсатты ден қоюды, негізгі ойыншылармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастықты және күш-жігерімізді кеңейтуді ескере отырып ғана қол жеткізуге болады.

Біз жыл сайын біздің қызметімізбен ең күшті байланысы бар нақты ТДМ бойынша жұмыс туралы хабарлайтын боламыз. Бұдан басқа, біз жағдайды өзгерту үшін ең үлкен әлеуетіміз бар салаларды талдаймыз. Біз қай жерде теріс әсер болуы мүмкін екенін зерттейміз, сондай-ақ мүдделі тараптармен бірлесіп оң өзгерістерді жүзеге асыру үшін бірегей мүмкіндіктерге ие бағыттарды іздейміз. Бағалау шеңберінде мақсат пен міндеттердің біздің құн жасау тізбегі үшін өзектілігі, біздің жауапты әрі тұрақты дамуға ұмтылыстарымызға сәйкестігі, өзгерістерді ынталандыру үшін біздің дағдыларымызды, құзыреттеріміз бен ресурстарымызды пайдалану қабілетіміздің болуы және мәселелердің біздің мүдделі тараптарымыз үшін маңыздылығы сияқты факторлар талданады.

2025 жылы жұмыс жүргізілген негізгі басым ТДМ



2025 жылы БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізуге қосқан үлес

БҰҰ ТДМ		Негізгі міндеттер	2025 жылы ТДМ-ге қол жеткізуге қосқан үлес
4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ	**Жалпыға ортақ және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін қолдау**	4.4. 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс пен кәсіпкерлік үшін қажетті дағдыларды, оның ішінде техникалық және кәсіби дағдыларды меңгерген жастар мен ересектердің санын едәуір ұлғайту.	▣ 1 жұмыскерге шаққандағы орташа оқыту сағаттарының саны – 26,39 сағат. ▣ 1 жұмыскерге шаққанда оқыту мен дамытуға жұмсалған орташа сома 91 мың теңгені құрайды. ▣ Алғаш рет 8 жұмыскердің жоғары оқу орындарында оқыту Бағдарламасы іске асырылды, оған сәйкес оқытуға арналған шығындарды жұмыс беруші өтейді.
7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ	**Барлығы үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жаппай қолжетімділікті қамтамасыз ету**	7.1 2030 жылға қарай баршаның арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықталуға жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету. 7.2 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын энергия көздерінен алынатын энергияның үлесін айтарлықтай арттыру.	▣ 2025 жылы ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 18,4 млрд кВт·сағатты құрады.
8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	**Жан-жақты, жалпыға ортақ және тұрақты экономикалық өсуге, толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға және барлығы үшін лайықты жұмысқа жәрдемдесу**	8.5 Әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық әрі өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты, тең құндылықтағы еңбекке тең ақы төлеуді қамтамасыз ету. 8.6 Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды меңгермейтін жастардың үлесін айтарлықтай қысқарту.	▣ 2025 жылы «KEGOC» АҚ-да 4 472 адам еңбек етеді. ▣ Есепті кезеңде 175 кандидат сырттан қабылданды, 38 бос орын ішкі кандидаттармен жабылды. Ішкі кандидаттармен толтырылған бос орындардың пайызы 16%-ды құрады.
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	**Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және орнықты индустрияландыру мен инновацияларға ықпал ету**	9.1 Барлығы үшін арзан және тең құқықты қол жеткізуді қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып, экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, тұрақты және орнықты инфрақұрылымды дамыту.	▣ 2025 жылы инновациялар мен ҒЗТКЖ-ға арналған жалпы шығындар 14,31 млн теңге.
11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР	**Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, тіршілікке қабілеттілігі мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету**	11.2 Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, атап айтқанда, қоғамдық көлікті қолдану аясын кеңейту негізінде тұрғындарды қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрғыдан орнықты көлік жүйелерімен қамтамасыз ету, бұл ретте әлеуметтік осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектігі бар тұлғалардың және қарттардың мұқтаждықтарына ерекше назар аудару.	▣ «ҚР Біртұтас энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту» жобасын іске асыру аясында «KEGOC» АҚ Жамбыл облысындағы негізгі нысандардың бірі – Шу-500 кВ қосалқы станциясындағы жобаның орындалу барысы туралы есепті ұсынды. ▣ «KEGOC» АҚ мен Азия даму банкі (АДБ) «Оңтүстік энергия торабының желісін күшейту» жобасы, оның барысы және күтілетін әсерлері туралы ақпарат беру үшін 500 кВ қосалқы станциясына бірлескен баспасөз турын өткізді.

БҰҰ ТДМ		Негізгі міндеттер	2025 жылы ТДМ-ге қол жеткізуге қосқан үлес
	**Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдеріне көшуді қамтамасыз ету**	12.4 Химиялық заттар мен барлық қалдықтарды олардың бүкіл қолданыс циклі бойы келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай қысқарту. 12.5 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды қысқарту, қайта өңдеу мен қайта пайдалану жөніндегі шараларды қабылдау арқылы қалдықтар көлемін айтарлықтай азайту.	▣ 2025 жылы «Тұрақты органикалық ластаушылар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Тұрақты органикалық ластаушылар мен оларды қамтитын қалдықтарды өңдеу ережелеріне (ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) сәйкес KEGOC қосалқы станциясының жабдықтарындағы ПХД-ларды анықтау жұмыстары жалғасты. ЖЭТ филиалдары ПХД бар жабдықтардың тізілімдерін жаңартып, оларды белгіленген мерзімде жергілікті қоршаған ортаны қорғау органдарына ұсынды. 2025 жылы Алматы ЖЭТ және Сарыбай ЖЭТ филиалдарында ПХД-ларға арналған трансформатор майының зертханалық сынақтары жүргізілді. ПХД анықталған жоқ. ▣ Қауіпті қалдықтарды үшінші тарап ұйымдарына беру қауіпті қалдықтарды өңдеу, залалсыздандыру, жою және/немесе жою құқығын беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады. Компания 2025 жылы кәдеге жарату, алып кету және жою бойынша жасалған келісімшарттар бойынша үшінші тарап мамандандырылған ұйымдарына берген қалдықтардың көлемі 3091,73 тоннаны құрады.
	**Климаттың өзгеруі мен оның салдарына қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау**	13.1 Барлық елдерде қауіпті климаттық құбылыстар мен дүлей зілзалаларға қарсыласу мен бейімделу қабілетін арттыру. 13.2 Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегиялар мен жоспарлауға енгізу. 13.3 Климаттың өзгеруінің өткірлігін жұмсарту мен салдарын азайту, оларға бейімделу мен ерте ескерту бойынша адамдар мен мекемелердің ағартушылығын, ақпаратты таратуы мен мүмкіндіктерін жақсарту.	▣ «KEGOC» АҚ-ның 2025–2060 жылдарға арналған Климаттық бағдарламасы бекітілді. ▣ Net-zero – Utilities for Net Zero Alliance (UNEZA) халықаралық бастамасына қосылу. ▣ Директорлар кеңесінің мүшелері климаттың өзгеруі мәселелері бойынша тренингтерге, семинарларға қатысты: «Климат, жасанды интеллект және Қазақстан мен Орталық Азия үшін тұрақты болашақ».

БҰҰ Жаһандық шарттың қағидаттары

Жаһандық шарттың қағидаттары	Есеп бөлімі
Адам құқықтары саласындағы қағидаттар	
1-қағидат. Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.	Корпоративтік этика
2-қағидат. Іскерлік топтардың адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.	
Еңбек қатынастары саласындағы қағидаттар	
3-қағидат. Іскерлік топтар бірлесу бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты тануды қолдауы тиіс.	Кадр саясаты
4-қағидат. Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтауға тиіс.	
5-қағидат. Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды жақтауға тиіс.	
6-қағидат. Іскерлік топтар жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауға тиіс.	
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар	
7-қағидат. Іскерлік топтар экологиялық мәселелерге сақтық қағидатына негізделген тәсілді қолдауға тиіс.	Қоршаған ортаны қорғау
8-қағидат. Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар көтеруге тиіс.	
9-қағидат. Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесуге тиіс.	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар	
10-қағидат. Іскерлік топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, оның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруға тиіс.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

AIX қағидаларының сақталуы туралы

	Талаптар	+/-	Есеп бөлімі/сілтеме
(a)	аудиттен өткен қаржылық есептілік	+	12m'25_FS_cons_KAZ_KEGOC
(b)	жыл ішіндегі қызметке шолу және осы қызметтің нәтижелері	+	Осы есеп
(c)	қаржы жылы ішінде істің жай-күйіндегі кез келген елеулі өзгерістер туралы мәліметтер	–	Елеулі өзгерістер болған жоқ
(d)	жыл ішіндегі негізгі қызмет түрлері туралы ақпарат, сондай-ақ осы қызметтің сипатындағы кез келген елеулі өзгерістер	+	«Өндірістік қызмет» бөлімі
(e)	жыл аяқталғаннан кейін туындаған, болашақ қаржы кезеңдеріндегі қызметке және осы қызметтің нәтижелеріне; немесе болашақ кезеңдердегі қаржылық жағдайға елеулі әсер еткен немесе елеулі әсер етуі мүмкін кез келген фактілер немесе мән-жайлар туралы мәліметтер; болашақ қаржы кезеңдеріндегі қызметке және осы қызметтің нәтижелеріне немесе болашақ кезеңдердегі қаржылық жағдайға	–	Фактілер мен мән-жайлар болған жоқ
(f)	болашақ қаржы кезеңдеріндегі қызметтің күтілетін даму бағыттары және осы қызметтің болжамды нәтижелері;	+	«Стратегиялық шолу» бөлімі – «Даму жоспары (Стратегия)»
(g)	аудитордың пікірінше, қаржылық есептілік қаржылық жағдайды дұрыс әрі объективті көрсете ме деген аудитордың мәлімдемесі	+	12m'25_FS_cons_KAZ_KEGOC
(h)	Директорлар кеңесінің (немесе өзге де уәкілетті органның) пікірінше, Есепті ұйымның қызметі болжамдар мен қажет болған жағдайда ескертпелерді көрсете отырып, үздіксіз (going concern) болып табыла ма деген мәлімдемесі	+	https://www.kegoc.kz/upload/iblock/049/05t3sqe33be2hqstwcf8emficb8qt1qj.pdf
(i)	Есепті ұйымның кез келген байланысты тұлғаларының (Connected Persons) жеке басы мен қатысу үлестері туралы мәліметтер	+	https://aix.kz/listings/continuous-disclosure-obligations/company-disclosures-2/ https://kase.kz/kz/listing/issuers/KEGC «Акционерлік капитал» бөлімі
(j)	Корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы ақпаратты ашу		https://www.kegoc.kz/upload/iblock/6bf/9o3uvvv0k843q9s2334x4o3sozr993fe.pdf

Елеулілікті айқындау

GRI 3-1

«KEGOC» АҚ Жылдық есепте мүдделі тараптар үшін акуталды, дұрыс әрі елеулі ақпаратты ашуды қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания үшін елеулі тақырыптарды айқындау мен бағалау тұрақты дамуды басқару процесі шеңберінде жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады.

Global Reporting Initiative (GRI) стандарттарының қос елеулілік қағидатына сәйкес 2025 жыл үшін Есепте ашу үшін тақырыптар тізбесін қалыптастыру кезінде екі өзара толықтыратын аспект қаралды:

Импакт-елеулілік – Компания қызметінің экономикаға, қоғамға, қоршаған ортаға және адам құқықтарына нақты және ықтимал әсерінің маңыздылығын бағалау;

Қаржылық елеулілік – сыртқы факторлар мен тұрақты даму тақырыптарының Компанияның стратегиясына, тәуекелдерді басқару жүйесіне, инвестициялық қызметіне, қаржылық нәтижелеріне және құнына қалай әсер етуі мүмкін екенін бағалау.

ИМПАКТ-ЕЛЕУЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ

2025 жылдың тамызында сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің бес балдық шкала бойынша онлайн-сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға мүдделі тараптардың негізгі топтарының өкілдері қатысты және респонденттерден 154 жауап алынды.

Респонденттерге Компания қызметінің қоғамға, қоршаған ортаға, экономикаға әсері және адам құқықтарын сақтау тұрғысынан тұрақты даму тақырыптарының маңыздылығын бағалау ұсынылды.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша әрбір тақырып бойынша орташа баллдар есептелді, сондай-ақ басымдылық рейтингі қалыптастырылды. Жауаптарды талдау Компанияның әсері мен мүдделі тараптардың күтулері тұрғысынан ең маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕЛЕУЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ

Қаржылық елеулілікті бағалауды Тұрақты даму және біріктірілген менеджмент жүйесі (ИСМ) жөніндегі үйлестіру кеңесі әрбір тақырыптың мыналарға әсерін сараптамалық бағалау негізінде жүргізді:

- Компанияның стратегиялық мақсаттары;
- тәуекелдерді басқару жүйесі;
- инвестициялық шешімдер мен күрделі қаржы салымдары;
- қаржылық тұрақтылық пен нарықтық құн.

Бағалау GRI 3: Material Topics (2021) қағидаттарына сәйкес, сондай-ақ Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD) ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылды. Қосымша тәуелсіз халықаралық ESG-рейтингтік агенттіктердің талаптары мен тәсілдері, реттеудің жаһандық тенденциялары және тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашудың үздік практикалары талданды.


ЕЛЕУЛІЛІК МАТРИЦАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Екі аспектіні – импакт- және қаржылық елеулілікті – біріктірілген талдау мүдделі тараптар үшін де, Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін де ең маңызды тұрақты даму тақырыптарын айқындауға мүмкіндік берді.

Стейкхолдерлердің бағалаулары (импакт-елеулілік) және Тұрақты даму мен БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесінің сараптамалық бағалауы (қаржылық елеулілік) негізінде бағалаудың екі осі бойынша тақырыптардың басымдылығын көрсететін Елеулілік матрицасы құрылды.

GRI 3-2

Елеулілік матрицасы



МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

«KEGOC» АҚ елеулілікті бағалау нәтижелерін корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне (ERM) тікелей интеграциялауды қамтамасыз етеді. Талдау барысында айқындалған елеулі ESG-тақырыптар негізгі корпоративтік тәуекелдермен салыстырылады және Компанияның бірыңғай тәуекелдер тізіліміне енгізіледі.

Елеулілікті бағалау нәтижелері тәуекелдерді сәйкестендірудің, талдаудың және басымдық берудің жыл сайынғы циклі кезінде бастапқы деректер ретінде пайдаланылады. Мұндай тәсіл Компанияның қызметіне ішкі әсер ету факторларын да, тұрақты дамумен, климаттық өзгерістермен, әлеуметтік аспектілермен, корпоративтік басқарумен және стейкхолдерлердің күтулерімен байланысты сыртқы әсерлерді де ескеруге мүмкіндік береді. Процестердің мұндай интеграциясы Компания үшін маңызды тәуекелдерді неғұрлым дәл айқындауды қамтамасыз етеді және ықтимал теріс әсерлерді төмендетуге және бизнестің тұрақтылығын арттыруға бағытталған негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР МЕН ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘСЕРЛЕР

GRI 3-2, GRI 3-3

Талдаудың нәтижелеріне сәйкес Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі «KEGOC» АҚ-ның мүдделі тараптарын ең көп қызықтыратын, Компания үшін елеулі деп танылған 9 тақырыпты айқындады.

Елеулі тақырыптар	Әсері	Негізгі мүдделі тараптар	Байланысты корпоративтік тәуекел
201 Экономикалық тиімділік	Қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсуінен көрінетін оң әсер Компанияға инфрақұрылымды жаңғыртуға, инновацияларды дамытуға, сенімділік пен энерготиімділікті арттыруға инвестиция салуға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ жұмыс орындарын құруға және салық төлемдерінің артуына ықпал етеді. Теріс әсер қаржылық тұрақсыздықпен, берешектің өсуімен немесе инвестициялық тартымдылықтың төмендеуімен байланысты болуы мүмкін, бұл сектордың дамуына және мүдделі тараптардың сеніміне теріс әсер етеді.	Акционерлер мен инвесторлар, билік органдары, жеткізушілер мен мердігерлер, жұмыскерлер, Жергілікті қауымдастықтар	Қаржылық тәуекел
205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Оң әсер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, ішкі бақылау рәсімдерін және жұмыскерлерді оқытуды іске асыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, қызметтің ашықтығын арттыруға және инвесторлар мен қоғамның сенімін нығайтуға ықпал етеді. Теріс әсер: Сыбайлас жемқорлық көріністері қаржылық шығындарға, айыппұлдарға, сот талқылауларына әкелуі, сондай-ақ Компанияның іскерлік беделіне және мүдделі тараптардың сеніміне теріс әсер етуі мүмкін.	Акционерлер мен инвесторлар, жұмыскерлер, мемлекеттік органдар, іскерлік серіктестер мен жеткізушілер, клиенттер, қоғам	Комплаенс-тәуекелдер
302 Энергия	Оң әсер ЖЭК-ті енгізу есебінен парниктік газдар шығарындыларын қысқартудан көрінеді. Теріс әсер ЖЭК жеткіліксіз өскен жағдайда қазбалы отыннан бас тартуды кейінге қалдыру тәуекелімен байланысты.	Жергілікті қауымдастықтар, қызмет тұтынушылары, жеткізушілер	Энергоресурстарға операциялық шығындардың артуы тәуекелі
303 Су және төгінділер	«KEGOC» АҚ компаниясының өз активтерінің экологиялық әсерін барынша азайтуға баса назар аударуы жергілікті халық тарапынан оң қатынас қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Сонымен бірге, қоршаған ортаға әсерді төмендету жөніндегі нақты міндеттемелердің болмауы мүдделі тараптардың наразылығын тудырып, инвестициялық жобаларды іске асыруды қиындатуы мүмкін.	Жергілікті қауымдастықтар, кредиторлар, жеткізушілер, іскер серіктестер	Экологиялық тәуекел (су пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу)
305 Шығарындылар			Климаттық тәуекел (шығарындыларды реттеудің қатаюы)
306 Қалдықтар			Экологиялық тәуекел (қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын сақтамау)
403 Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау	Еңбекті қорғау жүйесін бақылау мен қолдау жұмыскерлердің психологиялық және физикалық жай-күйіне оң әсер етеді. Бұл аспектілерді елемеу жарақаттанудың өсуіне және наразылыққа әкеледі.	Жұмыскерлер, жеткізушілер, іскери серіктестер	Өндірістік тәуекел (жарақаттану мен аварилар)
404 Оқыту және білім беру	Оң әсер: Оқыту мен біліктілікті арттыру жүйесін дамыту жұмыскерлердің кәсіби дағдыларының өсуіне, еңбек өнімділігінің артуына, кадр әлеуетінің қалыптасуына және Компанияның тұрақты дамуына ықпал етеді. Теріс әсер: Персоналды оқыту мен дамытудың жеткіліксіз деңгейі жұмыскерлердің кәсіби құзыреттерінің төмендеуіне, өндірістік тәуекелдердің артуына, жұмыс тиімділігінің төмендеуіне және мансаптық өсу мүмкіндіктерінің шектелуіне әкелуі мүмкін.	Жұмыскерлер, Компания басшылығы, білім беру ұйымдары, мемлекеттік органдар, инвесторлар мен акционерлер	Кадрлық тәуекел (білікті мамандардың тапшылығы)
405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	Оң әсер инклюзивті және тең құқылы жұмыс ортасын қалыптастырудан көрінеді, бұл өнімділіктің өсуіне және корпоративтік ахуалдың жақсаруына ықпал етеді. Теріс әсер осал топтардың жеткіліксіз өкілдік етуімен байланысты, бұл әлеуметтік шиеленіске және құқықтық салдарларға әкелуі мүмкін.	Жұмыскерлер, жергілікті қоғамдастықтар, инвесторлар, кредиторлар	Беделдік тәуекел

2025 жылғы сауалнаманы талдау нәтижелері 2024 жылы жүргізілген талдау нәтижелерімен салыстырылды. 2024 жылы жүргізілген талдау нәтижелері бойынша елеулі деп айқындалған тақырыптарға қосымша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Оқыту және білім беру» тақырыптарын стейкхолдерлер елеулі деп таңдады. Соған қарамастан, GRI тақырыптарының көпшілігі осы Есепте ашылды, оның ішінде KASE және AIX биржаларының бағалы қағаздарды жіберуге бастамашылық жасаушылардың ақпаратты ашу қағидаларының талаптарын, TCFD ұсынымдарын, SASB стандартының талаптарын сақтау үшін ашылды.

2-қосымша. Индикаторлар

Біздің адамдар

GRI 405-1

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025	2025/2024	2025/2024, %
Кадрлық көрсеткіштер								
Жұмыскерлердің тізімдік саны	адам	4 400	4 376	4 446	4 495	4 472	–23	–0,51%
оның ішінде:								
Ерлер	адам	3 377	3 367	3 409	3 456	3 450	–6	–0,17%
		(76,8%)	(76,9%)	(76,7%)	(76,9%)	(77,2%)		
Әйелдер	адам	1 023	1 009	1 037	1 039	1 022	–17	–1,64%
		(23,2%)	(23,1%)	(23,3%)	(23,1%)	(22,8%)		
SRS индексі	%	85	86	86	87	88	1	–
Персоналдың тартылу индексі	%	85	–	–	87	90	3	–
Даму мен оқыту								
Бір жұмыскерге шаққандағы орташа жылдық оқыту сағаттарының саны	сағат	22,3	27,6	25,96	41,23	26,39	–14,84	–35,99%
оның ішінде:								
Ерлер	сағат	21,9	27,7	30,2	32,8	25,26	–7,54	–22,99%
Әйелдер	сағат	25,5	26,9	12	8,5	31,86	23,36	274,82%
ӘБП	сағат	21,5	27,1	18,2	7,2	44,43	37,23	617,08%
ӨП	сағат	22,4	27,6	27,1	34,0	24,32	–9,68	–28,47%

31.12.2025 жылғы жағдай бойынша еңбек шарты және жынысы бөлінісіндегі жұмыскерлердің жалпы саны, адам

GRI 2-7

Бөлімше	Толық жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, адам			Толық емес жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Барлығы
	Барлығы	ер	әйел	Барлығы	ер	әйел	Барлығы	ер	әйел	
Ақмола ЖЭТ	547	458	89	0	0	0	12	10	2	559
Ақтөбе ЖЭТ	274	220	54	0	0	0	0	0	0	274
Алматы ЖЭТ	474	394	76	4	4	0	1	1	0	475
Шығыс ЖЭТ	293	240	53	0	0	0	1	1	0	294
Батыс ЖЭТ	262	163	52	47	47	0	0	0	0	309
Сарыбай ЖЭТ	420	340	80	0	0	0	0	0	0	420
Солтүстік ЖЭТ	379	279	100	0	0	0	2	2	0	381
Орталық ЖЭТ	419	337	75	7	7	0	0	0	0	426
Оңтүстік ЖЭТ	433	366	67	0	0	0	2	1	1	435
ЖО ҰДО	112	71	41	0	0	0	2	1	1	114
Атқарушы дирекция	367	193	174	0	0	0	0	0	0	367
«Энергоинформ» АҚ	470	311	157	2	2	0	2	2	0	474
Барлығы	**4 450**	**3 372**	**1 018**	**60**	**60**	**0**	**22**	**18**	**4**	**4 472**

* Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-аналардың (асырап алушының, қыз бала асырап алушының) біреуінің, сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтім жасайтын жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін белгілейді.

Жас тобы мен жынысы бойынша бөліністегі жаңадан жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ кадрлардың тұрақсыздығы

	2025 жылы Компанияға жалданған жұмыскерлердің саны, адам	31.12.2025 ж. жалпы тізімдік саннан %	2025 жылы Компаниядан жұмыстан шыққан жұмыскерлердің саны, адам	31.12.2025 ж. жалпы тізімдік саннан %
Компания бойынша барлығы:	**476**	**10,64**	**494**	**11,04**
Жынысы бойынша				
Ерлер	389	8,6	390	8,72
Әйелдер	87	1,9	104	2,35
Жасы бойынша				
30 жасқа дейін	192	4,29	110	2,45
31-ден 50 жасқа дейін	233	5,21	242	4,74
51 жас және одан жоғары	51	1,14	142	3,17

Ішкі ауысуларды есепке ала отырып, өңірлер бойынша бөліністегі жаңадан жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ кадрлардың тұрақсыздығы

Өңірлер бойынша	2025 жылы жұмысқа қабылданғандар саны		2025 жылы Компаниядан кеткен саны	
	адам	%	адам	%
Атқарушы дирекция	30	6,3	37	7,4
Ақмола ЖЭТ	75	15,8	74	14,9
Ақтөбе ЖЭТ	32	6,8	25	5,0
Алматы ЖЭТ	53	11,2	56	11,3
Шығыс ЖЭТ	24	5,1	25	5,0
Батыс ЖЭТ	18	3,8	20	4,0
Сарыбай ЖЭТ	28	5,9	27	5,4
Солтүстік ЖЭТ	48	10,1	51	10,3
Орталық ЖЭТ	45	9,5	50	10,1
Оңтүстік ЖЭТ	39	8,2	38	7,6
ЖО ҰДО	11	2,3	5	1,0
Энергоинформ АҚ	73	15,3	86	17,4
Барлығы	**476**	**10,64**	**494**	**11,04**

Жұмысқа қабылданған және Компаниядан кеткен жұмыскерлердің саны

Көрсеткіш	2021		2022		2023		2024		2025		2025/2024	2025/2024, %
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны, барлығы	**451**	**10,25**	**551**	**12,59**	**543**	**12,21**	**495**	**11,01**	**476**	**10,64**	**–19**	**–4,03%**
жасы бойынша:												
30 жасқа дейін	214	47,45	222	5,07	209	29,48	185	26,66	**192**	4,29	7	3,78%
31-ден 50 жасқа дейін	194	43,02	276	6,31	274	11,14	267	18,34	**233**	5,21	–34	–12,73%
51 жас және одан жоғары	43	9,53	53	1,21	60	4,69	43	4,04	**51**	1,14	8	18,60%
жынысы бойынша:												
Ерлер	364	80,71	441	10,08	436	12,78	404	11,69	**389**	8,69	–15	–3,71%
Әйелдер	87	19,29	110	2,51	107	10,31	91	8,76	**87**	1,95	–4	–4,40%
Өңірлер бойынша:												
Атқарушы дирекция	26	7,34	70	19,39	56	15,05	42	7,53	**30**	6,33	–12	–28,57%
«Ақмола ЖЭТ»	69	11,98	72	12,70	65	11,38	66	24,72	**75**	15,82	9	13,64%
«Ақтөбе ЖЭТ»	27	10,63	28	11,20	31	11,83	21	4,39	**32**	6,75	11	52,38%
«Алматы ЖЭТ»	35	7,46	57	12,34	48	10,13	51	17,29	**53**	11,18	2	3,92%
«Шығыс ЖЭТ»	29	9,80	20	6,94	30	10,34	19	7,20	**24**	5,06	5	26,32%

Көрсеткіш	2021		2022		2023		2024		2025		2025/2024	2025/2024, %
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
«Батыс ЖЭТ»	39	16,46	36	15,13	40	15,87	27	6,44	**18**	3,80	–9	–33,33%
«Сарыбай ЖЭТ»	49	11,81	47	11,55	44	10,71	47	12,24	**28**	5,91	–19	–40,43%
«Солтүстік ЖЭТ»	42	11,29	43	11,29	44	11,55	51	12,03	**48**	10,13	–3	–5,88%
«Орталық ЖЭТ»	23	5,71	56	13,66	44	10,48	53	12,21	**45**	9,49	–8	–15,09%
«Оңтүстік ЖЭТ»	28	6,56	47	10,71	34	7,87	39	36,11	**39**	8,23	0	–
ЖО ҰДО	8	8,25	9	9,00	11	10,89	11	2,94	**11**	2,32	0	–
«Энергоинформ» АҚ	76	15,20	66	13,95	96	20,00	68	13,88	**73**	14,77	5	7,35%
Тастап кеткен жұмыскерлердің жалпы саны, барлығы	**748**	**17,0**	**575**	**13,14**	**473**	**10,63**	**446**	**9,92**	**494**	**11,04**	**48**	**10,76%**
жасы бойынша:												
30 жасқа дейін	161	3,65	134	3,06	100	14,10	86	12,39	**110**	24,59	24	27,90%
31-ден 50 жасқа дейін	362	8,22	254	5,80	220	8,95	216	14,84	**242**	54,11	26	12,04%
51 жас және одан жоғары	225	5,11	187	4,27	153	11,97	144	13,53	**142**	29,96	–2	–1,39%
жынысы бойынша:												
Ерлер	438	9,95	451	10,31	394	11,55	357	10,33	**390**	87,20	33	9,24%
Әйелдер	310	7,04	124	2,83	79	7,6	89	8,57	**104**	21,94	15	16,85%
Өңірлер бойынша:												
Атқарушы дирекция	44	5,88	63	13,32	45	12,10	40	7,17	**37**	7,81	–3	–7,50%
«Ақмола ЖЭТ»	67	8,96	81	14,29	61	10,68	79	29,59	**74**	15,61	–5	–6,32%
«Ақтөбе ЖЭТ»	26	3,48	32	12,80	19	7,25	16	3,35	**25**	5,27	9	56,25%
«Алматы ЖЭТ»	40	5,35	64	13,85	36	7,59	47	15,93	**56**	11,81	9	19,15%
«Шығыс ЖЭТ»	19	2,54	28	9,72	28	9,66	14	5,30	**25**	5,27	11	78,57%
«Батыс ЖЭТ»	31	4,14	35	14,71	26	10,32	15	3,58	**20**	4,22	5	33,33%
«Сарыбай ЖЭТ»	49	6,55	55	13,51	40	9,73	39	10,16	**27**	5,70	–12	–30,77%
«Солтүстік ЖЭТ»	43	5,75	34	8,92	44	11,55	48	11,32	**51**	10,76	3	6,25%
«Орталық ЖЭТ»	36	4,81	49	11,95	34	8,10	49	11,29	**50**	10,55	1	2,04%
«Оңтүстік ЖЭТ»	31	4,14	35	7,97	41	9,49	37	34,26	**38**	8,02	1	2,70%
ЖО ҰДО	6	0,80	6	6,00	10	9,90	4	1,07	**5**	1,05	1	25,0%
«Энергоинформ» АҚ	356	47,59	93	19,66	89	18,54	58	11,84	**86**	17,40	28	48,27%
Жалпы айналым, %		**8,22**		**8,13**		**6,51**		**6,21**		**7,21**		

Өндірістік көрсеткіштер

12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

GRI EU1, EU3, EU4, EU28, GRI EU29

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025	2025/2024	2025/2024,%
Бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бөлінісінде белгіленген өндірістік қуат	МВА	38 742,90	39 055,9	39 112,60	38 893,60	39 019,60	126,00	0,32%
оның ішінде:								
1150 кВ ҚС	МВА	9 384,10	9 384,10	9 384,10	9 384,10	9 384,10	0	0,00%
500 кВ ҚС	МВА	17 447,50	17 447,50	17 447,50	17 467,50	17 467,50	0	0,00%
220 кВ ҚС	МВА	11 888,10	12 201,10	12 257,80	12 018,80	12 144,80	126,00	1,05%
35 кВ ҚС	МВА	23,20	23,2	23,2	23,2	23,2	0	0,00%
Реттеу режимі бойынша бөліністегі әуе және кабельдік электр жеткізу желілерінің ұзындығы (тізбектер бойынша)	км	26 973,23	26 977,22	27 807,45	27 905,42	27 917,730	12,22	0,04
оның ішінде:								
1150 кВ	км	1 421,23	1 421,23	1 421,23	1 421,23	1 421,225	0	0,00%
500 кВ	км	8 282,26	8 282,26	8 281,93	8 281,13	8 281,13	0	0,00%
330 кВ	км	1 863,28	1 863,28	1 863,28	1 862,94	1 862,94	0	0,00%
220 кВ	км	14 893,06	14 890,22	15 669,58	15 766,65	15 767,417	0,82	0,005%
110 кВ	км	352,84	352,84	352,84	352,84	352,84	0	0,00%
35 кВ	км	44,13	44,13	44,13	44,13	44,13	0	0,00%
35 кВ-тан төмен	км	116,44	123,26	174,463	176,503	188,05	11,55	6,54%
Электр энергиясын тұтынушылардың саны (шарттардың саны)	дана	951	1 141	1 629	1 629	1 083	–546	–33,52%
Электр энергиясын берудегі үзілістердің жиілігі – SAIFI	сағат	0,12	0,04	0,05	0,083	0,126	0,043	51,81%
Электр энергиясын берудегі үзілістердің орташа ұзақтығы – SAIDI	сағат	0,09	0,06	0,07	0,019	0,186	0,167	878,95%
Көрсетілген қызметтердің көлемдері								
Электр энергиясын жеткізу	млрд кВт·сағ	54,65	58,57	39,24	19,0	18,39	–0,61	–3,21%
ҰЭТ-ты пайдалану	млрд кВт·сағ	–	–	35,98	74,9	78,05	3,15	4,21%
Техникалық диспетчерлендіру	млрд кВт·сағ	105,04	104,26	106,28	110,9	116,75	5,85	5,28%
Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру	млрд кВт·сағ	205,15	203,12	205,41	210,3	228,30	18,00	8,56%

Экономикалық көрсеткіштер

GRI 201-1, GRI 201-4

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025	2025/ 2024	2025/2024,%
Жалпы капитализация:	**млн теңге**	**908 336,3**	**809 916,9**	**849 254,5**	**931 502,5**	**957 755,9**	**26 253,4**	**3%**
меншікті капитал	млн теңге	737 136,8	653 565,2	685 719,1	769 921,8	796 174,6	26 252,8	3%
қарыз капиталы	млн теңге	171 199,5	156 351,7	163 535,4	161 580,7	161 581,3	0,60	0%
Мемлекеттен алынған қаражат	**млн теңге**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**
Жасалған экономикалық құн:	**млн теңге**	**199 424,1**	**227 003,9**	**263 910,6**	**337 695,7**	**412 448,9**	**74 753,2**	**22%**
Негізгі қызметтен түскен табыстар	млн теңге	186 443,1	217 255,6	252 136,4	319 905,9	397 736,71	77 830,78	24%
қаржылық табыстар	млн теңге	5 368,2	5 726,1	7 576,5	11 886,4	13 337,46	1 451,06	12%
өзге де табыстар	млн теңге	7 612,7	4 022,3	4 197,8	5 903,3	1 374,73	–4 528,57	–76,7%
Бөлінген экономикалық құн:	**млн теңге**	**201 789,2**	**217 270,7**	**253 879,9**	**322 768,5**	**387 174,54**	**64 406,04**	**20%**
еңбекақы төлеу шығыстары	млн теңге	23 672,5	26 755,4	33 272,9	37 980,5	48 741,25	10 760,80	28%
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығыстар	млн теңге	14 047,3	18 026,5	21 610,0	26 644,8	29 769,76	3 125,00	12%
капитал жеткізушілерге төлемдер	млн теңге	53 200,0	30 309,2	47 075,0	56 872,9	65 565,01	8 692,09	15%
қайырымдылық пен демеушілік көмек	млн теңге	–	–	–	1 000,0	200,0	–800,00	–80%
өзге де операциялық шығындар	млн теңге	99 492,0	136 625,2	148 327,4	190 082,4	240 822,42	50 740,02	27%
өзге де операциялық емес шығындар	млн теңге	11 377,4	5 554,3	3 594,6	10 187,9	2 076,10	–8 111,75	–80%
Тоқтатылған қызметтен жыл ішінде салық салынғаннан кейінгі пайда	млн теңге	13 471,5	–	–	–	–	–	–
Бөлуге арналған экономикалық құн	**млн теңге**	**11 106,3**	**9 733,3**	**10 030,8**	**14 927,2**	**26 203,8**	**11 276,6**	**76%**
Ұйым қызметін жүзеге асырудың елеулі өңірлеріндегі жоғары дәрежелі басшылардың жергілікті халық өкілдерінің қатарынан жалданған үлесі	%	90,9	85,7	100	100	100	0	0,00%

Заңнама мен нормативтік талаптарды сақтау

GRI 2-27, GRI 205-3

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025
Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары мен қабылданған іс-әрекеттер*	–	0	0	0	0	0
Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай сомасы және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	млн теңге	0	0	0	0	0
оның ішінде:						
өнім мен қызметтерді ұсыну мен пайдалануға қатысты заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай көрінісі	млн теңге	0	0	0	0	0
экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	млн теңге	0	0	0	0	0

* 2024 жыл ішінде Компанияға немесе оның Жұмыскерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық үшін жұмыскерлер жұмыстан босатылған немесе тәртіптік жауапкершілікке тартылған оқиғалар, сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар салдарынан іскерлік серіктестермен келісімшарттар бұзылған жағдайлар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қатысты сот істері болған жоқ.

Экологиялық көрсеткіштер



GRI EU12, GRI 302-1, GRI 302-4

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025	2025/2024	2025/2024,%
Энергия тұтыну								
Энергия жеткізу кезіндегі ысырап пайызы*	%	5,6	4,9	5,0	5,0	4,8	–0,2	–4,00%
Ысырапты азайту жөніндегі іс-шаралардың әсері (энергия үнемдеу)	мың ГДж	15,810	14,155	14,609	18,151	11,912	–6,239	–34,37%
Үлестік энергия тұтыну	Мың ГДж/мың теңге	0,060	0,048	0,043	0,036	0,029	–0,007	–19,44%
Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	**мың ГДж**	**11 162,799**	**10 374,628**	**10 817,816**	**11 369,62**	**11 517,732**	**148,112**	**1,30%**
электр энергиясы	мың ГДж	10 951,741	10 169,639	10 620,995	11 142,938	11 310,584	167,646	1,50%
жылу энергиясы	мың ГДж	87,536	84,843	78,877	89,399	79,023	–10,376	–11,61%
Отын:	мың ГДж	123,521	120,146	117,945	137,284	128,112	–9,172	–6,68%
қозғалтқыш бензині	мың ГДж	41,681	40,918	39,611	44,015	40,598	–3,417	–7,76%
дизель отыны	мың ГДж	77,941	75,481	75,206	89,785	84,368	–5,417	–6,03%
табиғи газ	мың ГДж	3,749	3,237	3,066	3,213	2,98128	–0,23172	–7,21%
сұйытылған газ	мың ГДж	0,15	0,50878	0,304	0,271	0,17694	–94,06	–34,71%

* Электр энергиясын жеткізу кезінде оны желіге босатудың технологиялық шығыны

Еңбекті қорғау көрсеткіштері

GRI 403-9

Көрсеткіш	2021	2022	2023	2024	2025
Тіркелген өндірістік жарақаттардың жиілігі	0,03	0	0	0	0,5
Аймақтар бойынша:					
Атқарушы дирекция	0	0	0	0	0
«Ақмола ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Ақтөбе ЖЭТ»	0,45	0	0	0	0
«Алматы ЖЭТ»	0	0	0	0	0,25
«Шығыс ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Батыс ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Сарыбай ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Солтүстік ЖЭТ»	0	0	0	0	0,25
«Орталық ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Оңтүстік ЖЭТ»	0	0	0	0	0
ЖО ҰДО	0	0	0	0	0
Ауыр жарақаттардың жиілігі (өлім жағдайларын қоспағанда)	0,03	0,05	0,03	0	0
Аймақтар бойынша:					
Атқарушы дирекция	0	0	0	0	0
«Ақмола ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Ақтөбе ЖЭТ»	0,45	0	0	0	0
«Алматы ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Шығыс ЖЭТ»	0	0,41	0	0	0
«Батыс ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Сарыбай ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Солтүстік ЖЭТ»	0	0	0,3	0	0
«Орталық ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Оңтүстік ЖЭТ»	0	0,27	0	0	0
ЖО ҰДО	0	0	0	0	0
Ауыр жарақаттардың саны (өлім жағдайларын қоспағанда)	0	2	1	0	0
Өлім жағдайларының жиілігі	0	0,02	0	0	0,11

Көрсеткіш	2021	2022	2023	2024	2025
Аймақтар бойынша:					
Атқарушы дирекция	0	0	0	0	0
«Ақмола ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Ақтөбе ЖЭТ»	0,45	0	0	0	0
«Алматы ЖЭТ»	0	0	0	0	0,246
«Шығыс ЖЭТ»	0	0,41	0	0	0
«Батыс ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Сарыбай ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Солтүстік ЖЭТ»	0	0	0	0	0,899
«Орталық ЖЭТ»	0	0	0	0	0
«Оңтүстік ЖЭТ»	0	0	0	0	0
ЖО ҰДО	0	0	0	0	0
Өлім жағдайларының саны	0	1	0	0	4
АҚ және ТЖ саласындағы оқытулар, жаттығулар мен оқу-жаттығулар					
Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар	2	–	3	5	4
Штабтық жаттығулар	2	–	7	8	4
Объектілік жаттығулар	2	20	15	13	7
Азаматтық қорғаныс құралымдарымен тактикалық-арнайы оқу-жаттығулар	3	21	6	8	7
Сейсмикалық жаттығулар	4	11	14	6	16
АҚ және ТЖ бойынша республикалық, облыстық курстарда оқыту	36	11	23	34	29

3-қосымша. GRI көрсеткіштер кестесі

Пайдалану туралы мәлімдеме	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ есепті 01.01.2025–31.12.2025 кезеңі үшін GRI стандарттарына сәйкес әзірледі.
Қолданылған GRI 1	GRI 1: Foundation 2021
Қолданылатын салалық GRI стандарттары	GRI Electric Utilities (2016)

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
GRI 2 Жалпы ашықтық 2021							
2-1	Ұйым туралы мәліметтер				Компания профилі, 11-бет Байланыс, 198-бет		
2-2	Тұрақты даму саласындағы ұйымның есептілігіне енгізілген кәсіпорындар				1-қосымша. Есеп туралы, 168-бет		
2-3	Есептік кезең, жиілік және байланыс тұлғасы				1-қосымша. Есеп туралы, 167-бет Байланыс, 198-бет		
2-4	Қайта тұжырымдалған ақпарат						
2-5	Сыртқы растау				1-қосымша. Есеп туралы 167-бет		
2-6	Қызмет, құндылық тізбегі және басқа іскерлік қатынастар				Компания құрылымы, 13-бет Қызмет географиясы, 14-бет Бизнес-модель, 15-бет Қуаттар, 16-бет Өндірістік қызмет, 30-бет Тұтынушылармен жұмыс, 33-34-бет Сатып алу тәжірибесі, 111, 112-бет Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер талдауы, 161-бет		
2-7	Жұмыскерлер				Біздің адамдар, 56, 58-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 176-бет		
2-8	Жалдамалы жұмыскер болып табылмайтын жұмыскерлер				Біздің адамдар, 56-бет		
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы				«KEGOC» АҚ басқару құрылымы, 114-бет Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 122, 128, 130, 132-бет		
2-10	Жоғары басқару органын тағайындау және сайлау				Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 121, 122-бет		
2-11	Жоғары басқару органының төрағасы				Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 152-156-бет		
2-12	Жоғары басқару органының әсерлерді басқаруды қадағалаудағы рөлі				Даму жоспары (Стратегия), 26-бет Біздің адамдар, 55-бет Қоршаған ортаны қорғау, 80-бет Еңбекті қорғау, 105-бет Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 119-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
2-13	Әсерлерді басқару жауапкершілігін беру				Біздің адамдар, 55-бет Қоршаған ортаны қорғау, 80-бет Еңбекті қорғау, 105-бет Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 119, 130-133-бет Басқарма, 135-бет		
2-14	Жоғары басқару органының тұрақты даму саласындағы есептіліктегі рөлі				Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 120-бет 1-қосымша. Есеп туралы 167-бет		
2-15	Мүдделер қайшылығы				Мүдделер қайшылығы, 134-бет		
2-16	Алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелер туралы хабарлау				Корпоративтік этика, 141-бет		
2-17	Жоғары басқару органының ұжымдық білімі				Менеджментті бағалау және сыйақы, 133-бет		
2-18	Жоғары басқару органы қызметін бағалау				Менеджментті бағалау және сыйақы, 138-139-бет		
2-19	Сыйақы саясаты				Менеджментті бағалау және сыйақы, 139-бет		
2-20	Сыйақыны анықтау процесі				Менеджментті бағалау және сыйақы, 139-бет		
2-21	Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	иә	құпиялылық шектеулер	сыйақы туралы ақпарат АҚ «Қазақстан қор биржасы» бағалы қағаздарды жіберу бастамашыларының ақпаратты ашу Ережелеріне сәйкес ашылады			
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме				Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі, 3-бет Басқарма төрағасының үндеуі, 4-бет Даму жоспары (Стратегия), 26-бет		
2-23	Саясаттарға адалдық				Даму жоспары (Стратегия), 26-бет Қоршаған ортаны қорғау, 81-бет Корпоративтік этика, 140, 142-бет		
2-24	Қабылданған міндеттемелерді орындау				Даму жоспары (Стратегия), 26-бет Тұтынушылармен жұмыс, 34-бет Біздің адамдар, 66-бет Қоршаған ортаны қорғау, 81-бет Еңбекті қорғау, 106-бет Сатып алу тәжірибесі, 111-бет Корпоративтік этика, 140, 142-бет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 144-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
2-25	Теріс әсерлерді жою процестері				Тұтынушылармен жұмыс, 34-бет Қоршаған ортаны қорғау, 82-бет Сатып алу тәжірибесі, 111-бет Корпоративтік этика, 141-бет		
2-26	Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру механизмдері				Тұтынушылармен жұмыс, 34-бет Тұрақты дамуды басқару, 51-бет Қоршаған ортаны қорғау, 88-бет Сатып алу тәжірибесі, 111-бет Корпоративтік этика, 141-бет Кері байланыс механизмдері, 145-бет		
2-27	Заңдар мен нормативтік актілерді сақтау				Тұтынушылармен жұмыс, 34-35-бет Қоршаған ортаны қорғау, 82-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 181-бет		
2-28	Бірлестіктерге мүшелік				Серіктестік, 54-бет		
2-29	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тәсілі				Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 49, 51-бет		
2-30	Ұжымдық шарттар				Біздің адамдар, 76-бет		
EU1	Бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бойынша бөлінген орнатылған өндірістік қуат				Қызмет географиясы, 14-бет Қуаттар, 16-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 179-бет		
EU2	Бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бойынша бөлінген таза энергия өндірісі	иә	қолданылмайды	«KEGOC» АҚ энергия өндіруші компания болып табылмайды			
EU3	Электр энергиясы тұтынушыларының саны				Тұтынушылармен жұмыс, 34-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 179-бет		
EU4	Реттеу режимі бойынша бөлінген әуе және жерасты электр беру желілерінің ұзындығы				Қызмет географиясы, 14-бет Қуаттар, 16-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 179-бет		
EU5	Парниктік газдар шығарындылары схемасы бойынша бөлінген CO2e немесе баламалы шығарынды квоталарын бөлу		қолданылмайды	Компания CO2e шығарындылары саудасының ерікті немесе заңды міндетті схемалары бар нарықтарда жұмыс істемейді			
EU28	Электр энергиясын берудегі үзілістердің жиілігі				Желінің сенімділігі, 36-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 179-бет		
EU29	Электр энергиясын берудегі үзілістердің орташа ұзақтығы				Желінің сенімділігі, 36-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 179-бет		
3-1	Маңызды тақырыптарды анықтау процесі				1-қосымша. Есеп туралы, 172-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
3-2	Маңызды тақырыптар тізімі				1-қосымша. Есеп туралы, 173-бет		
Экономикалық нәтижелілік							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер талдауы, 163-бет		
201-1	Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн				Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер талдауы, 163-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 180-бет		
201-2	Климаттың өзгеруімен байланысты қаржылық салдарлар мен басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер				Желінің сенімділігі, 35-бет Қоршаған ортаны қорғау, 88-бет		
201-3	Белгіленген жеңілдіктері бар зейнетақы жоспарларымен байланысты ұйым міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі	иә	қолданылмайды	Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасымен БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдарының тәртібі реттеледі			
201-4	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек				Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер талдауы, 163-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 180-бет		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 144-бет		
205-1	Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді бағалау				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 144-бет		
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша коммуникация және оқыту				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 144-бет		
205-3	Расталған сыбайлас жемқорлық жағдайлары және қабылданған шаралар				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, 144-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 181-бет		
Энергия							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Қоршаған ортаны қорғау, 86-бет		
302-1	Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	иә	с. iii., iv./ d қолданылмайды	Компания үшінші тараптарға электр энергиясын және жылу энергиясын қайта сатпайды. Компания үшінші тараптарға салқындату энергиясын және бу энергиясын тұтынбайды және қайта сатпайды	Қоршаған ортаны қорғау, 86-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 181-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
302-2	Ұйымнан тыс энергия тұтыну			қазіргі уақытта Компания энергетикалық ресурстардың тұтынылуын тек ұйым ішінде ғана есепке алады, осыған байланысты ұйымнан тыс энергия тұтыну осы Есепте көрсетілмеген.			
302-3	Энергия сыйымдылығы				Қоршаған ортаны қорғау, 86-бет		7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ; 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ; 12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС; 13 КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРУМЕН КҮРЕС
302-4	Энергия тұтынуды азайту				Қоршаған ортаны қорғау, 88-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 181-бет		
302-5	Өткізілген өнімдер немесе қызметтердің энергияға деген қажеттілігін азайту (бізге беру кезіндегі шығындар)				Қоршаған ортаны қорғау, 88-бет		
EU12	Энергияны беру және бөлу кезіндегі шығындардың пайызы				Қоршаған ортаны қорғау, 86-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 181-бет		7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ; 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ; 12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС; 13 КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРУМЕН КҮРЕС
Су ресурстары мен ағызындылар							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Қоршаған ортаны қорғау, 83-бет		
303-1	Жалпы су ресурстарымен өзара іс-қимыл				Қоршаған ортаны қорғау, 83-бет		6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ; 12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС
303-2	Су бұрумен байланысты әсерлерді басқару				Қоршаған ортаны қорғау, 83-бет		
303-3	Су алу				Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		
303-4	Суды ағызу			d. Компания алаңдаушылық тудыратын басымды ластаушы заттардың ағызындыларын есепке алмайды.	Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		
303-5	Су тұтыну			c. Компания болашақта пайдалану үшін қорланған су көлемін есепке алмайды және мұндай ақпаратты ашпайды.	Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
Шығарындылар							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Климаттың өзгеруі, 101-бет		
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту аймағы)	иә	с. қолданылмайды	Компания биогендік шығарындылар тудырмайды	Климаттың өзгеруі, 101-102-бет		3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ; 12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС; 13 КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС
305-2	Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту аймағы)			b. қолданылмайды	Климаттың өзгеруі, 101-102-бет		
305-3	Парниктік газдардың өзге жанама шығарындылары (3-қамту аймағы)			қазіргі уақытта Компания парниктік газдардың жанама шығарындыларын (3-қамту аймағы) есепке алмайды			
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы				Климаттың өзгеруі, 101, 103-бет		
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту				Қоршаған ортаны қорғау, 88-бет Климаттың өзгеруі, 101, 103-бет		
305-6	Озонды бұзатын заттардың шығарындылары (ОБЗ)			Өз қызметінде Компания климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттарды шығармайды			
305-7	Азот оксиді (NOX), күкірт оксиді (SOX) және басқа маңызды ластаушы заттардың атмосфераға шығарындылары	иә	a.iii Тұрақты органикалық ластаушылар (ТОЛ)- қолданылмайды a. v Қауіпті ауа ластаушылары (ҚАЛ)- қолданылмайды	a.iii - Компанияда ТОЛ-дан шығарындылар жоқ. a. v ҚР заңнамасы аясында қолданылмайды	Қоршаған ортаны қорғау, 83-бет		
Қалдықтар							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		
306-1	Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты маңызды әсерлер				Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ; 6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ; 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР; 12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
306-2	Қалдықтармен байланысты маңызды әсерлерді басқару				Қоршаған ортаны қорғау, 84-бет		
306-3	Қалдықтардың пайда болуы				Қоршаған ортаны қорғау, 85-бет		
306-4	Қалдықтарды кәдеге жарату	иә	Ішінара ашу	Бұл көрсеткіш бойынша ақпарат Компанияда бар және Компанияның түсінігі бар өзекті ақпарат негізінде ішінара ашылады.	Қоршаған ортаны қорғау, 85-бет		
306-5	Қалдықтарды жою және орналастыру	иә	Ішінара ашу	Бұл көрсеткіш бойынша ақпарат Компанияда бар және Компанияның түсінігі бар өзекті ақпарат негізінде ішінара ашылады.	Қоршаған ортаны қорғау, 85-бет		
Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Еңбекті қорғау, 106-бет		
403-1	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі				Еңбекті қорғау, 106-бет		
403-2	Қауіптерді анықтау, тәуекелдерді бағалау және оқиғаларды тергеу				Еңбекті қорғау, 106-109-бет		
403-3	Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік қызметі				Еңбекті қорғау, 106, 108-бет		
403-4	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмыскерлердің қатысуы, кеңестер және коммуникациялар				Еңбекті қорғау, 106-бет		
403-5	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмыскерлерді даярлау				Еңбекті қорғау, 107, 110-бет Корпоративтік этика, 143-бет		
403-6	Жұмыскерлердің денсаулығын нығайту				Еңбекті қорғау, 107-бет, 110 Корпоративтік этика, 143-бет		

Көрсеткіш индексі	Көрсеткіштің атауы	Ашықтықтың толықтығы			Есептегі бөлім мен бет	Түсініктемелер	БҰҰ ТДМ
		Талап алынып тасталды	Себеп	Сипаттама			
403-7	Іскерлік қатынастарға тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі салдарының алдын алу және азайту				Еңбекті қорғау, 107, 109-бет Корпоративтік этика, 143-бет		
403-8	Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету менеджмент жүйесімен қамтылған жұмыскерлер				Еңбекті қорғау, 107, 109-бет Корпоративтік этика, 143-бет		
403-9	Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі				Еңбекті қорғау, 109-110-бет Корпоративтік этика, 143-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 182-бет	EU25	
403-10	Кәсіптік аурулар				Еңбекті қорғау, 107-108-бет		
Оқыту және білім							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Біздің адамдар, 69-бет		
404-1	Бір жұмыскерге шаққандағы орташа оқу сағаттарының саны				Біздің адамдар, 69-бет		
404-2	Жұмыскерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары және ауысуды қолдау бағдарламалары				Біздің адамдар, 69-бет		
404-3	Еңбек тиімділігі мен мансаптық дамуы тұрақты бағаланатын жұмыскерлердің үлесі				Біздің адамдар, 69-бет		
Гендерлік теңдік							
3-3	Маңызды тақырыпты басқару				Біздің адамдар, 56-бет		
405-1	Ұйымның басқару органдарының және персоналдың негізгі санаттарының жыныс пен жас топтары бойынша бөлінген құрамы				Біздің адамдар, 61-бет Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп, 127-бет 2-қосымша. Индикаторлар, 175-бет		5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ
405-2	Жұмыскерлер санаттары мен қызмет жүзеге асырылатын маңызды аймақтар бойынша ерлер мен әйелдердің базалық жалақысының арақатынасы				Біздің адамдар, 65-бет		5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ
406-1	Кемсітушілік жағдайларының жалпы саны және оларды жою бойынша қабылданған шаралар				Корпоративтік этика, 143-бет		5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ

4-қосымша. SASB көрсеткіштерінің кестесі

Код	Метрика	Есеп бөлімі мен беті/түсіндірме	Өлшем бірлігі
Парниктік газдар шығарындылары және энергетикалық ресурстарды жоспарлау			
IF-EU-110a.3	1-санаттағы шығарындыларды басқару жөніндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді стратегияны немесе жоспарды, шығарындыларды қысқартудың нысаналы көрсеткіштерін талқылау және осы мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін талдау.	Климаттың өзгеруі саласындағы көрсеткіштер мен мақсаттар, 101-104-беттер	N/A
Су ресурстары			
IF-EU-140a.1	1) су алудың жалпы көлемі, (2) су тұтынудың жалпы көлемі; су стрессінің бастапқы деңгейі жоғары немесе өте жоғары өңірлерден әрбір көрсеткіштің үлесі	Су объектілеріне әсері, 84-бет	Мың текше метр (м³), пайыз (%)
Түпкі пайдаланудың тиімділігі мен сұраныс			
IF-EU-420a.2	Интеллектуалды желілер технологиясымен қызмет көрсетілетін электр жүктемесінің пайызы	Рационализаторлық және өнертапқыштық қызмет, 47-бет	Мегаватт-сағат (МВт·сағ) бойынша пайыз (%)
Энергия қолжетімділігі			
IF-EU-240a.1	(1) тұрғын үй, (2) коммерциялық және (3) өнеркәсіптік тұтынушылар үшін электр энергиясының орташа бөлшек тарифі	Тарифтік саясат, 160-бет	Тариф
IF-EU-240a.3	(1) Тұрмыстық электр энергиясын тұтынушыларды төлемегені үшін ажыратудың саны, (2) 3 күн ішінде қайта қосудың пайызы	Компания есепті кезеңде бұл ақпаратты ашпайды	Саны, пайыз (%)
IF-EU-240a.4	Қызмет көрсету аумағындағы экономикалық жағдайларды қоса алғанда, тұтынушылар үшін электр энергиясының қолжетімділігіне сыртқы факторлардың әсерін талқылау	Компания есепті кезеңде бұл ақпаратты ашпайды	N/A
Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау			
IF-EU-320a.1	(a) тікелей жұмыскерлер мен (b) келісімшарт бойынша жұмыскерлер үшін (1) тіркелетін оқиғалардың жалпы коэффициенті (TRIR), (2) өлім коэффициенті және (3) әлеуетті қауіпті оқиғалардың коэффициенті (NMFR)	Жарақаттану, 109-бет 2-қосымша, 182-бет	Коэффициент
Желінің тұрақтылығы			
IF-EU-550a.1	Физикалық және/немесе киберқауіпсіздік стандарттары мен қағидаларын сақтамау жағдайларының саны	Ақпараттық қауіпсіздік, 157-158-беттер	Саны
IF-EU-550a.2	(1) Жүйе жұмысындағы үзілістердің орташа ұзақтығы индексі (SAIDI), (2) Жүйедегі үзілістердің орташа жиілігі индексі (SAIFI) және (3) Жүйе жұмысындағы үзілістердің орташа ұзақтығы индексі (CAIDI), оның ішінде ірі оқиғалардың күндері	Желінің сенімділігі, 36-бет	Минут, Саны
Белсенділік көрсеткіштері			
IF-EU-000.A	Саны: (1) тұрғын үй, (2) коммерциялық және (3) өнеркәсіптік тұтынушылар	Тұтынушылармен жұмыс, 33-бет	Саны
IF-EU-000.B	Жеткізілген электр энергиясының жалпы көлемі: (1) тұрмыстық, (2) коммерциялық, (3) өнеркәсіптік, (4) барлық өзге де бөлшек тұтынушыларға және (5) көтерме тұтынушыларға	Өндірістік қызмет, 30-32-беттер	МВт·сағ
IF-EU-000.C	Электр беру желілерінің ұзындығы	Қуаттар, 16-бет	Километр
IF-EU-000.E	Электр энергиясын көтерме сатып алудың жалпы сомасы	Электр энергиясын сатып алу-сату операциялары, 32-бет	МВт·сағ

5-қосымша. TCFD көрсеткіштерінің кестесі

Индикатор	Есеп бөлімдері
Басқару	
a. Директорлар кеңесінің климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қадағалауды жүзеге асыру процесін сипаттаңыз.	Климаттың өзгеруі саласындағы басқару, 90-91-беттер
b. Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау мен басқарудағы басшылықтың рөлін сипаттаңыз.	Климаттың өзгеруі саласындағы басқару, 91-бет
Метрикалар мен нысаналы көрсеткіштер	
a. Ұйым өзінің стратегиясы мен тәуекелдерді басқару процесіне сәйкес климатпен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін пайдаланатын метрикаларды сипаттаңыз.	Климаттың өзгеруі саласындағы көрсеткіштер мен мақсаттар, 101-104-беттер
b. 1, 2 және қажет болған жағдайда 3 қамту салаларындағы парниктік газдар (ПГ) шығарындылары туралы, сондай-ақ олармен байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашыңыз.	Климаттың өзгеруі саласындағы көрсеткіштер мен мақсаттар, 101-104-беттер
c. Ұйым климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін пайдаланатын мақсаттарды және мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі жұмыстың нәтижелерін сипаттаңыз.	Климаттың өзгеруі саласындағы көрсеткіштер мен мақсаттар, 101-104-беттер
Стратегия	
b. Климатпен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің ұйымның бизнесіне, стратегиясы мен қаржылық жоспарлауына әсерін сипаттаңыз.	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау, 95-101-беттер
Тәуекелдерді басқару	
a. Ұйымның климатпен байланысты тәуекелдерді анықтау мен бағалау процестерін сипаттаңыз.	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау, 95-101-беттер
b. Ұйымның климатпен байланысты тәуекелдерді басқару процестерін сипаттаңыз.	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау, 95-101-беттер
c. Климатпен байланысты тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестерінің ұйымның жалпы тәуекелдерді басқаруына қалай интеграцияланғанын сипаттаңыз.	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау, 95-101-беттер

6-қосымша. Қаржылық есептілік

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен 2025 жылға арналған Тәуекелдер тізілімінде негізгі болып табылмайтын және «KEGOC» АҚ Тәуекелдер картасының «жасыл аймағында» орналасқан «Қаржылық есептілікте дұрыс емес ақпаратты көрсету» тәуекелі бар. «KEGOC» АҚ-ның 2025 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде бұл тәуекел іске асырылмады.

«KEGOC» АҚ Тобының қаржылық есептілігінде дұрыс емес ақпаратты көрсету тәуекелін барынша азайту мақсатында тұрақты негізде мынадай сипаттағы ескерту іс-шаралары жүргізіледі:

- жұмыскерлерді оқыту;
- құқықтық ақпарат дерекқорын мониторингтеу;
- тәуелсіз аудиторлық ұйым орындайтын қаржылық есептілік аудиті;
- деректерді есепке алу жүйесіне енгізуге көп деңгейлі бақылауды қамтамасыз ету;
- «KEGOC» АҚ-ның және еншілес ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің дұрыс бастапқы ақпарат ұсынуын бақылау.

Бұдан басқа, тәуелсіз аудиторлық ұйым қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу кезінде:

- адал емес әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтайды әрі бағалайды;
- осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейді әрі жүргізеді;
- аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында ішкі бақылау жүйелерін қарайды;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық дайындаған бухгалтерлік бағалаулар мен тиісті ақпаратты ашудың негізділігін бағалайды;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасалады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынатынын бағалайды;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Компания туралы қаржылық ақпаратқа қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді жинайды.

«KEGOC» АҚ Тобы үшін қаржылық есептілікті аудиттеу бойынша қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің № 13 қосымшасына сәйкес жүргізілді.

Таңдау нәтижесінде тәуелсіз аудиторлық ұйыммен, Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы кәсіби ұйымының мүшесі «RSM Qazaqstan» ЖШС-мен шарт жасалды. 2025 жыл үшін қаржылық есептілікке аудит жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы сомасы ҚҚС-ны есепке алмағанда 52, 200 млн теңгені құрады.

Тәуелсіздікті сақтау мақсатында және «KEGOC» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына сәйкес аудитті бір аудиторлық ұйым бес дәйекті жыл бойы жүргізген кезде аудит бойынша серіктес ауыстырылады. «RSM Qazaqstan» ЖШС «KEGOC» АҚ Тобының қаржылық есептілігіне аудитті 2021 жылдан бері жүзеге асырады.

«RSM Qazaqstan» ЖШС 2025 жылы «KEGOC» АҚ-ға аудиттен тыс қызметтер көрсеткен жоқ.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікпен келесі сілтеме бойынша толық танысуға болады: сілтеме

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күні аяқталған жыл үшін қаржылық нәтижелерге басшылықтың түсіндірмелерімен сілтеме бойынша толық танысуға болады:сілтеме

7-қосымша. Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

EY Shape the future with confidence

«Эрнст энд Янг – кеңестемелік қызметтер» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» гимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг – консультационные услуги»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

Ernst & Young Advisory LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961
www.ey.com

Тәуелсіз жұмыс істеп жүрген маманның сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма туралы қорытындысы

Ағылшын тіліндегі түпнұсқадан аударма

«KEGOC» АҚ акционерлері мен басшылығына

Тапсырма мәні

«KEGOC» АҚ (бұдан әрі - «Компания») бізді 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі (бұдан әрі - «Есепті кезең») Компанияның жылдық есебіне (бұдан әрі - «Есеп») енгізілген тұрақты даму саласындағы таңдалған индикаторларға (бұдан әрі - «Тапсырма мәні» немесе «Көрсеткіштер») қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін халықаралық тапсырмалар стандарттарында айқындалғандай шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы (бұдан әрі - «Тапсырма») орындау үшін тартты.

Тапсырма мәні (Тапсырма) 1-қосымшада көрсетілген. 1-қосымшадағы ақпаратты бізге Компания басшылығы ұсынды.

Компания қолданатын критерийлер

Тапсырма мәнін дайындау кезінде Компания:

- 2021 жылғы есептілік бойынша Жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарын (бұдан әрі - «GRI стандарттары») «Есеп туралы» бөлімінде, «Есептілік шекаралары» кіші бөлімінде көрсетілгендей (бұдан әрі - «Критерийлер») қолданды.

Компанияның жауапкершілігі

Компанияның басшылығы Критерийлерді таңдауға және тұрақты даму саласындағы ақпаратты осы Критерийлерге сәйкес барлық елеулі қатынастарда ұсынуға жауапты. Бұл жауапкершілікке Тапсырма мәні теріс пиғылды әрекеттерден немесе қателеден туындаған елеулі бұрмалануларды қамтымайтындай етіп оны дайындауға қатысты ішкі бақылау құралдарын енгізу және жарамды күйде ұстау, тиісті құжаттаманы жүргізу және бағалау мәндерін есептеу кіреді.

EY Shape the future with confidence

EY жауапкершілігі

Біздің міндетіміз - алынған дәлелдер негізінде Тапсырма мәнінің ұсынылуы туралы қорытынды жасау.

Біз бұл Тапсырманы сенімділікті қамтамасыз ететін «Өткен кезеңдердің қаржы ақпаратының аудитінен және шолып тексеруден өзгеше болатын сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» Халықаралық тапсырмалар стандартына (бұдан әрі - «3000 СҚХТС (қайта қаралған)»), сондай-ақ Компаниямен келісілген осы Тапсырмаға арналған техникалық тапсырмаға сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден Тапсырма мәні Критерийлерге сәйкес болуы үшін оған қандай да бір елеулі өзгерістер енгізу қажет екендігі бізге белгілі ме деген қорытынды жасауға және қорытынды шығаруға мүмкіндік беретіндей етіп тапсырманы жоспарлауды және орындауды талап етеді. Таңдап алынған рәсімдердің сипаты, мерзімі мен көлемі теріс пиғылды әрекеттердің немесе қатенің салдарынан ақпараттың елеулі бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, біздің пайымдауымызға байланысты болады.

Алынған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытындымызға негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны басқару

Біз өз тәуелсіздігімізді сақтап, Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінің талаптарын орындағанымызды және сенімділікті қамтамасыз ететін осы Тапсырманы орындау үшін қажетті құзыреттер мен тәжірибеміздің бар екенін растаймыз.

Бұдан басқа, EY «Қаржылық есептілікке аудит және шолып тексерулер жүргізетін, сондай-ақ сенімділікті қамтамасыз ететін өзге де тапсырмаларды және ілеспе қызметтерді көрсету жөніндегі тапсырмаларды орындайтын аудиторлық ұйымдарда сапаны басқару» 1-ші Сапаны басқарудың халықаралық стандартын қолданады. Ол бізден этикалық талаптарды, кәсіби стандарттарды және қолданылатын заңнамалық әрі нормативтік талаптарды сақтауға қатысты саясаттарды немесе рәсімдерді қоса алғанда, сапаны басқару жүйесін әзірлеуді, енгізуді және пайдалануды талап етеді.

Орындалған рәсімдердің сипаттамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді және ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қарағанда көлемі жағынан аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынатын сенімділік деңгейінен айтарлықтай төмен. Біздің рәсімдеріміз өз қорытындымызды негіздей алатын шектеулі сенімділік деңгейін алу үшін әзірленген және ақылға қонымды сенімділік деңгейін қамтамасыз ету үшін қажет болатын барлық дәлелдерді ұсынбайды.

Рәсімдеріміздің сипаты мен көлемін анықтауда ішкі бақылау құралдарының тиімділігін ескергенімізбен, біздің сенімділікті қамтамасыз ететін Тапсырмамыз ішкі бақылау құралдарына қатысты сенімділікті қамтамасыз етуге арналмаған. Біздің рәсімдеріміз бақылау құралдарын тестілеуді немесе IT жүйелеріндегі деректерді агрегаттауды немесе есептеуді тексеруге байланысты рәсімдерді орындауды қамтымады.

Shape the future with confidence

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма, ең алдымен, Тапсырма мәнін және тиісті ақпаратты дайындауға жауапты тұлғалардан сауалнама жүргізуді, сондай-ақ талдамалық және басқа да қажетті рәсімдерді қолдануды қамтиды.

Біз орындаған рәсімдер:

- Біз Тапсырма мәнін дайындауға қатысқан Компания бөлімшелерінің өкілдерімен сұхбат жүргіздік;
- Біз Тапсырма мәніне қатысты сандық ақпаратқа талдамалық рәсімдер жүргіздік;
- Біз Компанияның тұрақты даму саласындағы ішкі корпоративтік құжаттарын зерттедік;
- Іріктелген негізде біз Көрсеткіштерді бастапқы ақпаратпен салыстырдық;
- Біз Есептің беттеуінде Тапсырма мәнінің ұсынылуын бағаладық.

Біз сондай-ақ осы жағдайларда қажет деп тапқан басқа рәсімдерді орындадық.

Тұжырым

Біз орындаған рәсімдердің және алынған дәлелдердің негізінде 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Тапсырма мәні Критерийлерге сәйкес келуі үшін оған енгізілуі тиіс қандай да бір елеулі өзгерістер бізге беймәлім екендігін хабарлаймыз.

Ernst & Young Advisory LLP

2026 жылғы 15 мамыр
Алматы, Қазақстан

Қосымшалар

- 1-қосымша: Таңдалған көрсеткіштер

Shape the future with confidence

1-қосымша: Таңдалған көрсеткіштер

Бөлім	Көрсеткіштер	Мәні
Корпоративтік басқару	GRI 205-3, Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қолға алынған шаралар	0
	GRI 406-1, Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету әрекеттері	0
	GRI2-27, Заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау	0
Әлеуметтік жауапкершілік	GRI 405-2, Ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысының арақатынасы	Әйелдер мен ерлердің орташа айлық жалақысының арақатынасы Басшы қызметкерлер - 1,10 Басқарушы персонал және құрылымдық бөлімшелердің басшылары - 1,12 Мамандар мен жұмысшылар - 1,01 Әйелдер мен ерлердің орташа айлық жиынтық жылдық сыйақысының арақатынасы Басшы қызметкерлер - 1,51 Басқарушы персонал және құрылымдық бөлімшелердің басшылары - 1,19 Мамандар мен жұмысшылар - 1,03
	GRI 403-9, Өндірістік жарақаттар	LTIFR - 0,57 FAR - 57,5
	GRI 403-10, Жұмысқа байланысты кәсіптік аурулар	0
	GRI 401-1, Жаңадан жалданған қызметкерлердің жалпы саны және кадрлардың ауысуы, %	Жаңадан қызметкерлерді қабылдау - 476 Кадрлардың ауысуы - 7,21
Қоршаған ортаны қорғау	GRI 303-3, Су алу, мегалитр	118,67
	GRI 303-4, Су ағызу, мегалитр	61,35
	GRI 303-5, Су тұтыну, мегалитр	57,32

Shape the future with confidence

Бөлім	Көрсеткіштер	Мәні
	GRI 305-1, Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-ші қамту), тонна CO_2-экв.	10 724,31
	GRI 305-2, Парниктік газдардың энергетикалық жанама шығарындылары (2-ші қамту), тонна CO_2-экв.	2 382 629,37
	GRI 305-4, Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы, тонна CO_2-экв./мың теңге	0,006
	GRI 305-5, Парниктік газдар шығарындыларының азайту, тонна CO_2-экв.	8 980,43
	GRI 305-7, Азот оксидтері (NOx), күкірт оксидтерінің (SOx) және басқа маңызды ластаушы заттардың шығарындылары, тонна	0,9455806
	GRI 306-3, Түзілген қалдықтар, т	3 091,85
	GRI 306-4, Қайта өңдеуден жіберілген қалдықтар, т	694,18
	GRI 306-5, Кәдеге жаратуға бағытталған қалдықтар, т	2 361,56
	GRI 302-1, Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну, мың ГДж	11 517,73297

Глоссарий

	Мағынасы
АҚ	акционерлік қоғам
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
АҚҚ	автоматты қайта қосу
ҚАР	қозуды автоматты реттеу
ЖҚАР	Жиілік пен қуатты автоматты реттеу
ӘБП	әкімшілік-басқару персоналы
БГҚ	биогаз қондырғылары
ӘЖ	әуе желілері
ЖЭК	жаңартылатын энергия көздері
ІНҚ	ішкі нормативтік құжаттар
ТОБЖ	талшықты-оптикалық байланыс желісі
ЖЭС	жел электр станциясы
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	газ турбиналы электр станциясы
ГЭС	гидроэлектростанция
ЕҰ	еншілес ұйымдар
БЭЖ	Біртұтас электр энергетикалық жүйесі
АҚ	ақпараттық қауіпсіздік
АД	«KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы
БМЖ	біріктірілген менеджмент жүйесі
КА	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті
ЕҚЕӨОҚК	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті
кВт·сағ	киловатт-сағат
кВ	киловольт
ТСК	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті
Компания	«KEGOC» АҚ
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіштері

	Мағынасы
ҚР ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
ТБКЖ	тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ЭЖЖ	электр жеткізу желілері
МВА	мегавольт-ампер
МВт	мегаватт
ҚЕХС	қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ХҚИ	халықаралық қаржы институттары
ЖЭТ	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдары
ҚҚС	қосылған құн салығы
ЖО ҰДО	Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы
ҒЗТКЖ	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс
ҰЭТ	Ұлттық электр торабы
ҚОӘБ	қоршаған ортаға әсерді бағалау
ҚҮҚ	қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЗТБ	заңды тұлғалар бірлестігі
АЖЖ	Авариялярды жою жоспары
ӨП	өндірістік персонал
ҚС	қосалқы станция
ЖСҚ	жобалау-сметалық құжаттама
БЖ	бағдарламалық жасақтама
ПХД	полихлорланған дифенилдер
АДО	аймақтық диспетчерлік орталық
ЖЭК жөніндегі ҚЕО	жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы
ІАҚ	ішкі аудит қызметі
ІБЖ	ішкі бақылау жүйесі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ҚМЖ	құрылыс-монтаждау жұмыстары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

	Мағынасы
ТБЖ	тәуекелдерді басқару жүйесі
АҚБЖ	ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
КЭС	күн электр станциясы
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТЭН	техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЭС	жылу электр станциясы
ЖЭО	жылу электр орталығы
Филиалдар	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
ААОЖ	авариядан қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі
ТЖ	төтенше жағдай
CEO	Chief Executive Officer – компанияның жоғары лауазымды тұлғасы
CFO	қаржы директоры
COSO ERM	ұйымның тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері

	Мағынасы
GRI	Жаһандық есеп беру бастамасы
EBITDA	пайыздар, салықтар және амортизацияға дейінгі пайда
IPO	бастапқы орналастыру
ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы
KASE	Қазақстан қор биржасы
LTIFR	уақытша еңбекке жарамсыздығы бар жарақаттар жиілігінің коэффициенті
NAV	активтердің таза құны
ROACE	капитал табыстылығының көрсеткіші
SAP	деректерді өңдеудегі жүйелік қосымшалар мен өнімдер
SCADA	диспетчерлік басқару және деректерді жинау
SPO	қайталама орналастыру
WAMS/WACS	синхрофазорлық технологияларға негізделген мониторинг және басқару жүйелері

Байланыс

GRI 2-1, GRI 2-3

«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАНИЯСЫ (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY)» «KEGOC» АҚ

Қазақстан Республикасы, Z00T2D0,
Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат

Тел. +7 (7172) 69-38-24, 69-02-43

Факс +7 (7172) 21-11-08

E-mail: kegoc@kegoc.kz

«KEGOC» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ БОЙЫНША СҰРАҚТАР ҮШІН

ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Исабекова Асель Нурлановна

Тел. +7 (7172) 69-04-61

E-mail: isabekova@kegoc.kz

ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ДЕПАРТАМЕНТІ

Қайратова Айжан Қайратқызы

Тел. +7 (7172) 69-02-93

E-mail: kairatova_a@kegoc.kz

КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕР

Тимашев Алмас Үсенұлы

Тел. +7 (7172) 69-05-19

E-mail: Timashev@kegoc.kz

АУДИТОР

«RSM Qazaqstan» ЖШС,

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 43, «D43» Бизнес-орталығы, 302-кеңсе

Тел. +7 (7273) 39-87-78

E-mail: contact@rsm.kz

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ,

Бас кеңсе:

050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, тұрғын емес үй-жай 163

Тел. +7 (7272) 62-08-46, 355-47-60

Қосымша кеңселер:

010000, Астана қ., «Алматы» ауданы, Амангелді Иманов к-сі, 13 («Нұр-Сәулет 2» БО), 101-кеңсе

E-mail: ccmail@kacd.kz, ofo@kacd.kz